

83,3 (5кx3)

T 86

Р. Тұрысбек

АҚИҚАТ АЙНАСЫ

и

41861



ББК 83.3 Қаз

Т 86

Қазақстан Республикасы

Мәдениет жөніне ақпарат министрлігі

Ақпарат жөніне мұрагат комитеті

017 “Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару” бағдарламасы

Пікір жазғандар:

Б. Әбілқасымов, филология ғылымдарының докторы, профессор

С. Құлбақар, филология ғылымдарының докторы

Н. Нұрпейісов, филология ғылымдарының кандидаты

Тұрысбек Р.С.

Т86

Ақықат айнасы: Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 224 бет.

ISBN 9965-806-80-2

Кітапқа енген макалалар мен зерттеулерден үлттық сөз өнерінің бел-белестері, танымал тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы, жекелеген туындылардың табигаты мен тарихы, жазылуы мен жариялануы, тағылымды тұстары көпінен көрінеді. Сондай-ақ казак әдебиеті тарихындагы көрнекті тұлғалар – Ж. Аймауытұлы мен С. Мұқановтың өмірі, қаламгерлік қызыметі кезең-уақыт шындықтарымен байланыста сөз етіледі.


Кітап әдеби-ғылыми һәм калың көшілікке арналған.

41861

Т 4603020000 - 08
00(05)-08

ББК 83.3 Қаз

ISBN 9965-806-80-2



© Тұрысбек Р.С., 2008
© «Таймас» баспа үйі, 2008

Барлық құқыктары коргалған
Басылымның мұліктік күкіктары
«Таймас» баспа үйіне тиесілі

ТАЛАНТ ПЕН ТАҒДЫР

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ: ЕЛДІК ПЕН ӨРЛІК

Әр елдің өзіндік ерекшеліктері, ұлттық мұрат-мұдде мен даму бағыт-бағдарлары болатыны белгілі. Осы ерекшелік пен мұрат-мұдде, басқаша сипат алса – Ел азады, Жер тозады, Ақыл-парасатқа сызат түсіп, қоғамдық-әлеуметтік жағдай төмендеп, руханиятқа қөзқарас өзгереді.

Бұл айтылғандардың мысал-дерегін казак мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңінен, ұлт тәуелсіздігі мен тұтастыры таразыға түскен “Ақтабан-шұбырының” жылдарынан, орыс отаршылдығы мен кеңес-тік жүйе үстемдік еткен тұстардан айқын анғаруға болады.

Әңгіме арқауы – Халық батыры, жауынгер жазушы Бауыржан Момышұлы, оның ұлттық қозқарастары мен руханият әлеміне коскан енбек мұралары жөнінде болғандықтан, бұл тақырып мәселелердің бәрі-баршасы бүгін мен болашақ үшін маңыз-мәні жоғары екендігі ерекше дәлел-деректі тілемесі анық.

Б. Момышұлының ұлттық қозқарастары туғаннан-ақ “Мен қазақтың” деп қалыптаса қойған жоқ. Ол да ет пен сүйектен жарапалды. Орыс мектебінен білім алды. Жеті жылдық біліммен мектеп мұғалімі болды. Әскер қатарына шакырылып, азаматтық борыш-міндетін өтеген соң есеп-қисап орындарында енбек етті. Көп ұзамай қайта Армия қатарына шакырылып, онда әскери білімдерде взвод, рота командирі міндетін атқарды. Генерал-майор Н.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жасақталған 316-шы атқыштар дивизиясының құрамында болып, майданға аттанды. Ұлы Отан соғысы жылдарында ел корғаудың, батырлықтың үлгісін көрсетті. Ұлт мұддесін, Ер намысын жадынан шығармады. Дос-дүшпан арасын тамыршыдай тап басып, ұлттық рух пен намысты биік көтерді, адалдық пен тәртіпті басты өлшем етті. Ол туралы А.Бек, А.Кривицкий, А.Кузнецов, М.Ғабдуллин, Ә.Нұршайықов, М.Қалдыбай, М.Жолдасбеков, Ш.Мұртаза, Д.Снегин, М.Мырзахметұлы, З.Ахметова, А.Ормантай т.б. кітаптарында кеңінен көрініс тапты. Ақын-жазушылар: С.Мұқанов, Қ.Аманжолов, Ә.Тәжібаев, Х.Бекхожин, Х.Ерғалиев, М.Хакімжанова, С.Мәуленов, М.Әлімбаев, Т.Молдағалиев, М.Мақатаев, Қ.Салықов, О.Сүлейменов т.б. өлең-жырларын арнады.

Б.Момышұлының Ұлы Отан соғысынан кейін де әскери өмірі жалғасты. Атап айтқанда, Әскери академияны бітіріп (1950), осы бағытта еңбек етті. Кейін полковник атағымен отставкаға шықты. ·

Ақиқатын айту керек, Бауыржан Момышұлының әскери өмірі енбекте, жұмыста – адал, тәртіпті болуға қалыптастырыды. Өмір сапарының соңына дейін осы бағыт-талапты ұлы мұрат етті. Өмірдүние сырын, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, парасат пен саясаттың сыр-сипатын да ұлы мұрат өлшемімен таразылады. Бірақ өмір-дүниедегі өзгерістер, уақыт-сынаптың жүрдек сипаты онсыз да “тұғаннан өлгенгө дейінгі кезені драма мен трагедияға толы”, “ноктаға басы сыймағанның” (Ш.Мұртаза) – Б.Момышұлының адамдық әлеміне, көзкарас эволюциясына әсер етпей қала алмады.

Бұл әсіресе Б.Момышұлының “Бір түннің оқиғасы” (1956), “Біздін семья” (1956), “Артымызда Москва” (1958), “Майдандагы кездесулер”, “Офицер жазбалары” (1962), “Куба әсерлері”, “Төлеген Токтаров”, “Адам қайраты” (1981) т.т. қазак және орыс тілдерінде жарық көрген кітаптарында, екі томдық шығармалар жинағында, ондағы “Жол үстінде”, “Олар менің есімде”, “Нар”, “Ол екеуі” сынды әнгімелерінде көнінен көрініс тапты.

Бұл енбек-мұраларда Б.Момышұлының ар мен намысты биік ұсташан тұғырлы тұлғасы терең танылады.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Б.Момышұлы қазак әдебиетіндегі поэзия, проза, драматургия жанрларын әскери такырыппен толыктырыды. Әсіресе адам әлемін, ондағы адалдық пен әділеттілік секілді биік қасиет-өлшемдерді әр кырынан танытып, маңыз-мәнін арттыра түсті. Осы арқылы жас үрпакты елдік пен ерлікке үндеді, үлттық мақсат-мұратқа адал, рух пен намыс жолында шынайы берілгендей танытуға бағыт-бағдар берdi.

Б.Момышұлының әсіресе “Ұшқан ұя” туындысы (“Наша семья” деген атпен алғаш орыс тілінде жазылған. – Р.Т.) – автордың өмір кезеңдерін, ата-бабалары мен бауыр-тыстың, жақын-жыуқтарының қарым-қатынастарын, адами байланыстарын, кәсіп-дағдыларын, өзіндік белгі-ерекшеліктерін, Отанға, ел-жерге көзқарастарын дәүір келбетімен, уақыт тынысымен байланыста көрсетеді. “Қоссыз қазак болса да, доссыз қазак болмаған” (Ж.Молдагалиев) дегенді ойға алсақ, Б.Момышұлының жақын-жыуқ, дос-жаарандары да көп болған. Кітапта осы мәселе-такырыптарға да кең орын берілген. Бауырмалдық пен достық, туыстық тамырлары – Бауыржан Момышұлы шығармашылығының алтын арқауы.

Шығармадағы әке-шеше орны, олардың ұл-қыздарына көзкарас сүйіспеншіліктері, ауыл мен оның адамдары, олардың қарым-қаты-

настары мен сыйластықтары, қазакы қалжын, дәстүр өнегелері т.т. жүйелі, көркем бейнеленеді. Туынды табиғатындағы мазмұн мен көркемдік, өмір-уақыт шындықтары жоғары бағаланып, Абай атындағы КР Мемлекеттік сыйлығын алды. Ал “Москва үшін шайқас” атты туынды Ұлы Отан соғысының сұрапыл сәттерін, неміс-фашист басқыншыларының үstem де өкtem, опасыздық әрекет-қимылдарын, ел басына төнген кын-қыстау кезеңдегі майдандас жауынгерлердін елдікпен ерліккетолтытағдыр-талайларын көркемдікпен, реалистікпен суреттейді. Автордың өлең өрімімен өрілген өрнектерін ойға алсак:

Қасиетті курбандар жанын қиды ар үшін,
Қойсам деймін ескерткіш, бұл солдаттық парызым.

Бұл бағыттағы ойымызды ұлттымыздың рухани қайраткерлерінің бірі А.Байтұрынұлының қағидалы көзқарастарымен түйіндейміз: “Бір нәрсені істегендегі, сол істі істей білетін адам істесе, шапшаң да жақсы істейді. Бұл жалғыз қол ісі емес, ми ісінде де солай. Мал бағатындар мал бағуын жақсы білерге керек, ел бағатындар ел бағуын жақсы білерге керек. Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек”.

Ендеше, Ел тәуелсіздігі тақырыбы, Отан корғаудың өшпес өнегесі – Б.Момышұлы шығармашылығының алтын арқауы.

Ал Москва үшін шайқас – ел-жер, Отан қорғаудың рухани шежіресі.

Ел-жерді көздін қарашығындағы корғау, Отанға деген парыз-карызды адал атқару – бүгінгі күннің де басты талабы.

Б.Момышұлының әскери тақырыптағы туындылары осы реттен де құнды.

Осы тұста Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған А.Бектің “Волоколам тас жолы” романын жазар алдында Б.Момышұлымен кездесіп, жазбаша келісім-шарт жасасқанын (орыс тілінде) еске алу артық емес.

Бұл – Б.Момышұлының шығармашылық шеберханасын толтыра түсетін әдеби құжаттардың бірі болып табылады.

Бұл – Б.Момышұлының адами болмысымен бірге, әдебиетке адалдығын, ой-сөз жүйесін кие тұтқанын, Ар мен ұрпак алдындағы аманатты да танытады.

Б.Момышұлының шығармашылық тарихын байыта түсетін “Әдеби келісім-шарттың” мәтіні төмендегідей:

“Келісім-шарт. Біз, Александр Бек пен Бауыржан Момышұлы – екеуіміз ауызша жасасқан шарттымызды енді қағазға түсіру қажет деп есептейміз.

1. Александр Бек Мәскеу түбіндегі шайқастарда аға лейтенант Бауыржан Момышұлы басқарған панфиловшылар батальоны мен Талгар полкінің жауынгерлік жолы туралы “Волоколам тас жолы” атты кітап жазады.

Александр Бек – кітаптың авторы, ал Бауыржан Момышұлының естеліктері, ауызша әңгімелері, ойлары, әскери жазбалары кітаптың материалы болып табылады. Бірақ бұл тақырыпка тікелей және жанама қатысы бар басқа материалдарды екі жақты келісіммен кітапқа пайдалануга шек койылмайды.

2. “Волоколам тас жолында” панфиловшылардың шын есімдері сақталып, олардың басынан өткен ұрыстар шындық қалпында әнгімеленеді. Бұл түрғыда тарихтың және замандастарының алдындағы жауапкершілікті Александр Бек қана емес, Бауыржан Момышұлы да мойнымен көтереді.

Бауыржан Момышұлы Александр Бектен шығарманың көркемдік шындығы мен майдандағы оқиғалардың мейлінше сәйкес келуін талап етуге құқылы. Бұл ретте, әрине, баяндаудың әдеби әдіс тәсілі ескеріледі.

3. Бауыржан Момышұлы барлық соғыс және әскери-психологиялық мәселелердің кітапта баяндалуына жауап береді. Бұл мәселеде Александр Бек екеуі келісе алмаған жағдайда шешуші сөзді Бауыржан Момышұлы айтады. Әдеби мәселелер бойынша келіспеген жағдайда шешуші сөзді Александр Бек айтады.

4. Кітап қолжазбасына редакторлық және цензорлық жасау құқы Бауыржан Момышұлына беріледі. Бауыржан Момышұлымен толық көліскеннен кейін барып қана Александр Бек қолжазбаны басуға береді.

5. Кітапты қазак тілінде шығару үшін Александр Бектің қолжазбасы Бауыржан Момышұлының жетекшілігімен қазак жазушылары тарапынан өндөлуіне болады.

Кітап мәтінінің 50 пайыздан астамы мұндай өндеуге түсken жағдайда оның мұқабасына жаңа автордың (яғни қазак жазушыларының) есімі жазылып, оның астына “Александр Бектің кітабы, Бауыржан Момышұлының материалдары бойынша” деп көрсетіледі. Мұндай өндеу кітап мәтінінің 50 пайызына жетпеген жағдайда Александр Бек кітап авторы болып қалып, “қазак тілінде басылуы үшін пәленше өндеді” деп көрсетіледі.

Александр Бек бұл мәселені шешуді Бауыржан Момышұлына тапсырады, ал ол аудармаға және өндеуге жетекшілік етуді міндетіне алып, жұмыс бітіп, өткізетін кезде басты өзгерістер мен косымшалардың орысша аудармасын Александр Бекке береді.

Александр Бек болса, қажет еткен жағдайда, қазақша басылымнан өзіне қажеттісін алып, кітаптың алдағы орысша басылымдарына

косуына құқылы. Бірақ мұны басылымның алғы сөзінде атап көрсетеді.

6. Келісім-шарт 1942 жылдың наурыз–сәуірінде майданда жасалды. 1944 жылдың 18 желтоқсанында Мәскеуде қағазға түсірілді.

Қол койғандар: Александр Бек, Бауыржан Момышұлы” (“Қазак әдебиеті”, 2000, 8 желтоқсан)

“Қанмен жазылған кітап” – 1944 жылдың 19–25 қаңтар аралығында КСРО Ғылым академиясының қазақстандық бөлімшесінде академия басшыларының үйімдастыруымен тарих, әдебиет, өнер қайраткерлерінің алдында оқылған әңгіме-дәріс нәтижесінде туындаған. Әңгіме-дәріс стенограммаға түсірілген. “Оны Баукең машинкаға екі том көлемінде бастырып, бірінші данасын академик К.Сәтпаевқа тапсырып, екінші данасын өзімен бірге майданға алып кетті. Екінші данасын автор өз қолымен біршама өзгерістер, косымшалар ендіріп, бірде қаламмен, бірде карындашпен жазылып, түзетілген қолтанбасын қалдырды. Осы қолжазба төлнұсқаны Баукең өзінің жетпіс жылдық мерейтойы өткен соң маған беріп жатып, “қолындағы қолжазбаға абай бол, бұл түзетілген жалғыз данасы”, – деп ескерту. Өйткені бұл қолжазбаның екі томы да 1975 жылы жаз айында маған тапсырылған болатын-ды”, – деп еске алады белгілі ғалым М.Мырзахметұлы (Б.Момышұлы. Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Алматы, 2000. 9-бет).

Кітап академик К.Сәтбаевтың кіріспе сөзімен басталып, одан кейін гвардия полковнігі Б.Момышұлының әңгіме-дәрісімен кен өріс алады.

Кітап авторы әңгіме-дәрістің мақсат-мұратын, жұмыс жоспарын жүйелі баяндап, Отан қорғаудың маңыздылығын, елдік-ерліктің сыр-сипатын, соғыстың теориялық һәм практикалық жай-жапсарларын кен көлемде әңгімелейді.

Автор күніне 5–6 сағатқа есептелген әңгіме-дәрістерінде әскери мәселелерге, соғыс жазбаларына, ондағы Отан қорғау мен ел-жердің тұтастығы, мәнгілігі жолындағы жауынгерлік кимылдарға, командирдің парыз-карыздарына, ұрыстың қыр-сырларына, өмір-өлім мәніне, устав талаптарына, батылдық пен табандылыққа, ұлттық рух пен патриотизмге, адам бойындағы ізгілік иірімдеріне т.б. тақырыптарды түсіндіру, талдау арқылы байыпты, жүйелі дамытып отырады. Ой түйінін: “Мен жазушы емеспін, бәлкім, ешқашан қаламгер бола да алмаспын, ғылыми қызметкер емеспін және ешқашан ғылыми қызметкер бола да алмаспын. Есіме түсіріп айтып берген әңгімелерімнің бәрі каза тапкан, қайғы-қасірет шеккен жолдастарымның рухы алдында солдаттық парызын. Менде бұдан басқа ешқандай мақсат жок, еш нәрсени де талап етпеймін, дәмеленбеймін. Айтқандарымның бәрін дұрыс, келтірілген сандар мен оқиға болған күндерді дәл уақытына сәйкес келеді деп дәлелдеп жатпаймын, кейір шегіністердің

булуы әбден мүмкін, бірақ мен өз көзқарастарымды әділ жеткіздім деп санаймын, сондыктan айтқан пікірлерім ешкімді еш нәрсеге міндеттемесе керек”, – деп білдіреді (сонда, 207-бет). Сондай-ақ кітапта: адамға тән барлық қасиет-белгілер, батырлық-ерлік сезімдері, әскери тәрбие проблемасы, осы бағыттағы психологиялық атау-ұғымдар сыры, басқару-ұйымдастыру ісінің қыры мен сыры, т.т. өмір мен өлім беттескен тұстағы дәйек-дерек негізінде жүйелі, көркем, накты сөз етіледі.

Асылы, Б.Момышұлының: “Соғыста бес рет жау коршауын бұзған, 27 тактикалық әскери жаңалықты енгізген, 117 рет шайқасқа кірген” (“Егемен Қазақстан”, 2000, 11 қараша), екінші дүниежүзілік соғыс кітап авторының ақыл-парасатын, елдік-ерлік жайлы танымтүсініктерін, бүкіл адами болмысын бар қырынан жарқырай көрсеткен курделі кезең болатын-ды. “Бірақ, оған майдан даласындағы ерліктері үшін Батыр атағы берілмегендей, екі рет генералға ұсынылса да, оған оны Кенес екіметі кимады. Әскери академияда өзімен бірге оқыған 250 адам болса, Баумен солардың арасында азиат болған. Генерал атағын алмай қалған да жалғыз өзі. Тек Қазақстан тәуелсіздік алған соң ғана Батырдың тұғанына 80 жыл толу карсанында Нұрсұлтан Назарбаевтың талап етуімен Баумене Кенес Одағының Батыры атағы берілді. Мұндай әділдіктің салтанат құруын халкы 45 жыл құтті. Баумен ғана күте алмады” (“Егемен Қазақстан”, 2000, 11 қараша).

Соғыс сабактарының бірі осы еді.

Автордың әскери өмір жайлы көзқарастарынан, ел қорғау жолындағы биік тұлғасы мен беделінен – ар алдындағы адалдығы, Отанға берілгендей, әділеттілікті жақтайдының кеңінен көрінеді.

“Тәрбиелі – тәртіптің құлы, Тәртіпті – елдің ұлы” деген өмір тәжірибесін басты мұрат етеді.

Бұл қасиет белгілер бүгін де аудай қажет. Өйткені ел бірлігі мен тұстастығын актау, жердің бүтіндігін қорғау – ұлттымыздың басты мұраты.

Бұл – тарих тағылымы, ата-бабаларымыздың аманаты. Аманатқа адалдық таныту – басты борыштарымыздың бірі.

Кешеден бүгінге жеткен басты тағылым осы.

Демек, “Қанмен жазылған кітап” – әскери өмірдің, сұрапыл соғыстың, елдік пен ерліктің шежіресі. Ұлттық мұраттың, рух пен намыстың рухани ескерткіші.

Бұл – ар мен намыстың, ұлттық рух пен парызыздың, әділеттіліктің салтанат құрған сәті.

Кітап тағылымы, өмір мұраты осы.

АҚЫНДЫҒЫ

Б.Момышұлына мектептегі ұстазы Тәнірберген Отарбаев: “...сенен ақындықтың іісі шығады” деген екен (қараңыз: *М.Мырзахметұлы. “Бауыржан батыр”. Алматы, 1991; А.Ормантаев “Мәнгі тірі Бауыржан”. Алматы, 2000*). Бұл турасында Б. Момышұлы былай еске алады: “...улken ұстазымның бірі Тәнірберген Отарбаев мәдресені бітірген, басына ақ сәлде орап молда болудың орнына мұғалім болып кеткен. Арабша өз алдына, казак әдебиетін жаксы білетін. Бізге ол кісі қазак тілі мен әдебиетінен сабак берді. Ол кісінің педагогикалық методы – сабакты әдеби кеңес түрінде өткіzetін. Программа бойынша емес, еркін өтетін. Егер осы еркін кеңесу методы болмаса, біз сабакқа соңша мықты қызықпас та едік.

Ұзын бойлы, келбетті келген, сабырлы, өте ақылды, ақын кісі еді. Ол кісі сабак бергенде өте рахаттанып тыңдаушы едік. Қазір жасым жетпіске келгенде байкасам, ол кісі шынында әдебиет зерттеушісі екен, шынында ақын екен” (“Үшқан ұяға адап болайық” – естелік.).

Мұнын ақиқатына Баумен – Б.Момышұлы қаламынан туган:

“Ана тілін ардакта”, “Арман жер”, “Әскер аты”, “Біреулерге”, “Жардың мұны”, “Достыма”, “Ескертпе”, “Қалыбек аға”, “Қайран, сезіз”, “Толғай”, “Солдат әні” сынды әр алуан тақырыптағы өлең мұралары арқылы айқын көз жеткіземіз.

Б.Момышұлы шығармашылығына: ел-жерге – күрмет, адам мен оның еңбегіне – сүйіспеншілік, бірлік-береекеге – қанағат, өмірде әлілдікті ту етіп көтеру секілді сипаттар тән десек, осы белгі-ерекшеліктер ақындық қырларына да тән, ортақ екенін айқын анғарамыз.

Ақындық – өнер, ол – тұмыстан бастау алады. Ал дарын-талант – енбек арқылы кен өріс алса, бұл да Б.Момышұлы шығармашылығынан тыс емес. Айтальық, “Біреулерге” атты өлең 30-жылдар ойранын, ел ішіндегі озырылық пен опасызыңың сырларын ашуға, әшкерелеуғе арналған. Ақын ел өмірін, ондағы халық есебінен күнкөрісін айырып жүрген белсенді жағымпаздарды, олардың ұрда-жық әрекет-белгілерін сыйнап, мінейді:

Басқаның жамылған сон көленкесін,
Жалтактап өлетіндегі кетеді есің.
Жүрексіз коян сынды сендейлер гой
Халыктың кашыратын берекесін

Жылкы болсан, болар ең сопак сары,
Аузында бір ісі жок мүлде кәрі.
Тағы да адам болып, жанын капты,
Мал болғанда, болар ең кімге дәрі, –

деп ақын кейіпкерін кей тұстары ан-кұс, жан-жануарларға да тенел салыстырады. Сол арқылы Адам орнын, өмір мұратын, ізгілік иірімдерін асқақтата көрсетеді. Адам – қоғам байлығы екенін кең көлемде ашады.

“Омарбекке” деп аталатын өлеңде нәубет-зұлмат жылдарының шежіре-суреттері, женілдін асты, ауырдың үстімен жүріп, “шаш ал десе бас алатын”, бет-келбеті келіспеген, жүріс-тұрысында оғаштық пен оспадарсыздыққа толы қигаштықтары көп, ұрда-жық міnez, міндері мол, қолдан жасалған белсенділердің “бедерлі бейнесі” суреттеледі:

Кой сойдық, козы сойдық, конак болсан,
Казакта конак күту ежелден зан.
Қолдағыны сыптырып алып кеттін,
Енді келсен таппассын бір үзім нан.

Ақындық әлемге бет бұрган адамның Атамекен – туған жерге сағыныш-сезімін арнамауы сирек құбылыс. Осы реттен алғанда, “Туған жер” деп аталатын өлеңде өскен өлкे көріністері, балалық-жастық кезең суреттері, оған деген сағыныш ерекше жүрек лұпілімен, көніл шуағымен беріледі:

Туған жерім Мыңбұлак, арналы аксай.
Ішсем сұзы татиды шекер-балдай.
Қызғалдақ, қалың егіс, кек жонышка,
Сенен артық, жер, шіркін, өгер кандай
Көгрой шалғын, кек өлкем. жерін дәнді.
Жазын салқын, жайлауың малға жайлы.
Сағынып алыс жерден келгенімде
Көзім тойып көркіне мейірім канды.

Б.Момышұлының өлен өнерінде халық әдебиетінін үлгі-өрнектері негізінде жазылып, сол арқылы өмірде тарих тағылымдарын даналық мәйектерімен, өрнектері ой орамдарымен бедерлеген нақыл-өсietke, канатты сөздерге толы шымыр шумак, шебер де шешен тілмен жеткізілетін жолдар да бар:

Ылғи алтын іздеме,
Қазына оған тола алmas.
Сұлу сөзге құл болма.
Зеректік онда көп болmas.
Кол-аяғы болмаса.
Орнынан адам тұра алmas.
Канатын жауып ұшқанмен,
Құйрыксыз құс кона алmas.
Талабы таудай болса да,
Барлығын жалғыз бере алmas.

Тырнектап жина әр жерден,
Асылын елеп теріп ал.
Көзге ілмestен тастама,
Кірпішсіз үй кұра алmas.

Немесе:

Ағайыннан не пайда –
Адал еткен еңбекti
Бағалап максат етпесе.
Қалындықтан не пайда –
Қылымсып жылы күлгемен,
Құшактап құшып сүйгемен,
Інірсып, қысық еткенмен,
Қырандай көзі шолмаса, –

деп, адам әлемінің иірім-сырларына, киын-қыстай кезендердегі әрекет-кимылдарына, мөлдір маҳаббатқа т.б. катысты көзқарастарын – адамдық, әділеттілік тұрғысынан танып, таразылайды. Адамдық өлшемі – ардан, адалдықтан, үлттық мұрат-мұддеге қызмет етуден тұратынын барынша батыл, еркін, шынайы жеткізеді.

Ал “Әскер аты” аттың өлең ер канаты – аттың сипатын, бітім жаратылышын бейнелі сөз, бедерлі суреттермен жеткізеді. Бұған да ақынның өлең-өнер табиғатын, ой-сөз жүйесін терең түсініп, аттың бабы мен сынына, қыскасы, халықтық тағылиматтан мол өмір тәжірибесі бары айқын аңғарылады:

Тік аяқ, бура сомды, құйма тұяқ,
Кен мандай, етсіз жакты, камыс құлак.
Омыраулы, жібек жалды, сағак мойын,
Бұлшық етті, сауырсын, артық толмак.

Оқып-танысқанымыздай, көз алдымызда қунде көріп жүрген карапайым аттан жаратылыс бітімі, жүріс-тұрысы өзгеше әскер атын көз алдымызға әкелеміз. Асылы, әскер аты майдан-жорыктарда тәзімді, өзіндік белгі-ерекшеліктері болуы керек.

Өлеңде осы белгілер мол, көркемдік өрнек, сурет-салыстырулар да сенімді, табиғи өріс алады. “Әскер аты” осы реттен де жарамды, жарапасты сипат алған. Б.Момышұлының адамдықтан, ардан тұратын бүтін болмысынан, биік тұлғасынан батырлық пен қаһармандықтың үлгі-өрнектері кеңінен танылатын болса, өлең-өнеріне де осы белгі-ерекшеліктер тән. Бұған Баукеңнің – Б.Момышұлының панфиловшыларға, жалпы ерлік такырыбындағы жыр жолдары арқылы жіті көз жеткіземіз. “Кімдер деп солар сұрасан, Міне, алатын жауабым” деп көнілдің көзімен, жүректің төрінен термелеп-толғап төмендегіше баяндайды:

Көре бер өзін катардан,
Гауһардан біткен асыл тас.

Қайнап біткен құрыш болат.
Аккүба сары тегі орыс,
Ежелден ербол атанған,
Қара торы мәлдір көз,
Тегі қазақ атамнан.
Алатрудың сұнқары
Атасынан бата алған.
Қыргыз, өзбек, түрікпен,
Бостандықпен туысып,
Ел корғауға біріккен.
Бас тартпаған сапардан,
Қазақстан ұлдары,
Ар намысын ойласа,
Кар жауғызған қаһардан.

Жалпы, Б.Момышұлының ақындығы, сөз өнеріндегі орын-улестері өмір өнегесінен, халықадебиетінің қайнарынан, тарих тағылымдарынан тұрады. Өмір оқиғалары, адам мұраты, халық тағылиматтары сөз өнерінің бірден-бір негізі етіледі.

Б.Момышұлы ақындығының қайнар көздері, ондағы шындық сырлары осында.

ХАТТАР СЫРЫ

Б.Момышұлының ұлттық көзқарастарының жарқын көріністері – билік басындағыларға арнап жазған хаттарынан да айқын аңғарылады. Жауынгер жазушының хаттарында: Отанға – адалдық, ел-жерге – құрмет, адам мен оның еңбегін әділ бағалау, өмір-өлім мәні, жастар тәрбиесі мен болашағы, тіл тағдыры мен тағылымы, командир мен солдаттың ерік-жігерлері, ұрыс жүргізуғе айла-тәсілдері, ок пен от ортасындағы серт пен сенім, әскери әдебиеттің қажеттілігі, соғыс сабактары т.б. кен көлемде орын алады. Майданнан жазылған хаттар топтамасына (бәрінің де ай-күн уақыты көрсетілген – Р.Т) – “Мұхтар аға!”, “Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің насиҳат және үгіт бөлімінің менгерушісі Әбдіқалыков жолдасқа!”, “Қазақ ССР Халық комиссарлары советінің председателі Оңдасынов жолдасқа!”, “Әбдіқалыков, Панкратов жолдастарға!”, “Қазақ тілі туралы пікір” (Әбдіқалыковка), “Куаныш аға!”, “Құрметті жан досым Құрманбек!” т.б. жауынгер-жазушы Б. Момышұлының биік мақсат-мұрраттары, елдік-ерлік тағылымдары, ұлттық сезім, сенім туралы, адам әлемі, оны тәрбиелеу жайлары, азаматтық қарызы-парызы, соғыс тәжірибелері т.б. жан-жакты көрініс тапкан.

Ондай хаттардың бірі – Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің

тәрағасы Нұртас Оңдасыновка, екіншісі – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Мұхамеджан Әбдікалыковқа арналған екен.

Ақиқатын айту керек, хаттар мазмұнынан да Б.Момышұлының елжерге адалдығы, халық өміріне, оның өткен тарихы мен тағдырына, тілі мен дініне, ділге жанашыр-камкор көзқарастары жан-жакты танылады.

Б.Момышұлының Ана тілін ардақтап, қазақ тілін құрметтегенін, оны дамыту мен өркендешу, колдану аясын кеңейту мақсатын көздегені М.Әбдікалыковқа арналған хаттан (“Қазақ тілі туралы пікір”, 1944 жыл) айқын ангарылады.

Атап айттар жайт, хат авторы қазақ халқы, оның тарихы мен тағдыры, келелі келешегі тұрасындағы көзқарас эволюциясын үлттың ұлы байлығы – Тіл арқылы көрсетеді: “...айтпай кетсем, өмір бойы көнілім тынар емес” деп, Ар алдында Ант бергенін де жасырмай жазады.

Хаттың алғашкы тұстарынан-ак автордың Ана тілі туралы танымбіліктері төрөн танылады: “...Ежелден, атам заманнан тіл – елдің мәдениет, әдебиеті өсіп-өніп, от басындағы үй тіршілігінен бастап, қоғам, халық, ел құралы – ғылымның атаулы саласы екендігі даусыз...

Тілсізді айуан дейді. Тілі кедей елді – мәдениетсіз, анайы, надан халық деп санайды. Тіл – адам баласының негізгі қасиеті болғандықтан, тіл байлығы елдің елдігін, жүргіштылығын, ғылыми әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғамдық құрылышын, салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің – мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелді мол жері. (*Мерилө*.)

Тілдің көмегімен өнер-білімге, мәдениет-ғылымға жетіп, өткен-кеткенмен әлемді танытып, өзімізді жүртқа, әлемге танытамыз, сөйлейміз, оқимыз, жазамыз, өз басымызды, үй-ішімізді, қоғам-халықты, ел-жүргітты, мемлекетті менгереміз, сондықтан “өнер алды – қызыл тіл” дегендейін, адам баласының байлығында тілден артық не бар?”

Бұл – Б.Момышұлының халық алдында оның басты байлығы – Тіл тұрасындағы көзқарасы.

Осы ой ағымдарынан-ак хат авторының ұлт, тіл туралы танымбіліктері, білім-ғылым, өнер жайлы да көзқарасы кең көлемде көрінеді. Тілсізді – айуанға, тілі кедейді – наданға теңеу арқылы да ұлт рухын көтереді, үлкен-кішінің халық алдындағы қарызы мен парызын еске түсіріп, Ар алдындағы адалдықты асқақтатып, салт-дәстүрді өнеге етеді, намысты камшылайды. Нәтижесінде “Өнер алды – қызыл тілді” адамзат құндылықтарының бірі, өмір мұратының өлшемі, адам байлығы дегенге мықтап табан тірейді.

Сондай-ак хатта ұлт тілінің қызметі, қолдану аясы, адамзат өмірінде, тұрмыс-тірлікте, қарым-қатынас құралындағы иірім-сырларына да кең

орын беріледі: “Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді”, “Сөз жүйесін табады, мал иесін табады”, “Қиыстырып қаласаң – отын жанар, қисындырып айтсан – халық нанаң” дегендейін, қазак тілі өзінін таза түрінде бірнеше ғасыр біздің заманымызға дейін өткірлігімен бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан жүйенді жандырып, құлак құрышын қандырып, ұғымына конымды, жүргегіне тиімді, көніл көтеріп, керегінде жанға тиіп, ашындырып, өтін сыртқа шығарып, қысылтаян катал жағдайда кайрап, егеп, “сөз тапқанға колқа жоқ” дегендейін, ерге, елге медет болып, ер намысын, ел намысын, адамгершілік арын, қан майданда, қырғын соғыста қасиетті тудай жоғары көтеретін тіл болған емес пе еді?

Қазак тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан калып өмір сүрмелендігі, өз сыйбағасын ешкімге жегізбегендігі мындаған жыл тарихында айқындалған емес пе еді?

Барлық өткен заманың, халық тәжірибе-қасиеттерін, ғылыми мәдениетін, өнеркәсібін бойымызға таратса сініріп, жағдайға толық түсіндіріп, ұғындыра ел катарына косып, бізді бұл дәрежеге жеткізіп отырған алдымен тіл емес пе?

Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе?

Хат табиғатына еніп, ішкі бөліктерін саралай түссек, Б.Момышұлының қазак тілінің артық-кем тұстарына кен көлемде тоқталып, танып-талдағанына бұрынғыдан да айқын көз жеткізе түсеміз. Айталық, Халық батырының кеселханада жатқан кезінде көнілін сұрай келген Сахарова дейтін орыс әйелімен болған қыска сұхбатынан көп жайға қанығарымыз хак:

1. “Бауырджан, почему вы пишете по казахский? – деп таңғала сұрақ койды.

2. Вы меня удивляете, Нина Александровна, почему я не должен писать по казахский на родном языке? – дедім мен.

3. Ведь многие казахи не пишут и не разговаривают, потому что невыразишь свои мысли – то что хочешь сказать не скажешь... До того говорят Ваш язык бедный!..”

Әлті орыс әйелінің түпкі ойы мен сұрағы қазіргі күні де көкейкесті калпында десек, ақиқаттан да алыстамаймыз, артық та айтпаған болар едік.

Несін жасыралық, ақпарат жүйесі, карым-қатынас құралы, өмір-түрмістың тамыр-бұлқілі – бәрі-баршасы рееси тілдің (орыс тілі) ағын-арнасымен жүзеге асып келеді емес пе?

Бұл тақырыптың айтылып, жазылуында кемшіндік жоктау көрінеді. Алайда сөз берісінде жер мен көктей айырмашылық, алшақтық барын жасыру қыын.

Көп болып ойласатын, тіпті белден басатын басты мәселе осы екені анық.

Өткенді ойға алсак, қазақ тілі үш рет мемлекеттік мәртебеге ие болды емес пе? Олар:

1. Бірінші рет – 1922 жылы екі тілге (қазақ, орыс) мемлекеттік мәртебе берілді.

2. Екінші рет – 1989 жылы Тіл туралы зан қабылданды (казақ тілі – мемлекеттік, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі).

3. Ушінші рет Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде “Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы зан” өмірге келді.

Осы құжат бойынша Қазақстан халықтарының тілдері күні ретінде атап етіліп келеді. Мұны да халық біліп, түсініп отыр.

Дәтке қуат – Зан қабылданды. Алайда бәрімізге ортақ тілде баяндаудын деп ресми тілге оп-онай көше салу, ұлы тілге жан бітіру, еріс ашу – бұрын да болған, бүгін де бар емес пе?

Хатта: “қазақ тілін дөрекі, икемсіз, топас, кедей тіл… Онымен айтайдын деген ойынды, пікірінді еркін айта алмайсын” деген арсыз адам (автор сезі) жөнінде де толғам-толғаныстар, көзқарастар көп-ак. Бұл орайда автор жас қаламгерлер шығармашылығындағы, ондағы “сөйлемдердің бастауыш, баяндауыштардың қайда екенін іздеп табу үлкен еңбек, жатқан қыншылық екенін кейір тіл мағынасының сөйлемінде 40–50 пайыз орысшасының “оралып” жүретіндігі көркем әдебиетте, оқу құралдарында, аударма кітаптарда, тіпті күнделікті акпарат құралдарында да “сорақы мысалдар” (автор сезі) кездестіруге болатынның ашық айтып, батыл жеткізеді. Мұның бәрінен де: “сөйлеу – тілдің қасиетін кетіріп, тамырына закым келтіріп, сиқын бұзатындықтан, басқа пайдалы тыйындық нәрсе көрінбегендіктен, есі дұрыс кісінін оны тілдің өсуі, дамуы, жандануы деп танып-айтуға аузы да бармас. Сондыктан мұндай бұлдіріс, бүрмалау туралы кейіннен тарихқа, ғылымға, үрпаққа не бетімізбен айтпакпыз?!“

Ой түйіні ауыр ұлт тілінің ғасырлар қойнауында қалып кою қаупі барын анғару қын емес.

Бірақ хат авторы: қазақ тілінің қолданыс аясы тар, ойынды еркін жеткізе алмайсын деген касаң қағидаға негізделген көзқарастарға бұрынғы-сонғы тарих тағылымдарын, өмір тәжірибелерін, белгілі тұлғалардың еңбек мұраларын алға тартады: “Абай, Ыбырай, Шокан, Сұлтанмахмұт, олардан бұрын өткен және осы күндеңгі елінен, ана тілінен безбеген қазақ халқының адал, ақ ниетті ұлдары, қыздары өз ана тілімен сөйлеп, жаза да білген. Олар тіл шеберлігінен кейінгі үрпаққа өнеге-үлгі, мысал, асыл мұраға да қалдырған. Олар мыналардан орысшаны кем білген емес. Қазіргі дүмшелер сияқты ата безер, ана безер болмаған, олар Европаның атакты данышпан

акын-жазушыларын бұлжытпай көркем тілінде, мұлтіксіз казак тілімен өзінің нұсқасынан артық болмаса, кем етіп аударған емес. Сол аудармаларға барлық шеберліктерімен, қазак тілінің байлығын, икемділігін түргел пайдалана жұмсай біліп, олардың ақынының көмейіне, домбырасының пернесіне салып, ауыз әдебиеті қатарында халықтың сезіміне жеткізіп, ұрпактан-ұрпаққа жатқа алынып, қазак тілінің байлығы екендігі – аксақ-токсак, кисық-қынырлардың айызын ашып, масқаралап, дүзіқара етуге сөзсіз дәлел де, мықты құрал да бола алады”.

Хат авторы ой түйінінде халқымыздың ерекшелігін, адамгершілік жауынгерлік дәстүрін негізгі назарда ұстап, осы бағыттағы басты-басты мәселелерді алға тартады.

1. Аяқ асты елеусіз болып кеткен қазакыландыру мәселесі алдымен қазактардың өздерін тіл жөнінен тәртіpteуден бастап, барлық үкімет, кенсе, ғылым, оқу, өндіріс, өнеркәсіп орындарында қайтадан әділдікпен көтеріліп қолға алынуы жөн.

2. Тиісті оку орындарында казак тілі, қазак әдебиеті, казак тарихы міндетті сабак болуы керек.

3. Осы кезде қаладағы қазак ұл-қыздарының төрттен үшінен көбі орыс мектептерде оқығандыктан, ана тілден хабарсыз жастар өсүі молайып келе жатыр. Олардың ата-аналары орыс мектебінде оқытуға мүлде әуес-ак. Қазак мектебін менсінбейтіндер де екеудің бірі болғандыктан, барлық казак ұл балалары, қыз балалары алдымен ана тілінде ғылым алатын болу қажет.

4. Барлық қазак тіліндегі әдебиет, оқу құралдары қайта қаралып, тіл шұбарлығынан тазаланып, елгезермен елегендей қоксық құрымнан мүлде арылуы керек.

5. Тіл мәселесі бұдан былай да аяқ асты болып дүмше молдалардың құрбандығы болып кетпес үшін:

а) Барлық сырттан алынған “есіктен кіріп, төр менікі” деген сөздер теріліп жиналып, әділ билік айтылып, сол мағынадағы даусы жойылған қазактың ана тіліндегі сөздерге өз еркі өзіне қайта беріліп, қазак тілінің бұқаралық қатарына қосылып, бұдан былай да ел аузында, жазушының қалам ұшында болуы керек.

б) Өзіміздің тіл байлығымызда жок, бұрын халқымыздың өмірінде кездеспеген жаңа заттардың аты: сөздер теріліп, жиналып, сөз азаматтығына қабылданып, заңды жүйеге салынуы керек.

в) Дальдің “Толковый словарьный” үлгісімен атам заманнан берігі қазак сөздері жиналып, дұрыс талқыланып түсіндірілетін, ғылыми аумактың кітапты жақында шығару шаралары қолданылуы қажет.

г) Профессор Ушаковтың “Орфографический словарьный” үлгісімен қазак сөздерін дұрыс жазуға көмекші құрал болатын кітапша

кешікпей жазылып шығарылуы қажет. Кейінгі екеуі тіл жағынан өмірлік нұсқау, құрал және тіл жағынан қорған болар еді.

Бұл айтылғандардың бәрі-баршасы бүгін де мәнді. Автор халық болып қалуда, ұлттың басты өлшемі – тіл мәселесін онды өлшеуді, дұрыс жолға қоюды қадап айтады, билік басындағылардан талап етеді. Орта және жоғары мектептегі оку жүйесінің қазакы сипат алуы керектігін, міндетті пәндердің жүйелі жүруін тіл байлығын еселей арттырып, осы бағытта еңбек ету қажеттілігін де негізгі назарда ұстайды. Осы ретте Елбасы – Н.Назарбаевтың “Ана тілі айбары” белгісін алып, ақпарат құралдары арқылы тәмендердің айтқаны барды: “Қазір баяғыдай 10 қазак тұрып, ортамызда біреу отыrsa, соны ренжітпейік деп жалтактаудың, жалпактаудың қажеті жок. Біз құлдық мінезден арылуымыз керек. Барша халыққа айтарым, қазақ тілі ең алдымен қазакқа керек. Біз, басшылар, халық болып қазакстандықтарға осы тілді қастерлеуді үйретуіміз керек. Мына ақпарат құралдарын пайдалана отырып айтатыным, қазақ тілі қогамдары, сіздердің істеп жүрген еңбектерініз көп. Халық әр уақытта ұмытпайды, бағалайды деп сенемін. Мен өз басым мына тұрган азаматтарға 10 жыл қаражатының жоқтығына қарамай тек осы салада патриоттық сезіммен ғана жұмыс істеп жүргендерініз үшін Елбасы регінде раҳмет айтқым келеді. Осы сәтті пайдалана отырып, барлық үкімет мүшелеріне, барлық әкімдерге жергілікті жердегі “Қазак тілі” қогамдарына камқор болындар демекпін. Мен қолымнан келгенше барлығын істедім. Тіл заны бар, бағдарлама бар, бюджетте қаралған қаражат бар. Ал енді барлығымыз жұмыска кірісуіміз керек. Сіздерден осы жолды бәсендептей, ары қарай дамыта береді деп сенемін”.

Менінше, кім-кімді де ойландырып, ұлт пен ар адалдығы парызы-карызын еске түсіріп тұр емес пе? Әсіресе: “Біз құлдық мінезден арылуымыз керек … қазақ тілі ең алдымен қазакқа керек” деген таза көніл – жүректен шыққан сөздерге дәлел-дерек, түсінік-тұжырым керек пе?

Қысқаша ғұмырда Адам болып қалудың басты мұрат – қағидасы:
– ар алдындағы адалдық;
– ұлт мұдесіне парасат билігінде, патриоттық сезіммен жауап беруде емес пе?

Таным мен Түсініктін таразыға түсер тұсы да осы.

Мұның бәрінен де ұлттық тілдің адам өмірінде, оның қарым-қатынасындағы шешуші орын үлесі ерекше көрінеді. “Сөзі жоғалған жүрттың өзі де жоғалады” дегеннін (А.Байтұрсынов) ақиқаты терең таныла түседі.

Бұдан шығатын түйін: Б.Момышұлының билік басындағыларға арналған хаттарында:

1. Халық тарихы мен тағдырына көп көңіл бөлінеді.
2. Ұлттың басты байлығы – Тілдің тағдыр-талайы, келешегі хақында маңызды мәселелер көтеріледі.
3. Тіл тамырына балта шабушы “шөре-шөрелер” сын тезіне алынады.
4. Ана тілінің, ұлт мектептерінің дамуы мен бағыт-бағдарлары нақтылық көрсетіледі.
5. Тіл байлығын арттырып, оның дамуы мен тазалығы жолындағы мұрат-міндеттер айқындейдайды.
6. Орта және жоғары мектепте оқытылатын тиісті пәндерге назар аударады.

7. Ана тілін дамыту мен сауаттылықты арттырудагы арнайы сөздіктердің орын-үлесіне маңыз беріледі.

Бұл мәселелердің бәрі-баршасы бүгін де онды шешімін табуды, ұлттық мұрат-мұдде, көзқарас тұрғысынан катан ғакылауды да қажетсінеді.

Игілікті істі дұрыс атқарып, жүйені жүргізе алмасақ, ұлттық ұлы байлықтарының бірі – Тілге он көзқарас қалыптастырып, жаңа тыныс, серпін бермесек – кімге кінә койып, өкпе артпакпыз?!

Ақиқатын айтсақ: Зан бар. Бірақ жауапкершілік жок. Жүзеге асуы – тасбаканың жүріс-жылдамдығын еске түсіреді. Бұл “жүріс-жылдамдықпен” жаңа ғасырда да биік белеске көтерілу киын.

Б.Момышұлы “хаттарының” тағылымы, ғибраты осында.

ДАНАЛЫҚ МӘЙЕКТЕРІ

Б.Момышұлының енбек-мұраларында өмір-тұрмыстан туындаған, уақыттың талап-тараразысынан өтіп, ақыл-парасат жемісіне айналған канатты сөздер көптеп саналады. Олардың тақырыптары – әр алуан, мазмұны – маңызды, ұлғі-ғибраттық қасиеттері аса жоғары болып табылады. Айталақ, Б.Момышұлының мақал-мәтелдерінде адалдық пен әділеттілік тұгастығы, елдік пен ерлік салтанаты, ұлттық сезімнен туған ел, Отан орны, өмір-өлім мәні, дос-дұшпан арақатынасы, жақсы мен жаман сипаты, болмыс-мінез, тәртіп туралы өмір-тәжірибеден туған көзқарас, тағылымдық түйін-тұжырымдар көптеп саналады. Ал жауынгер жазушының даналық нақыл мен қанатты сөздерінде ақыл-парасат жемістері, өмірдің өткен кезеңдерінен туындаған тағылымды тұжырымдар, түйінді толғам, толғаныстар кең орын алған. Мұның бәрінен де Б.Момышұлының мол өмір тәжірибесі, тәртіпке, уақытқа бағынған бескөз болмысы, ар алдында адалдыққа, әділеттілікке табан тіреген биік тұлғасы терең танылады.

Біз бұған Б.Момышұлы шығармашылығындағы мақал-мәтел, қанатты сөздері арқылы кеңінен көз жеткіземіз. Олардың кейбірі төмендегідей болып табылады.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Ұлттық сезім – қасиетті сезім.

Адал ұл ер бол туза – ел тірегі.

Ерлік – елдің қасиеті,
Жүректілік – жігіттің қасиеті.

Тәртіпке бас иген құл болмайды.

Арсыздан – айуан артық.

Отан үшін отқа тұс – құймейсін.

Өмір үшін – өлгенше құрес.

Жаудың қандай екенін
Жауласқанда білерсін.
Қайғының қандай екенін
Басқа тұскенде білерсін.

Ел дегенде – езіліп,
Жұрт дегенде – жұмылып қызмет ет.

ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР

Ар – жақсылық пен зұлымдылықты, шындық пен жалғандықты, әділет пен әділестіздікті және басқаларды анықтайтын адамгершілік ұғымы.

Ерлік – саналы әскери тәрбиенің жемісі. Өзінді саналы түрде қауіп-каторге бас тігуге мәжбүр етудің нәтижесі.

Ерлік – басына төген қауіп-қаторді жену деген сөз.

Ол тек касарысқан қажырлы құресте ғана тудады.

Жігіттің жігіттігін – жау келгенде сына.

Ен ауыр айып – сенімді ақтамаушылық.

Үмітін жоғалтқан жан – ешқашан үміттеніп көрмеген жан.

Қаны тамып тұрган шындықты жазу оңай емес, ал оны жинақтау одан да киын.

Табандылық – батылдық калқаны.

Сурылмаған алмас қылышты тот басады.

Солдаттың аяғы ауырса, командирдің балтыры сыйздайды.

Тексізден – тезек артық.

Ұрыс – бетпердені, өтірікті, жалған батылдыкты жұлып тастайды.

Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше – шындыктың уын ішіп өлген артық.

Өз ұлтын сыйламау, оны мактаныш етпеу – сатқындықтың белгісі.

Өз кітаптарым – өз балаларым. Мен оларды бар жетістік, кемшіліктерімен коса сүйемін. Олардың да Отанға адал қызмет етуін қалаймын.

Үйрете отырып үйрену ғана жеміс береді.

Устав – ұрыстар тәжірибесінің жинақталған каймағы.

Тұастай алғанда, Б. Момышұлы шығармашылығы адам мен оның енбегін биік бағалайтын, өмір, уақыт талаптарын адаптациялық түрғысынан жүзеге асыратын елдік пен ерлікке тәрбиелейтін тағылымды туындылар болып табылады.

Асылы, адамтану ісіне үлес косу аса құрделі, ғибратты еңбек болып табылады. Б.Момышұлының адамға қызметі, ел-жерге құрметі, Отанға, майдандас жауынгерлеріне ададығы, елдік пен ерлікке тәрбиелейтін туындылары осы реттен де бедерлі, құнды.

Б.Момышұлының биік тұлғасы рухани өмір шежіресі арқылы да аскартап, айбынды, жарқын көрінуінін бір қыры, мын сыры осы.

Мәдениет жылымен тұспа-тұс келген Халық батыры, көрнекті қаламгер Б.Момышұлының 90 жылдық мерейтойы еліміздің түкпір-түкпірінде, ежелгі Тараз жерінде дүркіреп етті.

Тараз қаласында биік те еңселі ескерткіш орнатылды. Жуалыдағы батыр мұражайы алдына бюст койылды.

Халық жазушысы Ш.Мұртаза “Ноқтага басы сыймаған” атты пьесасын арнады, Т.Дүйсебаев пен М.Жолдасбековтің деректі фильмі өмірге жолдама алды.

ҚазМУ-дің М.Әуезов атындағы Әдеби бірлестігі “Қайсар рух” атты әдеби кеш еткізіп, филология факультетінде Б.Момышұлының бюстін ашуы – Батырдың биік тұлғасын аскартата түсті.

Бұл – Б.Момышұлына құрмет, Ар мен Намысты ту еткен Халық батырына тағзым болып табылады.

ҰЛТТИҚ МҰРАТ ТҰҒЫРЫ ЕДІ

Ш.СМАХАНҰЛЫНЫҢ БАЛАЛЫҚ, ЖАСТАҚ, КЕЗЕНДІ

Адамға қызмет – абыройлы міндет екенін ерте сезінген ақын-сатирик Шона Смаханұлы шығармашылық мұрасында үлтқа, халық мұддесіне қатысты мәселелердің бәрі-баршасына ерекше дең қойып, оны әзіл-ажуа, сын-сықақ, шымшымалары арқылы жан-жакты байытып, осының негізінде қоғам-кезең көріністерін, өмір-тұрмыс сырларын, адам мен оның енбекін жоғары бағалап, зор маңыз береді.

Өмір кезеңдерінен айқын анғарылатыныңдай, Ш.Смаханұлы Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ойық ауылында туған (1924, 2 караша). Ш.Смаханұлы әке-шешеден ерте айрылып, балалар үйінде тәрбиеленеді (Советтік Қазақстан Жазушылары. – Алматы: Жазушы, 1987. – 576 бет).

Жасынан өjet, бірбет болып өскен Ш.Смаханұлы ауыл-елде жүргендеге ағайын-туыска, құрдас-көршіге алуан үлгіде өлеңнен алқа тағып, «акын бала» атанады. Көзіне-көnlіне ұнамаған қайсыбір құбылыс-көріністерді, қеудесімен – қөкті, танауымен тауды тіреген әкім-қараларды, желіккен женгейлер мен желпінген бозбала-бойжеткендерді өлең өрімімен өрнектеп, көбіне әзіл-әжуага айналдырып, сын-сықақпен мінеп, түйреп жүрген кездері көп болды. Сын-сықақ жазып, шатақшакар атанатыны да осы түс. Ш. Смаханұлы балалық, жастық кезеңінің өзінде-ақ бірбет, өжеттігі танылып, жасандылыққа төзбейтіндігін байқатып, үлкен-кішігে өзіндік көзқарасын бүкпесіз, анық айтатын-ды. Оның осы белгі, ерекшеліктерін ерте таныған ауыл тұрғындары:

– Шакар Шона бір жерден шығады. Ерте я кеш туған гой! – дегенді жиі айтатын.

Ш.Смаханұлы мектеп партасынан, төменгі сыныптан басталған ақиқатқа, өмірге, өлең-өнерге құштарлық хакында былай деп еске алады: “Әсте сатирик болсам деп армандаамадым десем, өтірік айтқан бол шығар едім. 5–6 класта-ақ қабырға газетінде тәртібі нашар, сабакқа үлгермейтін балаларды сынаған өлендерім үзбей шығып тұратын. Бірде Талас ауданы “Тамды” орта мектебіне Аскар Тоқмағамбетов келді. Мен ол кісінің өлендерін түгелге жуық жатқа білетінмін. Кездесуге Аскар ағаның өлендерін өзіне оқып бергенімде, ол қайран қалды. Байқасам, шебер қызықсан өлендерді жаттауым жай әүескөйлік емес, өнерге шын қызығушылық екен. Кейін мұғалім болып жүріп те, өлеңнен қолымды үзгенім жок. Ауданда мұғалімдердің август конференциясы өтер кезде «Жанды» газетін шығаратынбыз. Бұл қабырға газеті де менің шымшымга, шаншымаларыма көп орын беретін. Жазғандарым

республикалық газет-журналдарда да көрініп жүретін” (Ш. Смаханұлы. Құлкі көбейсін. – “Қазақстан пионері”, 1984. 11 қазан).

Алайда Ш.Смаханұлының балалық, жастық кезеңі бұралан-калтарасы көп, жоқ-жітігі мол келенсіз көріністерге толы болды. Ақын-сатирик “Айға ұшамын” кітабына (1971) енген “Нагашы” атты балладасында – балалық-жастық кезеңін, “Сүрінсен де жығылма” хикаятында – алапат аштық көріністерін өз өмірмен, тағдыр-тайымен байланыстырады. Қалың көпке ортак бұл жайттар әр алуан тақырыптардағы туындыларында көң орын алған. Аласапыраны мол, киғы кезеңі көп қасіретті жылдар шындығын көзбен көріп, бала көңілмен сезінген сәттерін Ш.Смаханұлы былай еске алады:

“Өлгөн балаларын бізге үлкен кісілер көрсетпейді. Шүберекке орап, көтеріп алып кетеді. Аулакқа, онда да келесі бір сайға апарып көміп таставды екен. Қалай көмгенин барып көргіміз келеді-ак. Бірак анамыз бізді кия бастырмайды. Бейшара балаларды көміп таставаңда тұншығады-ау, жаны ашымай ма екен дейміз. Анамыз: «Мен өлсем, мен өлсем...» дегенді жиі айтатынды шығарды. Қайнар ғана көз жасын төгіл-төгіл алады. Ал бізге – інім, карындасым үшеумізге жылап не керек. Тіпті жылай да алмас едік.

Сексеүіл құркенің есік сымығынан тұлкі тұмағының етегі бетін жапқан біреу кіріп келе жатты.

– Дағаймысың? Келдің бе? – Қисайып жатқан анам басын сөл көтерді. Бұрын байқамаған екенмін; нағашым менін анамнан аумайды-ау. Ҳалі нашарлаған әпкесін, құркे астында кірпігі әрең кимылдан жатқан жиендерін көріп, шошып кетті.

Өні қуқыл тартып, сүн-сүр бол: “Әттеген-ай! Бұларын не! Нашарлап қалыпсындар ғой” – дей берді.

– Әпке-ау, бұл не жатыс?! – даусы дірілдей шығып.

Нағашым жылап жіберді. Көз жасын қолымен сұртті. Үлкен адам да жылайды екен-ау, – деп мен таңданып отырмын.

– Әй..! Не дейін... – Анам тарамыстанған әлсіз қолын бір көтеріп, әлдекалай сермей салды. – Әлгі Шоқалақ итінің кесірі ғой бәрі. Колхоз боламыз деп, жағаласып елдін малын сыптырып алған жоқ па? Естіп жатырмыз, “Колхоз... колхоз” деп шапқылағаннан басқа ортаға жиналған малды түгел айдатып жіберіпті. Оны кайда апарды, кім жейді екен ол малды?” (Сүрінсен де жығылма. – «Жұлдыз», 1998, № 5).

Бұл – ұлттық тарихымыздың көленкесі мен керегар жайттары көп каралы кезеңі, ақтандак тұстарының бірі еді.

Бұл – тұтас ұлтты жойып жіберуге бағытталған отаршылдық ойранының көленкелі көріністерінің бірі.

Бұл – тарих тағылымының қасиетті де қасіретті кезеңінің шынайы шындығы еді...

Ш.Смаханұлының жастық, жігіттік шағы – Ұлы Отан соғысына түспа-түс келеді. Балалар үйінде он-солын енді танып, интернат тәрбиесінде есіп-есейіп келе жатқан сәтте, елдік мұрат таразыға түскенде – Отан қорғауға аттанады. Атамекен орнын, ел-жер тағдырын, дос-дүшпанның арақатысын танып-тусінген тұстары да осы кез еді. КСРО шенберіндегі халықтарға қасірет-қайғы әкелген сұрапыл соғыстан аман-есен оралған Ш.Смаханұлы біраз жыл ауылдық мектептерде мұғалім болып (“Аккүм” жеті жылдық, “Ақкөл”, “Бостандық” орта мектебінде), ұстаздық жолды жалғастырады. Абай атындағы педагогикалық институтты сырттай оқып бітіреді.

Ш. Смаханұлы он бес жыл ұстаздық қызметте болып, жас үрпаққа білім нәрін, тәрбие негізін жүйелі, сапалы берген ерекше енбегі үшін – Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері белгісімен маралатталады .

Ш. Смаханұлы ұстаздық қызметте жүрген кездері өлең-өнерге құштарлығын, әзіл-әжуа, сын-сықаққа бейімділігін барынша айқындалап, бекіте түседі. Қалам мен қағаздың киесін, ұлтқа қызмет етудің ұлы мұратын өлең-өнер арқылы жүзеге асыру ісіне де белді бекем буады.

Осы мақсат-мұратқа мықтап табан тіреген Ш.Смаханұлы 1950 жылдардың екінші жартысында Алматыға біржола келеді. Ұстаздық қызметтен кейінгі еңбек орыны – “Қазақстан мұғалімі”, “Қазақстан пионері” газеттері мен “Ара” журналы болды. Ол туралы: “Кай газетте иә журналда жұмыс істейін, журналистік өмірдегі мақсатым айқын болды, ол мақсат – белен алған кемшіліктерді аяусыз сынау еді” деп жазды (Күлкі көбейсін. – “Қазақстан пионері”, 1984, 11 казан) .

Ақын – сатирик Ш.Смаханұлы Алматыға келгеннен кейін шығармашылық ортада, танымалы тұлғалар ортасында жи бола бастайды. Ол туралы да жылы еске алады:

“Бір мың тоғыз жұз елу жетінші жылы туған ауылымға көріскенше кош сау бол деп, Алматыдан бір-ак шыктым. Құшак жайып қарсы алған ешкім болмаса да, Садықбекпен, Ізтаймен, Әбдікәрім, Тұмаш, Дағимен тез танысып үлгердім. Ол кезде менде кішігірім бір жинақтық кана өлеңдер бар болатын. Қошшілігі мысал-сықақтар еді. Осы Дақан (Дикан Әбілев ағаны айтам – Ш.С.) Жазушылар одағында секция баскарады екен. Апта сайын “Сәрсенбінің сәтті күні” деген әдеби кездесулер өткізіп тұрады. Сондай кездесудің бірі – Пролетар көшесіндегі 11-үйде, кендеу, бірақ жарығы аз шағын бөлмеде өтті. Дақанның ол кісілерді қалай шакырып, келтіргенін білмеймін, Мұхтар, Сабит, Сайын, Тайыр бастап, батыр ағамыз Бауыржан да катысты. Кездесу мақсаты – улken жазушылар жас ақындардың жаңа өлеңдерін тындауы керек екен. Оннан астам жас ақын өлең оқыды. Бірінен бірі

өтеді. Сусып тұрған лириктер. Мен болсам бұғып отырмын. Өлең окуға тайсалатын сияктымын. Аз ғана мысал -- сықақ өлеңім кімді тамсандырып, кімді риза еткен? Мазақ болмайын деп отырмын. Сейітжан ағамыз тұрды да: “Жақында алыс ауылдан бір сықақшы келген, соны тындайық”, – деді де, менің атымды атады. Ортаға қысыла шығып, осыным лирикаға ұксайтын шығар-ау дедім де, төргес өлең оқыдым. Баумен тыжырыны: – Немене жағымпаз, мактау өлеңнен басқаларың жоқ па? – деп калды. Төбемнен мұздай су құйып жібергендей болды. Сосын тәуекел дедім де, “Жапалактың үйленуі” деген мысалымды оқи беріп едім, үлкен кісілер иықтары селкілдеп құле бастаған екен. Ойпырмай, сықағым ұнамай мені мазақтап отыр ма деп қалдым. “Тағы нен бар?” – деді Сайн ағамыз ала тақиясын арыбері козғап, басына кайта киді.

Жазығы жок жазған ұл
Көп білем деп көкіді.
Әкесінің жазғанын
Аудармадан оқиды, –

деуім сол екен, Сәбен даусы қарлыға шығып, жарқылдай құліп: “hәй, өзі бір сокты. Ол сені ғана емес, бізді де түйреп өтті” дегендерін естідім. Сонынан білдім, бұл кісілердің біразының балалары ана тілінде кітап оқи алмайды екен” (Сықақшы сыры. – “Лениншіл жас”, 1982, 27 қараша).

Ш.Смаханұлының ауылдан Алматыға келуі, шығармашылық орталарға дендер енүі, өлең-өнермен бетпе-бет келуге, осы бағытта тұракты, өнімді енбек етуге мол мүмкіндіктер алды. Шығармашылық жұмысты бірнеше бағытта жүргізіл (әзіл-әжүа, сын-сықақ, шымшымашаншыма т.т.), әлеуметтік-коғамдық істерге еркін араласты. Ұлттың ұлы байлықтары – анатілі, мектеп ісі, ондағы кемшілік-керегарлықтарға карсы әр алуан иғлікті, ізгілікті жұмыстар аткарды.

Ш.Смаханұлының бұл бағыттағы ерен енбектері қалың көшіліктің көз алдында, қазак мектептері мен балалар бақшаларындағы иғлікті істерден де терең танылатыны анық.

Бұл – Ш.Смаханұлының ұлттық мұрратты тұғыр еткен асыл армандарының бірі еді...

Ш.Смаханұлының әдеби мұрасы – М.Әуезов, С.Мұқанов, Ф.Мұсірепов, М.Қаратаев, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Т.Қожакеев, Т.Кәкішев, Р.Нұрғали, Ж.Дәдебаев, Н.Омашұлы, Ә.Асылбеков, М.Серғалиев, М.Тілеужанов, Ә.Тарақ, Х.Талғаров, М.Токашбаев, Р.Тұрысбек, Р.Алтынбекова, К.Сәттібайұлы, Б.Өттегеулов, Р.Өтегенов, Р.Ордабаева, Д.Ысқақұлы т.б. ізденіс, зерттеулерінен кең орын алды.

Қазак әдебиеті тарихында ұлттық сатира жанрында ерен енбек

еткен – Дулат, Абай, Ж.Аймауытұлы, И.Жансүгіров, Б.Майлин, А.Токмағамбетов, С.Адамбеков, О.Әубәкіров, Т.Қожакеев, Б.Қызырбекұлы, Ф.Қабышев, С.Кенжеахметов, Т.Кенеев, К.Әмірбеков, Ж.Әбдіраш, М.Рәш, Ү.Уайдин, Т.Әлімбек, Е.Жаппасұлы, Б.Кірісбаев, Н.Төлепбергенұлы, Е.Домбаев, О.Иманәлиев, Қ.Ілиясов, Б.Садыр, Е.Шайхы т.б. есімі мен еңбектерін атап өту ләзім.

Қазак әдебиетінің сатира саласын дамыту ісінде – Шона Смаханұлының есімі мен еңбегі ерекше орын алады. Ол әсіресе шағын және орта көлемді жанрларда өнімді еңбек етті. Ақыннан ту етті, шындыққа ден койды. Оны көркемдікпен, шеберлікпен жеткізді.

Ендігі сез осы бағытта өріс алады.

Ш.СМАХАНҰЛЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚАЙРАТКЕРЛІК ҚЫРЛАРЫ

Тәуелсіздік талаптарынан: ұлттық тарихка, мәдени мұраға, тіл, дінге т.т қайта бет бұрылғанын, осы бағытта, әр алуан игілікті істер, ізгілікті ізденістер бастау алғанын сәт сайын сезініп келеміз. Егемен елдің көк байрағының биіктіктерден желбірегеніне шын жүректен қуанып, сол арқылы күні кеше ғана Ж. Молдағалиев пен Ш. Смаханұлы сынды асыл да ардақты, аға ұрпак өкілдерінің елжерге, мәдени-рухани құндылықтарға, казак мектебі мен балалар бақшасының мемлекеттік тілде қызмет ету керектігі жолында жаңын жалау етіп, жүрекке салмак салған тұстагы ерен еңбектерін де кайыра еске алып отырсақ, бұдан тек ұтарымыз хак.

Ақын-сатирик Ш.Смаханұлының азаматтық-қайраткерлік қырлары:

- ұлттық мұратқа адалдықтан;
- ана тілінің тазалығын ту етіл көтеруден;
- казак мектебінің санын арттырып, сапасына көп көніл бөлуден;
- балалар бақшасының жұмысын дұрыс жолға койып, казаки дәстүр-салтқа, тәлім-тәрбие ісіне басым бағыт беруден т.т. терен танылады.

Біздіңше, бұл бағыт-такырыптар тәуелсіздік талаптарымен табиғи үндеседі әрі ұлттық мұрат пен руханият өрісімен де жарасымды жалғасын тапқанын айқын анғартады.

Ш.Смаханұлының шығармашылық мұрасына деңдеп енер болсақ, кеңестік жүйе тұсында-ак “Ана тілім – ардағым менің” деген ән-өлеңмен ұлттық тілдің қадір-қасиетін терең танып, қалың көптін көніл-жүрегіне берік ұялатса, “Кос тіл білсе, кәнеки” мақаласында (“ҚӘ”. 1989, 10 ақпан) ана тілін ардақтап, сол арқылы ойлап-сөйлеп, ұлтқа адал қызмет етудің қыр-сыры кеңінен көрінеді. Бұдан кейін-ак Казакстанда, соның ішінде Алматы қаласында қазақ мектептері

мен балалар бакшасы әр алуан кедергі-кайшылықтарға қарамастан ашыла бастады. Бұл бағытта мектеп үжымдарымен, ата-аналармен, жекелеген адамдармен кездесулер болып, үйымдастыру жұмыстары жүйелі жүргізілді. Бұған жоғарыда аталған мақаладан, одан беріліп отырған үзіндіден айқын анғарамыз: “Мен қаладағы жұмастары әлі дұрыс жолға қойылмаған кейбір балабакшалардың жайын білу мақсатымен жуырда Алматы қалалық халыққа білім беру беліміне бардым. Кабинет алдында үйме-жүйме болып кезек күткен жандар. Жас балаларын жетектеп, емшектегі сәбиін көтеріп, кабинет иелерін тосып, екі көзі төрт болғандар. Ұзак күтіп, мектепке дейінгілерді қабылдайтын кабинетке кірдім. Бастығы орта жастағы әйел екен. Мен шаруамды ана тілінде айта бастап едім. Ол: «Сізді түсінбеймін, маған орысша сөйлемін, – деді бірден. Өзі халық ағарту ісінін менгерушісі бола тұрып, өз ана тілін білмегені ме? Білсе де бетінен бір қайтпадығой.

Бұл кісі тегі мені білмейтін шығар деп ойлағанмын. Қайда? Ә деғеннен сот орнының тергеушісіндей-ақ менін «қылмыстарымды» тізбелеп айта бастады. Демек, өткен жылы 3 қараша күні Калинин ауданындағы №65 орта мектепте ата-аналар жиналысында мен қайтада шығып сөйлегенмін.

Мені көпшілік қуаттаған. Талап біреу-ақ: осы мектептің жаңынан бастауыш қазак кластарын аштыру мәселесі және ана тіліндегі балабакшаның қажеттігін койғам. Айтыс үш сағатқа созылды. Совет ауданынан жаңа бакша ашуға үәде етті...

Бірден біраз ата-аналар менің үйіме телефон сокты. Эл-Фараби көшесі №337 жаңа балабакшаны ана тілінде тәрбиелейтін бакша жасауға бола ма?.. Өйткені тілек білдірушілер өте көп. Мен: “Алдымен сол ауданда кезекте түрган сәбілердің тізімін алыныз, – дедім. – Сосын ашылған жаңа балабакшаның сыртқы ауласына жиналыныздар, сонда тізімді салыстырап көрелік...” Үәделі уакытта бардым. Ата-аналар жинала бастаған. Кезекте түрган жұзден астам сәбілердің тізімін көрсетті... Сол кезде мотоциклдерін дырылдатып екі-үш милиционер жетіп келді.

– Сендер мұнда неге жиналдыңдар? Тарандар! – деді ата-аналарға айқайлап, байбалам салды.

– Неге? Неге? – деп мен қызыл кенірдек боп түсіндірмек болып едім, мені тілті әкетпек бол күш көрсетті...

Түкке түсінбей шыр-пыр болған ата-аналар амалсыз тарады. Элгі халыққа білім беру мекемесіндегі әйел: “Сонда сіз сөйлегенсіз” – дейді тағы да маған.

– Не сөйлеппін?

Оның басқа айтар дымы жок. Қазір сол балабакшада үш қана қазак сәбілерінің тобы бар.

Міне, осындай естіген, білгенін орысшалап бетіме басып, ол мені қабылдамай қайтарды. Бақсам, бар «қылмыстарымның» сиқы осы екен...

“Осындай үлкен болмаса да, қоғамдық құрметті тапсырмам болған сон, бұл шаруаны бес саусақтай біletін едім. Алматы қаласында 350 орындық балабақша бар. Онда тәрбиеленушінің алтауы ғана ана тілінде тәрбие алады екен. Бұл масқарағой! Енді қаладағы №1 77 балабақшасын қазақ сәбілдеріне бергелі отыр. Мұнысына рахмет. Сонымен бірге қаладағы бірсыптыра орыс тіліндегі бакшалардың жаңында екі-үштен қазақша топтар ашылған. Бұған да ризамыз” (Сонда).

Ш.Смаханұлының ұлттық мұрат бойын билеп, жас үрпактың келелі келешегі жаңын қинап, оның үстіне ана тілінсіз, мектепсіз халық қалай кен еріс алмақ деген мын сан сауалдарға жауап алу мақсатымен Республика басшысы Д.Қонаевқа барады.

Алматыға көшіп келген Шекене пәтердің жоқтығы да, қызметтің жуық манда табылмауы да, жинағының жарық көрмей баспа тартпасында сарғайып жатып қалуы да онша батпап еді. “Ер азығы мен бөрі азығы жолда» деп тарта берген. Бірақ Алматы қазағының тілін, дінін ұмытып, біртіндеп орыстанып бара жатқаны жаңына қатты баткан. Күндіз жүрсе ойынан, түнде үйіктаса түсінен кетпей миын солқылдатып, төске сокқан балғадай шынылдан тұрып алған. Салт-санадан, ата дәстүрден жүрдай ел бола ма деп қамыққанда жепелдемеде не істерін білмей, шарасыз кейіпке еніп, көлінен айырылған қызығыш құстай тұншыға қышқырған. “Оу, Махамбеттің қызығыш құсы, қайдасың?!?” деп дауыстал, ағысты қиял кешкенде ел мен жердің корғаны ұлы Димаш есіне түскен. Шона енді сол кісіден медет іздемек болды. Сыртынан Алатаудай айбар тұтып келген арлы азamatы еді, меселімді қайтара қоймас деп сенімді бекінген. Қолына бір парак ақ қағаз алғып, басына “КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазакстан КПСС Орталық Комитетінің бірінші секретары, Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған Д.А.Қонаев жолдасқа» деп жазып, сәл-пәл тыныстал, мауқын басып отырған. “Хатты жазармын-ау, бірақ сол кісіге қалай кіремін, кім көмектеседі” деп сұраулы кейіпте ойфа шомған-ды. Қоз алдына орысша шүлдірлелеген бұлдіршін елестегендеге жағдай айтып, Димекеннің алдына барғаннан басқа жол жок деп түйіп, іле қайта ширеккән.

Бұл 1976 жыл болатын. Алаш деген абақтыға жабылып, ұлттым деген ұлтараққа айналған алапес арамза жыл болатын. Кім-кімнің де басына мысттан саясаттың шойын қалпағы кигізіліп, жар жағалап жүгірген жардан құлаған қараўйық жылым заман болатын.

Шона атылған сақа тасында шымыр кісі еді. Қазақтан қазақ корқып, мүйізі қарағайдай-қарағайдай қаламгерлердің өздері қаймығып, тай-

сақтап жүргенде екіжүзді жалтак кезеңнен сескенбей, Алматының как төрінен ұлттық мектеп ашпақ бол жоғарыға шағынуы, шынында да, сезіз ерлік болатын. Бірақ қашаннан қарапайым, барда тасып, жокта саспайтын біртоға ақын бұл ұлы тірлігін асқан ерлік деп ұғынбайды. Тұған елге жасалған азаматтық парызын деп түйсінген. Іштей Аллаға сиынып, Жауатар бабасының аруағына тәуел етіп рухтанып, тас түйін бол тәуекелге мінгендеге тәнірінің алдына да бір бармай, арман-муңын айтпай және оны орындамай кері қайтпастай бол қанына қарайып, әбден ашынып алған еді. Өз елінде, өз жерінде тірі жүріп карақөз ұрпактарым ана тілінде неге оқымауы керек деп шамырқанған.

Анамның тілі – айбыным,
Анамның тілі – ай, күнім, –

дегенде Шонаның өзі де айбынданып келген.

Оны енді ешкандай күш жолынан тоқтата алмастай көрінді.

Ш.Смаханулы өз өтініші құлағына жетсе Үлкен кісінің өзін бірден қабылдайтынына аса сенімді еді. Ақыры солай болды да.

Ел басшысы сол жолы ел ақынының сөзін бөлмей, ұйып тыңдаған. Шок тілді Шөкеннің ұлы көкірегі шерге толып қалғандай екен – бәрін түгел, түбіне дейін копара актарған. Баз біреулердей сөзді алыстан орағытпай, төтесінен бір-ак тартқан. Егеулі наиза – сатиравық өткір өлеңі коммунистік отар коғамды сілкілеп-сұққыласа, Алатау – Азамат алдында өзін салмақты ұстап, ажарлы пейіл таныта отырып, ашығын айтып, ашына сөйлеген.

– Ана бір жылы билік басында отырған бір сыпаның: – “Болашаққа сырнай тартып барамыз. Домбыра – ескіліктің көзі, отқа жағу қажет” деп сасқаны? – деп ашулы бастаған ол Үлкен кісінің өзіне жылы жүз танытып отырғанын андал, “үй артында кісі бар” деп тартынбай, ағынан жарылған.

Бірі – ел басшысы, бірі – ел ақыны, ағайынды қоңыр қаздай – екі кісінің әнгімесі келе-келе сырлы сұхбатқа, келелі кеңеске ұласып кете барған еді. Шөкен ұрымтал тұсты капы жібергісі келмеді. Қоңілге жұптап келген шаруасын қадап айтып жіберген.

– Қазақ балабакшасын ашу керек, – деп өлеңдетіп кеп, – бұған өзініз араласпай тоталитарлық жүйенін тоны жібіп, мүмкіндік бермейді, – деп сөз соңын салмақ сала бітірген.

– Құдай-ая! – деген Димекен қабак шытып. – Бұл мәселемен бір адам кабинетіме бас сұғып кірсе, кәне? Бәрі қызмет сұрап жетеді, бала-шағасына пәтер сұрап жетеді, атак-дәреже сұрап жетеді. Бірақ тұған халқымның үмітін актайын деп ел аманатын арқалап алдыма келген тірі пенде болған емес осы уақытқа шейін. Сонда қалай? Ел мұддесінен гөрі өз мұддесін жоғары коя бастағаны ма бұл зиялы қауымның? – деп

акын інісінің жүзіне сұраулы кейіппен үңіліп сәл отырды да, іле өзі де шамырқанып, шұғыл шешім жасаған.

– Талап-тілегін өте орынды, Шеке. Өтініш хатынды тиісті құзырлы мекемеге қол қойып, пәрмен беріп жөнелтем. Оған аландама. Хабарласып тұр, – деп Шекенді есік алдына дейін қолтықтап барып, жылы коштасып шығарып салған еді.

Шекеннің томырық мінезі қоғамның тас тоганын, тас корғанын алғаш осылай бұзған. Бірак женістің ауылы әлі алыс еді...

Қысқасы, акын аға Димекеннің қабылдауында болған сайын Алматыда қазақ балабақшасы, қазақ мектептері күміс коңырауы сыңғырлап, үсті-үстіне жарқылдан ашылып жатты. Оны қаншаға жеткізгенін көзі тірісінде басқа түгіл, өзі де білмеді. Тек акын Ерік Аскаровтың Әселхан Қалыбековамен айтысқанда:

Аз мектеп бар демейміз қалада біз,
Әркайсысын әр женіске балағамыз.
Жырма бес мектеп ашты Алматыда,
Топырағың торка болғыр, Шона ағамыз, –

деп төгіп-төгіп жібергенде, кабірінен Шона ағамыз да бір аунаған болар... (*Ниязбек Р. Ер Шона. – Алматы ақшамы, 1999, 27 желтоқсан*).

Ш. Смаханұлы қазақ мектебін, балалар бақшасын, ана тілін – ұлттық мұраттың кайнар бастауы ретінде карап, бұл бағытта алуан ізденіс, иглікті істер атқарды. Алуан мазмұнда хаттар жазылды, ата-аналардың қолы қойылған сұраныс-өтініштері мен түсіндірме жұмыстары атқарылды. Онын бәрінен: ұлттым, ұрпағым, тілім деген жанайқайы естіліп тұрды. (Қараныз: *K. Сәттібайұлы. Қайраткер, акын Ш.Смаханұлы қазақ мектебінің қамқоры еді // Жас Алаш, 1999, 11 наурыз; М.Тоқашбаев. Азаматтың аскар даусы // Дағы дидары, 1991, 28 мамыр; Р.Өтегенов. Тілім дегенін – елім дегенін // Қазақ әдебиеті, 1992, 24 қантар; Н.Төлепбергенұлы. Қадірінді кім білген, қайран Шона! // “Зан” газеті, 1998, 16 желтоқсан т.т.).*

Демек, Ш.Смаханұлы ұлт мұраттының құрамдас бөліктері – ана тілі, мектеп ісі, балалар бақшасының жұмысы т.т. әлеуметтік-қоғамдық манызы зор, жас ұрпақ, келелі келешекпен тығыз байланысты иглікті, ізгілікті көкейкесті мәселелермен белсенді, саналы түрде айналысты.

Ұлтка қызметтің кәделі, сауапты іс екенін бүгінгі өмір, уақыт шындыққа шығарып келеді.

Ш.СМАХАНҰЛЫНЫҢ САТИРАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫ

Ш.Смаханұлының шығармашылығы, оның ішінде сатиралық поэзиясы жанрлық жағынан, тақырыбы тұрғысынан әр алуан болып

келеді. Атамекеннің қадір-касиеті, ата-ананың орны, балалық шак, жастық кезең, өмір-тұрмыс сырлары сынды тақырыптардағы өлең өрімдерінен – жан жылуы, көңілдің нұры бар шындық шуағымен, көркемдік-эстетикалық қуатымен кең көлемде көрініс береді.

Ақынның сатиralық поэзиясы – қоғам-кезең көріністерін, өмір-уақыт сырларын бар шындық сипаттарымен нағымды, тартымды суреттейді;

– адам мен оның енбегі мінезі мен көзкарасы, әрекеттері арқылы әр қырынан ашылып, артық-кем тұстары айқын, бедерлі беріледі;

– аң-құс, жан-жануарлар әлемі, олардың өзіндік белгі -әрекшеліктері, ортак сипаттары салыстырылып, қыры мен сыры, мұны мен назы, іс-әрекеттері қысқа-нұсқа үлгіде жеткізіледі;

– халықаралық тақырыптарға арналған сыйқақ памфлеттер табиғатынан адамзатқа қайғы-касірет әкелетін алуан ланкестіктер, жер бетіндеңі тіршілік дүниесін қырып-жоятын бомбалар, теріс ниет-пигылдан туған түрлі текетірес, ланкестік қимыл-козгалыстар сипаты т.т. серпінді, шешен өріс алады;

– ең негізгісі, сатираның сын садагы, улы жебесімен алуан әзіл-кулкі, сыйқақ, мыскыл, мысал, шымшыма, шаншыма т.с.с. өмір-тұрмыста орын алған кемшілік-кедергілерді қоғадай жапырып, қыргидай тиіп, ақиқат алдында тізе бүктіреді.

Сатирик ақын шығармашылығындағы сыйқақ өлеңдер қоғам, кезең көріністерін, өмір-уақыт талаптарын, адам әлемі мен енбегін, жақсы мен жаман арақатынасын, жастық пен жастар сырын, әке мен шеше, бала мен немере әрекшеліктерін, мейірім мен қатігездік сипатын, данқ пен дақпыртты, қылмыс пен жазаны, жылпос пен өтірікші орнын, жалақор мен паракорды, арызқой мен маскүненді, қысқасы қалың көпшілікке таныс және бейтаныс жайттардың бәрі-баршасын әзіл әжуамен, сын-сықакпен мінеп, түйрейді (мысалы, «Мактампаздар», «Құбылма женгей», «Жомарт келіндер», «Қомағай сөздер», «Хрусталь-мұсталь», «Ұзын құлак», «Сүйір тіл», «Мейірімсіз ұл, кесірлі келін», «Көкіме», «Жеті қырсық», «Қойыртпак», «Бір арыздың саяхаты», «Жоспар мен тостар», «Киім хикаясы», «Қос кораз», «Мансаппен коштасу», «Резіңке макала», «Диктор туралы диспут», «Екі тентек», «Миллионның күюі» т.т.).

Ақынның “Достарыма” деген арнау өлеңіндегі:

Тілімді түйреуіштей сүйір етіп,
Қойды мені сыйқакқа үйір етіп.
Жақсыга өзім деген залалым жок,
Кетемін жамандарды шанышп өтіп.
...Сыйқақ – от кой кеселді өртейтұғын,
Пәле менен жаладан құрысын деп, –

деген жолдардан таза көңіл, жан шуағымен қатар, сатира жанрының өзіндік мұраг-міндеңгері, жақсы-жаманның арақатынасын ашудағы – ақиқатты ту етіп, шындық шырағын жағып, қалың көптің сөзін сөйлейтіндігі айқын аңғарылады. Жан жолдас, кимас дос туралы таза көңілден шықкан лебіз-тілекпен қатар, киын-қыстай кезенде жолда қалдырып, жеке бас мүддесін алға қоятындар да мін-сынға алынады.

Демек, мұның өзі ақиқаттың алдында бәріміздің бірдей, тен құқықты екендігімізді көрсетеді. Сатирик С.Кенжеахметов “Автордың өзіне тартқан” атты мақаласында акын шығармашылығының кейір қырларын тап басып айқындаиды:

“Шөкен – әйдік сатирик, олай дейтінім Шона десе шошып кетпеген, Смаханұлы дегенде сықылыктап күлмеген адам көрсем, көзім шықсын. Мен түгілі, сынның ұрмергені М.Қаратаев та, сатираның сарашысы доктор Т.Қожакеев тап осылай деген. Мен осы кісілердің сөзіне сүйеніп отырмын. Ол кісілердің отыз тісінен шықкан сөз отыз ойдағы елге, қырық қырдағы елге тараған кеткен жоқ па? Демек, бұл туралы дау дамайыңыз далада қалады.

Ойбай-ау, айтпақшы мен Шөкеннің өзін емес, сөзін әнгімелегелі отыр екенмін ғой. Иә, шоң иық Шөкен – дәкей сатирик. Қазір ол кісі Аскең Тоқмағанбетов, Жұсекен Алтайбаевтармен бірге сатираның бас табағына кіріп жур. Эрине, сақалымен емес, сөзінің мақалымен. Ал алдымызда алпамсадай болып жатқан “Қоныраулы шенгел” шыққалы Шөкеннің мұртына тіпті балта батпай қойды. Өйткені осы кітаптың “ішін” жарып жібергенде, шаруа тілімен айтсақ – сере қазы береді. Ал әзіл құлкі, сын-сықақ, мыскыл шымшыма, мысал дегендердің ішек-карны актарылып түскендігі сондай, айналдыруға келмей қалды” (“Торғай таңы”, 1975, 28 наурыз).

Шындығында, Ш.Смаханұлы ақиқатты ту етіп, осы жолда қарсы тұрған киянат жасаған қайсыбір кедергі, құбылыс-көріністерді әзіл-құлкімен күйдірген, мыскыл-мысалмен мұқатқан, сын-сықақпен сұлатқаны анық.

Ақынның бұл бағыттағы көзқарасы:

Екі жақсы бас косса, жайтаңласар,
Екі тентек бас косса, сойкан жасар.
Бас косса әзіл-құлкі, сын мен сықақ,
Қасынан саскалақтап сайтан кашар, –

деген жолдар арқылы жарасымды жалғасын табады.

Біздінше, бұл белгілер Ш.Смаханұлы шығармашылығының басты ерекшеліктері, көркемдік-эстетикалық нысаналарының бірі болып табылады.

Ш. Смаханұлының шымшыма мұрасы әр алуан тақырыптарды камтиды. Алайда көлем жағынан шағын, мазмұн-маңызы зор болып

келетін бұл бағыттағы туындылардың көтерген мәселесі, көркемдік қуаты мен рухани нәрі аса бай болып табылады.

Мысалы, «Құлынды биенің құны» атты туындыда:

Біреулер бар, араққа
Боталы түйенің пұлын жұмсайды.
Біреулер бар шарапка
Құлынды биенің құнын жұмсайды.
Сол шіркіндер кітапка
Тебен иненің тиынын кимайды, –

десе, “Көз жасы мен “Жигули”:

Ражаптар бар-ау нешеме,
Абітуриенттердің
Жанбырша жауган көз жасы
Емтиханда кешегі,
“Жигулилерге” айналып,
Зулап барады көшеде, –

деп, өмір шындығы мен тұрмыс түйткілдерін тап басып, даңқ пен дақпырттың арақатынасын, адами құндылықтардың аяқ асты етілуін сын тезіне алады. Осы такырып:

Өзі отырар кітаптың
Бетін ашып,
Көnlі кетер Перімен құшактасып.
(“Емтихан алдында”)

Немесе:

Болар бала – Ғылым іздейді.
Тозар бала – Шылым іздейді –
(“Екі түрлі бала”)

деп, өмір-тұрмыстағы шындықтардың сыр-сипатын тереншең толғап, сол арқылы бала-болашак ерекшелігін, тәлім-тәрбие тағылымдарын білім-ғылым табиғаты, маңызы негізінде көрсетеді. Бірер жолдан тұратын шымыр шумактардан рухани құндылықтар бастауы – білім-ғылым маңызы, кітап-құдіреттің мәні мен сыры, сонымен бірге оның қадірі қашып, құны түскен сәттері де женіл, жүйелі, жинақы жеткізіледі.

Ақын осы жайттарды қоғам өмірімен, адам еңбегімен байланыстырып, маңыз-мәніне ден кояды. Сол арқылы кеше-бүгін байланысын ашады, адамның көзқарас, катынасын білдіреді.

Ақын-сатирик қыз-келіншектердің адами әрекетте жат, өрескел мінез, қылыштарын да мін-сын ретінде көрсетеді:

Жабысты ма қыздарға,
Көйлек деген күйік боп,
Етек шіркін, әйтеуір,
Бара жатыр биіктеп...
Кетер ме екен киік боп ?!
(“Көйлек күйігі”)

“Әйелдің шашы ұзын...”
Деген салт ескіріп,
Шашын жүр кестіріп.
Кейбірі тақырлап алдырмак,
Бұрымды ереккө қалдырмак.
(“Бұрым кінгे тиіс?”)

Күйеуге шыкса,
Зіркілдеген ұрыс шығарады.
Күйеуден шыкса,
Бұлкілдеген жүріс шығарады.
(“Жорға женгей”)

Бұл келтірілген өлең жолдары мазмұн, тақырып тұрғысынан таныс жайттар болғанымен, ер-әйел сипаты, қыз-келіншектердің сұлулық сыры мен шынын әр алуан әрекет-қылыштар арқылы “бағындыру бағыты” айқын аңғарылады. Ақын-сатирик халық даналығындағы: “Әйелдің шашы ұзын” деген белгілі қағиданы негізгі назарда ұстап, желіккен женгейлердің, қыз-келіншектердің кейбір қылыш-мінездерін өмір-тұрмыста бел алған өрескел жайттармен сөз етеді. Жақсы-жаман әрекетті сынап-мінеу арқылы дұрыс корытынды жасаудың кажеттілігін баса көрсетеді.

Ақын-сатирик ан-құс, жан-жануарлардың іс-әрекеттерін, өзіндік ерекшеліктерін мейлінше дәл, нақты көрсетіп, қайсыбір тұстарда адам әлемімен байланыстырып, сол арқылы қоғамдағы керегар, келенсіз жайлардың сыр-сипаттарын терен ашады:

Сауықсан деген сак құс бар, ..
Сактығы үшін макталмайды.
Дегелек деген ак құс бар,
Анқаулығы үшін датталмайды.
(“Сауықсан деген”)

Улken дүкен төбесінде
«Тұлпар» деген жазу бар, –
Түнде от боп лаулаган.
Ал суреті касындағы
Есектен еш аумаган.
(“Тұлпар мен есек”)

Айқайына басқанда,
Айбары бар.
Ақылдың орнында,
Айдары бар.
(“Керемет қораз”)

Мүйізі үшін,
Құрбан етіп сакалды.
Ғұмыр бойы,
Кәсе теке атанды.
(“Кәсе теке”)

Біздіңше, ақын-сатирик ан-құстар ерекшеліктерін жіті бакылап, жетік білу арқылы әрбірінің (кірпі, сауықсан, қораз, теке) іс-әрекет, кимылдарын жеңіл үйкас, шымыр шумақтарға сыйдырып, негізгі көзқарас-түйінді барынша айқын, көркемдік нәр мен шын шеберлік арқылы қыска, нұскалы үлгіде жеткізеді.

Ш.Смаханұлының сын-сықақтары, қоғамда, өмірде орын алған келенсіз көріністерді, адамдар қатынасын, іс-әрекеттерін арқау етеді. Сол арқылы тарих тағылымдарын кеше-бүгін байланысын, ұлттық дәстүр өнегелерін алға тартады. (“Бұрынғының жігіттері”, “Құбылма жеңгей”, “Жомарт келіндер”, “Қомағай сөздер”, “Тоғыз тілек”, “Жеті қырысқ”, “Қойыртпак”, “Бір арыздың саяхаты”, “Дәріс”, “Жоспар мен тостар”, “Киім хикаясы”, “Қос қораз”, “Екі тентек” т.т).

Ақынның “Бұрынғының жігіттері” сын-сықағында кеше-бүгін байланысы бар, ер-азаматтардың басындағы әр алуан жайттар өзара салыстырылып, артық-кем тұстары таразыға тартылады. Ата-ана кадірі, туған тіл сипаты, отбасылық карым-қатынас, сыйластық иірімдері т.т бүгінгі күн талаптары тұрғысынан сөз етіледі. Ақын кеше-бүгін байланысын тамыршыдай тап басып, тарих толқынына еркін енеді. Жігіттердің жасында жайнап, жастық жалын танытып, ел-жерге, қоғамға абыройлы қызмет етуін сергек, серпінді суреттейді.

Ақынның “Құбылма жеңгей”, “Жомарт келіндер” сынды сықақтарында аузында ашуы, тілдерінде улы зәр, тікендері бар кейбір әйелдердің өмірдегі, отбасындағы іс-әрекеттері, мінез-қырлары кеңінен көрсетіліп, керісінше, аналық мейірімдері аз, тәлім-тәрбиеден артта калған, ұл-қызыздарын кай бағытта бағып-өсіретінін танып, білмеген «ерекше белгілері» сөз болады. Ашулы әйелдің екпіні мен тепкісінен кейінгі сәттері төмендегіше сипат алады:

Қол қышуы канған соң,
Ашуын басқан болып,
Құшағын ашкан болып: –
Алтыным, күмісім,

Жүргегім, тынысым.
Еркетайым, ермегім,
Егіліп жүріп көргенім,
Мен бе – мен
Миы жоқ, кеммін
Жындымен тәңмін...
Әп-сәтте елпілдей калды,
Көлгірсіп, көлкілдей калды.

Ашуымен айды, екпінімен тауды қопаардай “алып күштің” иесі, кесірлі келін кілті мынада екен:

Сейтсек,
Бұл женгейдің мінезі,
Құйын күган шан екен.
Бала тәрбиеңін білмейтін,
Құбылмалы жан екен.

Ақынның “Қомағай сөздер”, “Ұзын құлақ, сүйір тіл”, “Мейірімсіз ұл, кесірлі келін”, “Тоғыз тілек”, “Жетінші қырсық”, “Солақай тәрбие” сынды сықақтарда ана тілінің айбары мен сөз сырлы, өтірікші мен өсекші сипатты, тәлім-тәрбиенің керегар көріністері т.т. кен орын алған. Ақын ой түйінін “Солақай тәрбиеде”:

...Тал есіріп нетеміз,
Бәрібір көшіп кетеміз, -

десе, “Бір арыздың саяхатында”:

...Арыздың “қызығын”
Тышқан көрді, – деп,

ал “Киім хикаясында”:

Он айда отыз киім талап етіп,
Осысы кей ұстаздың барады өтіп.
Ата-анасын есінен жаңылдырып
Сабылдырып кояды-ау, шабылдырып, -

деп, кешеден бүгінге жалғасқан – дәстүрдің тозығы, ескілік дерпті, жен ұшынан жалғасқан тамыр-танаңыс, сыйбайластық сикы кен көлемде көрініс табады.

Ақын-сатирик осы аталған тақырыптарды тереннен толғап, қоғам, адам үшін жасалып жатқан игілікті істердің баянды, жарасымды болғанын қалайды. Ортақ мұрат жолындағы игілік пен ізгілікті істердің – адам мен оның еңбегінен жарқырай көрінуін жанымен, жүргегімен қалайды.

Өмір мұраты, шындығы да осында емес пе?

Автор жастардың қоғамның емес, жеке мұддесін алдынғы кезекке қою секілді сынаржақ қасиеттерін сынға алады. Ол әсіресе “Қомағай сөздер” мысал-сықағында айқын аңғарылады:

Ұргылап ұта берсем,
Жұмырлап жұта берсем...
Қаптап алсам,
Топтап алсам,
Кеміре берсем,
Жеміре берсем.
Сіміре берсем,
Семіре берсем,
Бәрін өзіме,
Нәрін өзіме,
“Әкел, әкел!” – деп,
Еміне берсем, – дейді.

Казіргі қазақ сатирасының бағыт-бағдары екі түрлі сипатта дамып, өріс алуда. Оның алғашқысына көрген, білгенін математикалық «жұық шамамен» тұспалдан суреттеу тән болса, екіншісі көнілдегі құдікті ойын бүкпесіз жеткізу дер едік.

Біз мұндай әдістің озық үлгісін автордың “Жеті қырсық” атты өлеңін оқу арқылы көз жеткіземіз:

Ә дегенде
Сау секілді мүшеміз.
Апыр-топыр
Коймаларға тусеміз...
Коймалардан.
Дүкендерден өтеміз...
Сатушымыз
Көргеннен соң сыйын көп,
Арак-шарапты өткізеді.
Литрлеп те,
Бөтелкелеп, сүйірлеп.
Ал біздерді
Бермейді, – деп “выручка “
Тастай салар бұрышқа.
Бұрыштарда өріп жүрген,
Өрмекші мен құмырска.
Куанады баттық-ау деп,
Кітап деген ырыска...

Бұл күндеңі сатушы беделі мен кітап ғұмырын қатар беру арқылы автор шындық пен жалғандықты осылай қимыл-әрекетке, қактығыска құрады.

Арак-серік қалтанаң
Қағылғанша дос болар.
Таусылғанда малтанаң,
Сонғы сөзі көш болар! –

десе,

Көрмеу үшін
Өз кітабын
Деп: «біртүрлі қысылам»,
Кезін жұмып ете шығады,
Киоскілердің тұсынан, –

деген жолдардан көбіне автор атынан баяндалса да сынның жебесі объектіге дәп тиіп, жағымсыз құбылыстар оқырман санасына бірден конактайды. Қайсыбір дүкендер мен көгілдір экран тындаушылары, маубас пен миғұла, жағымпаздар да рет-ретімен суретті бедерге айналып өтіп жатады.

Автордың енді бір көсіле жазып, көркемдік ой айтар қырларын “Жанарсыз жанның сөзі”, “Көмүсіз қалған кара дәу”, “Аскан сүмның аярлығы” деген халықаралық тақырыпқа жазған шығармаларынан айқын аңғарамыз.

“Жанарсыз жанның сөзі” атты туындының мазмұны әркімді-ак аландатады. Жанарсыз жанның ішкі жан дүниесін, сезімін суреттеуде автор сезімталдықпен қатар соғыс желігін қоздыруышы «көзсіз ерлік» жасаушыларды сынға алады.

Шын талант сәттілігімен де қызықты, сәтсіздігімен де кешірімді. Бұл оқырман үшін басты назардағы жай. Оқырман үшін белгілі жайтын кейіпкер атынан сөйлету негізінде автор дидактикаға бой ұрады.

Екіншіден, сыртқы комизмге ерік бергенниң гөрі, кейбір психологиясы әр қылыштарын дүниесін, сезім компоненттері тұластықта бірлік тапса, логикалық өлшемнің көкжиеңі құдікті ойды, діттеген мақсатты айқара ашатыны даусыз.

Ақын-сатирик қаламынан туған – “Мансаппен қоштасу”, “Миллионның күюі”, “Жұдырықтың жуасуы”, “Келінге кенес”, «Жанжануар шағымы» сынды сықақтар биік мансапқа – айла-амалмен жеткен, кассадағы миллионның айналымға түспей күюі, женге мен келіннің өзара кенесі т.т. Әмір-түрмистағы нақтылық көрініс, жағдаяттар сәйкес суреттеледі.

Ақын-сатирик мысал жанры арқылы жан-жануарлар әлемін, олардың өзіндік әрекет-кимылдарын барынша айқын, накты көрсетеді (“Жапалақтың үйленуі” “Кораз-экзаменатор”, “Көбелек пен ебелек”, “Піл мен қанден”, “Ұшқалақ бұлбул”, “Күйелеш торғайлар”, “Ешкіемер”, “Мысық тірлік”, “Мырза болыс”, “Қарлығаш пен көкек”, “Қасық пен пышақ” т.т. Автор бұл мысалдар арқылы қоғамда, әмір-

тұрмыста орын алған әр алуан көріністерді, адам мен оның еңбегіне катысты керегар жайттарды қатар, салыстыра суреттеп, соның себеп-сырларын қыска деталь, ұғымды ойлар арқылы береді.

Ақын “Жапалақтың үйленуі” мысалында жапалак жігіттің байғыз қызбен кездесіп, «достық қолын» созуы, сонынан “татулықтары желге ұшып”, араздасып-ажырасуы, үкінін қызына көз салуы сөз болады. Тұрақсыздық сырьы, ұшқалак міnez қырлары әр алуан әрекеттер арқылы беріліп, оның себеп-сырлары қызығушылық, табансыздық екені сәт сайын сезіледі. Кеше-бүгін байланысын ангартатын туынды – достықтың берік, сезімнін шынайылығын арқау етеді.

“Қораз-экзаменатор” мысалында үйрек, қарлығаш, бұлбұл емтиханға келеді. Қораз олардың ерекшелік қырларын айқындаған соң, өнерлерін ортаға салуды сұрайды. Бәрін де ретіне қарай кідіртіп, күлкі етіп, мұдіртеді. Кедергі келтіріп, қиянат жасайды. Тек қана жем бергенде ұннatty.

Автор «қораздың қылыштары» арқылы қоғамда орын алған әр алуан әрекеттерді емтихан үстінде көрсетіп, ішкі есеп, көзқарастарын да өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес суреттейді. Бул мысалдан адам мен оның өмірі, еңбегі де сәт сайын сезіліп, сыйбайластық сырлары әр қырынан көрініс береді. Ең негізгісі “ұлы достық” тамыры, жен ұшынан жалғасқан жемқорлық, сыйбайластық сипаттары кен көлемде ашылады.

«Көбелек пен ебелек» мысалында екеуінің кездесуі, өзіндік ерекшеліктері, “аға-жаға” болған жараптықтары баяндалғанымен, желмен бірге өздерінің де, сөздерінің де ұшыу-тұрақсыз, тиянақсыздығын танытады. Сөз бен істе бірлігі, баяны жоқ әрекеттері әшкереленеді. Көбелек пен ебелек әрекеттерінің адам әлемімен де байланысы, ұқсас тұстары бар. Өмірде, еңбекте тұракты жұмысы жоқ, сөзінде де байыптылық байкала бермейтін кейбір адамдар әрекеттері кез бен көнілге лезде ұлайтыны да анық.

Сондай-ак «Есекке берілген мінездеме», «Жюриде-өгіз», «Кәмелетке жеткен тұлкі», «Бұлбұл мен тоқылдак», «Тышқандар» т.т. мысалдардан олардың өзіндік өзгешеліктері, өмірдегі, тұрмыстағы орын-үлестері, әрекеті кеңінен көрінеді. Ақын-сатирик есек, өгіз, тұлкі, тышқан т.т. өзіндік ерекшеліктерін әр қырынан көрсетіп, олардың әрекеттерінен жаратылысын, міnez қырларын, ой жүйесін айқара ашады. Әрекет-кимылдарын, өмір сұру тәсілдерін де соған сай сарапал, бедерлі суреттейді. Сол арқылы өмір, еңбек мәніне маңыз береді.

Ш.Смаханұлы шығармашылығында халықаралық тақырыптарға арналған сықақ-памфлеттер («Нейтрон қоймасындағы құбыжықтар», «Француз хирургінің имандай сырьы», «Аэропорттағы әлек», «Сегіз жасар шпион» т.т.) де кең орын алған. Бұл сықақтарда жұмыр жердін

әр тұсында орын алған түрлі сипаттағы жанжалдар, лаңкестіктер мен соғыс зардалтары, олардың шығу себептері ашылады. Адам ақыл-оійның айуандық әрекеттерге бағытталуы, әділесіздіктердің жаппай етек алуы, жер бетіндегі тіршілік атаулыны жойып-жұтып жіберетін атом, нейтрон бомбаларын ойлап табудың түпкі мақсат, сыр-сипаттары кеңінен козғалып, оған карсы адами-рухани құндылықтар үлгі-өнеге етіледі.

Тұгастай алғанда, халықаралық тақырыптарға арналған сыйқап-памфлеттерде әлемдегі әр түрлі агенттіктер таратқан акпараттарға, лаңкестік үйымдарға, контртеррорлық әрекеттерге, жарылғыш заттар зиянына т.т. карсылық білдіріліп, жан-жақты айыптайды. Біздіңше, бұл тақырыптар бүгін де мәнді, өткір болғандықтан халықаралық мәселелерге арналған сыйқап өлеңдердің маңызы мен мазмұны айрықша екендігі анық.

“Айнабұлақ” атты ән-өлеңдер жинағына енген шығармалар автордың қатан талап-сұзгісінен өткені танылады. Эрбір ән-өлең тақырып, жанр, мазмұн тұрғысынан жүйелі түзіліс құрап, белгілі бір мақсат-мұраттарға негізделген. Ақынның ән-өлең мұрасы-халық өмірімен, ел-жер тағдырымен, танымал тұлғалардың тағдыр-талайымен тығыз байланыста беріледі. Олардың қатарына – “Жамбылым қандай тамаша”, “Анамның тілі – аяулы үні” т.т. ән-өлеңдер тұған жер, өскен орта, ата-ана, туған тіл, тарих тағылымдары туралы терең сыр, мәнді ойлар козғайды.

Ақынның «Ай арба», «Айға аттанамын, апа», «Ешкіемер», «Күйік құлак», «Сүйікті ұстазым-мектебім», «Тасып жатыр Таласым» сынды балаларға арналған өлеңдері тақырыбы тұрғысынан ізденісі мол, мазмұн жағынан қызық қөрініс, оқиғаларға негізделген әрі жеңіл жеткізіледі. Ең алдымен байқалар жайт: ақынның лирикалық өлеңдері арқылы ел мен жердің кадір-қасиетін терең біліп-сезінуін, өнерге, өмірге құштарлығын, перзенттік парыз-карызын айқын анғарар едік. Ал «Жамбылым қандай тамаша», «Анамның тілі – аяулы үні» сынды ән-өлеңдердің ел аузында, үлкен-кішінің жарыса айтып жүруі ақынның ел-жерге махаббатын, сағынышы мен сүйіспеншілігін терең танытса керек.

Маныздысы: ақын ән-өлең арқылы ел-жер тарихын, адам енбегі мен өмірін, қоршаған ортанды, табиғат әлемін – бар қөрініс-ерекшеліктерімен, кадір-қасиетімен кеңінен жырлап, сол арқылы көзкарасын, сағынышын әсерлі, серпінді жеткізеді.

Ш.Смаханұлының ән-өлеңдері арасында кең тараған туындысы – «Анамның тілі – аяулы үні».

Мектеп оқулықтарынан бастап, әндер жинағынан берік орын алған бұл ән-өлең – ұлт байлығы: тілі туралы терең мәнді ойға, сырға толы:

Өмірге келдім
Анамды қөрдім,
Деді ол: жаным,
Арайлы таңым.
Самал боп желпіп,
Жырымен елтіп,
Үйретті тынбай
Бал тілін, әнін.

Қайырмасы:

Анамның тілі – айбыным менін,
Анамның тілі – ай-күнім менін!
Сүйемін байтак елімді туган,
Сүйемін мәңгі – өмірді думан.

Мектепке келдім,
Ұстазды қөрдім,
Тындағым сөзін
Табынып, сүйіп.
Анамның тілі,
Аяулы үні
Жүрекке нұрын
Жіберді қүйіп.

Мектеп жасындағы балалардың жиі, сүйіспеншілікпен орындаған ән-өлеңдердің қатарына -- “Ортеке” жатады (әні – Ә.Еспаевтікі).

Аты шықкан биімен
Мен боламын – Ортеке.
Ойқастаган Ортеке,
Кой бастаған өр теке,
Койындаршы демеймін,
Мен бір билеп берейін.
Тұяктарым сыртылдан,
Буындарым былқылдан,
Қоңыр токты, көк тұсак,
Сен де билемен құсан.
Қарал тұрмай бекерге,
Серік болып текеге,
Құлдырашы құнан-тай,
Бұлттындағып бұлшығын,
Жылтылдатып қылшығын
Куансын бір даламыз,
Дала – біздің анамыз.
Карбыз мойын түйелер,
Шудаларың желкілден,
Өркештерін селкілден,
Тайрактап та билендер,
Ойнактап та билендер.

Сұт бұлагы сиыржан,
Сырт-сырт етіп буының,
Пыс-пыс етіп мұрының,
Сілікейің шұбырып,
Сен де биле күбылып!

Өлең мазмұны таныс. Табиғаты, танымдық әсері мәнді. Осындағы кимыл-қозғалыс, әрекеттер сенімді де серпінді. Әсері, мәні, суреті де көңілге конымды. Осынысымен де мәнді.

“Әжейдің бесік жыры” ән-өлеңі әзілі мен сын-сықағы бола тұра, тәлім-тәрбиелік тағылымы мол туынды:

Мамам қайда дейсін-ау,
Папам қайда дейсін-ау,
Кетті десем ғөлайттап,
Маган өкпелейсін-ау!

Қайырмасы:

Әлди-әлди-әлә-лай
Ұйыктай койшы, балам-ай!
Мамаң кетті курортқа,
Папаң кетті курортқа,
Аман болсын, әйтеуір,
Жүрген кезде жыракта.

Қайырмасы:

Өз ұлым қандай дана бас,
Келінім қандай дода бас
Салыпты түскен суретін,
Жағажайда жаланаш.

Қайырмасы:

Кырау толып шашына,
Жетсін менін жасыма.
Берсін осы күйімді.
Өздерінің басына.

Демек, Ш.Смаханұлының сатиралық поэзиясы қоғам-кезең көріністерінен бастап адам өмірі мен еңбегін, жан-жануарлар әлемін, халықаралық тақырыптарға арналған аса аукымды әрі тым шетін мәселелердің бәрі-баршасын тамыршыдай тап басып, жіті бақылап, сергек сарапайды. Осы орайда, әдебиет зерттеушісі Ж.Дәдебаев көзқарастарының маңызызор: «Шона Смаханұлының әдеби мұрасының басты саласын сықақ, мысал жанрында жазылған шығармалар құрайды. Ақынның сықақ өлеңдері негізінен белгілі бір ғана ой айналасына құрылады әрі етек-жәні жинақы, көлемі жағынан шағын болып келеді. Олардың кай-қайсысында да адам бойындағы кемшілікке, қоғамдағы олқылыққа сын айтылады. Ақын айтқан сыйнның өзі бірде әжүа,

бірде мазақ, бірде келеке түрінде келіп, әлденеше құбылып отырады да көркемдік-эстетикалық түрғыда мейлінше әсерлі. Ақынның сыншыл ойы көбінесе өсек-өтірік, мактаншак, еріншек, жалақорлық пен пәлекорлық, кұлық пен сұмдық секілді кісі бойындағы онбаган қылышқыл құлықты аяусыз әшкерелеп, адам болам деген азаматты олардан аулак болуға, абай болуға шакырады”, – деген ойлары мен толғаныстары аса мәнді болып табылады (Атынан айналайын. – Алматы: Нұрлы әлем, 2002. – 236 бет).

Ш. СМАХАНҰЛЫНЫҢ САТИРАЛЫҚ ПРОЗАСЫ

Шона Смаханұлының әдеби мұрасында – сатиравық прозасы өзінше бір әлем әрі жеке, іргелі салалардың негізін құрайды. Ақын-сатирик шығармашылығының бұл арнасы – әзіл-әжүа, мысал-мысқыл, сын-сықақ, шымшыма-шаншымаларындағы іргелі мәселелерді көн көлемде көзғап, жанр мүмкіндіктеріне сай суреттеледі. Ол әсіресе «Сандықтан шықкан сайтан» (Алматы: Жалын, 1977), «Елпекбайдың телпегі» (Алматы: Жазушы, 1987) сынды сатиравық әңгімелері мен бірқақпай, шымшымалары мен фельетондары енген кітаптарынан төрөн танылады.

Бұл еңбектер такырыбы тұрасынан әр алуан, мазмұн, сюжеті жағынан қоғамдағы, өмірдегі келенсіз құбылыс-көріністерді, адам бойындағы, мінезіндегі жат әрекет, кемшиліктерді тереннен толғап, кемел сөз етеді (мысалы, «Әдейі ертіп келгенде», «Немере әзілі», «Мінез», «Моншада жоғалған әке», «Сокырішек», «Шылбыр», «Жетім бота», «Операция алдында» т.т.).

Сатиравық әңгімелердің катарында – «Әдейі ертіп келгенде» атты туынды отбасылық өмір, ерлі-зайыптылардың үлкен калаға келгендердегі өзара сұхбат, әрекеттеріне құрылған. Автор дала мен кала, оның адамдарын, өзіндік іс-әрекеттерін салыстыра көрсету негізінде отбасылық өмір, мәдени-рухани талап-тілектер, көзқарастар қактығысы т.т. көн көлемде сөз етеді.

Әңгіме табиғатынан ауыл-кала көріністері, адам өмірі мен еңбегін катар баяндау желісі айқын анғарылады. Автор осы жайттар арқылы адам әлемін, ішкі-сыйрткы көріністерді жүйелі, көркем көрсетеді.

«Мінез» әңгімесінде адам мен онын еңбегі, іс-әрекеттері, өмірдегі орны, үлесі кеңінен көрінеді. Қаладан ауылға барған картакұмар әрекеті, ойын үстіндегі адамдардың өзара карым-қатынасы, ішімдік үстінде айтылатын былапты, дөрекі сөздер т.т. сөз болады. Автор адамдар карым-қатынасын карта ойныны үстінде бар қырынан айқара ашады. Әр алуан мінез, көзқарастар қактығысын да өзара байланыс, іс-әрекеттер арқылы нағымды бейнелейді. Ең бастысы адам өмірі мен

енбегіндегі негізгі өлшемдердің бірі – мінез байлығы екендігі кеңінен көрінеді.

«Аты шулы арандатқыш» – жанрлық түрғыдан мысал үлгісінде өріс алады. Арап пен темекінің өзара айтысы, адам өміріне кері әсері, моральдық түрғыдан азғындаудың алғышарты ретінде сөз етіледі. Автор арап пен темекінің адам ағзасына зиянын олардың өзара айтысына құрып, сол арқылы қоғам, өмір, уақыт шындығын ашады. Алты жасар баладан аксақалды қарияға дейін – арап пен темекіні өмір мұратына айналдыраңдардың қоғамға, қоршаған ортаға, отбасына әсері де кеңінен баяндалады.

Салауатты өмір салтын қалыптастастыру ісіндегі бірден-бірден кедергі – ішімдік, темекі десек, оның зияны: қоғамға, жеке адам мен оның отбасына әсерінен көрінеді. «Ауру кірді – әлек кірді» дегендей, кательлі кесел-дерттің есірткі, нашакорлыққа бастар қауілтілігі де орасан зор. Демек, «Аты шулы арандатқыш» атты туынды табиғаты арап пен темекінің зиян-кесаптын көрсету арқылы одан алыс болуға үндейді.

«Сакалын жұлған» – адалдық пен әділетсіздіктің, парасаттылық пен парықсыздықтың, ең негізгі адам санасындағы көртартпапалық, кереғарлық, тоғышарлық сынды жағымсыз жайлар баяндалады. Әнгімедегі Дәүіrbай аксақалдың баласын оку орнына алғаш келуі, ондағы жен үшінан жалғасқан – Томар, Кежен, Масан, сондай-ақ Нартаев, Жолшиева, Сұрқылтаев сынды кейіпкерлер арасындағы параға байланысты диалогтар қоғамда, өмірде орын алған жайттарды бүкпесіз алға тартады. Автор пара беру мен алу ісіндегі – сыйбайластық, жемқорлық жайлы тамыры теренге тарткан әнгімені өмір оқиғаларына құру арқылы қоғам шындығын ашады.

Сатирик-қаламгердің «Лифтіден шыққан аңы дауыс», «Көлеңкелі көріністер мен көңілді көріністер», «Қойынжардың қолтаңбасы», «Кан қысымы қайдан шыкты?», «Конферансье Судырбек» сынды туындылары өмір-тұрмыстан туған, кезен-уақыт шындықтары терен танылатын кейіпкерлер жүйесінен әр алуан іс-әрекет, мінез қырлары кеңінен көрінеді.

Ш.Смаханұлының шығармашылық мұрасында – «Үміт жүлдізы» повесі (Алматы: Жалын, 1984. – 143 бет), «Жас кәззап» әнгімесі (Ақ жол, 1994, 7 желтоқсан), «Сүрінсен де, жығылма» хикаяты (Алматы ақшамы, 1993, 12 сәуір-26 мамыр) т.т. туындылары тарих толқынын, өмір оқиғаларын, аға үрпақ екілдерінің келелі келешекке қатысты ерен енбектерін, іс-әрекеттерін, көзқарастарын кең көлемде көрсетеді.

«Үміт жүлдізы» повесінде өткен дәуірлерде өмір сүрген атабабаларымыздың тағдыр-талайы, азаттық, тәуелсіздік жолындағы биік мұраттары, ерен ерліктері суреттеледі. Ел-жерге адалдық, адамдық, азаматтық парыз-карзыдан туған кәделі, сауапты әрекеттер – «Бөлтірік

шешен», «Сұраншы батыр», «Сүйінбай ақын», сондай-ақ повестегі танымал тұлғалар – Жанай, Ұлжан, Ұлдар т.т. төңірегіндегі оқиғалар өмірден өрбіп, өнегелі-ғибратты ұлт мұратын, тәуелсіздік талаптарын кең көлемде көрсетеді. Повестегі басты тұлға – Жанай төңірегіндегі оқиғалар мен ел-жер тағдырына қатысты табанды әрекеттерден азаттық, тенденциялық жолындағы елдік пен ерлік ұлгілері, ұлт мұратына байланысты көзқарас, қимылдар кеңінен көрінеді.

Казынабай ауылның тыныс-тірліктері, Әспет бай мен Қадыр болыс әрекеттері өмірден өрбіген оқиғалар шындығын, уақыттынысын терең танытады. Ен негізгісі, тарих толқыны мен тағылымы, ел басына тәнген киын-қыстау кезендеріндең бірлік-береке өзегі, адамдар қарым-қатынасы мен көзқарастар жүйесі т.т. өмір оқиғасы, уақыт шындықтарына сай суреттеледі.

Көркем проза ұлғасындағы (“Сүрінсен де, жығылма”) Қазақстандағы 1931–1932 жылғы күллі Алаш баласы аза тұтқан – алапат аштықтан бастап Ұлы Отан соғысының соңғы кезеніне дейінгі мерзімді камтиды. Шақар есімді сегіз жасар баланың жетімдік камытын мойнына ерте ілуінен бастап нағашысының (Дағай – көзі ашық, жана заман өкілі – Р.Т.) тәрбиесінде болуы, сауатын ашып, еңбекке араласуы, майданда болуы т.т. келісті, көркем шыншылдықпен сөз етіледі.

Колжазбадан күрделі кезең көріністерімен бірге, ел өмірі, Дағай сынды халық камын ойлаған азаматтар келбеті, Шоқалақ секілді екі жүзді, тоғышар тұлғалар бейнесі де уақыт шындығына сай суреттеледі. Соғыс суреттері, ерлік пен елдік шежірелері де кезең көріністеріне, ел оқиғаларына лайық нанымды баяндалады. Сондай-ақ қын кезең, ауыр тұрмыстағы Шақардың балалық шак әсерлері, ұстаздар мен тұстастардың тағылымы кім-кімнің болса да көнілін тербейді.

Біздіңше, аталмыш қолжазбаның төмендегідей ерекшеліктері бар деп білеміз:

- біріншіден, алапат аштық кезенінің көріністері нақтылы өмір шежірелерінен сыр толғайды;
- екіншіден, Дағай сынды көзі ашық, өмір тәжірибесі мол жаңа адам бейнесінен болашақ үрпакқа камқорлық, ел алдындағы борыш-міндеттін терең сезінүі айқын көрінеді;
- үшіншіден, Ұлы Отан соғысының сұрапыл да отты кезендері елімізге тән ерлік пен елдік сипаттарға сай суреттеледі.

Колжазбадағы ұлттық белгі-нанымдар, халық даналықтары мен ұтымды ой орамдары көніл қуантады, рухани нәр береді.

Ш.Смаханұлы шығармашылығында – Елпекбайдың нақыл сөздері кең орын алады. Біздіңше, сөздер – тақырыбы кең, мазмұны мол әрі қысқа, нұқсаналы болып келеді. Оқып көрелік:

- Өз тілінен айырылған, өрісінен де айырылады.
- Бастығынан қорықканнан – қорық.
- Өзі анқау байғұсты неге алдайсың.
- Абайды оқымай ұлы ақын болғысы келеді.
- Ана тілін білмей роман жазғысы келеді.
- Екі сатирик сырласса, бір лириктің соры.
- Ауыз мылжыны құлағынды жейді, жазба мылжыны жаңынды жейді.
- Кудын құйрығын ұстай алмайсың,
Кесіртке секілді үзіп тастап кете береді...

Сатирик ақынның нақыл сөздері – өмір-тұрмыстан туындаған шындық жайттардың негізінен алынған. Мұны да білген жөн әрі корытынды шығарудың еш артықтығы жоқ.

Ш.Смаханұлының сатириалық прозасының басты ерекшеліктері:

– ел-жер тарихы мен тағдырынан адам мен оның еңбегі кеңінен көрініс береді;

– өмір-тұрмыстан туындаған шындық жайттар, уақыт алға тартқан көкейкесті мәселелер өткір, көркем келісім құрайды;

– ұлт мұраты, енбек тақырыбы, адалдық пен әділеттілік сипаттараты қоғамға жат әрекеттерге қарсы бағытталып, соның негізінде шындық көзі, тазалық табиғаты ашылады;

– Елпекбай бейнесі арқылы қоғамдағы, өмірдегі артық-кем тұстар таразыға түсіп, ақиқат жайттардың сыры ашылады;

– Ен негізгісі, жанр мүмкіндігі, көркемдік пен сюжет желісі өмірде бар, болған жайттарға негізделіп, шеберлік пен шешендік арқылы кен өріс алып отырады.

Ш.Смаханұлының да, көптеген шығармашылық иелері секілді, «Қойын дәптері» болған. Оны ақынның жары – Аманқұлден алғанын жас галым Р. Ордабаева «Сатира сардары» кітабында атап өтеді. (Алматы, 2003, 67-б.). Осы кітапқа енген «Қойын дәптерден» бірер үзінді оқиық:

“Барлық шымшыма, шанышмамды косып, кайта басып, «Жалынға» тапсыруды ойлай бастадым.

Аманқұл күн сайын 40–50 беттен басып отырды. Өткен отыз жылдың творчестволық жұмысында жеті-сегіз жүздей «шымшыма» жазған сияктымын.

Атын тартымды етіп «999 шымшыма» деп өткізу ойымда бар. Мын бір дейін десем, Олжас «Мын бір сөз» жазып жатыр. «Мын бір түн» тағы бар. Олардан ерекшелелеу етіп, 999-ды ұннattым. Тағдыр он көзбен караса, 1990–1991 жылдарға шығып қалар.

1983 жылдан соң, «Жасырайық несіне» дегеннен өзге, жаңадан сықак өлеңдер, жинақ шығарғаным жоқ. Арада екі-үш кітап – «Үміт

жұлдызы», «Өткірдің жүзі» , «Елпекбайдын теллегі» деген үш кітап шығып үлгірді. Үшеуінің де жаман аты шыққан жок. Түгелге жуық сатылып, оқырмандардың койны-қонышында жүрген шығар.

Енді соңғы бес-алты жылдан бері жазғандарым бар ғой. Соларды косып, жинактап, «Кімге – шымшу, кімге – шаншу» деген атпен «Жазушы» баспасында өткіздім. Жата жамбастап, әрі толыктырып, әрі үстарта жатам ғой деп ойлаймын.

Балаларға арналған «Кел, балалар, күлейік» деген жинағым бес-алты жылдан бері «Мектеп» баспасында жатыр. Жакында көрсем, папкімнің тысын тышқан мүжіп тастапты. Бастығына айтып ем, кызарған болды. Эйтсе де, сықагын ғана қалдырып, шығарып берейік дегенді айтты.

15 март.

Денсаулыққа байланысты творчестволық бағытты едәуір өзгерту керек сияқты.

Аз да болса, «ашылау» етіп шаншымалар жазсам деймін. Әлім жетсе, халықаралық тақырыпка памфлеттер жазсам... деймін.

Екінші, ән өлеңін жазудан кол үзгім келмейді.

Мозамбиктің Бейра қаласы үстінде бір белгісіз дене тұрыпты ғой. Қарсы алатын пенде жерден шықпағасын «ұшып кеткен».

Қылмыскер

Жасыру үшін каншама
Өзіндегі ашы шындықты.
Жария етеді жан сала
Өзге жүрттағы сүмдыхты.

04.04.88.

Жұмбак-нақыл

Аямаған өздерін
Өзгені етер шиедей.
Бояп тастап көздерін
Жалап шығар күйедей.
Не дері бар, досым-ай
«Ұрда-жыктың» осындей.

08.04.88.

Техас

Техас дейтін тар шалбар
Табылады алсандар.
Сиғанменен оп-опай
Бексен, саның, сирағың,
Симас, бірак,
Обал-ай,
Ар-ұят пен иманың.

03.04.88.

Ауа толқынындағы мылжындардың сөз акысы

Бір мылжынға –
Жұз доллар,
Он мылжынға –
Мың доллар.
Мың мылжынға –
Миллион!
Өмір неткен киын ен?!

Құрығанша мылжындар,
Жылап өтер жүз жылдар.

10. 04. 88.

Көз қысып койып...

Балаларым аш қалды ма деп,
Бүркіт ілмес торғайды.
Тұлпар опат болды деп,
Есек жылап бармайды.
Бара калса,
Қорғаған боп құдайды,
Өтірік қана жылайды.
Көз қысып койып:
Тие берсін деп,
Куланып,
Былай шыға
Арап ішеді куанып.

12. 04. 88.

Елпекбайдың нақылдары

Балдызы жаксының
Жездесі картаймайды.
Женгесі жаксының
Кайнисы картаймайды.

Стакан-таныс

Жигули
Жылжып келіп тұра қалды,
Кім кайда барады деп
Сұрап алды.
Стакан-танысын алыш кетті,
Іс баккан танысы қалып кетті.
Біреу зар – түйір ақ нанға,
Біреу зар – тірі қалғанға.
Итімен түскен суретін
Шыгарғандар бар Журналға.

* * *

Жетпіс жыл көрінгенді
Құдай етіп,
Бас үра бағыныппыз

Құлай кетіп.
Енді жылап отырмыз жақсымызды,
Кұдайдың жакканына құрбан етіп...

Қойын дәптерде айттар ақиқат, ашар сыр, көңіл күнделіктері көп-ак.

Автор алдымен шығармашылық мұрасы, осы бағытта атқарылар ауқымды істер хакында алуан ойлар мен толғам-толғаныстарын алға тартады. Кезекті шығармашылық жұмыстар, әр алуан такырыптар табиғаты, қоғамда, өмірде орын алған кемшілік-кереғарлықтар, адам әлемі, ер-әйел сипаты, жақсы-жаман орны, ар-ождан, иман мәселелері, есірткі мен нашақорлық, маскунемдікке қарсы әрекет, көзқарастар т.т. жүйелі, кыска кайырымдар арқылы беріледі.

Маңыздысы: акын-сатирик көңілге тоқыған, жанын, жүргегін тербegen толғам-толғаныстарын – “Қойын дәптерге” түсіріп, жауап іздеген. Онын көбісі жүзеге аскан. Қайсыбір құбылыс-көріністер өмірде әлі де бар. Көп болып колға алар, ортак шешімін табар іс-жұмыстар да жетерлік.

“Қойын дәптер” сырьы осы.

Жалпы алғанда, акын-сатирик Шона Смаханұлы азамат-қайраткер ретінде-ұлттық мұраг пен ұрпақ қамын бар асылдан да биік қойып, осы мақсат-міндетті орындау жолында саналы өмірін, акыл-парасатын, білім-блігін батыл бағыттап, арнады.

Акын-сатирик бал дәурен балалық шактан шығармашылықпен айналысып, бұл бағытта әр алуан такырыптарда (мысалы, әзіл-әжұа, сын-сықақ, мысал, шымшыма, памфлет т.т.) ерен еңбектер туындағып, қалың көпшілікті құлдіріп те, күрсінтіп те ойлантты, рухани құндылықтармен қуантты.

Акынның сын-сықақтары қоғам, кезең көріністерінен бастап, өмір-тұрмыста кең етек алған керегар жайттарды, адам мен оның еңбегіне катысты ұнамсыз тұстарды, ан-құс, жан-жануарлар әлеміндегі пайдалы, зиянды белгі-ерекшеліктерін мінеп, содан арылу жолдарын нанымды, тартымды көрсетеді.

Акын шығармашылығы қазак әдебиеті тарихының, оның езекті мәселелерін әр алуан жанрда тереңнен толғап, қоғам-өмір шындығын жан-жақты ашуға қадам жасады. Оның әдеби мұрасынан Абай, Ж.Аймауытулы, І.Жансүгіров, Б.Майлин, А.Токмағамбетов, А.Садықбеков, О.Әубекіров т.б. шығармашылық үндестік пен дәстүр жалғастықтары да танылады.

Акын-сатирик мұрасы өзіне дейінгі такырыптарды әр қырынан байытып, жанрлық-көркемдік тұрғыдан, ой-сөз жүйесімен, сыр-сезім шынайылығымен, рухани-эстетикалық қырларымен жетілдіре түсті.

Акын мұрасы өмір-тұрмыста жиі кездесетін керегар көріністерді

сынап-мінеу арқылы содан арылу жолдарын, тәлім-тәрбие тағылымдарын, дәстүр-өнеге үлгілерін кең көлемде көрсетеді.

Ш. Смаханұлының шығармашылық мұрасына байыппен ден қойып, жіті назар аударап болсақ:

- алуан ізденіс арналарын;
- қоғам, кезең көріністері мен өмір, уақыт сырларын;
- казак әдебиетінің сатира саласына үлттық үрдіс қалыптастырып, өмір шындықтарын реалистік сипатта шебер, шешен суреттейтінін;
- сатирадың жанрлар арқылы әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-рухани мәселелерді тереңнен толғап, өткір ой, уытты юмор, әзіл-оспактармен серпінді, сенімді сөз етегінін;
- сын-сықақтар мен шанышма-шымшымалары шағын көлем арқылы бай мазмұн, кемел ойға, зор шындықтарға табиғи тұрғыдан негізделетінін;
- сатирадың поэзия, проза арқылы әдеби сюжеттерді, көркемдік өрнектерді, символдық образдарды, поэтикалық компоненттерді табиғи көрініс, суреттермен жеткізетінін;
- жекелеген еңбектерден («Тотияйын», «Шимайбек пен Шынкетпес», «Ортеке»), әнгіме фельетондарын («Елпекбайдың телпегі», «Сандықтан шықкан сайтан»), туындылардан («Қызы сыры», «Үміт жүлдізы», Сүрінсен де, жығылма»), ән-өлең мұрасынан («Айнабұлақ») т.т. жанрлық-көркемдік ерекшеліктерді, тіл мүмкіндіктерін, стильдік күбылыстарды көркем көрсететінін;
- сатирадың туындылардан такырып табиғаты, өмір шындығы мен көркемдік шешім, дәстүр жалғастығы мен уақыт үндестігі, шығармашылық шеберлік, шешендік сынды белгі-ерекшеліктер терең танылады. Демек, мұның өзі профессор Ж.Дәдебаев атап көрсеткенідей: «Шыншылдық. Сыншылдық. Фибраттылық. Ш.Смаханұлының әдеби мұрасының танымдық, көркемдік-эстетикалық табиғатын даралап көрсететін қасиеттер – осылар. Суреткер мұрасына тән осы үш асыл қасиетті білу – оның ақындық таланттың да тану деген сез. Өйткені Шона Смаханұлының талантты да шыншыл, сыншыл және ғибратты (Атыннан айналайын. – Алматы: Нұрлы әлем, 2002. 240–241-бб.).

Ой түйінінде қалың көшпіліктің назарын мына жайттарға аударғымыз келеді: Ш.Смаханұлының өмірі мен өнегесін есте қалдыру мақсатында – Алматы, Астана, Тараз қалаларында көше аттары беріліп, тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатып, көп томдық еңбектері басылып шықса, үлттық мұрат жолындағы ерен еңбегі жанып, рухани мұраларының екінші тынысы ашыла түсер еді. Тәуелсіздік талаптары үлттық мұратқа адалдықтан, адам өмірі мен еңбегін аялау мен бағалаудан тұрса, ақын-сатирик Ш.Смаханұлы мұрасы осы талап-тілектер биігінен табылары хак.

Негізінен, Ш.Смаханұлының әдеби мұрасынан: коғам мен өмір, уақыт шындықтарын, адам әлемінің мың сан қырларын әзіл-әжұа, мысал-мысқыл, сын-сықақ, шаншыма-шымшымалар арқылы әдилеттілік түрғысынан танып-бағалаганын, ақиқат алдында зерттеп-зерделегенін, шебер де шешен суреттегенін айқын анғарамыз.

Ш.Смаханұлы шығармашылығының шынайы шындығы, рухани байлығы мен тағылымы осы.

ӘСКЕРИ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ БАУБЕК БҮЛҚЫШЕВ

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы казақ әдебиетінде, оның ішінде әскери әдебиеттің ұлттық-тарихи, мәдени-рухани һәм тәлім-тәрбиелік маңызы зор болды.

Әскери әдебиеттің мақсат-мұраттары, ондағы адам қайраты мен мүмкіндіктері, дос-дүшпан арақатынасы, қыын-қыстай кезенің көрініс-қалтартыстары, қысқасы елдік пен ерліктің үлгі-өрнектері – Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941–1945) жан-жакты жарқырай көрінді.

Соғыс суреті мен шындықтары қазақ қаламгерлері – Д.Әбілов, Қ.Әбдіқадыров, Т.Жароков, Ж.Сайн, Ә.Сәрсенбаев, Қ.Аманжолов, А.Жұмағалиев, Қ.Бекхожин, Б.Бұлқышев, Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин т.б. майданда болып, азаттық пен бостандықтың бағасын, ерлік пен елдіктің өлшемін, тіпті оқ пен оқтың салмак-сырларын да өз көздерімен көрді. Отаның байлығы мен бакытын, ел-жердің қасиет-құдіретін жан-жүрекпен сезінді. Соғыс пен бейбітшіліктің бірікпес һәм бітіспес құресіне де жан-жакты көз жеткізді. Адамзат назарын аударып, қалың көптің жүргегіне салмақ, қөнілге қоленек түсірген – Ұлы Отан соғысының қыын да күрделі кезендері казақ әдебиеті тарихынан кен көлемде көрініс тапты.

Қазақ ақын-жазушыларының келесі бір бөлігі – М.Әуезов, С.Мұқанов, F.Мұсірепов, F.Мұстафин, F.Орманов, Ә.Әбішев, Ә.Тәжібаев, А.Тоқмагамбетов, М.Хакімжанова, Ш.Хұсайынов т.б. елде болып, ауыр күн, қыын-қыстай кезең көріністерін ұлттық сез өнерінің барлық жанрлары арқылы көрсетті. Азаттық пен бостандықтың бағасы, соғыс пен бейбітшіліктің өлшемі ақын-жазушылар шығармашылығында биік мұраттар тұрғысынан сез етілді. Ұлттық рух, намыс пен күш-қайрат майдан мен тылда қатар өріс алып, халықты бейбіт өмірге, жеңісті құндерге үндеді. Бостандық пен бейбітшілік кен көлемде сипат алды. Ақын-жазушылар шығармашылығындағы ұлттық мұрат пен өмірге құштарлық, елдік пен ерлік шежіресі, достық пен туысқандық сынды белгі-ерекшеліктер айрықша көрініс берді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ұлттық әскери әдебиеттің дамуына үлкен улес косқан, өмірі мен шығармашылығы қалың көпке таныс тұлға – жауынгер-жазушы Баубек Бұлқышев еді.

Ұлы Отан соғысының шындықтары, өмір мұраты мен адам қайраты, Отанды, ел-жерді аялау мен бағалаудың мол мүмкіндіктері, елдік пен ерліктің үлгі-өнегелері, жастық пен достық, махаббаттың өлшем-өрнектері, қысқасы, ұлттық дәстүрге адалдықтың, атамекенге, ата-анаға, бауыр-тысқа, отбасына шынайы берілгендейтің сыр-сипаттары – Баубек Бұлқышевтың ақындық қуаты бай, жазушылық

карымы кен, журналистік мүмкіндігі мол дарын даралығы мен талант табиғатынан терең танылады.

Б.Бұлқышевтың өмірбаян беттеріне дең қойып, қысқа шолу жасасақ, Қарағанды облысының Ұлытау өнірінде, қазіргі «Амангелді» кеңшарында өмірге келген (1916 жыл). Алғашқы еңбек жолы – «Ұлытау» ұжымшарының сүт фермасында есепші болудан басталады. Одан кейінгі кезеңдерде – Алматы сауда-каржы техникумында оқиды (1937 жыл), «Лениншіл жас», «Октябрь балалары» газеттерінде әдеби қызметкер, болім менгерушісі міндеттерін аткарады. Армия қатарына шакырылып (1940 жыл), Мәскеуде сапер училищесінде оқиды. Ұлы Отан соғысында болып, Мәскеуде корғауға, Украинаны азат етуге катысады.

Б.Бұлқышевтың шығармашылық мұрасынан:

- адам әлемі мен мұраты;
- өмірге құштарлықтың үлгі-өнегесі;
- Отанға, ел-жерге құрмет пен сүйіспеншілік сипаттар;
- қоршаған ортаға, өмір-уақытқа көзқарас айқын;
- заман шындығын, тарих пен таным талқысын, адам болмысын, дос-дұшпан мен өмір-әлім т.т. турасында өзіндік көзқарасы бар;
- достық мен жастық, махаббатқа табандылық пен тұрақтылық терең танылады.

Ең негізгісі, әрине, Б.Бұлқышевтың Отанға, ел-жерге, жақынжыныққа сағынышы мен сыйластықтарынан: адамға сүйіспеншілік, өмірге құштарлық мәңгілік һәм шексіз, табиғи әрі терең екендігін танып-таразылау қын емес.

Б.Бұлқышевтың талант табиғатының жарқырай көрініп, журналистік-жазушылық қырларының бой көрсеткен тұсы Ұлы Отан соғысының сұрапыл, сындарлы сәттерімен сәйкес келеді. Оның Отанға адал, ел-жерге сағыныш, сүйіспеншілігінің жогарылығын, жан-журегін әрдайым ашық ұстап, көңілін кенге салған тұстары, сондай-ак өмір мұраты, адам қайраты, жастық пен достық, махаббат туралы маңызды мақала, ойлы очерк, өршіл де өшпес публицистикалық еңбектері – Ұлы Отан соғысының ауыр да азапты, киын-қыстау кезеңдерінде өмірге келді. Осы орайда академик С.Кирабаевтың: «Соғысқа қатыскан жас жазушы Баубек Бұлқышев өзінің «Заман, жастар, біздікі», «Жауыздық пен махаббат», «Өмір мен әлім туралы», «Мен өмір сүргім келеді» сиякты публицистикалық еңбектерінде майдандағы жас адамның жүрек тебіренісін әнгімеледі. Туған жерін сүйе білген азаматтың дұшпанға деген кегі де, замандасына арнаған өмір туралы сыры да осы макалаларда қамтылған», – деуінде ақиқат жайттар, шындық сырлары мол (Кеңес дәуіріндегі қазак әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998. – 84 бет).

Асылы, Б.Бұлқышевтың өмірі мен шығармашылығынан айқын аңғарылатын жайттардың бірі – адам факторына зор маңыз беріліп, ел-жерге сағыныш пен құрмет, өмірге құштарлық шексіз деуге әбден болады. Мұның өзі әдебиетші Р.Ыдырысов атап көрсеткеніндей: «...Баубек өмірі – біздің аға буынның, аға үрпактың өмірі, бізге сәулелті өмір, бақытты дәуір орнатып берген күрескер әкелеріміздің, Павел Корчагиндер өмірінің жалғасы. Корчагин және оның құбылары әлемде жаңа дүние орнату үшін күрессе, олардың ізбасар інілері – Матросов пен Кошевойлар, Токтаров пен Бұлқышевтар Корчагиндердің кан төгіс куреспен алып берген жарық күнін, бақыт дүниесін қара түннен, фашистік түнектен аман сақтап қалу үшін күресті. Сондықтан алдыңғы толқын ағалар мен кейінгі толқын інілердің мақсат-мұраты, арман-тілегі бір бастаудан шыққандай, бір арнаға құйғандай бірынғай болды» (Кітапта: *Бұлқышев Б. Адамзатқа хат* (Алғы сөз). – Алматы: Санат, 2005. 3-бет).

Адамзатқа, Отанға қауіп-қатер тәнген тұста – Б.Бұлқышев жан-жүрегін жалау етіп, қалам қуаты арқылы адам қайратын, оның өмірге, енбекке қабілет-мүмкіндіктерін, елдік пен ерлік ұлагатын, соғыс пен бейбітшілік сыр-сипаттарын көн көлемде ашты.

Өмірді, адамды аялау мен бағалау арқылы Отанға, ел-жерге деген сағыныш, сүйіспеншілігін әр алуан жанрда (мысалы, әңгіме, мақала, очерк, хат т.б.) жедел де өткір, шебер де шешен, шынайы сипатта суреттеді.

Біздіңше, Б.Бұлқышев шығармашылығындағы басты тақырып:

- адам әлемі мен оның өмірі;
- ел-жерге сағынышы мен сүйіспеншілігі;
- Отан қорғау ісіндегі елдік пен ерлік мұраттары;
- ана мен балаға, дос пен бауырға катысты сыр-сезімдері;
- жақын-жуық, туысқа құрметі мен мейірімі;
- достық пен махаббаттың мәнгілігінде болып табылады.

Б.Бұлқышевтың әскери тақырыптағы туындылары, негізінен, орыс тілінде жазылып, олар – «Комсомольская правда» газетінде жарияланды. Оның: «О жизни и смерти» («Записки молодого казаха-фронтовика») атты публицистикалық туындысы «Комсомольская правда» газетінде (1942, 1 мамыр) басылды.

Бұдан басқа біrsыпра мақала, очерктерін, атап айтқанда – «Жизнь принадлежит нам», «Коварство и любовь», «Я хочу жить», «Письмо сыну Востока», «Слушай, Кавказ» т.т. «алыптар тобының» асылдарының бірі – Ғабит Мұсірепов аударып, «Социалистік Казақстан» газетінде жариялад түрді. Ондағы қоғам, уақыт көріністері, өмір-тұрмыс сырлары, адам мұраты мен мүмкіндіктері қалың көпті кемел келешекке, жарқын күндерге үндеді. Әсіреле

Отанды қорғау мен өмірге құштарлық, адам мен оның енбегіне, қайраты мен табандылығына құрмет, қын-қыстау күндердің көрініс-суреттері айрықша сағыныш-сүйіспеншілікпен, мейірім шуағымен шынайы бейнеленеді. Адам факторы, заман шындығы, өмір-уақыт, тұрмыс тынысы бар сипат-сырларымен көркем де нағымды, табиғи суреттегіде.

Б.Бұлқышевтың әдеби мұрасы – «Жизнь солдата» (Москва, 1946), «Өмір біздікі» (М.Иманжанов редакциясымен жарық көрді. – 1948), «Жауынгер мәңгілігі» (Құрастырған Д.Әбілов. – 1965), «Адамзатка хат» (1977), «Заман біздікі» (Құрастырған С.Аскаров. – 1984), «Адамзатқа хат» (Құрастырғандар Р.Рұстембекова, Р.Ыдырысов. – 2005) т.т. кітап, жинақтарына енді.

Жауынгер-жазушының өмір мен шығармашылығы туралы деректернамалық мәліметтер «Советтік Қазақстан жазушылары». – Алматы: Жазушы, 1987, 155-156-бб.; «ХХ ғасыр: Қазақстан жазушылары» (анықтамалық) сынды енбектерден кең орын алды.

Б.Бұлқышевтың шығармашылық мұрасына жіті үңілсек, барлық жанрда жазғаны: талантты зор, талабы биік, талғамы жоғары екенін айқын анғаруға болады.

Такырып табиғатына дән койсак, адам өмірі мен енбегі, көзқарасы мен қолтаңбасы, ізденіс арналары, ондағы мол мүмкіндіктер кеңінен көрініс береді. Әсіресе адам өмірі мен қайраты, қабілет-мүмкіндіктері – Отан, ел-жер, жастық пен достық төңірегінде кең өріс алады. Айталық, «Өмір мен өлім туралы» (майдандағы казак жігітінің дәптерінен) деген шағын көлемді туындыда телегей теніз талант табиғаты мен алуан ізденіс іздері, көзқарас эволюциясы мен дарын дидарына тән шалқар шабыттың мың сан иірімдері айқын танылады.

Адам мұраты, өмірі мен енбегі, жастық пен достық, махаббат туралы толғам-толғаныстар жан-жүрекten шығып, шынайы шындықтар арқылы көркемдік мұрраттарға, ақиқат жайттарға, келелі келешек көкжиектеріне он қадам, сәтті талаптар жасайды.

Туынды табиғатынан: адам мұраты мен қайраты, өмір-дүние дидары, мәні мен сыр-сипаттары, ел-жерді қорғау мен құрметтеудің қажеттіліктері, оған адал қызмет етудін жай-жапсары кеңінен көрініс береді. Адамзат қоғамында азаттық пен бостандықтың құндылық қырлары, өмір мен өлім өлшемі, соғыс шындықтары мен Батыс-Шығыс катынастары – адам мұраты, бақыты мен қуанышы негізінде айрықша толғам-тебіреністермен, өзгеше сезім-сүйіспеншілікпен серпінді де жүйелі жеткізіледі. Адам мұраты мен өмір мәні, маңызды мамандықтар мен өнер құндылықтары хақындағы ойлар мен толғаныстардан жан-жүрек жылуы, көңіл толқындары, сыр-сезім иірімдері жан-жақты танылады. Адам касиеті мен құдіреті, өмірге құштарлық пен шексіз

арман-ансарлардан: жан жылуы, кіршіксіз көнілдін нұр-сәулесі, мейірім шуағы кедергісіз, табиғи өріс алады. Мұнын бәрінен, әрине, адам – қоғам байлығы, оның өмірі мен еңбегі аялау мен бағалауға әбден лайықты деген көзкарас мұраттараты, ой-сезім ағыстары айқын ангарылады. Бастысы, әрине адам құндылықтарына, өмір мұраты мен еңбегіне зор маңыз беріледі. Дүние дидарын: бақыт-куанышка, бірлік-берекеге бөлеп, енбек көрігін қыздырып-нұрландырган – адам факторы бәрінен биік һәм алдыңғы кезекте сөз болады.

Адам – өмірдін, еңбектін, тірлік-тыныстың тұтқасы деген түйін-тұжырым айқын да бедерлі.

Өмір мен өлімнің бітіспес күресі адамзаттық мәселе ретінде көрініс берсе, бейбітшілік пен береке-бірліктің мәнгілік сипаттары қалын көпке көркем де жүйелі жеткізіледі.

Тұынды тағылымы осы.

«Өмір сүргім келеді» туындысының жанрлық жағынан эпистолярлық сипат-сырлары мол. Майдан даласындағы азғана тыныштықта алыс ауыл, жакын-жыуқ, дос-құрбылар ойға оралады. Балалық, жастық кезең көз алдыннан өтеді. Өмірге құштарлық, өнерге сүйіспеншілік сезімі бойды билейді. Жанна қызбен – сүйген сұлумен сырласады. Өмір мұраты, енбек өнегесі, еркіндік тынысы өзіндік өзгешеліктерімен қиялды қанаттандырып, көнілге түрлі ой салады. Өмірдің маңызы қүшайіп, адам факторына айрықша мән беріліп, уақыт таңбасы бедерлі де бейнелі белгі-ерекшеліктерімен есте қалады.

«Менің өмір сүргім келеді, – деп жазады автор. – Бірак фашист неміспен бірге өмір сүре алмаймын. Фашисі бар дүние тар мен үшін. Адам мен ан бір бөлмеде тұра алмайды. Бір жердің үстінде фашист неміспен жасай алмаймын мен. Біз Шиллерді, Гетеңі сүйетінбіз, біз оларды қазір де жақсы көреміз. Біз қанқұмар емеспіз.

...менің қалам, университетім, менің сүйетін – Жаннам. Мен сендерге соғыс өртін как жарып өтіп келе жатырмын. Әрі асығам, әрі алқынамын. Мен сендерге жеткім келеді. Бірак дәл жолымда көлденен тосып, автомат ұстаган неміс тұр. Ол мені өлтіргісі келеді. Ол менін жолымды бөгемек болады. Мен абайламай қалсам, ол мені өлтіреді де. Онда ол менің барлық туған-тыскандарымды да өлтіреді. Қаламды киаратып, университетімді талкандайды.

Менің туыскандарым өз тағдырларын маған тапсырды. Ол тағдырға мен жауаптымын. Сол жауапты бере аламын да».

Бұл жайттар, сөз жок, адамзаттағы басты байлық – бостандық пен тыныштықтың бағасы мен өлшемін айқын антарғады. Азаттық пен бостандық барда: адам өмірі мәнді, еңбегі өнімді, тұрмысы сәнді болатыны сәт сайын сезіледі.

Шығарма шуағы:

- бейбіт өмірді баянды һәм камтамасыз ету;
- азаттық пен бостандық – қоғам негізі, адам мұраты, келешек кепілі;
- соғыс пен бейбітшілік қарама-карсы полюсті, бірімен-бірі бітіспейтін қайшылыкты, керегар ұғымдар;
- жауыздық пен дүшпандық, опасыздық пен өшпендейлік әрекеттерге карсылық көрсетіледі;
- адам әлемі мен жан-жануарлар тіршілігіндегі қарама-қайшылыктар, өмір мен өлім өлшемдері әр алуан көзқарас, салыстырулар арқылы шының сипат алады;
- ел-жер, дала мен қала көріністері, оған деген құштарлық пен сағыныш, сүйіспеншілік сезімдер т.т. көркем де келісті, серпінді суреттегеледі.

«Заман біздікі» – ел-жер жайлы толғаныстарға толы. Перзенттік парыз бен қарыздың, шының шындықтарға суарылған сырлы сезімнің қуат-күші жоғары. Азаттық пен бостандықтың өлшемі, татулық пен туысқандықтың таңбасы айқын. Бейбіт өмірге құштарлық пен бала-лық шакка саяхат, жастық пен достық сырлары шындық жайттарды арқау етуімен де мәнді. Ең бастысы, әрине, өмір мен өлім өлшемі, соғыс пен бейбітшіліктің бағасы – адам мұраты, арман-аңсары, еңбек тынысы негізінде кең өріс алады.

Шығарма мұратынан: ел-жер, тарих пен тағдыр, жастық пен достық сырлары былай беріледі «Біз, жастар, тағдырымыз сенімен байланысты екенін білеміз, туған жер. Біз сенін топырағында ғана бакытқа бөлөнбекпіз. Өмірдің биік шынына қол созамыз, адам дүниесінің сала-саласына ой жүгіртеміз. Біз бакытты жастар едік. Сенің үстінде куанышқа кенеліп, той тойлаған күндер есте. Бүгін сенің үстінде жаумен жағаласудамыз. Біз сенің үстінде тудық, сенен естік, керек болса, сенің үстінде өлеміз де.

Бірак жауға беріп коймаймыз сени. Серт осы. Біз осыған ант етеміз, ізгі ана!

...Біздің заман таласта! Жастық шағымызды қырау шалғалы тұр! Бірак біз өз заманымызды ешкімге бере алмаймыз! Заман біздікі! Өз заманымыз үшін жан пиди! О, жастар! О, күрбылар!

Біз келешек үрпактардың алдында жауапты болмайық, біз олардың келешегін өрткө шалдырмаймыз. Біз аталарымыз қанды майданда күреспен жеңіп алған тамаша дәуірді мақтанышпен өткізуіміз керек...

Біздің орнымыз жауынгерлердің алдынғы катарында. Біз өз орнымыздамыз. Жастар өзіміздің заман үшін жауға оқ атайдык! Заманымызды қорғап қалайық. Әлем алдында заман біздікі дейтін болайық!»

Бұл тұстардан айқын аңғарылатын жайттар:

- жастар өмірі мен жастық сырларына кең орын беріледі;
- ел-жердің қадір-қасиеті мен адам әлемінің мол мүмкіндіктері, енбек тынысы бар сипат-сырларымен жан жадыратып, көнілді баурайды;

– дәуір дидары мен заман шындығы, кемел келешек хақындағы толғам-толғаныстар кеше-бүгін байланысын, перзенттік парызы-қарызды терең танытып, Отан, атамекенниң қадір-қасиетін еселеп арттыра туследі. Біздіңше, туынды табиғатынан танылатын – тұған жер жайлы толғам-толғаныстар, заман шындығы хақындағы көзқарастар, ата дәстүрге адалдық пен жастар туралы талап-талғамдар жан-жүректің жылуы мен кемел келешек көкжиектерін айқын анғартады.

Бастысы, әрине қаламгер заманға, уақытқа үн қату арқылы адамзаттық маңызы бар мәселе:

- бостандық пен бейбітшіліктің мәңгілігін сактау;
- тұрактылық пен туысқандыққа кең өріс ашу;
- қоғам байлығы һәм шешуші тұлға – адамға құрмет пен қызмет ету сынды абырайлы да кәделі, сауапты іс хақынды кемел ой қозгайды.

Мұның қазіргі кезеңде де мәні зор.

«Жауыздық пен махаббат» (Бір құрдас туралы хат) майдан даласын, соғыс шындықтарын, тарих пен тағдыр талқысын кең көлемде көрсетеді.

Майдандағы киын-кыстау кезеңдердің күесі – ескі картада мол сыр бар, ол-жауынгерлердің соғыстағы іс-әрекеттері, өмір мен енбек жолдары, тарих пен тағдыр тауқымметтері, пулемет-пушкалардың топографиялық белгілері, ел-жерге, елдік пен ерлікке қатысты көзқарас-колтанбалар т.т.

Сондай-ақ майдан даласында, окопта он сегіз сағат оқ пен от оргасында болған жауынгерлердің елдік пен ерліктің үлгі-өнегесін, табандылық пен тұрактылықтың, достық пен туысқандықтың шын мәніндегі жарқын көріністерін көрсетеді. Жауынгерлердің Отанға, ел-жерге шынайы берілгендейтін, жолдастық-достықка адалдығы, өзара қарым-қатынас, бірліктері реалистік сипаттарымен сенімді суреттеделі.

Шығарма мазмұнын байытып, соғыс шындығы мен оның ки-сапсыз зардап-зомбылықтарын карт терек пен аксакалды кісінің бейнесінде көрініс тауып, өзара салыстырулары шынайы шындық, нақты мысал-деректерімен есте қалады. Жастық пен достық, махаббат жырлары – жауынгердің сүйген сұлуына арнаған хаттары арқылы кең өріс алады.

Біздіңше, шығармадағы басты шындықтар катарына мыналар жатады:

– бейбіт өмір мен соғыс суреті нактылы дерек-дәйек көздері арқылы беріледі;

– майдан көріністерін айқын анғартатын ескі карта: тарих пен тағдыр, таным мен талғам таразысын алға тартады;

– карт терек пен аксақалды кісінің бейнелері ақиқат пен адалдықтың, тазалық пен тұрактылықтың, соғыс пен бейбітшіліктің символы;

– Отанға, ел-жерге қауіп-қатер төнген тұстағы дәуір тынысы мен өмір-уақыт шындықтарынан: азаттық пен бостандықтың, тендік пен туыскандықтың терен тамырлары жіті танылады т.т.

Такырып табиғаты әр алуан, мазмұн байлығы мен құрылым жүйесінде өзіндік өзгешеліктері мол «Паровоз туралы ертегі», «Лагерьден кайтканда», «Ұялдым», «Біздің кеңесіміз», «Пушкин казак әдебиетінде» сынды шағын көлемді туындыларда өмір мұраты мен адам еңбегі, достық пен жастық сипаттары, инабат пен ізгілік иірімдері, мәдени-рухани құндылықтар хақындағы келелі мәселелер көркем де мәнді жеткізіледі. Автор кайсыбір көрініс, такырыптарды барынша бедерлі, бейнелі баяндайды. Адам өмірі мен еңбегін, қабілеті мен қайратын бәрінен де жоғары қояды. Қоғамдағы, өмірдегі бар жақсылық, жетістіктер – адам еңбегі арқылы атқарылатынын мактаныш етеді. Соған үлкен үміт артады.

Такырыбы қарапайым, мазмұны мәнді, тілдік-стильдік сипаттары жеңіл де жинақы көрінетін бұл туындылар – қоғам, адам, табиғат арақатынасын, өзіндік өзгешеліктерін жүйелі жеткізеді. Адам өмірі, балалар танымы, жастық сырлары да қарапайым, конымды сипат алады. Қоғамдық құбылыстар, кезең көріністері, адам мұраты мен еңбегі, өмір-тұрмыс иірімдері де шындық жайттарды арқау етуімен де шынайы, сенімді. Танымдық-тағылымдық қырлары, рухани мәні жоғары.

«Шығысұлына хат», «Тында, Кавказ!» сынды туындыларда елдік мұрат пен дәстүр өнегелері, азаттық пен туыскандық сыр-сезімдер, бірлік пен береке, соғыс пен бейбітшілік, тарих пен тағдыр тағылымдары көң орын алады.

Атамұра мен атамекенін кадір-касиеті, ел-жерді корғау ісіндегі кәделі де сауапты мұраттар – Қобыланды мен Тарғын, Исатай мен Махамбет т.б. өмірі мен өнегесі, ерлік тағылымдары арқылы көрсетіледі. Елдік мұрат, ерлік үлгі етіледі. Батыр бабаларымыз бен би-шешендер өнегесі, қысқасы ұлттық дәстүр тағылымдары, оған адалдық сезімі серпінді сипат алады.

Кавказдың тарихы мен тағдыры, Казбек пен Эльбрус жайы, Эллада елінің қыр-сырлары да елдік пен ерліктің, өжеттік пен өршілдіктің сипат-сырлары негізінде нағымды баяндалады.

Мұнын бәрінен, атап айтқанда қоғамдық-әлеуметтік ахуалдармен бірге, бастысы – адам факторына, оның өмірі мен енбегіне, достығы мен махаббатына, сағыныш-сезімдеріне көп көніл бөлінеді.

Адам-қоғам байлығы, өмірдің мәні мен сәні, енбек өміршісі, уақыт жағасы деген мақсат-мұраттар айқын.

Б.Бұлқышевтың әдеби мұрасынын едәуір бөлігін поэзиялық туындылары құрайды. Оларды тақырып, құрылым жүйесіне қарай: арнау өлеңдер, балаларға арналған жырлар, аударма туындылар деп топтауға әбден болады. Айтальық, арнау өлеңдер қатарын «Тәтті жыр» (Абайға), «Жамбылға», «Арнау» (А.Пушкинге), «Ұлы акын» (Т.Шевченкоға), «Орындалған арман» (Украина, Беларусь данқына) т.т. өзіндік ізденіс, көркемдік мұраттарымен байыта түседі. Абай әлемінің ірім-сырлары, Жамбылдың даналық һәм даралық қырлары, Пушкин мен Шевченконың бауырластық пен достыққа негізделген көзқарас-мұраттарынан терең тарих тағылымдары, таным мен талғам тоғысы, дарын дидарының көркемдік-рухани сипаттары жіті танылады. Ұлылық ұлағаты, талант табиғаты мен дарынды туынды сипаттары – Абай, Жамбыл, Пушкин, Шевченко т.б. өмірі мен өнерпаздық өнегелері негізінде наңымды да нақтылы баяндалады.

Өмірдің нұры мен сыры, адам енбегі мен ерік-жігері, жастық пен достық дастандары, ізгілік ірімдері «Жаңа дуние», «Жауынгер», «Құтты конак», «Жолаушы сыры», «Досым», «Балтық жағасында», «Еврей кызы» т.т. өлең-жырлардың басты арқауын құрайды.

Балаларға арналған «Бал бөбек», «Пионер, алға», «Окушы жыры», «Медальды овчарка» сынды өлең табиғатынан өмірге, өнерге құштарлық айқын, енбекке, ерлікке ұмтылғыс мол, кішілік пен кіслік, келісім мен үйлесім сипаттары адам әлемімен, адамгершілік-сыйластық сынды асыл мұрат, биік борыштар тұрғысында сезетіледі.

Аталған туындылардың басты белгі-ерекшеліктері – адам өмірі мен өнегесіне, енбек мұраттары мен жастық, достық сынды аяулы да қымбат қасиеттеріне құрмет көрсетіледі. Аға ұрпак өкілдерінің үлгілі үрдіс, тәлімді тәжірибелері мадақ сезіммен жеткізіледі. Тарихқа тағзым етіліп, кемел келешекке мол үміт-сенім артылады.

Жазушының аударма мұрасында («Жолдас құстар, күттік сізді, сіздер үшін ұшпаска не?») (В.В.Маяковский), «Лагерьде» (А.Барто) т.т. түпнұсқаға адалдық, көркемдік мұраттар мен шеберлік сырларына еркін ену бар. Такырыпты көркем де бедерлі ашу, женіл де жинақы, ойлы жеткізу – аударма өлеңдердің басты белгі, өзіндік өзгешеліктерін айқынайдайды.

Аударма туындылардың мазмұны қызық та тартымды, женіл де жинақы өріс алады. Көркемдік мұраттар, құрылымдық һәм рухани

сипаттар, тілдік-стильдік өзгешеліктер де дәнекер жанр табиғатымен үндестікте, үйлесімді қалыпта беріледі.

Бұлқышевтың ақындық өнерін білік белеске көтерген туындысы – «Айсұлу» поэмасы.

«Айсұлу» поэмасы өмір оқиғаларына құрылған һәм бай мен кедей карым-катаңасын, әйел теңсіздігі мәселесін, таптық көзкарастардың қыр-сырларын жан-жақты суреттейтін туынды.

Поэмадағы басты оқиға – кедей қызы Айсұлудың қарапайым халыққа қоқан-локы көрсетіп, қыргидай тиген каракшы Қаленнің колына түсіп, ауыр азап, зорлық-зомбылықтың алуан түрін көргенін, бостандыққа құштарлығы мен ұмтылысын кең көлемде көрсетеді.

Ауылдың қарапайым өмірі, тұрмыс-тірліктің өзіндік үлгі-өрнектері – поэманиң этнографиялық көріністерін көрсетсе, Айсұлудың капияда каракшы Қаленнің уысына түсіу – казак қызының аянышты халін, дәрменсіз әрекетін еске салады. Әупірімдеп жүріп қапастан жол тауып, жарық дүниеге үміт-сенімін арткан Айсұлу жауынгерлердің колдау-кемегімен қашып құтылады. Ауылдың аңшы-мергеншілерінің көмегімен елге келеді.

Тегінде, Айсұлу ақыл-ажары келіскең, көркем болумен бірге, бойында қуат-күші мол, ертеніне сенімді жастардың жиынтық бейнесін еске салады. Ауыл-елді үнемі ойлап, соған жетуге ұмтылуы – Айсұлудың азаттық пен бостандыққа, өмірге құштарлығын аңғартса, отбасын, экені ойлауы – перзенттік парыз-карзыздан туған сағыныш, сырлы сезімдер болатын.

Айсұлу бойындағы өктем күштерге қарсылық пен өмірге құштарлық – жаңа уақыт талабы мен тынысын терен танытады.

Айсұлу бейнесі – казак қызының бостандыққа ұмтылған, сол жолда көптеген кедергі-кайшылықтарға кездескен тауқыметті тағдыр иесі, тұрлаулы тұлғалардың бірі.

Поэмада тарих пен таным тоғысын еске салатын түйінді түстар, Ұлытау өнірі мен сайын дала көріністері, салқын ауа мен сұлу кештін бойынды, жанынды рахатқа бөлейтін өзгеше суреттері, аң-құс, шын-құз, өзен-көлдердің бедерлі белгілері табиғи көріністерімен жан-жүректі жадыратып, көнілді асқақтата түседі.

Поэманиң бастапқы бөлігіндегі көрініс-суреттер көнілді баурайды:

Ұлытау, бір көркем тау, көзді тарткан,
Зенгерлі, зерлі-тасты меруерт таққан.
Түстікте ак шагала отау тігіп,
Манқиып солтүстікке сұлап жаткан.
Күлімдеп, күміс шыны ұлпаланып,
Оранып қызыл гүлгө шешек аткан.

Төбесін төңкере кеп сұлу аспан,
Күміс тұс алтын нұрлы буын шашкан.
Сұлудын шай көрпесі сықылданып,
Бикештің шырт үйкіда сырын ашкан.
Ак бұлты серпіледі кейде кейін,
Тау – келін, жел – бет ашар қыжымды ашқан.
Кейбір тас қына айкарған қызыл нарттан,
Қыз орман көк шашағын балбыраткан...

Біздінше, бұл көрініс-суреттер коршаған ортаның тұғас табиғаты мен болмысын айқын аңғартумен бірге, сайын дала мен занғар таудың, зенгір аспан мен ақша бұлттардың, күміс шың мен айдын көлдін жарасым-үйлесімін, оның адамға әсер-ықпалын қанатты қиялдың, шабытты шақтың мол мүмкіндіктері негізінде нанымды ашады.

Поэмадағы коршаған орта, табиғат көріністері өмір оқиғаларының жүйелі де шынайы өріс алуына, басты тұлға болмысын бедерлі бейнелеуге елеулі үлес қосқанын айту абзал. Шығарма шуағын мазмұндық-идеялық ізденістер, көркемдік-эстетикалық сипаттар, сюжеттік желілер байытып, толықтыра түскенін байқау да кын емес.

Сондай-ақ басты тұлға – Айсұлудың өмір-тағдыры ХХ ғ.б. қазак әдебиетіндегі – Ақбілек пен Күнекей (Ж. Аймауытұлы), Газиза мен Қарагөз (М.Әуезов), Жамал мен Балхия (М.Дулатов), Шолпан (М.Жұмабаев), Жәмилә мен Жаңыл (С.Торайғыров), Құлләш пен Шұға (Б.Майлін) т.б. ұксас та үндес. Алайда Айсұлу бейнесінен азаттыққа ұмтылыс, құрекерлік қасиеттер айқын байқала бермейді.

Негізінен, «Айсұлу» поэмасы басты тұлғаның (Айсұлу) өмір-тағдырын суреттеумен бірге, ел-жердің табиғаты мен тарихын, халық өмірі мен олардың азаттық пен бостандық жолындағы іс-әрекеттерін жан-жақты суреттейтін реалистік туынды.

«Алматы – қалам менің» романы (аяқталмаған) екі бөлім, бірнеше беліктерден тұрады.

Туынды табиғатын Гетеңің: «Адам өмірінің биік шыны – жастық» деген даналық мәйегіне толы қанатты сөзі эпиграф міндеттін атқарып тұрып-ақ ап-айқын ашқаны ақырат жайттардың бірі дер едік.

Романың бастапкы беліктерінде, тақырыптық-құрылымдық өзгешеліктерінде – адам мен оның өміріне, арман-мұраттарына зор маңыз беріледі. Адам өмірінің қызық та кимас сәттері – жастық кезені, достық пен жолдастық, сыйластық иірімдері, қыз бен жігіттің қарым-қатынастары, отбасылық өмір мен тұрмыс-тірліктің тынысы т.т. тақырып табиғатына, оқиғаның шындық сипатында кен өріс алуына тәп-тәуір қызмет еткенін байқауға болады. Мәселең, «Көшедегі бір оқиға» – Абыз бен Шәнгерейдің қарым-қатынасымен қатар кездейсок қызды кездестіруін, оның Абыз сонына түсіп, аяғында көз жазып

калуын сөз етеді. Абыз кездесіп, жүздеспесе де, достарымен бірге «сол сұлу» үшін рюмка көтереді.

Абыз бұдан кейін өмір-тұрмыстың ауырлығынан институттан шығып, енбек етеді. Пәтерге ауысып, онда Терохин, Лида, Ольга сынды жастармен танысады. Жолдастық, достық қарым-қатынаста болады. Әсіресе Абыз бен Лида арасындағы қарапайым қарым-қатынас, өмір, уакыт, кітап т.т. төңірегінде кең өріс алады. Бірін-бірі ұнаташып, ол-кимастық сезімге ұласады. Абыздың Лидаға арнаған хаты, Лиданың күнделігі олардың қарым-қатынас, көзқарастарымен бірге өзіндік сенім-сезімдерін де кеңінен көрсетеді.

Абыздың Нұргулғе үйленуі, анасын қолына алуы, Қызыл Армияға қызмет етуге аттануы өмір-тұрмыс сырларына сай беріледі.

Ана мен бала махаббаты, олардың бір-біріне қарым-қатынасы, көзқарасы мен құрметі, жанашырылық һәм құштарлығы, сағынышы мен сүйіспеншілік сезімдері бар асылдан да биік, кымбат та қастерлі сипаттарға ие болады.

Негізінен, «Алматы – қалам менің» романындағы өмір оқиғалары, дала мен қала көріністері, кейіпкерлер жүйесінің (Абыз, Лида, Нұргұл т.б.) болмыс бітімдері, тұрмыс-тірліктің алуан ірімдері шынайы шындықтарды арқау етуімен, көркемдік-эстетикалық мұраттарымен көңілге конымды ұлайлды.

Мұның бәрінен, әрине, әдебиетші Р.Ыңдырысов айтқандай:

«Бұлқышевтың ақындық, жазушылық, журналистік қыры мен сырын, оның өмірге, қоғамға, совет адамына деген жаңа көзқарасын, адамгершілік, ерлік, отаншылдық қадір-қасиетін, өзінің асыл арман, игі мұрат, ізгі максаттарын оның жарияланған, сарабдал енбектері арқылығана көріп кою жеткіліксіз. Баубектің шын тұлғасын, болашақтың асыл адамы тұлғасын оның жазған хаттарынан да байқаймыз. Ол хаттарда жауынгер жастың өмірге, Отанға, туған ел, өскен жерге, досқа, жолдасқа, бақытқа, талапқа деген көзқарасы, ой-пікірі айтылады. Енді бір топ хатында болашакқа сенімі, қанатты киялмен, келешекті көксең көкейкесті ойлары желі тартады» (Кітапта: Бұлқышев Б. Адамзатқа хат (Алғы сөз). – Алматы: Санат, 2005, 6-бет)

Б.Бұлқышевтың шығармашылық мұрасының айрықша бөлігін – эпистолярлық жанрдағы туындылары алатынын айту орынды. Бұл ретте әсіресе майданнан жолдаған хаттардың айтары да, танымдық-тағылымдық түстары да мол.

Хаттардың мазмұны мен ондағы козғалған жайттардан: Отанға, ел жерге, жақын-жыуққа, дос-тысқа деген жанашырылық пен құштарлық, сағыныш пен сүйіспеншілік сезімдер жан-жүректен, шынайы көңілден шыққандықтан да калың көпке кедергісіз жетеді. Айтальық, «Бауырым

Капан!» деп басталатын хатта өмір мұратын, мамандықты мактаныш тұту – айқын, бедерлі беріледі:

«Менің мамандығымның өзі сондай, оны тек мереке күндердегі электрикпен салыстыруға болады», – десе, жас қаламгерлердің камқоры, журналист-жазушы М.Иманжановқа деген жан-жүрек жылуы мен көніл тазалығында шек жок:

«... адап адам Отаның сүйеді. Адал ак жүректе Отан анасындей. Отанның дегенін істеу – қуаныш, мактаныш. Отанға деген махаббатты, әсіреле бізде өлшеуге болмайды» (15.IX.40) немесе:

«Сенсіз Алматы маған қызық болуы күмән нәрсе. Менің арқа сүйеттін, кеудедегі толған сырды, сөзді саған төгетін бір-ак биік шыңым бар. Ол сен ғой. Шығыста менің мұнарым бар сияқты, ол сен ғой, Мұқанжан!» (1.9.42)...

Осындағы тақырып, мазмұндағы хаттар мен тілек-лебіздер өте көп. Берінде де жан жылуы, құштар көніл, сыр-сезім мол. Демек, хаттілекте де өмір, сағыныш, сезім бар. Б.Бұлқышев хаттарындағы терен сыр мен сезім күшінің мән-маңызы да осында болса керек.

Тұтастай алғанда, жауынгер-жазушы һәм журналист Б.Бұлқышевтың шығармашылық мұрасы өз заманы мен уақытының көкейкесті мәселелерін, атап айтқанда:

– адам өмірі мен еңбегін, бақыты мен қуанышын, сыр-сезім іірімдерін ғашық жүрекпен, сағыныш-сүйіспеншілікпен суреттейді;

– шағын жанрдан көлемді романға дейін азаматтық мән-маңызы жогары тақырыптар – ұлттық мұратты ұлықтау, Отанға, ел-жерге адалдық, халықтық дәстүр өнегелері мен мәдени-рухани іске жана-шырлық пен құштарлық кең көлемде көрініс береді;

– қоғамдық-әлеуметтік мәселелер, дәуір дидары мен тынысы, өмір-уақыт шындықтары, түрмис толқындары мен сырлары кезең көріністерімен сәйкестікте беріледі;

– адам әлемі мен адамгершілік іірімдері, жастық пен достық дастаны, ғашықтық ғаламаттары мен перзенттік қарыз-парыз істері қоғамдық құбылыс пен кезең көріністерімен, елдік мәселелермен бірлік-байланыста баяндалады;

– шағын жанр һәм көлемді туындылар табиғатынан – қоғам мен адам арақатынасы, өмір-уақыт тынысы, тарих пен таным өлшемі, соғыс пен бейбітшілік сипаттары, адамдық һәм адалдық мұрагтар тағылымы терен танылады;

– ең бастысы, әрине адам факторы, оның өмірі мен еңбегіне құрмет сезімдері, заман шындығы мен уақыт тынысының бедер-белгілері, адамдық іс пен адамгершілік мәселелері, кісілік пен кішілік

сипаттары, игілік пен ізгілік мұраттары, сыйластық сырлары өзіндік өзгешеліктерімен шебер де шыншыл, сенімді де серпінді сөз етіледі.

Жалпы, жауынгер-жазушы Б.Бұлқышевтың шығармашылық мұрасы – адамдық істіардақтаудың, өмір мен уақыт шындықтарын танып-таразылаудың, тарих пен таным өлшемін, соғыс пен бейбітшіліктің ара салмағын айқындаудың жарқын көріністерінің бірі. Кеше мен бүгіннің байланыс-бірлігін бейнелі де бедерлі, шынары да шебер суреттеудің үздік үлгісі. Жасын тағдыр, жарқын өмір өнегесі мен үлгі-өрнектерінің бірі ھәм бірегейі осы.

ЖЫР МЕН СЫР

Казак әдебиетінің дарынды тұлғаларының бірі – Илияс Жансүгірұлы кенес дәүіріндегі сөз өнерінің жанрына мол үлес қосты. Ұлттық әдебиетке ақындық қуатпен де, кен тынысты проза мен мол арналы драма арқылы да рухани олжалар әкеліп, адам мен оның іс-әрекеттерін, халық өнерпаздарының таланты мен тағдырын т. т. реалистік үлгіде бейнеледі. Сондай-ақ революция туғызған уақыт шындықтары, халық өміріндегі өзгеріс-құбылыс пен әлеуметтік-рухани талаптар ақынның “Арыным” өлеңінде:

... Тапсыз тату, мерекелі, өнерлі,
Ел жасаймыз, еңбегіне куанған, –

деп айқын да бедерлі берілген.

Бұл – азаттық алған еңбекші халықтың өмір мұраты, уақыт ұсынған шындық болатын.

Бұл – ғасырлар тереңінен сыр боп жеткен азаттық, теңдік, ынтымақтың салтанат қаруы еді.

Осылай айқын ой, биік мұраттар I. Жансүгірұлы мен шығармашылық мұрасында халықтың өткен тарихы мен тағдырын, тұрмысы мен дәстүр-өнегелерін, ел ардағы – өнерпаздар өмірін көркем де шындық сипатта суреттеуге негіз болды.

I. ЖАНСҮГІРҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Илияс Жансүгірұлы 1894 жылы Қапал уезі Аксу бولысының Қарағаш ауданында (қазіргі Талдықорған облысының Аксу ауданындағы “Кызыл таң” совхозы) өмірге келген.

Анасынан ерте айырылған Илиасты ескіше сауатты, әңгімеші әрі өнерпаз әкесі Жансүгір Берсүгіров, камкорлық пен жауапкершілік сезімді терең түсінгендіктен, халықтық дәстүр-өнегеге сай тәрбиеледі. Жетісудың сұлу табиғатын, ән мен жырдың әсем әуенін зерек Илияс бойына да, ойына да ерте сініреді. Илиастың колөнерге бейім, өлеңжырға әуес болып есуі де осы кезеңде анық аңғарылған болатын.

Өмірге құштар, өнерге құмар жас Илияс жүйелі білім нәріне деңдеп ене алмады. Қарағаштағы қазақ-татар тіліндегі бастауыш мектепті бітіргенмен (1911 ж.), күнделікті тұрмыс салмағынан алысқа ұзамады. Ауылда жүріп ойын-сауықты, табиғат суреттерін тамашалады. Арман толқынына еріп беріп, жастық шакты, сүйіспеншілік сырларын шертті. Абай, Махамбет, Ақан, Біржан, Сара, Әсет т.б. рухани мұралармен танысып, нәр алды. Әсіреле Абай поэзиясын оқып-тәнисқаннан кейін:

“...Өзімде бір турлі сергектік, сілкініс, жүрегім де жаналық сезгендей болды” дегінде шындық бар.

Жүйелі білімнің аздығы мен көрген-білгеннің тайыздығы I. Жансүгірұлына өмір сабағын да, тағдыр салмағын да терең сездіртті. Ендігі жерде мол білім алу мен еңбекке аралысуның қажеттілігі туды. Алдымен Алматыдағы үш айлық мұғалімдер курсын аяқтап, Та什кенттегі мұғалімдер даярлайтын қазак-қырғыз институтына кабылданады (1920 ж.). Окумен бірге “Ақ жол” газетінде корректорлық қызметті коса атқарады. Осы кезде Алматыда шығатын “Тілші”, “Кедей еркі” газеттеріне көніл толқынын тербел, жүрек сәулесіне түскен өлеңдері (“Еңбекшілерге”, “Ортақшыл партия” т.б.) жарияланады. Бұдан басқа “Лениншіл жас” газеті мен “Әйел тенденсі”, “Жана мектеп” журналдарына да өмір, табиғат, тұрмыс суреттерін арқау еткен алғашқы өлеңдері басылып тұрды.

I. Жансүгірұлы 1921–22 жылдары ауылдық мектепке мұғалім болса, 1922 жылы “Тілші” газетінде әдеби қызметкер міндетін атқарады. “Жас алаш” газетін шығаруға катысады. Бұл кезде I. Жансүгірұлы кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы еңбекшілер өмірін, әлеуметтік құрылыш пен таптық қайшылықтарды, өмір, уақыт сырларын көрсететін өлеңдер жазды (“Арман”, “Өзіме”, “Маңым”, “Шымшытырық”, “Қалпының”, “Талғамалар” т.б.).

I. Жансүгірұлы 1925–28 жылдары Мәскеу Коммунистік журналистика институтында оқиды, “Еңбекші қазак” газетінде жұмыс істейді (1928–31 жж.).

Бұл кезең қаламгер өмірі мен шығармашылығының маңызды тұсы болды. Ол қазақ әдебиетінің бар жанрына үлес косумен катар, оның калыптасуы мен дамуына да зор ықпал етті. В.И. Ленин туралы өлеңдер топтамасын, “Заводта”, “Жетісу суреттері”, “Отарба” секілді адам өмірі мен енбегін, ел мен жер тұғастығын, табиғат тамашаларын бейнелейтін туындылар жазды.

1927–28 жылдар I. Жансүгірұлы шығармашылығы үшін өнімді де табысты кезең болып табылады. Ақын өмір, уақыт ұсынған шындықтарды әлеуметтік-этникалық тұрғыдан, адами-гумандық сипаттар арқылы көркем, бейнелі суреттейді. “Беташар” (1927), “Сағанак” (1928) атты алғашқы өлеңдер жинағы жарық көреді.

I. Жансүгірұлы 1932 жылы КСРО Жазушылар одағының қазак ұйымдастыру комитетінің тәрағасы болып, Қазақстан Жазушылар одағының председательдігіне сайланады. Осы кезеңде қазақ қаламгеріне, жас үрпақ тәрбиесіне камкорлық жасап, әдебиеттің дамуына әр алуан жанрлар арқылы (“Кавказ”, “Екпін күйі” (“Социалды Қазақстан”), “Қара теңіз” – өлеңдер, “Жарыс” – әңгіме, “Теменнен толқын” – очерк т.т.) ерекше ат салысты.

1934 жылдың 17 тамызында Мәскеуде өткен кенес жазушыларының Бүкілодактық I съезіне қатысып, Қазақстан жазушыларының атынан сөз сөйлемді.

1933–36 жылдары ҚАССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болады.

I. Жансүгірұлы 1927–37 жылдар аралығында казак әдебиетінің дамуына әр алуан жанрлар бойынша (поэзия, проза, драма, аударма, сын т.т.) үлес косып, мол әдеби-рухани олжалар әкелді. Қаламгер қуаты, талант дарапты “Дала”, “Күй”, “Күйші”, “Күллагер” поэмаларын, “Жолдастар” романы мен “Кек”, “Түрксіб”, “Исатай – Махамбет” пьесаларын, қөптеген әңгіме-очерк, фельетондарын туындатты, олар тақырыптық-идеялық түрғыдан да, көркемдік-рухани олжаларымен де салмақты, мәнді болды.

Ілияс ақын өз кезеңінде әрі рухани мұрасында өнер адамдарын биікке қөтеріп, ерекше асқақтатқан. Әсет, Малқыбай, Сары үйсін, Ақан серінің т.б. өмірі мен тағдырларын терең біліп, шығармашылық мұрасында көркем де тартымды жырлады.

I. Жансүгірұлының жинап, бастыруымен Ақан серінің, Сүйінбай акынның өлеңдері, Ш. Құдайбердиев жырлаған “Ләйлі – Мәжнүн” поэмасы т.т. жеке кітап түрінде жарық көрді.

I. Жансүгірұлы аударма өнеріне де ерекше белсенделікпен қатысып, бұл салада қыруар енбек етті. Атап айтқанда: М. Горькийдің “Дауылпаз туралы жырын” кара сөзben де, өлең үлгісінде де казақша сейледті. Сондай-ақ В. Маяковский, М. Лермонтов, Н. Некрасов, Д. Бедный, А.Жаров, И.Уткин т.б. саяси тірі азаматтық, халықтық түрғыдағы поэзиясынан үлгі-өнеге ала отырып тәржімаласа, Батыс классиктері мен алыс-жакын бауrlас халықтар әдебиеті өкілдері: Г. Гете, В. Гюго, Г. Гейне, Ф. Токай, К. Лахути т.б. поэтикалық шығармаларын түп нұсқа негізінде көркем де асерлі үлгіде аударды.

Ақын А.С. Пушкин мұрасына ерекше ілтипатпен қарап, алғашқы кезде жекешелеген өлеңдерін, сосын “Гаврилиады”, “Евгений Онегин” поэмасын өзіндік белгі-ерекшеліктеріне сай әрі көркемдік-рухани талаптарды сактай отырып аударды.

Ақын есімі ел есінде сақталып келеді. Еліміздің қөптеген жері I.Жансүгірұлы есімі мен еңбегіне байланысты аталауды. Талдықорған қаласында I.Жансүгірұлы атындағы педагогикалық институт бар. Мәдениет сарайы мен әдеби мұражай, қөшілік кітапхана жұмыс істейді. Ақсу, Қапал аудандарындағы орта мектептерге ақын есімі берілген.

Кенес кезеңінде казак әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына айырықша үлес косып, ақындықтың биік шыңына шыққан I.Жансүгірұлы уақыт салмағынан “уақыт тұтқынына” айналып, репрессияға ұшырайды. 1938 жылы қайтыс болады.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

ӨЛЕҢДЕРІ

I. Жансүгірұлының поэзиялық мұрасы казак халқының өмірі мен даласының тынысын, асқақ мұраттарын, Жетісу жерінің кәусар ауа, көркем суреттерін көнінен көрсететін құдіретті де, парасатты әлем. Ақын өлеңдеріндегі тақырыптық-идеялық арна, көркемдік-сурет-керлік сипаттар, сөз сыры мен ой жүйесінің үйлесім-үйрімдері – халық әдебиетінен, ақын-әнші, өнерпаздардың әсер, ықпалынан кен өріс алады.

I. Жансүгірұлы алғашкы өлеңдерін ауызекі айтып, көңілі мен қойын дәпптеріне түсіргені болмаса, баспасөз бетін кеш көреді. Ақан, Біржан, Сара, Сүйінбай, Шөже, Кемпіrbай т.б. рухани мұра, өнерлерімен етene таныс әрі Әсептің әнін естіп, Абай жинағын оқығаннан кейінгі Илиястың ақындық әлемге, сөз сырына құштарлығы арта түседі. “...Жазуға талабым оянды. Келсе де, келмесе де шұқылап өмірді өлең қыла бастадым” деуі де осы кез.

Ақынның алғашкы өлеңдері 1915–16 жылдың еншісіне тигенімен, кейінгі кездегі ізденіс нәтижелері бұдан ертеректе басталғанын айқындалп отыр. Айталақ, “Күзгі гүлгө” (1912) атты өлең дала мен табиғат сырын, жыл мезгілдерінің белгі-ерекшеліктерін ашуға арналған. Ақынның:

Киғаш қас, қырғи мойын, құбылма шаш,
Қарасы кандыратын көздің қыбын.
Қалмалты ажар, шырай, суреніңіз,
Сүзек пе, сүзілме ме сенін мұның, –

деп, жайылған жапырағы, салқын самалы жок сарғайған гүлмен сырласуы – табиғатпен тілдесу, өмір заңына ден қою, көрініс-құбылысқа үн кату болып табылады. Сонымен бірге табиғат тынысын адам өмірі мен міnez қырларына сай суреттеуі – өзіндік ізденісті, өмірге құштарлықты да көрсетеді.

Ақын “Бұлбұлға” деген өлеңінде де “ерікті алып, ес шығарған”, қызықтырып, ынтық еткен әсем әуезді, сұлу үнді-құстың жүрекке жылы көңілге қонымды әсері жинақы, тебіреніспен түйінделеді. Ал “Арман”, “Өзіме” атты өлеңдерінде уақыт сырына ден қою, қоғамдық ой айту, әлеметтік әділетсіздікке қарсылық білдіріледі. Уақыт салмағы, қоғамдық теңсіздік:

Мезгіл бар ма құтылар,
Шыңжырлаулы тағдырдан? –

деген жолдар арқылы берілсе ("Арман"), кезең шындығы, өмір толқынының іірімдері:

Байды зорсып, кедейді нашарсынып,
Бұзылдың көзі құрғыр, елді талдап, –

делінеді ("Өзіме").

Ақын өмір ағымын, уақыт сырын мезгіл суреттерімен, лирикалық тұлғаның дүниетаным иерімдерімен табиғи үштастырады. Осының негізінде өмір мұраты, уақыт шындығы айқындала түседі. Автор лирикалық кейіпкер арқылы жаңа уақыттың сырына ден қояды, ел ішіндегі келенсіз жәйттерді, ішмерез жандарды сын тезіне алады. Осының негізінде қоғам дамуын, өмір зандалықтарын, адам орнын көрсетіп – әділеттілікті, теңдікті, ынтымақты жактайды.

Ақынның 1915–16 жылдары жазылған өлеңдері ("Сәлемдеме", "Көңілдің жүгірісі", "Жанды сөз", "Ынтықтар", "Замандасқа", "Қалпымыз", "Талғамалар" т.т.) қоғам жайын, халық өмірін шындық сипатында көрсетіп, адамгершілік пен әділеттілікті ардактауға, окубілімге үндеуге негізделген. Сондай-ақ надандық пен тоғышарлықты, ішмерездікті сын тезіне де алады. Мысалы, "Сәлемдеме" өлеңінде "Адал жүрек, ак ниет" орны, "Ақылды ой мен асыл сөз" сыры кен мағынаға ие болса, "Жанды сөз", "Замандасқа", "Қалпымыз" өлеңдерінен ұлттық тәлім-тәрбие іірімдері, дидактикалық сипатпен бірге, Абай әлемінің әсері сезіледі. Сондай-ақ "Талғамалар" өлеңі үгіттік мәні болғанымен, өсиет-нақылға құрылған. Жыраулар поэзиясының әсері де анғарылады. Өлеңдегі жүйрік ат, ұлу ару, әсем әуен, қызықты жастық шак, талап пен талғам үндестігі уақыт сырына сай шықса, керісінше, "өсек айтып, сөз баққан", "жылы жансып, адалсып" жүретін мерез адамдардың қулық-сұмдықтары сыналады. Негізінен алғанда, бұл өлеңдер қоғамдық өмірдің сырын, адам орны мен тұрмысының шындығын, "Жаста білген, басқа сіңген" ұлттық тәлім-тәрбиенің орасан зор күші кеңінен көрсетіледі.

I. Жансүгірұлы лирикасының алғашкы кезеңінде қоғам, өмір, тұрмыс суреттері жүрек – айна, орамал – өлең, көкірек – ақыл, жақсы мінез, жанды сөз, тіл – перде болып өріс алады. Өлең формасы қалыпты үйлесіммен-ақ қоғамдық ойға негізделіп, эстетикалық принциптерге сай шығып отырады. Біркатарап өлеңдері, айталық "Алыс-беріс" – дидактикалық элементімен, "Қазак үйдің тұрмысы" – этнографиялық көріністерімен көрінсе, "Жаз-құдаша" – табиғат суреттерін, "Тілек" – жаңа кезең шындығын, "Арыным" – азаттық үнін айқын анғартады. Осы арқылы автор өмір мұратын, уақыт алға тартқан сан алуан сұрақтарға жауап іздейді. Нәтижесінде – ел бірлігін, жер бүтіндігін, адам орны мен іс-әрекеттерін асқақтата түседі.

Революциялық кезең шындығы, курескер ұжымның мақсат-мұрраттары “Жас бұлбұлдарға” (1921), “Жаршылар үйымының жетісі” (1921), “Жалпы жасқа” (1921), “Жанаар тау” (1922), “Жастар ұраны” (1922) секілді өлеңдерге тән. Айталақ, “Жарлылар үйымының жетісі” өлеңінде бірлік-берекенің ынтымаққа бастайтынын:

Басынды жып,
Қасынды тып,
Жанданса жарлы үйымын.
Ашылып мерей,
Косылып кедей,
Тенесе көппен иығын, –

десе, “Жалпы жасқа” өлеңінде:

Топтан, тұтас, тұғандас!
Жасасын еркін! Жоғалмас
Жамырас, үлес, жалпы жас
Косыл, козгал, коғамдас! –

дейді. Немесе “Жастар ұраны” өлеңінде:

Жанадан жасалған,
Гүлденіп жасарған.
Тұрмыстың тұтқасы –
Көмекшіл көбіміз.
Кел, жастар, алға ұмтыл,
Ел үшін енбек қыл, –

деп азаттықты ансауы, тендікке ұмтылуы жеңіл де накты беріліп, сол жолдағы іс-әрекеттері сенімді суреттеледі. Бұл реттен алғанда, аталған өлеңдерде азаттық жолындағы іс-қимыл революциялық рухпен көрсетіліп, үгіттік сипат алған, жаңа уақыт сыры, жарқын оптимизм айқын аңғарылады.

Ақын өлеңдері тапқырлық түрғыдан да, идеялық-көркемдік нысанасы жағынан да көпкүрлілігімен әрі бейнелілігімен дән койғызады. Бұл ретте мезгіл суреттерін кедей-кемтарлардың өмір, тұрмысымен байланыстыруы, келешекке үміт көзімен қарау реалистік мәнге ие болған. Бұл қатардадағы “Бұлт” (1922), “Егінші” (1922), “Жауында” (1923), “Жаз”, “Күз” (1922), “Жас жалшыға” (1923), “Ұлы күн” (1923) секілді өлеңдер жаңа уақыттың үнін, соган сай әрекет етудің мүмкіндіктерін көнінен көрсетеді. Ақын “Бұлт – бебек, тау – ана” келбетін (“Бұлт”), өмір мен табиғат үйлесіміндей жанды портретке айналдырса, дикан мен енбек жемісін:

Енбегін жаңып, мінекей,
Жайқалып тұр егінін.

Енбегі ғой көгерген,
Егіншідей еріннін, –

деп (“Егінші”(бедерлі бейнелейді.

Бұл тақырып әсіресе “жүрегі таза, көңілі ак” – жарлы-кедей, “жастын қару жарағы” – оқу-білім, “Әлемнің әміршісі – еңбек” төнірегіндеге кен өріс алады. Ақын жаңа өмір мен келешектің көкжиегі ретінде еңбек тақырыбын, оқу-білім жайын “Май тойында”(1923), “Орак науқаны” (1924), “Жастар” (1924), “Саналы жастарға” (1924), “Оқимын”(1925) т.т. терен тебірініспен жырланады.

Ақын поэзиясындағы жер жаңнаты – Жетісу, туған жер мен елге, оның адамдары туралы сыр шертетін өлеңдерінен қалам қуаты, сан алуан ізденіс үлгілері, көркем де бейнелі философиялық топшылаулар терен танылады. Абайдың рухани әлеміне қанық Ілияс өз өлеңдерінде жыл мезгілдерін, ондағы өзгеріс-көріністерді, адам мен оның еңбек әрекеттері уақыт іздері арқылы бейнелі жеткізеді. Табиғаттың көрінісі мен тіршіліктің алуан тынысын:

Күркіреп, күніреніп ұласып аспан,
Сіркіреп, бұлт тұмшалап, жаңбыр жауар,
Бұркіреп жауказындар жарап гүлін,
Үлбіреп өсер шөптер, құлпыра пар гул, –

сипатында көрсетсө (“Жазғы салым”, 1922), “Жазғы тан” – мезгіл әуендерін тап басып, суреттейді. Сондай-ак “Жазғытұрым” (1922), “Жазғы шілде” (1922), “Күз” (1922), “Қыс” (1922), “Жаз” (1923), “Жайлай” (1923), “Көктемде” (1923) т.б. өлеңдерде табиғат суреттері, жыл мезгілдерінің “мінезі” бірде ағынды ағыстай буырқанып кең арна алса, енді бірде ұлпадай үлбіреп – май тоңғысыз кейіп танытады. Табиғаттың мұндай көрініс, құбылыстары адам мен оның еңбек әрекеттері арқылы да беріліп отырады. Ақын мұндай мезгілді: “Ауыл көшті қыстаудан”, “Күс ұясын түзеді” (“Жазғытұрым”), “Жас қозылар марқайды” (“Жазғы шілде”), “Ел күзекке коныпты” (“Күз”), “Жер-көкті ана бүріп, қызыл жалап” (“Қыс”) деп нақты көрініс, бейнелі бедер-суреттермен сомдайды. Таныс көрініс, женил тіл, алуан салыстырулар көз бен көнілге кедергісіз, конымды ұлрайды.

Ақынның табиғат лирикасының биік шыны – “Жетісу суреттері” (1925). Өлеңдегі бірнеше тараудан (“Жалпы сын”, “Тау суреті”, “Жетісуда су суреті”, “Жетісү жәндігі”, “Жер түгі”) осы өлкенің жер-су, аң-құс, өзен-көлі, жалпы табиғаты хас шебердің шабытты шакта туған туындысындағы әсер береді. Ақын өзі туып-өскен өлкеге деген махаббатын, сүйіспеншілігін Жетісудің өткен тарихымен де, коршаган табиғат байлықтарымен де әрі оны мекендеген адамдар өмірі, тұрмысы мен дәстүр-өнегелері арқылы да көркем, нақты жеткізеді. Жетісуды

құраған – Көксу, Лепсі, Іле, Шудың шартарапқа тараған аты мен затын, бұлтқа оранған меніреу мұз, ну тоғай мен қоғалы көлді, саятшылық өнердегі мылтық пен бүркіт, қақпан орнын жілкесі тізгендей жүйелі, табиғи сөз етеді.

Ақын Жетісудың жалпы сипатын:
Жер таппан жерде жетер Жетісуым,
Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шуым.
Аскардың аспан сүйген сілекейін,
Жан бар ма татпайтұғын, айтпайтұғын!
Бөленген бұлтқа мәнгі меніреу күз,
Ну тоғай, қоғалы көл, қоңыр құмым...

Жетісу, кеуден аскар, аяғын көл,
Қоңын құм, мықынында бар сексеуіл...

Саятта ан аңдыған ол бір мерей,
Мылтық ап, бүркіт ұстап, қақпан салып...

деп білдірсе, “Tay суреті” туралы:

Тарбаған Тарбағатай жердің күты,
Барлық ел “қыдыр түнеп көшкен жұрты”.
Оранған ак кебенек аруакты Алтай,
Төгіліп бізге таман жатыр мұрты.
Ертеде сол аскардың саулетіне
Киыспай қыргындақсан талай жұрты.
Ақшұнақ, Жабагалы, Мыңшұқыр, Таз,
Бұлардың бәрін тізген Жонғар тұркы...

Талғар тау – тарғыл ала шоқы биік,
Аскактайд емшегі, ерні көкке тиіп.
Арқырап аскарынан құлаган су –
Бауырын балбыратқан еліне иіп, –

деп “мұз көйлек көк мұнармен белін буған” көріністі, Қарқара, Көктөбе жайлауларының жанға жайлыш ауасын, қарагай, аршаның келісті келбеті т.б. әсерлі баяндалады.

Сондай-ақ Қаратал, Көксу, Іле, Шу – ел мен жерге береке, байлық көзі болса, ан-құс, жәндіктер – аю, бұғы, бұлан, ілбіс, сілеусін, қарсақ, сусар, құлжа, қарақүйрық, ителгі, қырғи, шымшық, Жетісу жерінде кездесетін әр түрлі ағаш пен шөп атаулары, дәрілік өсімдіктер – долана, ұшқат, шетен, арша, шырганак, сәнке, терек, тобылғы, боз-караган, шенгел, мынтамыр, жуа, рауғаш, жалбыз, сыйызғы, мендуана т.б. ат-атаулар ақындық өнердің қуат-құдретімен коса халық өмірі мен тарихынан, кәсіп-тіршіліктерінен мол сыр шертеді. Өлеңдегі Жетісудың тағдыр-талайы, тау-су суреттері, жер түгі мен жәндіктер

т.б. көрініс-құбылыстар жанды бейне, накты деталь, көркемдік ірімдерімен бедерлі.

Жалпы, “Жетісу суреттері” – ел-жер тарихын баяндаумен бірге, ақындық өнердің биік үлгісін де танытқан туынды.

I. Жансүгірұлының лирикасында әлеуметтік-таптық сарындармен коса, Октябрь, В.И. Ленин, Коммуна, қазак өмірінің тұрмысы, кеше мен бүгін мәселесі кеңінен көрінеді. Бұл бағытта “Ұлы күн” (1923), “Октябрь күні” (1924), “Ленин өлді” (1924), “Ленин тірі” (1925), “Коммуна” (1925), “Ұштаскан үш тілек” (1927), “Ұлы Октябрь” (1928) т.б. өлендерде өмір-көрініс суреттері, революциялық өзгерістер, жана уақыттың із-бедері жан-жақты суреттелген. Ақын бұл тақырыптарды уақыт үніне сай өлең-толғай түрінде де, монолог, диалог сипатында да жеткізеді. Кайсыбір көрініс, жекелеген суреттер жалаң баяндалмай, адам мен оның іс-әрекеті, ел-жер мәселелерімен байланыстырылып, көркем тенеу, символдармен суреттеледі. Ал “Заводта” (1926), “Ресей жері” (1927), “Отарба” (1927), “Гималай” (1929), “Мавзолей” (1929), “Казакстан” (1929), “Мәскеу – Қазақстан” (1930), “Октябрь екпіні” (1931), “Шаттық жыры” (1934) секілді өлендерінде жаңа уақыт үні, әр түрлі ұлттардың өмірі, еңбектегі тыныс-тіршілігі жарқын, шаттық сезіммен жеткізіледі әрі дәстүрлі үлгіде, көркемдік құралдардың мол колданылуымен танылады. Мысалы, ақын “Заводта” өлеңінде шойын-темір қорыту кезіндегі машина үнін, дөңгелек дүрсілі мен ұршыктар ойынын, қызған темірді арыстан, жолбарыс кейпінде көрсетіп, жұмысшы еңбегі мен орнын қаз-қалпында бейнелейді. Ой түйіні:

Бәріне де жан-жақтың
Осындаі оттар толады,
Тегістік деген ұлы үйге
Осылар шеге соғады, –

деп, казак елінде де іргелі өндіріс орны болатынын сеніммен суреттейді.

“Ресей жерінде” – орыс жұртының береке-байлығын, тұрмысын, шаруашылық жайын, орман-тауын, құнарлы жерін отарба арқылы көріп-сезінген лирикалық бейненің болмысы бейнелі баяндалады.

“Гималай” өлеңі “Сұрау” және “Жауап” деген бөлімдерден тұрады. “Сұрау” бөлімі “Гималай аскар неге олай?” деген жалпы ой төңірегінде сыр козғайды. Өленде табиғат суреті, тауда тұнған сырдың жай-күйі баяндалады. Қарлы тау мен бұырқанған бұлтқа оранған Гималай қабабы – құз, мұрны мұз адам бейнесінде де келеді. Ал “Жауап” бөлімінде ақын “Басы мұнар, бауыр тар, Көзі соқыр, көnlі тас, Борбайы борша, арша арқа” Гималайға әлеуметтік мән беріп “көктің кіндігі, жердің тұндігі” санайды. Еңбекші елдің “Заманы тозак, қанды азап” тұрмыстан,

“жаны жара, тәні ауру” кейпінен азаттық, тендікке ұмтылуы сендіреді. Кешегі езілген еңбекшіні:

Ток қарыны басылған,
Аш қарыны ашынған.
Тұман әдет, кар сәлде,
Арылмаған басынан, –

десе, көп ғасырлық ашу-ызынның сыртқа шығуын:

Гималайда қуат бар,
Козгалды оны құрауға.
Гималайда ұлы от бар,
Таянып түр тұтауга.
Гималайда ұлы оқ бар,
Құл атады құдайға... –

деп тұжырым жасайды.

Ақын мұратынан өткен тарихқа үн кату, жана уакыт сырына ден көю терен танылады. Өлең-өнерге айналған Гималай – тарихымыздың тереңінен де, келелі келешегімізден де сыр толғап, философиялық түйіндеулер жасайды.

Сол секілді “Мавзолей” (1929), “Октябрь екпіні”(1931), “Кавказ” (1932) т.б. өлеңдер тарихи кезеңнің бел-белестерін, адам өмірі мен тұрмысының сыр-сипатын сенімді, бейнелі көрсетеді. Әр аluan салыстырулар, адам еңбегі мен женісінің шуақты сәттері келісті образдар арқылы беріледі.

Ақын поэзиясында өмір сырын, өнер құдіретін, халық мұрасының аluan сипатын көрсететін көркем де бейнелі өлеңдер көптеп кездеседі. Мысалы, “Ғұрыптар” өлеңі (1915–16) өмір-тұрмыстың сырын дидактикалық үлгіде жеткізсе, “Анам тілі” (1921) өлеңінде:

Қадірлі, бағасы алтын анам тілі,
Сенімен бағаланған балаң түрі.
Төрт бөліп тұн үйкисын жұбатам деп,
Сенімен алдилеген анам мені, –

деп, тіл құдіреті мен тұғырын, маңыз-мәнін салыстырмалы сипатта суреттейді.

Бұл өлеңдердегі сыр мен сезім, ой мен сөз бірлігінен ақын қуаты мен талантты, сапалы лирика үлгісі көрінеді. Ал “Саптыаяқ” (1925) өлеңі бар-жоғы 4 шумак, 16 жолдан тұрғанымен, өткеннің өнегесін, тұрмыстың сурет-бедерін айқын аңғартады. Ақын саптыаяқтың жалпы сипатын, өмір-тұрмыстағы орнын:

Карынсау, кара тегештей,
Кара коңыр саптыаяқ.

Дөңгелек карын, кемештеу,
Ақжем ернеу, ак қабак.

Шығыршыны шынғырлап,
Айнымайды арбыздан.
Тау сұындай сылдырлап,
Құйылса қымыз құндыздан, –

дел білдірсе, ой түйінінде сыны кетсе де, сыры мол сақталған,
ескерткіш ұлгісіндегі қызметін айқын анғартады:

Қабыққа біткен қайынның,
Беріші еді, безі еді.
Өтіндей-ак аюдың
Әкемнен калған көз еді.

Ал “Көші-кон” (1925), “Сабын” (1925), “Ұршық” (1927), “Баласынан анасына хат” (1927) секілді өлеңдерде қазақ өмірінің әр кезеңдегі белгі-бедерлері, жаңа дәуірдің дидары ақындық қуатпен еркін де келісті жырланады. Мысалы “Көші-конда” қазақ өмірі, тұрмысы құнделікті іс-әрекеттері арқылы маңызды мәнге ие болса, “Сабын” мен “Ұршық” өлеңдері женгенің монологы арқылы сыр ашады. “Сабын” женгенің жыры арқылы өріс алып, тұрмыс-салттың ұлгісін, ескілік, надандықтың таңба-бедерін айқын танытады. Ол туралы:

Сақарың еді сексеуіл,
Сабынның, сағызыша оралышы.
Сабыннан ырым етуші ек,
Оналсан, ісім оналышы, –

десе, халықтың еркіндікке үмтүлісін, жаңалыққа, тазалыққа құштарлығын жана дәуірдің лебі арқылы жеткізеді:

Ауру-ылас, кір-қолан,
Ауыртып еді мазаны ап.
Арылта жуып, сабындал,
Алайын бәрін тазалап...

Сикырлы казан, былғауыш,
Сағыздай сабын оралсын,
Сабыннан ырым етуші ек,
Оралсан, ісім оналсын.

Женгенің сырын ашатын “Ұршық” өлеңі шағын көлемді, бейнелі әрі суретті туынды. Ақын қазақ әйелінің тұрмыстағы тапқыр да ширак әрекеті арқылы қол еңбегін, міnezін тартымды ашады. Ұршыкты нар тайлак кейпіне тенеп, өнімді іс тетігін табады:

Оймышты ұшқат, ырғай сап,
Үршығым, сені колға алам.
Үршығым ұшқыр, нар тайлак,
Жез бүйдалы – желмаям.

Ал “Баласынан анасына хат” өлеңі оку-білім жолында жүрген перзенттің сағыныш, тілегіне негізделген. Окуға құштарлық, өмірге сүйіспеншілік сезімі баланың анаға маҳаббаты арқылы беріледі. Өлең маңызы:

Қуансан куан, анашым,
Болатын болдың қолканат, ..

деп түйінделеді.

Сонымен, I. Жансүгірұлы өлеңдері өз кезеңінің шындығын жаңа мазмұнмен де, азаматтық-публицистикалық леппен де әсерлі, көркем бейнелейді. Әлеуметтік-қоғамдық жағдайлар мен өмір құбылыстары, тарихи тұлға мен оның тағдыры-талайы, адамдар бойындағы ұнамды, ұнамсыз мінездер уақыт үніне лайық сомдалып, жаңаша, соны үлгіде суреттеледі.

Сөйтіп, халық әдебиетінің үлгі-үрдістері, ақын-әнші, өнерпаздардың әсер, ықпалы толғай-терме түрінде өріс алып, эпикалық сарын, екпінді серпін сипатында кен көлемді, мол арналы поэма жанрына негіз салды.

ПОЭМАЛАРЫ

I. Жансүгірұлының поэзиясына тән халық әдебиетінің үлгілері, эпостық серпін, ой мен сезім тұтастығы поэма жанры арқылы кен арна алады. Әсіресе, ақын поэмаларынан ел өмірінің өткен тарихы, күрделі тұлғалар тағдыры, басқа да әлеуметтік-қоғамдық жайлар кен жоспарлы, мол арналы, сюжеті қызық та ширак өріс алады. Алайда маңызды тақырып, сюжетті желіге құрылған бірсыптыра поэмалары (“Мақпал”, “Көбік шашқан”, “Исатай”) аяқталмаған, келесілерін (“Рұstem қырғыны”, “Байкал”) ақын бас-аяғын жұп-жұмыр қалпында жариялад үлгермеген. Мұндайда, әрине, сырттан тон пішу киын. Оның үстіне таланттардың шығармашылық шеберханасына тән құбылыс екені анық.

“Мақпал” поэмасының тақырып ауқымы мен оқиға өрімінен көлемді туындының табиғаты танылады (“Әйел тенденсі”, 1927, №10–11, 89–97). Поэма мазмұны әдебиет тарихында кездесетін, нактырақ айтсак. Ұзак пен Балтагының қарсы құда болуы, Мақпал мен Шабденбектің дос-жар жүріп, байланыстары, сүйіспеншілікке ұласуы, қызық тұрмысының ауыр сәттері, әйел тенденсіздігі т.б. мәселелерден қоғам жайы, адам

мен уақыт арасындағы катынас едәуір көрінеді. Кей тұстары халық әдебиетінің сюжеті, “Козы Көрпеш – Баян Сұлудағы” Қарабай мен Сарыбайдың арасындағы катынастар, классикалық мұралар (“Бозжігіт”, “Шаһмаран”, “Шәкір – Шәкірәт” т.т.) мен Шығыс хикаяларының желісіне құрылған казақ дастандарының (“Мұнлық – Зарлық”, “Ләйлі – Мәжнүн”, “Таһир – Зуһра”) ұлғі-үрдістері де танылады. Алайда әлеуметтік тенсіздік сырты, адам портреті мен оған психологиялық мінездеме беру, көркемдік амал-тәсілдер талап деңгейінен көрінбеген.

“Рұstem қырғыны” – казақ халкы өміріндегі жаугершілік кезеңді – қалмакқа қарсы қуресті, феодалдық дәуірдің керітартпа құқтығыстар азаттық тәуелсіздік жолындағы құрес болса, рулық кезеңдегі адамға, малға байланысты құрес-тартыстар ескілік көзқарасты, соның сарқыншактарын танытады. Әсіреле үйін мен найман рулары арасындағы құқтығыс, адам гағдыры, ел намысы т.б. сын тезіне туседі. “Тере Рұstem ұрыстың батыры бол” үмітінен үрейі басым аз ауылға ойран салады. Барымта, дау-жанжал үстінде адам өліміне жол беріледі. Үйсіннің төресі Рұstem қарсы рудың үлкен-кішісін, бала-шағасын еркінен тыс азапқа салып, аяусыз қырады. Поэмадағы:

Келгендер бітім іздел Рұstemге,
Калыда колға түсіп болды пенде.
Сыптырып атын, тонын – жаланаштап,
Маскара қылды әбден әйгілі елге, –

дегендегі жолдар төре болмысын, іс-әрекетті анғартады.

Автор Рұstemнің қаталдығы мен озбырлығын кезеңнің шындығы, рулық дәуірдің элементі ретінде көрсетеді.

Бұдан баска “Кәмпеске”, “Мәйек”, “Жаңа туған” секілді поэмаларда қыр өмірінің тынысы, ұжымдық енбекке көшудегі халық санасы, 30-жылдар ойранының шындығы суреттеледі. Десек те, жаңа уақыттың сырты, адам образын жасау секілді сипаттар ашылмаған. “Очерк-өлен” (М. Дүйсенов) үлгісінде қалған. Поэтикалық шығармаларға тән көркемдік элементтер, сюжеттік-композициялық түзілістер, мазмұндық сипаттар талапқа сай шықпаған.

Ал “Жарық” пен “Исатай” – елдік пен ерлік сипатты, жеке адамның қасиетін ардақтауға негізделген. “Жарық” – челлюскиншілдердің ерлік істерін есептеуге арналғанмен, адамдардың типтік тұлғасы, көркемдік шешімі әлсіз шықкан. Баспасөз беттерінде кезінде поэмадағы оқиғалардың үстірт, документті-хроникалық шежіре сипатында шыққаны жөнінде М. Әуезов, Ә. Лекерұлы, Е. Ысмаилов т.б. сын айтты.

“Исатай” поэмасына белгілі Нарын қозғалысындағы еркіндікті, азаттықты аңсаған оқиға негіз болған. Исатай төңірегіндегі шаруалардың топтасуы, ортак жауға деген ашу-ызалары сенімді өріс алды.

Сондай-ак өнер иесі, кедей – Жалдықара мен хан тұқымынан шықкан Карлыға арасындағы сүйіспеншілік, еркіндікке ұмтылулары сендеріді. Автор Исатай бейнесін төнірегіндегілердің аузыз бірлігін, ортак жауға өшпенделіктегі арқылы нағымды ашады.

“Байкал” поэмасы Сібір халықтары арасында кеңінен тараған азыз желісінде жазылған. Поэма оқиғасы Байкал есімді катал шал мен оның қыздары төнірегінде өтеді. Мазмұнынан аңғарылатынында, Ангара атты қыз Енисей деген жігітке ғашық болады. Байкал оларға карсылығын арапарына тау-корған койып білдіреді. Ангара басындағы ауыр жайды Бұлак сіңлілеріне айтып, солардың көмегімен жол тауып Енисейге қосылады. Ангараның Енисейге қосылуын, Байкал қөлінің дауылды сәттерін акын адам өмірінің жастық сәтімен, өмірдегі, ордабасындағы көзқарас, тіршілік тынысымен аныздық сюжет негізінде жеткізеді. Мазмұны тартымды, сюжеті қызық, әсерлі оқылатын бұл поэма – махаббат тақырыбын сәтті суреттеуімен мәнді.

Негізінен алғанда, жоғарыда еске алған поэмалар казақ ауылшының өмірін, ондағы таптық тартысты, жана дәуір адамының ой-санасын, елдік пен ерлік жолындағы әлеуметтік-психологияқ өзгерістерді танып-таразылауда берер дегері, рухани нәрі мол.

“Дала” поэмасы – І. Жансүгірұлының тақырыбы маңызды, идеясы айқын, ал көркемдігі алуан үлгіде көрінетін тағылымды туындылардың бірі. Уақыт жағынан екі ғасырдың қамтитын поэма ұлы даланың сырьы мен мұнын, казақ халқының даму тарихының бел-белестерін шабытты сәтпен де, мазмұндық-көркемдік үйлесіммен де, ен негізгісі нақты оқиға-көріністермен бейнелі образ, тартымды тілмен, жинақы жеткізеді.

Ақын поэмаларының “Арнау” бөлімінде:

Жүргім, жырым, сепікі,
Кенесті далам, кен далам.
Тудым, өстім, есейдім,
Ен далам – анам, мен – балан.
Тұған, өскен, есейген,
Еңбек тұлы ел – балан.
Бұрынғы өткен күнінді,
Берейін жырлап елге, анам, –

деп, кейінгі жерде айтылар максат, мұраттарын қыска да көркем үлгіде береді. Сайын даланың сырьы мен мұнын, казына-байлықтарын, қоғам байлығы – адам орнын да көркем, кестелі өрнектейді.

I. Жансүгірұлы “Дала” поэмасы арқылы поэзиямында кенес дәүіріне дейінгі казақ өмірінің тарихын жырлайды. Автор “тарих-шалдың” көзімен әр тарауда (“Ақтабан”, “Құл көгені”, “Құрбандық”, “Сандал”, “Толқын”, “Бостандық” т.б.) ел өміріндегі елеулі

окиғаларға назар аударып, зор маңыз береді. Әсіресе “Бұл не дыбыс, не сарын?”, “Бұл кайнаған неткен күш?”, “Мына дубір не дубір?”, “Әлде ұлы той, әлде топ?” секілді ортақ сауалдарға “тарих-шалдың” көзімен қарап, ұлттық тарихымыздың әйгілі “Актабан шұбырынды, Алқакөл ұлама” окиғасының зардал-зиянын, “Боз даланың қос құты” – Сыр мен Шу өніріндегі канқұйлы қактығыстар, Алатау мен Еділдегі адам төзісіз қанішерлік окиға мен аты – казак, заты – құл шал, кемпір, қызы-бала тағдыры, жетім-жесірлердің зары мен наласы ықшам да жүйелі жеткізіледі. Сондай-ақ патшаның тақтан түсүі, Қазан төңкерісінің қөсемі – В.И. Ленин мен “жана дуние жұлдызы” – Ә.Жангелдин бейнелері тарихи шындық ретінде суреттеледі. Автор казак халқы тарихындағы болған окиғаны, әлеуметтік жағдай мен саяси тарыстауды әр алуан көркемдік тәсілдермен баяндап, уақыт сырын әсерлі, нанымды сөз етеді.

Поэманның “Алло! Алло!”, “Баяндама”, “Той бастау” тарауларында:

Үн келгендей даладан,
Мерекелі дүбірдей,
Ойдан, қырдан каладан, –

деп, казак жеріне тарап жатқан женіс жырын, теңдік сырын терен тебіреніспен, жарқын серпін, сезімдермен суреттейді. Сондай-ақ кешегі құл-құтандар еңсесін көтеріп, “жесір өзен, қысыр қыр” жана түр-түске енеді. Қазак жеріндегі Сарыарқа мен Сыр өнірі, Ақжайық пен Балқаш жері, Жетісу мен Каркаралы, Ертіс, Шу бойы еңбекпен жаңарап, байлығымен, кеңдігімен көркейгені келісті сомдалады. Ал “Той бастауда” Қазақстан даласындағы еңбек дүбірі, азаттық пен бірлік мереійі шабытты, серлінмен суреттеледі.

Жалпы, “Дала” поэмасы – халық өмірінің тарихи кезендері Дала бейнесі арқылы биік поэтикалық денгейге көтерілген әрі әлеуметтік-философиялық іірімі мол, канатты киялға, деректі детальға, орамды тілге толы тағылымды туынды.

“Күй” – И. Жансүгірұлының талант қуаты күштейген, дүниетаным иірімдері кеңіген тұста туындаған поэмасы. “Сюжетті әрекет пен лирикалық толғаныс қатар келіп отыратын” (Р. Нұргалиев) поэма Матайдағы кобызшы Молықбай шалдың “бес бұрап, төрт түкіріп, толғап тоғыз” тартқан күй өнеріндегі орнын көрсетуден басталады. Бес тараудан тұратын туындыда “Жар қабақ, сида, арсақай, сар шұбар шал” Молықбайдың қазақ халқының даму тарихындағы дауылы мен дүбірі, зары мен зобаланы мол аласапыран кезенде “Ақ көбікті” аныратып, “Боз інгенді” күнірентіп, “Көк көбек”, “Қарамаржан” секілді күйлер арқылы кобыз тілінде сөйлетеуді.

Молықбайдын орындауында “Қобыздан құздын күйі, мұздың күйі” естіледі. “Қырда қызығыш, көлде каз-қу” қиқылдаса, талда бүлбүл сайдайды. Алатаудан арқырап аққан өзен, Балқаштың үйқы-түйкі толкыны, жау тиген ауылдағы дүрбелен сәт күй арқылы:

Кейде күй талмаураған, толықсыған,
Кейде өжет, кейде долы албытсынған.
Кейде таң, кейде дарқан, кейде сергек,
Шаршы өрге кейде шапшып шауып тынған, –

деп те естіледі. Күй әсері былай берілген:

...Бой балқып, ой өрістеп, жаңын жусап,
Күзетте калған жалғыз сирек құлак.

Лирикалық кейіпкердің және бір қыры – “Бозінгенді” ертегі сипатында тартуы еді. “Бағылан байдын тіршілігінен Әмударияны қыстап, құмды коныс, Сырдың сүйн мал сұаты” еткенін байқаймыз. “Арқа аттап, аскар жайлап, құм күзеген” іргелі бай екені де кеңінен көрінеді. Көп малдың ішінен бозтайлақ “су ішсе, қырға кетсе, шебін жесе” ерекше назарда болады. Бозтайлақ жасы келсе де қайымаған соң, балгерге бал аштырып, бақсы ойнатып, құмалақ салдырады. Жиналған жұртшылық арасынан жетім тазша сөз алып, бозінгеннің боталайтынын айтады. Бірак боталаған бозінген колды болады. Ол туралы:

Бір ұры бұл ботаны ұрлап апты,
Бай дағы, бакташы білмей қапты.
Ботаны ел аулакқа буып тастап,
Енесін керуенге әкеп сатты, –

деп баяндалады.

Қобыз тілі арқылы осы көрініс бозінген зарына, назы мол ел үніне ұласып, кең даланы күнірентіп жібереді. Қөнілді күпті етіп, жүрекке салмақ салған мұңды да шерлі күйдің пердесін ақын революция шындығымен ашып, қырда желбіреген Қызыл ту арқылы суреттейді.

Поэма сонында лирикалық кейіпкердің күй құдіреті арқылы өмірді өрнектеп, дала мен тауды асқактанып, адам әлемін есептеуге болатынын кеңінен көрсетеді. Ол туралы:

Күй күшті, тауды-тасты бұзатұғын,
Орнына өз өрнегін сыватұғын.
Талқандап тас кереңді үн оятып,
Дүкені дүниенін қызатұғын.

Күй күшті, істі, енбекті сүйдіретін,
Тамырын тас өмшектін ідіретін.

Жарлының тілек күйі, жүрек күйі,
Өмірді білдіретін, құлдіретін.

Демек, “Күй” – жаңа өмір мен уақыттың көрініс-құбылыстарын бай мазмұн, терен идея, батыл ойлар арқылы (“Бозінген” күйінің шығу тарихы арқылы беріледі) көрсеткен байыпты, толымды туынды.

“Күйші” поэмасы (1934) – өнер құдіреті арқылы адам тағдырын, өмір сырын, махаббат пен зұлымдық ірімдерін ашатын кең тынысты туынды. Ақынның “Күй” поэмасынан белгілі қобыз сарыны енді домбыра үні арқылы “Терісқақпай”, “Қара жорға”, “Бозінген”, “Қорамсактай”, “Сары өзен” болып естіледі. Аркадан асып, Алатауды бетке алған хан Кене ордасы, қалын көпшілік көнілі – көл, жүздері – жаз. Домбыра арқылы қазак даласы, дүбірлі кезен шындығы, адам өмірінің алуан сәттері сыр болып шертіледі. Күй әуеніне еліткен “Батыр да, хан да, қыз да, қазаншы да, Бәрі бір домбыраға мінгескендей”. Күйші көшкен елдің ой-аңсарын домбыра арқылы тербел те, тебіреніп те жеткізеді. Енді бірде:

Шашқылдалап бірде аспанда тау қыраны,
Күрпілдел бірде бие саудырады,
Майдалап бірде коңыр самал соғып,
Бұрк-сарқ бірде нәсер жаудырады, –

деп те сан алуан көріністерді қолмен ұстатқандай бедерлі баяндайды.

Әсем әуенге, күйші құдіретіне тәнті болған хан Кененің қарындасты “әйелдін ак сұнқары, ақылы дария” – Қарашаш күйшіні қалап, біржола алады. Күйші енді еркіндігінен айырылып, Қарашаш ханзаданың басты тапсырмасы – күй тарту жұмысымен біржола айналысады.

Қарашаш пен Күйші арасы – психологиялық ірімдерге толы. Күйші алтын мен жібекке, зер кестелі сарайға кез болады. Ак отау, асыл бұйым, түрленген тұсқиіз т.т. Күйшінің көнілін есіріп, сезім селін туғызады. Күй сарыны енді жаңаша түрленіп, өзгеше әуенмен канат қағады. Айдаһар ханзада енді:

Қара кас, қылан кабак, керкүба қызы,
Қара шаш, алма сағак, құралай көз.
Сырыктай ордадагы сымдай бойы,
Тал шыбық, қыпша белдін өзі нағыз...

Күлкісі тау бұлағы төгілгендей,
Сейлесе меруерт, маржан себілгендей.
“Алғандай жерден пішіп” – деген сұлу,
Көркіне көз тойынып семіргендей, –

деп, елес-сағымға айналып, алма ағаштай егіледі, кер маралдай керіледі, екі ерні піскен бұлдіргендей болып, лебізі сусын қандырып, бой

мен ойды ішпей-жемей мас етеді. Күй-әуеннен жаны – дауа, бойына нэр алған Қараашаш “Күйшімен көніл қоссам ба?” деген ойға да беріледі. Бірак теңсіздік, таптық өзгешелік екеуінің арасында мәңгілік корған болып тұрады. Оның үстіне серлігі мен кездігі тен түскен Әлімқұлдың ұлы Сабактың Қараашашты ояту сәті Күйшімен арадағы нәзік сәулеге сызат түсіреді. Сабактың әрекеті құллі елді дүрліктіргенмен, Қараашаштың: “Қайтейін қылышымды қандап соған. Қебіне қидым” дег шешеді.

Күйші бұл көріністерді көзімен көреді. Жан сарайы бірнеше құбылып, сан тараулы күй әуезін төгеді. Көзі мұнартып, сана-сезімі өзгеше күй кешеді. Күй әсерінен көктен нөсер сорғалап, қыраннан қашқан құсты корғатты, айнала-әлем бірде мұн, бірде жалынға айналды. “Ак көбік”, “Бозінген”, “Сары өзен” әуені енді жаңаша естілді. Күйші көнілін сенім, сезімге белеген Қараашаш бірде мегежін, енді бірде кесірткеге айналады. Осылайша, өмір өнерге айналды, адам орны, іс-әрекеттері күй құдіреті негізінде биік денгейге көтерілді. Автор өнер адамын, оның қадір-касиеңін күй арқылы аскактатып, заман кедергілерінен, уақыт сынынан жоғары қояды.

Қысқасы, Күйші өнері, одан естілген сан арналы сөз-сарындар зұлымдық пен сүйіспеншіліктің арақатынасын, өлім мен өмір сырын әр түрлі бедер, бейнелерімен жеткізеді. Ақиқат жалғанды жеңіп, зорлық-зобаланға әділдік үстемдік етеді.

“Күйші” сырьы, шындығы осы.

“Кұлагер” поэмасы (1936) – ақын шығармашылығының биік шыны, өлең-өнердің үздік үлгісі. Поэманың ерекшелігі – құрылымы мен көркемдігінен өзге ел суреттері, өткен өмір оқигалары мен жеке адамның тағдырын кен де тартымды көрсетуінен байқалады. “Толғану” атты алғашқы тарауда ақынның әлеуметтік-когамдық көзқарасы, елі-жері жөніндегі ой-иірімдері, неше алуан сөз асылы – халық казыналары жүрек төрінен тебіреніспен баяндалады.

“Толғануда” өленнің өзені, шат елдің шешені болған ақын “Туған жер” атты тарауда елін сүйіп, ертеңіне елендеген көніл қүйін көркем оймен кестелейді. Тауда туып, таста өскен ақынның:

Жасынан жырлап едім тауды талай,
Гималай, Кавказ, Жәңке, Алтай, Алай.
Орласы ой көнілімнің ала аскарлар.
Жырлатпай журегімнен жатсын қалай. –

деуінде шындық бар.

Осындағы Сәкен жырлаған Кекшетауды ақынның өздігінше сомдауы айқын аңғарылады. Ақын Кекше келбетін:

Көкшетау – жер жаннаты жеке біткен,
Бұл сұлу кен далада бабын күткен.
Жомарт тау дастарханды, момакан тау.
Шипа тау тазарттың барлық дерпттен.

Көкшетау көп жердің бір көркем жері,
Кыз орман, Барабайдың мәлдірлері,
Жамылып жасыл барқыт, асыл құндыш,
Түрленген тоты құстай тау көркемі. –

десе, Арқаның алқасы ретінде Сырымбет, Зеренді, Иман, Айыртауларды атайды. Бұлақтың тәттісі мен тазасы, көлдің мәлдірі мен аң-құстар әлемі де сұлұлыққа нәр берген. Көрген көз қызығып, көңіл өсетін осы өнірде дүние-әлемнен жырақ қайын көленкесінде поэманиң негізгі тұлғасы – Акан отыр. Ерге – тұсау, зорға – думан болған заманда Акан өнері аяқасты етіліп, Ақмарка сұлуға қолы жетпей, кара күш, қаңқу сөзден бойын аулак салған. Ашы тіл, асау мінезінен “азғын, пері” атанады. Табиғатқа тәнірідей сиынып, көк тіреген – Оқжетпесті, айдан шалкар – Барабайды паналяғаны да осы кез.

Автор Аканның өткен өмірі еліне, ортасына қадірін өнері арқылы асқақтата түседі. Ол туралы:

Kisi емес Акан төрде билік айтқан,
Ұры емес ауыл торып, ел шулатқан.
Молда емес мешіт салып, зекет алып,
Нәжісін дүниенің бойға жакқан...
Жүйрік ат, сонар саят, қыз-қыркынмен.
Өмірдің ашы емес, тұшысын да
Кызыктап жігіт ойын, қыз күлкімен. –

деп, тау мен тасты қорған етіп, қолына құс, жүйрік ат ұстап, сұлұлықты жырлайды. Аканның көңіл қүйін “Шомылып мәлдір көлге, орманда үйықтап”, ән – азан, әдемі сөз – намаз, елдің ері екенін:

Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,
Ел тегі алсын кайдан кеменгерді, –

деп, ел мен ер орнына халықтық сипат береді.

“Ас” бөлімінде халқымыздың ескі дәстүрі бойынша дүниеден өткен арауқты еске алу жайы баяндалады. Сайын даланың Ерейменді мекен өткен керей Сағынайдың асы беріледі. Ақын 94 жас жасаған Сағынайдың арғы-бергі жайын білмесе де, “малы мол, малайы көп” байлардың бірі болғанын келісті жырлайды. Қазақ даласы, дәстүрі мен тұрмысына қанық ақын бұл бөлімде әлеуметтік-коғамдық жайлармен бірге ел суреттерін, этнографиялық көріністерді реалистік үлгіде береді.

Асқа жиналған жүрттә есеп жок. Ол былай берілген:

Керейдің ас болған соң осы шалы,
Ағылды алуан жүйрік қосылғалы.
Қаптасты құмырсқадай қырга казак,
Ас емес, шегірткенін жосылғаны.

Караөткел келіп жатыр, Қарқаралы,
Кереку, Баян, Семей, Торғай – бері.
Жетісу осында кеп құйып жатыр,
Арқаға аунап шөкті Қаратаяуы.

... Қазакты асқа келген Арқа күтті,
Су беріп бал бұлактан кілем жая.

Бұдан кейінгі жерде Сағынайдың асына сойылған мал, тартылған табақ, салқын қымыз бен қобыз даусы, домбыра үні ерекше байқалып жатса, енді бір үйлерде ішкен-жегенін айтып, байлық мансабын тұтқа көрген бай-манаптардың өрескел әрекеттері сөз етіледі. “Ет асып, пышак қайрап, малды қырган” – кедейлермен бірге, “қымыз құсқан” билер, “тер сасып, қарның қасып, битін сыққан” – озбыр тап өкілдері өзіндік міnez ерекшеліктерін қимыл-әрекеттерімен де, әзіл-ажуа, құлқімен де өткір, нақты бейнелейді. Сондай-ақ құс мактаган – даракы, мата сатқан – саудагер, атты арбап, атан жұтқан – молда т.б. кекесін үлгіде суреттеледі. Бәйбіше – бауырсақ, келіншек – сарымсақ, қыз – қауыншаш бейнесінде беріледі. Тек кана Ас етін аңсаған малшылар ғана келмеген. Ереймендіде екі ай бойы етке бөгіп, қымызға тойып, елірген топ балуан құресін тамашалайды. Ақын құрестегі түкті караны – бұқа, бура бейнесінде көрсетсе, малшы Жақып – көк бөрі, сексеуіл сипатында суреттеледі. Ал ат жарысын ақын көркем сурет, кең тыныспен жырлайды. Құлагерді алғаш көрген көпшілік: “Жүйрігі жануардың кай жағында?” деп таңданыс білдіріп, бітіміне қөнілдері толмайды. Сонда ақын халық әдебиетінің мол қайнарын, қазак өмірінің сан ғасырлық тарихы мен тәжірибесін кеңінен толғайды. Құлагердін бабы мен сынын Қүрәnbай тап басып айтады:

... Жануар жүйрігі екен жылқы малдың,
Жері ұзак, күші алдында ерен жүйрік.
Бітімі өзі айтып тұр жануардың . . .

Тәует бас, қамыс құлак, қуарған жақ,
Құлан жал, бұлан мойын, кой жұтқыншак.
Қоюн жон, жазық жая, жауырынды,
Құс топшы, қос шынтағы қалқынқырак.

... Екпіні үй соккандай пыскырғанда,
Шалдырмас көктен құска, жерден аңға,

Жықпаса жалғыз казық жануарды,
Бұл әзір жеткізбей түр жылқы малға

Бұл тұлпар келіп тұрган әбден бабы,
Салбырап тұрганына деме “Жабы”.
Мандайы жарқырап түр жануардың,
Ашылып түр осы аста мұнын бағы.

Сондай-ак бәйгеге қосылмақ жүзден жүйрік – тұлпарларға да сипаттама беріледі. Олар:

Жылқы малдың жүйрігі – Серке санды құла,
Шудың бойын шулаткан – Аксұр,
Сырдың сілтідей тыған – Кызқара,
Ұлытаудың – Құбайы,
Каратаяудың – Құмайы,
Қыпшактың – Ақбакайы,
Қырғыздың – Қектопайы,
Ақшатаудың – Аласы,
Қекшетаудың – Құласы,
Есілдің – Касқабұласы,
Аралдың – Алауýрегі,
Балқаштың – Бөртесі,
Сесейдің – Сұрсеркесі,
Тобықтының – Жамбылторысы т.т.

Бұдан басқа:

Алуан-алуан күліктің
Аскан-аскан жүйріктің,
Қосылып түр отыз боз,
Жиырма жирен, қырық кара,
Кердің өзі екі жұз ...
Тоқсан торы, жетпіс кек,
Ала, құла саны жок ... аттар да қосылды.

Поэмада бәйге болар жер жаршылар аузынан тәмепдегіше естіледі:

... “Көмбе кайда?” – десеніз,
Көзді салып көрсөніз:
Өркеш-өркеш көрінген,
Орғылап су төгілген,
Балдырганы білектей,
Балаусасы жібектей,
Бұлдіргені қонектей,
Ерейменнің тауында,
Егізкызыл баурында,
Жоламанның қасында,

Жыландының басында,
Көк Жайыктың шенінде,
Боз ойнатын белінде,
Кайындының дөнінде,
Каракусак көлінде ...

Ақын Сағынайдың асындағы әр түрлі әлеуметтік топты (құлқынның құлы – бай-манаптар, адал енбектін “көк егіздері” – кедей-кепшіктер т.т.), қазак халқына тән – әдет-ғұрып, дәстүр-өнегелер мен көп мөлшерлі ет-қымыздан өзге Ақан сері өнерін (“Үш тоты”, “Ақмарқа”, “Ахай, арман”, “Кер қашаған”, “Ой, ерке” т.т. орындайды), Батырашпен арадағы қөзқарас сырын, жетім бала тағдыры мен Құлагердің өлімін т.б. реалистікпен, өзіндік болу, бедермен береді. Әсіресе Батыраштың астыртын әрекетінен Құлагердің мергт болуы Аканның жаңына батады. Құлагердің басын құшақтап, мұнын, сырын ашады. Трагедиялық туынды – ән өмірге келеді.

Негізінен алғанда, әлеуметтік теңсіздік құрбаны – Акан, Құлагердің өлімін жақындағаткан – феодалдық қөзқарас пен рулық кезеңнің сарқыншактары, “жер мұнын, елдін шерін” шығарған – замана сырлары поэмандың негізгі ерекшелігін де, көркемдік түйінін де құрайды.

Жалпы, “Құлагер” – ақынның эпикалық жанрдағы биік белесі әрі таптық қоғамның шындығын, Ақан трагедиясы мен Құлагер сырын типтік дәрежеге жеткізген көркемдік-рухани олжаларымыздың бірі.

ПРОЗАСЫ

I. Жансүгірұлы сөз өнерінің поэтикалық түрімен қоса, прозандың шағын түріне (әңгіме, очерк, фельетон), құрделі жанрларына (повесть, роман) да өзіндік өрнек, ізденистерімен үлес қости. Қаламгердің өлең өрнектерінде кездесетін халық өмірінің тынысы жаңа құбылыстардың сыр-сипаты, лирикалық тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық қөзқарастары прозалық шығармаларында халық өкілдерінің міnez қырларын көнінен көрсетіп, еркіндік, тенденциялық мәселелерін оқыс оқиға, тартымды сюжеттер арқылы нағымды өрістетеді. Жаңа уақыттың тынысы “Койши мен аэроплан”, “Батырап” әңгімелерінен көрінсе, енбек адамы, кала, дала сыры “Шокпардың шоқтығында”, “Төрт жолдың торабы” очерктерінен танылады. Әділетсіздік, надандық негізі – “Ит-ай”, “Ала бике”, “Бейсенбек болыс”, “Жарқынбай” т.б. сыйқаттарда сөз етіледі. Қаламгер сатирасы халық өміріне, мұддесіне жат көріністерді, ел арасындағы ойы мен сөзінде бірлік жок, міnez-құлықтары керегар, жылпос жандарды әзіл-ажуамен де әшкерлейді, сын жебесімен де түйрейді (“Алдандық”, “Ешкі мен койши айтысы”, “Шошка мен

молда”, “Сұрпақбай сұғанақ”, “Сөз Қамысбаевка” т.т.). Алайда алғашқы көркем әңгіме, очерк-фельетондарында жаңа өмір мен қоғам тынысы нақтылы дерек негізінде көрінгенмен, дара деталь, қызықты тип байқала бермейді. Нәтижесінде – көркемдік талаптарға жауап табылмайды. Дегенмен де қысқа жанрлардағы туындылар тәжірибе жинаудың негізін қаласа, “Жолдастар” романы ел өмірін, адамдар іс-әрекеттерін, олардың азаттық жолындағы құрестерін көн түрде, көркем үлгіде көрсетеді. Романда қазақ даласындағы әлеуметтік жағдай, таптық тартыстар сыры, ел адамдарының қасіреті көп, шырғалаңы мол аласалыран кезеңдегі міnez қырларын, әрекеттерін 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс пен 1917 жылғы Ақпан дүрбелені т.б. терен көрінеді.

Автор әуелде кос кітапқа жоспарланған аталмыш романында революция шындығы, халық өмірі мен тұрмысыын, тарихи тұлғалар тағдырын қазақ даласындағы өзгеріс-күбылыштар негізінде ашуды мурат тұтқан.

Алғашқы тарауда (“Бастау”) ауыр тұрмыстың салмағы түскен Сатан басындағы оқиғалар баяндалады. Сонымен бірге қазақ қазақ даласына еніп келе жатқан сауда-саттық сипаты, Шалматай байдын астамшылық әрекеттері, еркіндігі жок Назипа сынды қазақ қызының аянышты тағдырлары өмір ұсынған жол-талапқа сай өз орындарында, көзқарас-бедерлерімен шындыққа сыйымды, әрекет үстінде таныла түседі.

Екінші тарауда (“Ағын”) Ертіс өзенімен жүк таситын пароходта істейтін Мардан, Мәмбет сынды бейнелер алғашқы тарау кейіпкерлерін толыктыра түседі. Енбек пен өмір көрігінде шындалған олар роман оқиғаларының ортасында жүреді. Айталық, Сатан әділетсіздікке жаңы кас, жүргегі кең, өнерпаз бейнесінде көрінсе, Мардан мен Мәмбеттің өмір жолдары ұксас, зорлық-зобаланнан құтылу жолы – төңкеріс екенін төрек ұғынып, Герасимов, Орлов сынды орыс жұмысшыларымен бірге болады.

Шалматай – бай адам, сауда ісінің білгірі. Ол кедей-кемтарларға үстемдік жүргізу ісінде ғана көрінсе, Нағипа (тоқалы), еркелігі мен сұлупығы, серілігі кеңінен көрінген, заман салмағына мойымай, өз теніне (Фазыл) қосылған тұлға. Ал Дәүкен бейнесінен жағымсыз іс-әрекеттерді (андығаны тамак, сөз тасиды, т.т.) көрсек, Тәуке батырдың революцияға келу жолы сенімді сез болады. Алайда аталған кейіпкерлердің көпшілігі (Шалматай, Нағипа, Тәуке) толымды тұлға дәрежесіне көтерілмеген. Өмір материалы мол қамтылған роман оқиғасы сюжеттік желідегі дәйектіздіктен, адам портреті мен міnez қырларының кең көлемде ашылмауынан ала-құлалық, жасандылық байқалады. Мұның өзі осы кезеңдегі әдебиет қозғалысына тән кемшіліктер де болатын.

казан; 1992, 21 наурыз), “Парасат” (1991, №1) секілді баспасөз беттерінде, “Тұтқын қызы” сынды повестер жинағынан (“Балауса”, 1993), кейінірек – “Күнделік” (Алматы: Ана тілі, 1997.–288 бет) кітабынан кен орын алды.

Өткенге қысқа шегініс жасасақ, күнделік – әдеби туындының басты дерек көзі болып табылады. Әлем әдебиетінде, алыс-жакын елдердін руханият үлгілеріне дең койсақ, күнделік жазу тәжірибесі көптен қалыптасып, дұрыс бағыт, жолға қойылған. Поляк А.Янушкевичтің хат-жазбалары, декабристердің мемуарлық мұралары, А.С.Пушкин, Ф.М.Достоевский, М.Пришвин т.б. күнделіктегі аталмыш жанрдың қалыптасуына кен өріс, мол мүмкіндіктер ашты.

Казак руханиятында – Ш.Үәлихановтың “Қашқария”, “Ыстықкөл күнделіктегі”, сондай-ақ М.Әуезов, С.Мұқанов, F.Мұсірепов, F.Мұстафин, М.Әлімбай, Ә.Нұршайыков, М.Дүйсенов, I.Омаров т.б. күнделік-жазбалары бар. Қайсыбірі жеке кітап түрінде де жарық көрді.

Бұдан басқа, әсіресе кейінгі жылдары – Ә.Жәнібековтың “Тағдыры тағымы”, К.Сәрсекеевтің “Портреттер”, С.Иманасовтың “Қаламдастарым мен замандастарым”, М.Мұқанкелінін “Сағынышым – Сәбитім” және “Қаһарман Нұргиса”, “Естен кетпес ұлы есім”, “Көзден кетіп, көңілде қалған”, “Өмірге өкпесі жок адам”, “Занғар” сынды естелік кітаптарының да айтары бар, тағылымы мол. Демек, күнделік – көңілдің нұры, жүректің сыры. Жазушығалым Қ.Ергебектің: “Күнделік – әдебиет. Мемуарлық әдебиеттің бір ішкі жанры. Күнделік – ойдың кені, творчестволық ойдың қайнары. Күнделік – қызық жанр, керекті жанр. Жанр келешегін де бір сәт ойлап койған жарасады”, – деген толғам-көзқарастарында шындықта, сыр да бар (Баянғұмыр. Сын мақалалар.– Алматы: Жазушы, 1991. – 86 бет).

Кезекті тұста біз де сөз басындағы қысқа көріністерге негіз болған академик-жазушы F.Мұсіреповтың жүрек жазбалары – “Күнделіктегі” кітабы туралы әнгіме өрбітеміз.

Кітаптың алғашкы бетінде жазушының: “Ұмытшактық қоюланып келеді. Сондықтан кейбір керекті нәрселерді кезінде еске түсіру үшін бұдан былай “Күнделік” жазуды дұрыс көрдім. Ұмытып кетіп жазбай коймасам, мүмкін, пайдасы тиер. Сол үмітпен!” деген ескертпесі бар. Бұдан күнделік жазудың кажеттілігі, мақсат-мұраты да айқын анғарылады.

Кітапка енген күнделік-жазбалар такырып, мазмұн жағынан:

- қоғам мен уақыт сырлары;
- ұлт тарихы мен тағдырына қатысты көзқарастар;
- халық батырлары мен хандары хақындағы дерек көздері;
- ататек, халық шежірелері;

- халық әдебиеті үлгілері;
- ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығы;
- талант табиғаты, шығармашылық ерекшелік;
- алыс-жақын елдер әдебиетінің нұскалары;
- әдебиет пен өнер, ой-тіл, стиль жүйесі;
- таланттар тағдыры мен өмір өнегесі;
- жастық, достық, махаббат мәселесі;
- отбасылық өмір, ерек-әйел қатынастары;
- ұлттық тәлім-тәрбие ірімдері;
- ай-құн аттары, жыл мезгілдері;

– ұлы адамдар өмірі мен олардың беймәлім қырлары, шығармашылық енбектегі өзіндік ерекшеліктер, т.т. болып жүйе-түзіліс құраған.

“Күнделік” беттерінде ұлт тарихының арғы-бергі кезеңдері, оның тұғырлы тұлғалары мен тағдырларына кен орын берілген.

Қаламгердің қазақ хандары мен би-шешендері, ақын-энші, өнер-паздары, үш жұз жайлы толғам-толғаныстары – тарихқа тағылым, тұғырлы тұлғаларға тағым ретінде есте қалады. Қаламгер қазактың аталарапын:

Үйсін, Қанлы, Жалайыр, Дулат – Ұлы жұз (Жетісу);

Найман, Керей, Арғын, Қыпшақ – Орта жұз (Солтүстік);

Алшын, Шекті, Байулы – Кіші жұз (Арал – Қаспий даласында). – деп көрсетіп (31-бет), олардың өзіндік ерекшеліктерін, дәстүр-тұрмыстарын, кәсібін қыска-нұсқа ойлармен ортаға салады. Байыпты кезкарас білдіріп, маңызды түйін жасайды. Арғы-бергі тарихтан, ата-бабаларымыздың өмір-тағдырынан тәлімді сыр қозғайды. Тарих, уақыт, адамзат, жас ұрпак үшін тағылымды тұстарын алға тартады.

Ал қазақ хандары – Керей, Жәнібек, Мұрындық, Есім, Қасым т.б. өмірі мен қызметі, ел алдындағы абыройы мен енбектері катар көрсетіледі. Қоғамдық-тарихи жағдайларға, адамдық іс пен орындарына зор маңыз береді. Атап айтқанда: “Мұрындықты хан сайлағанда ак киізге салып көтеріп жүреді.

Қасымды хан сайлағанда ол ак киізге туын орналастырады да, өзі көтерушілердің ішінде келе жатады.

Мұрындыққа хан киімін, хан белгілерін кигізуден бұрын әуелі өз киімдерін шешіндіріп, басты киімдерін мырзашалар бөлісіп алып, ішкі киімдерін жұртқа жыртқы етеді.

Содан кейін асыл киімдер, құндыз бөрік, қылыш (алтын сапты) береді”, – деп (31-32-беттер) өзіндік орын-үлестерін, белгі-ерекшеліктерін сөз етеді. Әсіресе қазақ хандарының ел басқару ісіндегі максат-мұраттары, саясат пен парасат жолындағы ізденіс, адами-имандық қырлары үлгі-өнегелік сипаттарына сай беріледі. Ұлттық мұрат-мұдде, әдеби-тарихи деректер, дүниетаным ірімдері де сәт

сайын сезіледі. Күнделік авторы қысқа дерек-дәйек көздерімен-ақ ұлт мұратын, тәуелсіздік талаптарын, азаттық ақиқатын айқын анғартады. Адамзат, тарих тағылымын, өмір мұратын әр алуан мысал-деректермен байытып, байыпты байлам жасайды. Тарих, уақыт өлшемі басты мұрат екендігін негізгі назарда ұстайды.

Бұдан басқа Алтын Орда кезеңі, Шыңғысхан жорықтары мен сипаты, Қытай патшалығы, Қытай – Вьетнам соғысы т.с.с. тақырыптар кезең-уақытымен, халық тарихындағы белгі-ерекшеліктерімен байланысты сез болады.

Күнделік беттерінде бұл тұстар қысқа берілгенімен, тарихи-әдеби деректер, ел-жер сипаттары, қоғам-кезең көріністері накты көрсетіледі. Маңыздысы: ұлт тарихы, оның арғы-бергі кезендері, тұғырлы тұлғалар еңбегі мен орны, қоғам-уақыттың сыр-сипаты кең көлемде көрініс тапқан. Демек, өткен тарихты қайта қарап, жаңа уақыт талаптары тұргысынан танып-талдап, зерделеу ісіне батыл бет бұрган казіргі кезенде бұл жайттардың маңыздылықтары арта туседі. Әсіресе автордың тарих толқыны мен тағылымына дән қоюы, кеше мен бүгін байланысына маңыз беруі – казіргі кезенде де аса мәнді.

Күнделіктегі: “Тәуекел Ташкент, Туркістан, Аксу, Андижан, Самарқанд қалаларын алған. Бұқараға екі рет шабуыл жасайды. Екінші жолы жарапанып, Ташкентте өледі. Тәуекелден кейін оның баласы Есім хан болады” (30-бет), “Тәуке хан Тобыл (Тюмень) басшылары арқылы орыс патшалығымен достық жасауға бес рет өкіл жіберген” (31-бет), “Тәуке хан Үш жүзді үш биге билетіп койған: Ұлы жүзді – Төле биге, Орта жүзді – Қазыбек биге, Кіши жүзді – Әйтекеге.

Жеті жарғы жасалғандағы жеті бидің үшеуі – осылар. “Күл тебенің басында күнде кенес” – сол жеті жарғы кенесі” (42-бет).

“Әбілхайырдың әкесі – Аджа, арғы атасы – Өсек. Тәуkenің әкесі – Жәңгір. Тәуkenің ордасы – Туркістан” (42-бет).

“Қазақтың жершілдік жіктеулери – ең бір үлкен апаты” (48-бет) т.т. үзінді-бөліктер қазақ хандары мен олардың кезеңін, көзқарас-енбектерін, дәстүрі мен кәсіп-тірліктерін, жақсы-жаман сипаттарын барынша айқын әрі нақты, нағымды көрсетуімен де мәнді, ғибратты. Біздіңше, бұл үзінді-деректер ұлт тарихы, жылнама үшін ғана емес, халқымыздың арғы-бергі кезендерін, тұғырлы тұлғалардың елдік пен ерлік сипаттарын, ел алдындағы еңбегін, көзқарастарын кең көлемде танып, тағылым алуша маңызы зор. Қазіргі кезенде, яки демократия, тәуелсіздік тағылымдарын бағанды ету ісінде – мәні мен сипаты, рухани әсері мол. Айқынырак айтсак, тарихтан – тағылым, үрпактан – өнеге, атадан – аманат, әкеден – өситет секілді сипаттармен де ерекше маңызы бар.

Кітапта ұлт тарихы мен тағдырына, өмір-тұрмыс суреттеріне, әдеби-рухани ескерткіштерге де кең орын берілген. Құнделік беттеріндегі:

“Күлтегін ескерткіші Орхон өзенінің жағасында. Тонықек жазуы Селенганың жағасында. Күлтегін ескерткіші 732 ж. 21 июньде ашылған. Білге хан 755 ж. өлген, май айының 27-күні.

Күлтегін мен Білге-хан ескерткіштеріне сөзін жазған Иоллық-тегін, акын, тарихшы, Білге ханнның баласы.

Тонықек жазуы 716–720 жылдар арасында жасаған.

Білге – 716 ж. хан сайланған” (46-бет).

“Өнген ескерткіші 727 жылы ашылған. Орхон жазуы – түрік жазуы” (47-бет) деген қысқа сөз-сөйлемдерден, сараң дерек-материалдардан – адамзат ізі, тарих бедері, руханият деңгейін аңғару киын емес.

Кітап авторы өткен тарихтан – тағылым, дерек қана емес, Орхон ескерткіштерінің сырын, Білге хан мен Күлтегіннің, Тонықектің биік тұлғасын, ең бастысы өткен өмір өнегесін үлгі ету, тағым жасау мұратын да көздеген. Тарихқа, тәжірибеге ден қойған.

Текі ұрпак ұлт мұратын ойладап, тарихтан тағылым алатынын назарда ұстасақ, Орхон өзенінің бойына орнатылған Қектүріктің колбасшыларының бірі – Күлтегін ескерткішінің көшірмесі тәуелсіздік алған жылдары Елорда төрінен орын алуы, атақты акын Қ.Мырза Әли “Күлтегін” жырының тұңғыш көркем аудармасын жасауы (“ЕҚ”, 2002, 1 қантар) – руханият әлеміндегі айрықша оқиға, құбылыс болды.

Тәуелсіздік тұсында: Алматыдағы Бас алаңға Барыс бейнесімен бірге Алтын адам тұрақты орын алды;

- Үш би тұғырақ қайта қонды;
- Қабанбай, Кенесары бейнесі көтерілді;
- Құлдықтан – хандыққа жеткен Бейбарыс сұлтанға Атыраудан ескерткіш орнатылды;
- Отырар кітапханасы қайта жаңғырды...

Құнделік – тарих ізі, тағдыр ісі, тағым сырлы екені осы реттен де танылады.

Кітаптағы ататек, ай-күн аттары мен жыл мезгілдері арғы-бергі тарихымен, өзіндік белгі-ерекшеліктерімен қатар көрсетіледі. Автор: “Қазак жылы Наурыздан басталады. Арғы тубі Зодиактан келетін ай аттары әуелі араб тілі арқылы кірген. Жыл тегінде жазғытұргы күн мен түннің тенелісінен:

III. Наурыз – Хамаль 31 күн

IV. Көкек – Сәуір 31 күн

V. Мамыр – Жаузы 32 күн

VI. Маусым – Саратан 31 күн

VII. Шілде – Асед 31 күн

VIII. Тамыз – Сүмбіле 31 күн

IX. Қырқүйек – Мизан

X. Қазан – Ақраб 30 күн

XI. Қараша – Қауыс 29 күн

XII. Желтоқсан – Жеуда 29 күн

XIII. Қантар

XIV. Ақпан” деп (48–49-бет) мерзімін, маңызын көрсетеді.

Ал Наурыз жөнінде: “Жыл басы жазғытұры күн мен түннін тенелуінен басталуы, әрине, дұрыс.

Бұл табиғаттың өзінің жаңауры, өсімдік те, жан-жануар да – бірі бүршік атып, бірі төлдеп, жаңаып, туынды беріп жататын кезі...

Бір кезде, адам баласы өз қылышын өзі әділет-ғылымға дәл сүйенер кезінде, бұл мәселеге бір оралмай қоймасқа керек. Наурыз Шығыс халықтарының озық кезінде жыл басы деп алғынған. Менінше, ғылымның ең өзгермес бір табысы осы.

Наурыз фарсы тілінде. Бұдан кейінгі он бір айдың казақ тілінде өз аттары бар: (Наурыз), көкек, маусым, шілде, тамыз, қырқүйек, казан, қараша, желтоқсан, қантар, ақпан. Бұл атауларда басқа тілден косылғандары жок. Маган соңғы екі айдың аттары ауысып тұргандай көрінеді”, – деп жазады (49-бет).

Сондай-ақ “Қазак халқының тұтастығы жайында” (102-бет), “Қазак өрнегіндегі өзгешеліктер” (136-бет), “Қасымхан сөздері” (185-бет), “Жалайыр мемлекеті” (170-бет), “Танбалы тас” (171-бет) “Қыпшактар” (173-бет) т.т. тақырыптармен берілген қысқа қайырымды ойлар жүйесінен үлт, тарих тағылымына катысты көзқарастар айқын анғарылады. Сонымен бірге Қазақстанның демократиялық даму жолы мен үлттық мемлекетті нығайту, халықты әлеуметтік тұрғыдан корғау, аймактық-тариҳи ерекшеліктерімізді басты назарда ұстау ісінде де әсер-ықпалы мол.

Ай-күн атауларына катысты фольклорлық және ғылым тіліндегі ұғым-түсініктер (19, 33–35, 74-беттер) де маңызды. Ойласатын, танып-талдайтын тұстар да бар. Бүгінгі уақытты, көзқарастар жүйесін де ескеру керек.

Бұдан басқа ай аттары (19-бет), Божак жұлдыздары (32-бет), жыл мезгілдерінің арабша, хижра үлгілерінің (74-бет) берілуі де өткен тарих, өмір-тұрмыстарын анғартумен қоса білім-ғылым ісінен де мол дерек көздерін алға тартады. Көзқарас эволюциясын айқын анғартады. Білік-таным деңгейі де танылады.

Ақиқатында, күнделік авторы ай-күн атауларына, жыл мезгілдеріне көзқарас білдіргендеге тарих тағылымына, табиғат өзгерістеріне, өмір тәжірибесіне деңгейінде тарих танылады. Адам өмірі мен көңіл-күйлеріндегі өзгерістерде көбінде табиғатпен етene байланыстылығына да назар аударылады. Мұның өзі ежелгі грек драматургі Софоклдің:

“Табиғатта не керемет күштер бар ғой десек те, соның бәрі адамзаттан күшті емес деп есепте” деген даналық ойлармен де үндестік тапқаны анық.

Адам, табиғат – егіз, біртұтас дейтініміз осы. Ең негізгісі, күнделік авторы ай-күн, жыл мезгілдерін өзіндік белгі-ерекшеліктеріне сәз етіп, Адам әлемімен байланыстырады, ортак тұстарына мәнманызы береді. Бастысы: ай-күн, жыл мезгілдері үлт тарихы мен ерекшеліктеріне, адам өмірі мен еңбегіне сәйкес сәз болады. Сол арқылы үлттық ерекшеліктеріміз, халық құнтізбесінің өзіндік белгілері көнінен көрсетіледі. Мұны да білген жөн.

Кітаптың “Қойын дәптерден” бөлігінде: Адам, Қоғам, Еңбек, Тәрбие, Махаббат, Достық, Бауырмалдық, Ақын-жазушылар шығармашылығы, Әдебиет, Тіл, Өнер сынды тақырыптар кең көлемде орын алған. Бұл тақырыптардың төнірегінде өріс алатын көзқарас эволюциясынан – арғы-бергі тарих, ел-жер сипаты, танымал тұлғалар бейнесі, руханият иірімдері, өмірдің тәжірибе-тағылымдары терең танылады. Кеше мен бүгін байланысы, өмір-уақыт талаптарының алуан үлгі-өрнектері де тағылымды тұстарымен телқабыс беріледі. Бұл да үлгілі үрдіс, өрісті өнердің өзіндік өрнегі, өнегелі тұстарының бірі.

“Қойын дәптердегі”: “Қазақ халқы ұлы өзен, теңіз жайламаған. Сондықтан бұларға табынбаған. Ал – от бәріне ортак кой, сондықтан от-ана, жер-аналар бар,” – деген (84-бет) ой үзіктерінде өмір-тарих тағылымы, үлттық ерекшелігіміз, ең негізгісі От – Жер жайлы ұлы ұғымға қатысты терең таным-түсінік бар. Күнделік авторы От – Жердің ортақтығын айту-көрсету арқылы Аяулы, Аруакты – Ана орнын биік белеске көтеріп, асқактатып, айбынды ете түседі. Сөйтіп, өткен тарихтан тағылым алады, От – Жер анаға тағзым ету қажеттілігін кайыра еске салады. Жалпы, жазушының От, Жер жайлы ұғым-түсініктері үлт тарихымен, тағдыр-талайымен байланыстырылады. Бірлік-береке, татулық кілті – отбасынан, туған жерден басталатыны да сәт сайын сезіліп отырады. Мұның ақиқатын тәуелсіздік талаптары, бүгінгі күн шындығы растап отыр емес пе?

Ақыл-парасаттан, даналық ой-сәз жүйесінен туған канатты сөздердің кейбірі төмендегідей:

- Тарихты жасау дәуірі бар, жазу дәуірі бар. Жасаушы қателессе, жазушы түзеймін деп әуреленбесе керек.
- Көркем айтылса – ой ұлы, ойландыра алса – көркемдік ұлы.
- Кім шеткесімен ар-ұятынды тазалай алмайсын.
- Дүниеде адам баласының ұлы қасиеті екеу-ак; ой ұлылығы, сұлулық ұлылығы.
- Шаныракты ерекктер көтеріп бергенмен, үйді әйелдер тігеді.

- Көркем әдебиет деген ен әуелі жанды сөз, тек қана сыртқы емес, ішкі.
- Ең ауыр майдан – надандықпен күресу майданы: әрі ұзак, әрі ызыасы көп.
- Жалғыз шам түнді тұтас жарыққа айналдыра алмайды.
- Шындық тәнірі шынырау түбінде жатса, атақ тәнірісі аспанда тұрады.
- Танертең таранғанда түскен шаштарың кешке дейін қағынуға жетеді.
- Өзің өлсен де, жолдасынды аман алып қал.
- Сері адам өсекке мән бермейді.
- Кешегіні актау да, қаралау да бүгінгінің мақсаттарынан туады.
- Біреу үшін қылмыс екінші біреу үшін ерлік саналады.
- Ойлау – ойыншық емес.
- Актала бергеннін ар жағы адалдық болмасқа керек.
- Ескірмес жаңалық та, жаңармас ескілік те болмайды.
- Өзінде-өзің өз байындан биікпін деп ойламау да биіктік.
- Жаксылыққа жаршы болу – жамандыққа қарсы болу.
- Жаны аласаны үлкейткенмен, ол өспейді.
- Әйел асқақтаса – жылағаны, еркек асқақтаса – құлағаны.
- Талапсыз үміт – бос үміт, талантсыз өнер – үмітсіз.
- Өмірге женіл қарасақ, оның нәтижесі ауыр болмак.
- Қазакта әйел тұрмай, еркек оянбайды.
- Ерлік қындықта туады.
- Ен жаман деген әйелдің қолынан адам жасау келеді.
- Бала – адамнан, адам қоғамнан туады.

Өмірден, тәжірибе тағылымдарынан туган даналық ой мен канатты сөздердің де айтары, рухани әсері бар. Оны оқып-үйрену, есте ұстап, өмір-тұрмыста қолдану – баршамыз үшін де маңызды.

Күнделіктін басым бөлігін – акын-жазушылардың шығармашылық ғұмырбаяндары, әдебиет пен оның жанрлары, тіл-стиль мәселелеріне катысты толғам-толғаныстар, махаббат-достық сырлары, әйел-еркек қарым-қатынастары, ұлттық тәлім-тәрбие, ақыл-парасат пен ар-ожданға катысты қозқарастар құрайды. Ақыл-нақылға, канатты сөздерге айналған ұтымды, ұлгілі ой-сөз жүйелері де кен орын алған.

Осы орайда, акын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығы, жекелеген туындылар табиғаты мен басты тұлғаға катысты дерек-материалдардың да айтары, берері мол екенін байқар едік. Бұл ретте “Ақан операсына”, “Ақан – I перде”, “Ақан сері – Ұмсын” секілді үзік ойлар желісінен – Ақан сері Корамсаұлының өнерпаздық өмірі, тағдыр-талайы терең танылатынын айқын анғарамыз. Ақан мен Актокты арасындағы қарым-қатынас, Ақанның Ұмсынға шығарған

өлеңдері мен Ұмсынның жеке өмір-тағдыры т.б. тарихи-әдеби құндылықтарымен назар аудартады. Құнделік авторы тарихта, әдебиетте бар тұлға-бейнерлердің өмір мен өнердегі орнын, адами сипаттарын дерек көздерімен, косымша материалдармен толыктыра түсken. Бұл жазбалар көнілдің кейбір сәттерін ғана емес, сонымен бірге әдеби-тарихи жағдаяттар сырын, танымал тұлғалар тағдырын да әр тараптан, көбіндегі көркем, бейнелі тұстарын тартымды сөз етеді. Ен бастысы, осы жазбалар қысқа, нұсқалы улгі-сипаттарымен, өмір мен өнер бәсекесіндегі тағылымды тұстарымен, көнілді-сезімді тербелеп, жүрекке жылы әсер етер маңызды қырларымен де есте қалады. Ақын-әнші орны, ғашықтық ғаламаттары мен сыр-сезім сипаттары да таңғышыктай таза, тау суындаі мөлдір қалыптарымен де көнілге қонымды.

Ал “Қайран Майра”, “Майраның бір ерекшелігі” сынды үзік ойлар мазмұнынан атакты – әнші Майраның өнерпаздық жолы мен өмір-тағдыры қатар көрінсе, “Абай”, “Мағжан Жұмабаев туралы”, “Мұхтар туралы”, “Сегіз сері ақын”, “Сүйіндік ақын” жайлы жазбалар шығармашылық ғұмырбаянға катысты көзқарас, қырларымен назар аудартады. Әдеби-тарихи, деректік сипаттары да мол. Әсіресе әдебиет пен өнердің өз адамдары – Абай, Мағжан, Мұхтар мен Майра, Сегіз сері сынды танымал тұлғалардың беймәлім беттері, руханияттағы орын-үлестері, оны ғылыми айналымға косу жақеттіліктеріне катысты көзқарастар бүгін де мәнді.

Абай әлемі – Аристотель, Спеноза секілді танымал ғалым, ойшылдармен қатар, салыстырыла сөз етілсе, Мағжанның ақындығы коғам, кезең көріністерімен, Алаш ақиқаттарымен байланыстырылады. Ақын Мағжанға, оның шығармашылығына тиым салынған тұстары “Шолпы”, “Толқын” өлеңдерінің мәтінін (145–146-бет) құнделік беттеріне түсіріп, сыр-сезімге, сұлуплыққа табан тіреуінде де азаматтық-қайраткерлік қуат, талантқа тағзым танылады. “Сегіз сері ақын”, “Сүйіндік ақын” атты жазбалар әдеби-тарихи деректерімен, ататек сипаттарымен ден койғызады. Мұның бәрінен де әдемі әлем – әдебиеттің қыр-сыры, танымал тұлғалардың беймәлім беттері, ақындық-әншілік өнер, оның таңғажайып сипаттары, әсер-тағылымы кең көлемде көрсетіледі. Ен негізгі әдеби-тарихи деректер, шығармашылық ғұмырбаян сырлары, ақындық өнер мен талант табигатына тән белгілер айқын аңғарылады. Маңыздысы: құнделік жазбалар – ұлттық сөз өнерінің аргы-бергі тарихын, танымал тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын, руханияттың көкейкесті мәселелерін қазак халқының даму бел-белестерімен сабактастықта сөз етеді. Сол арқылы ұлттық әдебиеттің жалпы мәселелерін, тарихи-көркемдік қырларын, ой-сөз жүйесін, стиль сипаттарын кең көлемді әнгіме арқауына айналдырады. Бұл ретте құнделік авторының талант табигатына қа-

тысты қөзқарастары, ақын-жазушылардың шығармашылығы мен көркемдік таным турасындағы толғам-толғаныстары жас қаламгерге, ұстаз-ғалымдарға, әдеби жүртшылыққа рухани әсер-ықпалы аса зор болып табылады.

Күнделік беттерінен орын алған “Үш мінез”, “Үлпан – казак әйелінің туы”, “Менің Джокондам – Үлпан”, “Үлпанға қосымшалар” сынды жазбалар – “Үлпан” романындағы тарихи тұлғалар, казак әйелінің еңбегі мен орнын кеңінен көрсетеді. “Менің Джокондам – Үлпан” атты жазбадағы: «... Эрбір жазушының ойында әр кезде өзімен бірге жасасып, толыға түсken бейнелері болу керек. Менің ойымда Үлпан 40 жыл бірге жасасып жүрді. Мен ол бейнені әр қырынан көрсетуге тырыстым – ойы, сезім суреті, жас кезі, есейген кезі, мінезі, мейірімі т.т... Мен сиқырға бара алмадым, кәдүілгі тірі әйел бейнесін жасамак болдым. Горькийдің бағытын ұстадым. Үлпанды романтизм бар деп те ойламаймын. Орыс сыншылары Үлпан бейнесінде аныз бар десті. Мен жоқ деймін. Үлпанның бірнеше ғасыр бұрын өткен Абак, Қарақат, Ақкелін, Домалақ ене тағы басқа рулы елге ұран болған әйелдеріміз болған ғой!” – деген (160-бет) жазушы қөзқарасы, дерек көздері, шығармашылық сырлары көп жайды алға тартады. Қаламгер мұраты, туынды табиғаты мен образ жасау ерекшеліктері, тіл-стиль сипаты т.т. қалың көп үшін де, ақын-жазушылар үшін де аса мәнді болып табылады.

Күнделік жазбадағы үзік ойлар желісінен: қаламгер мұраты, ізденіс іздері, кейіпкерлер жүйесі мен суреттеу сырлары кеңінен көрінеді. Талант табиғаты, сөз киесі мен ой жүйесі, ең бастысы Ана алдындағы – ақыкат пен адалдық сезім, жауапкершілік жүгі айқын аңгарылады. Күнделік авторының Ару-Ана алдындағы кісілік-кішілік келбеті, әдеби бейне – Үлпан, Ұмын т.б. суреттеу сәттеріндегі толғам-толғаныстары келелі ой мен көркем ізденістен туып, шабыт кайнарынан бастау алғаны, жүректің терең де тылсым ірімдерінен сыр қозғайтыны танылады. Автордың шығармашылық ізденісі, материал жинауы мен дерек көздерін пайдалануы, образ жасау жолдары қалың көпке, жас қаламгерге ой саларлық деңгейде көрінген.

Күнделік жазбалары арасында ақын-жазушылар шығармашылығы, бауырлас халықтардың әдебиет үлгілері, көркем туынды табиғаты, жанр сырлы мен сын мұраты секілді тақырыптар нұскалы ой, манызды қөзқарастарымен оқырман назарын аудартып, рухани нәр – сөз өнерінің құдірет-куатымен көнілді баурайды, сезімді тербейді, “шымырлап бойға жайылады”. Мәселен, “Қырғыз лирикасын” оқып көрелік:

Жібек онбас болсайши,
Жігіт өлмес болсайши.

Жігіт пенен кыз өлсө,
Жерге көмбес болсайшы (83-бет).

Осында өмір-тағдыр бар. Жастарға қамқорлық көрсету, үміт арту да танылады. Мәңгілік өмірдің сырына ден қою да сезіледі. Ең негізгісі, жастар махаббатын корғау, сыр-сезімді, сүйіспеншілікті аялау, құрмет көрсету мұраты айқын.

Ал “Қарағанды ақыны Жолдыекей Нұрмағанбетовтың қоштасуы” – адалдық пен әділеттік сырын, өмір мұратын алға тартады. Ой-сөз жүйесінен адамды, оның еңбегі мен орнын бағалау, өмірге-өнерге құрмет көрсетуі терен танылады.

“Түрікпен макалдарында” өмір, тарих тағылымдары мол:

– Әр гүлдің бір ісі бар.

– Донызға бір оқ.

– Жар жақсысы – ойнасын, өле қалса жоқтай алмайсын,

Мата жақсысы – атлас, жыртыла қалса жамай алмайсын.

– Есегінен айрылған молланың қолына түспесе екен деп тілейді (85-бет).

Күнделіктегі ақын-жазушылардың асыл мұраты мен оларға катысты кезкарас, кенестерде де мол тағылым, сырлар бар. Ақын-жазушы хакында:

“... көп пернелі, көп ішекті домбыра сияқты. Құлағын қалай бұрадың, пернелерін қалай түзедің – ол солай сөйлейді. Сөйлеу өз колында болғанмен, бұрау мен пернелерін түзеу жазушының өз колында емес, басқарушылардың колында”, – деп талант табиғатына ден кояды (84-бет).

Ал қalamгерлерге катысты үш кенес төмендегіше беріледі:

“– Қызыға жаз, қыза жаз, қыздыра жаз, қызықтыра жаз!

– Ойланып жаз, ойлы жаз, ой сала жаз, ойландыра жаз!

– Ызамен жаз, кекпен жаз, кектендіре жаз!

Осы ушеуінсіз шығармаға жан кірмейді” (140-бет).

Күнделік авторының бұл бағыт-кенестері ақын-жазушылардың басты мұратын айқындайды. Такырыпка адалдық та, шығармашылық енбектің азабы мен рахаты да, ең негізгісі дарынды қолтанба мен талантты туынды табиғаты терен танылады. Сол секілді: “Жазушы әрі қатал, әрі жұмсақ, әрі реалист, әрі “идеалист” болу керек” (126-бет), “Жазушы жақсы дүние жасау керек, әділет, көркемдік, ой сезім дүниесі” (194-бет) деген көзқарастар желісінен де қalamгерлер қауымына артылар мұрат-міндет, көркемдік көкжиегіне катысты талап-тілектер, ар алдындағы адалдық айқын анфарылады.

Сондай-ақ күнделік авторы:

“Көркем әдебиет деген ең әуелі жанды сөз, тек кана сыртқы емес,

ішкі сөз. Адам жанын қозғай алар құдіреті болмаса, төрт аяғын тен басқан өлеңнен де, сағымдай құлпырган қара сөзден де пайда жоқ. Көркем сөздің сұлулығы сағымдай құлпырмасын, өзендей толқысын” десе (86-бет), жазушы мен қоғам қатынасын:

“Жазушы қоғамды, қоғамдар өткен дәүірді өз еркімен аралап та, шарлап та өте алады. Әнгіме қалай аралап, нені көріп, нені бағалауында. Ал қоғам жазушы ойынан, жазушы жүргегінен өткенде, жазушы қақалып қалуы мүмкін. Жазушы өз дәүірінің тұсындағы қоғамды түгел көре алады, бірақ түгел түйе алмайды.

Қоғам жазушыны кейде көріп, кейде көре алмаса, түстей алмай да қалады, “жазушы” оған өкпелемесін”, – деп білдіреді (125-бет).

Сондай-ақ туынды табиғаты туралы:

“Шығарма тек кана мазмұн, тек кана түр емес. Ол мазмұн астары, ол түр астары, тенеу астары. Яғни астарлы ой, астарлы бояулар, әндер, суреттер, дыбыстар, сыйырлар.

Шығарма сыншылар үшін жазылмайды, кітап окушылар үшін жазылады. Мазмұн негұрлым эмоция арқылы берілсе, кітап соғұрлым бағалы, тұра айтылған мазмұн канша салмақты болса да, ол көркемдік арқылы берілмесе, ол шығарма – очерк, ол көркем әдебиетке косылмайды!

... Шығарма – ауырту керек, емдеу керек, қуанту керек, ренжіті керек, шығарманың бояулары ак пен қара ғана емес, қызылы да, көгі де, сарысы да бар” деп (168-бет) жазады.

Ал такырып туралы:

“Такырып кейде таудан құлардай, кейде өрге ұшардай ойлатады. Енді бір такырыптар жарғалауды, аяңдауды, жартқылануды керек етеді. Жазушының өзін табуы осы жүрістің сырын табуда сияқты” (200-бет), “Әр такырыптың жазушыға беретін творчестволық әсері: тіл шешіледі, адам мінездері айқын елестейді, уакыға өзінің логикалық кисынын табады, өзіне-өзі ілгешектеніп, өрістей береді, алдыңа сол заман келеді. Такырып өзі мылқау болса, сен де мылқаусын” деген жазбалардан (92-бет) қайсыбір істе, әсіресе шығармашылық еңбектегі такырып мәселенің шешуші орны, қызметі кеңінен көрінеді.

“Проза туралы бес ауыз өсіет”:

“Проза – қара сез емес, ырғағы бар, негізгі ойынды тенеу, бейнелеу арқылы окушының сезіміне дәп тигізген көркем сөз.

Жазушы әр сөйлемінде кеткен әрбір артық буынды не болмаса жетпей түрган бір буынды сезінуге тиісті.

Ақ өлен дейтін көркем сөз үйқасқа емес, ырғакқа, лепке, ритмге, құрылады. Оған үйқастың себі де жоқ, зияны да жоқ.

Прозаңды қай стильде, қандай екпінде бастайсын, ол алған

такырыбына байланысты. Прозаның бар жанрына түгел ортак бола алар көркем стиль жок.

Ойсыз сөзде көркемдік те жок. Дәл сөз, тенеу-бейнелеуі нысана аумай тиетін сөз – көркем сөз дегенін сол!” деп (157-бет) шығармашылық еңбектің мақсат-мұратын, қаламгерге тән белгі – ерекшеліктерді, көркем сөздің нәрі мен қуатын кең көлемде ашады. Күнделік авторы акын-жазушы мұратын, такырып табиғаты мен жанр жүйесін, ой-сөз маңызын өзіндік белгі-ерекшеліктеріне сай сөз етіп, әдеби-мәдени мәнін, руханият ісіндегі орнын, әсер-ықпалын кеңінен көрсетеді. Ар ісінің азапты да ғажайып сәтін, рухани әсер-қуатын терең танытады.

Сол секілді “Сын туралы” жазбада сын мен сыншы мұратын, шығарма мен оның тақырып-мазмұны, автор мен идея, ой-сөз, сезім-сана т.т. алға тартылады.

Асылы, күнделік жазбадағы әдебиет пен өнердің мақсат-мұратын көздеген тағылымды ойлар, шығармашылық еңбек пен талант табиғатына қатысты көзқарастар, жанrlар жүйесі мен оған тән белгі-ерекшеліктер, ой-сөз бен сыр-сезімге, көркемдік таным арналары туралы толғам-толғаныстар – ар ісінің абыroyы мен беделін биіктеп, осы жолға адалдық таныту мұратын айқын анғартады.

F.Мұсірепов акындығы – “Кыз Жібек”, “Ақан сері – Актоқты” сынды драмалық туындыларда кең көлемде көрінген-ді. Күнделік жазбалардан да жазушы қаламынан тұған шымыр шумак, ұтымды ой жүйелері жиі ұшырасады (118, 163, 202-беттер).

Күнделіктегі Қазақ, Адам, Жер, Тәрбие, Этика-эстетика сынды мәселелерге арналған көзқарас-жазбалардан жеке атау-ұғымға ғана анықтама-түсінік берілмейді. Сонымен бірге жеке атау сыры, оның арғы-бергі тарихы, сыр-сипаты да сөз етіледі. Күнделік авторы: “Қазақ деген ел – бостандық-азаттық сүйетін, даланы, таза ауаны, таза суды, таза көгалды сүйетін халық. Бұл кезінде ол бұзылмаған ел. Соңша кең дүниеде жүріп, соңша тазалық дүниесінде жүріп, ол елдің жан-жүргегі таза болмаса, таңдануға болар еді. Жок ол кезде ол аскан ақ көніл, мырза, сенгіш, барықсыз ел. Отаршыл төрелер үркіте келгенде, қазақ қандай айла етерін біле алмай, абыржып калады да, барлық адамгершілік табиғатынан жаңылады” (139-бет), “Қазақ деген сөз, әрине, түркі тілінде тұған. Қазақ деген сөздің тұп тамыры қасакы, қайсар, мойынайтын, өз ырқынан басқага көнбейтін деген мағынада тұған болуға тиісті. Қасакы деген сөзде мынадай мағыналар бар:

1. Қас (дос емес).
2. Қасакана – әдейі, қастасып істейді.
3. Қасакы – мойын бүрмай, көнбей койған, бағынбай койған адам.

... Бағынбай, көнбей кеткен елді жамандау үшін оның мінезіне, езіне тән қылықтарына карай бір ат тауып қою керек. Қазаққа қашак дей салу әзір тұрган жок па?” (152-бет), – деп ұлт тарихын, оның килемдерін, ел-жер сипатын нақты ашады.

Автордың жер туралы қөзқарас-танымы да назар аударапрық: “Жер, ата-бабаның енбегі сінген жер, өмірлік тәжірибесін қалдырған жер, қысы-жазы, жазғұтұрым, күзді қалай өтетіні таныс жер, панаңы қандай, бары не, жоғы не, белгілі жер, туған жер! Елі таныс, жері таныс, ыстық-сұығы таныс жер. Елінің қуаныш-қайғысына ортақ жер” (143-бет).

Автор бала тәрбиесін – болашакпен, қоғаммен байланыстырады: “Адамның көзі, құлағы, мұрны, тілі, терісі арқылы сезінетін құбылыстарының бәрі де адам тәрбиесіне жатады.

Болашактың адамын тәрбиелейміз дегенде адамның барлық мүшелері арқылы сезілетін, танылатын, білінетін, көрінетін, естілетін дүниенің бәрі де адам тәрбиесіне кіреді, бірде-бірін ескермеуге болмайды деп есептеу керек...

Қазақ баласы он жасына дейін елінің жөн-жосығын, әдет-ғұрлық түтег біліп отырады. Одан кейін косылар жаңалық жоқ, қайталанулар бар. Ілуде бір есті тұганы болмаса көпшілігі ескі шенберден шыға алмай қала барады. Басқаларға ұқсан жігіт болды, кісі болды, шал болды, өлді” (165-бет).

Сондай-ақ, “Жаңылтпаш” (66-бет), “Күнәсіз жаңылтпаш” (82-бет), “Жоктау” (90-бет), “Жұмбак” (111-бет), “Жеті жок” (137-бет) сынды танымдық бағыттағы халық әдебиеті үлгілерінің жас ұрпаққа, қалың көпшілікке берері мол.

Күнделікті кездесетін сөз сырлы мен сейлем сипатына қатысты қозқарастар жүйесінен – “Өнер алды, қызыл тіл” қызметі кеңінен көрінеді:

“Сейлем сөзден құралады. Сейлемнің құрамына кіретін әрбір сөздің өзі тұлғалы болу керек. Сонда сейлем тұлғалы болып шыгады.

Көркем әдебиетте сөз тұлғалы болуымен бірге, теңемелі, бейнелеулі болсын, әр сөз әрі тұлғалы, әрі бейнелі болса, көркемдік содан туады” (175-бет), “Қазақта бір орайсыз да соракы атаяу – кемпірқосақ! Не деген мағынасыз, не деген үят сөз! Әдебиетте жазу үстінде радуга дегің келеді-ақ, кемпірқосақ дегің келмейді. “Мұзықалық хабар” деген секілді” (166-бет), “Сөз қасиеті – көркемдігінде, ой қасиеті – шындығында” (183-бет).

Бұдан баска “Ана тілі” (112-бет), “Кейбір ұмытылған ескі сөздер” (111-бет), “Ұмытыла бастаған сөздер” (190-бет), “Өлі, тірі сөздер” (125-бет) сипаты, орны жан-жақты танылады. Күнделік авторының: “Тілін

білмеген, тубін білмейді” деген қағидалы көзқарастары осы тұстан да терен танылады. Тіл – ұлт тірекі, сөз-сөйлем – ақыл-ой жемісі екені айқын анғарылады. Сөз сырның тағылымды тұстарының бірі осы.

Күнделіктегі әйел мен ерек орнына, қарым-катанастарына зор маңыз берілген: “Еркектің ашуы түске дейін, әйелдің ашуы кешке дейін.

Әйел – ашуланса женіледі, еркелесе женеді.

Әйел шынын айтса да себебі бар, өтірік айтса да себебі бар” (136-бет).

“Әйелі жасара берсе, еркегі ескіре береді. Бірақ әйелі ескіре берсе, еркегі жаңара бермесе керек” (124-бет).

“Әйел шынымен жылап алса, ажарланып кетеді, көңілінде түйнек болып тұрған бір тасты көз жасымен жуып тастағандай” (106-бет).

“Еркектер соғыста, окуда, білімде, техникада жетілгенше, әйелден сезімтал, әйелден артық енбекші, әйелден артық ақылды емес. Оның үстіне әйелдің сезінүі ақылына қосымша жәрдем етеді. Еркекте ол нәзік сезім жок” (180-бет).

“Нагыз әйелдің сұлу көрінер екі кезі бар:

–Көңіліндегідей киңгендеп;

–Пісірген асы көңіліндегідей болып шыққанда;

Ері осы кезеңді ескермей өткізбек керек. Осы екі кезеңін күр өткізбесен, әйелің картаймайды” (184-бет) т.т.

Өмір-тұрмыстан, тәжірибеден алынған үзік ой-көзқарастардың да айтары, тағылымы мол.

Күнделіктегі ұлы адамдар өмірі, олардың шығармашылық енбектері, ерекшеліктері кен орын алған:

“1. Сенека – Рим ақыны, философ, ен жаксы шығармаларын картая келе жазған.

2. Сократ – ұлы грек философи, “Афинаға мақтау жырын” 94 жасында жазған.

3. Гете “Министрдің жолаушы жылдарын” 70 жасында, “Фаустың” II бөлімін 74 жасында аяқтаган.

4. Платон 80 жасында жазуды тоқтатпаған” (120-бет),

“Толстой 73 жасында голланд тілін үйренеді. 1901 жылы Синод Толстойды шіркеуден ажыратады” (173-бет),

“Ен жақсы көретін жазушыларымның бірі – Марк Твен” (166-бет).

Бұл үзінділердің де үлгі-өнегелік қырлары көп. Қалың көпшілік танымал тұлғалардың тағдыр-талайын, шығармашылық ерекшеліктерін, ен негізгісі – Адам әлемі мен мұратын, мүмкіндіктерін жан-жақты тани түсереі хак.

Ғ.Мұсіреповтің эпистолярлық мұрасын: көңілдің сәулесі түскен әрі жан жылуы сезілетін – хат жазбалары да құрайды. Атап айтқанда:

М.Әуезовтің (1939), Б.Момышұлының (1955), М.Ғабдуллиннің (1945), С.Шәймерденовтің (1951), Ә.Тәжібаевтың (1977), Ә.Марғұланның (1982), сондай-ақ F.Мұсіреповтің С.Мұқановқа (1928), Л.Мирзоянға (1934), Ж.Шаяхметовке (1945), И.Омаровқа (1963), М.Шолоховқа (1965) т.б. арналған хат-жазбалары өмір-түрмисстың, шығармашылық еңбектің кыр-сырын кең көлемде қамтиды. Бұл хаттарда аға ұрпак өкілдерінің карым-катынасы, ұлт мұрасы мен халық келешегі, жазушы еңбегі мен оның азапты да ғажайып, ғибраттық сәттері, қолтанба мен қолжазба табиғаты, рухани әсер-ықпал т.т. да кен орын алған. Ең бастысы, өмір мұраты, адам әлемі, имандылық қырлары кеңінен көрінеді.

Хат жазбаларының арасында “Сәбит Мұқановқа хат” (1928, 18 сәуір), “Мұхтардың хаты туралы” (1935, 29 мамыр) шағын көлемді еңбектері әдебиеттің, жалпы руханият мәселелерін қозғауымен назар аудартады.

“Сәбит Мұқановқа хат” – С.Мұқанов пен F.Мұсірепов арасындағы адами-шығармашылық байланыс, сөз өнерінің кыр-сыры хақында ой толғайды. Баспасөз ісі, оның жанрлары мен қайсыбір авторлар туралы да көзқарастар орын алған.

“Мұхтардың хаты туралы” – ұлт театры, ондағы “Арқалық батыр” койылымы, ол жайлы көзқарастар жиынтығынан тұрады.

Хатта театрды, М.Әуезов пьесаларын каралағысы келетін топтың, жекелеген көзқарастардың бары сынға алынады. М.Әуезовтің “Айман–Шолпан”, “Тартыс”, “Тұнгі сарын” сынды пьесаларының маңызды қырлары, рухани әсер-ықпалы сөз етіледі. Ұлт театры, ондағы ұжым жауапкершілігі, репертуар орнына да зор маңыз беріледі.

Бұл екі хаттың басты ерекшелігі мен ортақ сипаттары – ұлт мұратын, руханият ісін, жазушы еңбегі мен оның өзіндік қасиеттерін кең көлемде ашуында дер едік. Әрі өмір мұраты мен адами қарым-катынас, шығармашылықтың қыр-сыры т.т. әқыл-парасат биігінен, терең таным түрғысынан сөз етіледі.

Біздінше, ұлт мұратын, руханият ісін жеке мүддеден жоғары қойып, қалың қөптің ортақ арман-ансарына айналдыру – ұлылық белгісі, ғұлама ғибраттары екені айдан анық жайттардың бірі.

Белгілі қalamгердің “Қазак солдаты” романындағы басты тұлға – Қ.Сарталиевтің прототипі – Қайырғали Смағұловтың: “Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытып... зытып келе жатқаным – қашып келемін, артыма қарай беретінім – корқып келемін” деген сөзі қалың қөптің есінде болар (мысалы, “Қазак батыры” (1945), “Қазак солдаты” (1950), орыс тілінде – 1949 жылы жарық көреді – Р.Т.).

К.Смағұловтың майданнан жолдаған хатында автор мен кейіпкер байланысы, шығармашылық еңбектің қыр-сыры, жазылу тарихына қатысты дерек көздері айқын анғарылады:

“Ағай, аман, деніңіз сау, жақсы боларсыз. Женгейдің де және қарындастың да деңдері сау, аман ба? Ғабит ағай, мен де аман, денім сау, аман-есен оқып жатырмын. Мен Алматыдан кеткенде майданға барам деп сұрап едім, мені жібермей, осы күні байлық курста оқып жатырмын. Мен сізге хат жазайын деп ойласам, сіздің адресінізді білмеймін. Сондықтан сіздерге хат сала алмай жүргенім.

Осы хат баар-бармасын біле алмай жазып отырғаным. Ғабит аға, сізден менің сұрайтыным: мен жайлышты шығарманы жазып болдыңыз ба, жазып болсаңыз... болса маған жіберсеніз, екі данасын. Орысшасын және қазакшасын да. Осыны сізден өте көп сұраймын. Ал басқа әзірге бетен ... жоқ. Тек сізге амандығымды білдіріп отырғаным және сіздің де амандығыңызды білгім келіп еді.

Менен көп-көп сәлем женгейге, қарындаска.

Хат ... ініңіз Қайырғали.

Кенестер Одағының Батыры Қайырғали Смағұлов.

Ғабит ағай, өкпелеме, менің сізге хат жазғаныма және шығарманы сұрағаныма. 18.III.45”.

Хаттың сыр-сипатынан автор мен кейіпкер қарым-қатынасы, отбасылық еркіндік те терең танылады.

F.Мұсіреповтің жас қаламгерлерге қамкорлығы немесе ақын-жазушылардың белгілі қаламгерлерден ақыл-кеңес алуы, осы бағытта бір-біріне хат-жазбалар жолдауы да көп жайды, алуан сырларды алға тартады. Төмендегі хаттан да осы бағыттағы ой аңсарлары айқын анфарылады.

“Сәлеметсіз бе, кадірлі Ғабе! Мүмкін, есінізде болар... Сонау 60-жылдардың басында “Қазақ әдебиеті” газетінде Ғабдол аға Слановтың маған арналған ашық хаты жарияланған еді. Менің үш-төрт шағын әңгімелеріме талдау жасай келе, талпынысыма сәт сапар тілеген ағалық хат еді ол. Сол хат “Ғабенің тапсыруымен” деп басталған-ды.

Содан бері араға жиырма шакты жыл түсіп кетсе де, әдебиетке назар аудараптың татымды ештеңе ұсына алмаған соң, сізді көрсем де қашқалактап, маңыңызға жуый алмай жүрген ініңізбін. 1970 жылдың жазында сіз Сергеев плотинасында тұрғаныңызда қаумалаған топтың ішінде мен де бар едім. Бірақ 1969 жылы шықкан тұңғыш жинағым сыналып қалған кез еді. Сізге өзімді сол қолайлы сәтте де таныстыруға осы хал бөгесін бола берген. Осы күнге дейін саны әрен үшкे жеткен жинақтарым ғана бар. Егер Сафуан ағай Шаймерденов колжазбаларымды шанның астынан сілкіп-сілкіп шығарғандай қымыл жасамағанда, баспалардан бұларым да көрінбес жағдай бар екен.

Менің мамандығым – мұғалімдік. Қазір орыс, қазақ, неміс, поляк, мордва ұлттарының өкілдері түйіскең шағын селоның сегізжылдық

мектебінде директормын. Жасым – 44-те. “Отызда орда бұзбасам да”, кырықта қыр ассам ба деген дәмем бар.

Бір кезде бұлк-бұлк соккан бұлағымның басын ашқандай болған өзінізге тым құрыса тірлігімді білдірмей бұға беруді ретсіз санап, мына жинағымды жолдап отырмын. Автограф қоймадым. Егер лактырып тастамай, оқып шығуға шыдамының жетсе, ондай күн де қашпас.

Сөзараасында әдебиетпен сыйыспас кемшіліктер кездессе, жүргімнің алып-ұшқанының салдары деп есептерсіз. Інілік сәлеммен, Ермек Конарбаев. 27.III.1982”.

Жалпы, F.Мұсіреповтің шығармашылық мұралары арасында хатжазбалары – көніл төрінен жолданып, жүрек тілімен баяндалып-жазылатындығы айқын анғарылады. Ондай хат-жазбалар: жақын-жыуық, дос-жараптардан бастап әріптес-қаламдастары, ұстаз-тұстастары мен жас қаламгерлердің шығармашылығын, өмір тұрмысты әр қырынан камтитыны танылады. Көбінде баяндау, қайсыбір істер төнірегінде ойласу, толғам-толғаныс түрінде де кездеседі.

Бұл жайттарды, біздіңше, F.Мұсірепов шығармашылығынан бөліп-жарып, жеке қарастыру кажетсіз-ақ. Өйткені F.Мұсіреповтің күнделіктері мен хат-жазбалары шығармашылық енбектерінің басты арқауын құрайды.

Бұл – эпистолярлық жанрдың басты белгі, ерекшеліктерінің бірі.

Тұгастай алғанда, академик-жазушы Фабит Мұсіреповтың көнілдің нұры мен жүректің сырына айналған – Күнделік жазбалары қоғамдық-әлеуметтік, әдеби-тарихи, ұлттық-руханияттық мәселелердің бәрін-барышын көң көлемде қамтыған. *Бұл – бір.*

Екіншіден, ұлт тарихы мен тағдырын, өмір-уақыт сырларын кеңінен көрсетеді.

Үшіншіден, ататек, халық шежірелерін, танымал тұлғалардың өмір-тағдырын, беймәлім қырларын жан-жақты ашады.

Төртіншіден, ұлттық тәлім-тәрбие тағылымдарын, отбасылық өмір мен ерекк-әйел катынастарын өзіндік белгі-ерекшеліктеріне сай сез етеді.

Бесіншіден, ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылық ғұмыр-баяндарын, жанр жүйесі мен ой-сөз, стиль сырларын байыпты танып, талдайды.

Алтыншыдан, F.Мұсірепов өзі көріп-сенген, жүректі тербереген жайттары – Күнделік жазбалардың құретамырын құрап, алтын арқауна айналған.

Жетіншіден, күнделік жазбалар – көнілдің күйін, жүректің сырын шертеді, адами-имандық мәселелерден бастап қоғамдық-халықтық жайттар мен келелі келешек хақында ой толғайды.

Сегізіншіден, жүрек жазбалары – өмір-тұрмыстың барша саласын камтиды. Алыс-жакын елдер ерекшелігін, ұлт мұратының түйінді тұстарын, шығармашылық енбектің сыр-сипатын кеңінен ашады.

Тогызынышыдан, күнделіктे ұлт тарихы мен ұрпак қамы, адам мен оның енбегіне, келелі келешекке зор маңыз беріледі.

Онынышыдан, Ф.Мұсірепов қүнделік жазбалары арқылы ұлт тарихын, оның аргы-бергі кезеңдерін, халыққа қалқан-корған болған батырлары мен би-шешендерін, хандар жүйесі мен белгі-сипатын, ақын-әнші, өнерпаздар орнын, қайраткер-қаламгерлердің мақсат-мұраттарын, ұлы адамдар өмірінің өнегелі тұстарын т.т. жүйелі де көркем, келісті сөз етеді.

Күнделік тағылымы осы.

Қ. ЖҰМАЛИЕВ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ФЫЛЫМЫ

Казіргі дәуір – жаксы дәстүрлердің кайта жаңғыртумен коса, жаңалықтардың да толассыз тууымен, кейбір түйінді мәселелерге жаңаша көзқараспен қарап, онды баға беруімен өзгешеленеді. Бұтінгі казак әдебиеті де осындай жаңару, жаңаша ойлау жүйесімен бірлікте, тұтастықта қарастырылуда. Мұны құптау да, колдау да қажет. Бірақ еткеннің бәріне салаат айтып, мансұқ етуге болмайды. Сол себепті біз ендігі жерде әдебиет зерттеушісі Қажым Жұмалиевтің қазак әдебиеті тарихының мәселелері жөніндегі енбектеріне, ондағы кейбір ой-пікірлеріне қайта оралып, маңызды қырларына токталып, түйінді тұстарын таратса сөз етуді мақсат етіп қойдық.

Қажым Жұмалиев белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз болумен бірге, төл әдебиеттің алудан мәселелері жөнінде көптеген фылыми-зерттеу енбектерін жазған білікті ғалым еді. Оның өткір ұшталған қаламының баспасөз беттерінде көптеген әдеби-сын мақалалар, кітап үлгісінде көп жылдар ізденістерінің жемісіндегі құнарлы енбектер туды: «Әдебиет теориясы» (1938, 1939, 1940, 1942, 1960), «Қазак әдебиеттіңін» окулығы (1941), «Махамбет Өтемісұлы» (1938, 1948, 1951, 1958, 1962), «Абайға дейінгі қазак поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» (1948), «М.В.Ломоносов және орыс фылымы» (1948), «Қазак эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» (1958), «Қазақ әдебиет тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» (1960), «А. Жұбанов» (1966), «Стиль-өнер ерекшелігі» (1966), «XVIII–XIX ғасырлардағы қазак әдебиеті» (1968) т.б.

Ғалым жоғарыдағы енбектерімен коса, «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты кітаптың «Ер Тарғын» бөлімін, «XVII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеттіңін» (1961) жалпы редакциясын басқарып, оның «Бұхар жырау Қалқаманұлы», «Махамбет Өтемісұлы», «Шернияз Жарылғасұлы», «Алмажан Азаматқызы» секілді тарауларын жазды. Сонымен бірге «Ығылман Шөреков», «Тайыр Жароков» туралы жазған зерттеулері, С.Сейфуллин, Б.Майлин, И.Жансұгиров, С.Мұқанов, Э.Сәрсенбаев, Д.Әбілов т.б. шығармашылық жолдары жайында айтқан ой-пікірлері күні бүгінге дейін өзінің әдеби-ғылыми маңыздылығын жойған жок. Міне, жоғарыдағы ғалымның қазақ фылымының көсегесін көгерту жолындағы енбектері туралы қысқа шолулардан-ак төл әдебиеттің тарихының алудан мәселелері, оның ішінде ауыз және жазба әдебиеттері, олардың арасындағы өзіндік айырмашылықтары, сөз өнеріндегі көрнекті тұлғалардың орны мен шығармашылық ерісарналары, әдеби бағыттар мен таптық, әлеуметтік себептері т.т.кен көлемде көрінеді. Ең бастысы, осы тақырыптардың қай-қайсысын болмасын әдеби-ғылыми мәнімен, тарихи-тәнімдүк сипаттарымен

ерекшеленетінін атап айтқан жөн. Әдебиет зерттеушісі Х.Әдібаевтың: «Шын ғылым әр түрлі. Талапсыздарға нағылайтын. Шын ғалым ешқандай танымға сыймайды, танымды өзі жасайды. Ғалым Жұмалиев қасиеті – зейінділік, тенденция, білімдарлық. Осы үш атаудың қайсысын бірінші койып, орындарын қалай ауыстырсаңыз да қателеспейсіз – бәрі дұрыс» деген пікірін осы реттөн құттаймыз.

К.Жұмалиевтің ғалымдық жолын, ғылымдағы орнын сез еткенде – қазақ әдебиеті тарихының мәселелері деген тақырыпты айналып ету мүмкін емес. Керісінше, әдебиет зерттеушісінің терең де тыңғылыкты, өнімді енбек еткен саласы – қазақ әдебиетінің тарихымен тығыз байланыста екендігін көреміз. Оның қаламынан туған ғылыми-зерттеу енбектері ауыз әдебиетінің үлгілерінен бастап, тарихының да сан қылы мәселелерімен терең сабактасып, белгілі бір жүйе-желімен тамыр тартатынын айқын аңғарамыз. Мәселен, Бұхар жырау Қалқаманұлы мен Махамбет Өтемісұлының өмірі мен әдеби мұралары, Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасы, жалпы XVIII ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Шәнгерей Бекеевке дейінгі ақындар әлемі төнірегіндегі ізденіс мұраттары – тұтастай ғалымның ғылымдағы жүйелі жүргізген табанды, тиянакты, өнімді енбектері еkenіне жан-жақты көз жеткіземіз. Бұл зерттеу, ізденістердің қайсыбірін еске алсақ та, ғалымның ауыз әдебиеті үлгілеріне қанықтығын, қазақ эпостары мен ондағы тарихи-әлеуметтік сыр-сипатты жіті айыратынын, сол арқылы өзіндік ерекшеліктерін үнемі теориялық пікірлерімен тиянктап отыратын сарабдал сана мен зейінде зерделілігі сынды айрыкша қасиеттері терең танылар еді. Сөз өнерінің тыныс-тамырын тап басып, ол хақында кен көлемді ой-пікір айту әдебиет зерттеушілері үшін аса маңызды ерекшеліктердің бірі болса, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының корреспондент – мүшесі Ә.Дербісалиннің: «К.Жұмалиевтің ұзак жылдар бойы жемісті енбек еткен негізгі саласы – қазақ әдебиетінің XVIII–XIX ғасырлардағы тарихы. Бұрын жазу мәдениеті онша өріс алмаған жерде әдебиеттің өзі туралы да, әсіресе оның тарихы туралы жаңадан ғылыми жүйелі ой айту киын міндет. Сол қындығына қарамастан, әдебиетті зерттеуші ғалымдарымыз әдебиет тарихының бір жарым ғасырлық жүйелі тарихын жасады (XVIII ғасырдың соңғы ширегінен XX ғасырға дейін). Бұл жүйе ғылымда бүгінге дейін өзінің мәні мен маңызын сақтап келеді. Мұнда К.Жұмалиевтің еңбегі өзгеше салмақты» деген пікірлеріндегі шындық шырайы арнайы дәлелдемелерді қажет етпейді.

К.Жұмалиевтің талант табиғаты мен қалам қуатының мол қарымы әдебиеттану ғылымында терең тамыр тартқаны анық. Оған жоғарыда шолып өткен өнімді еңбегі, тыңғылыкты ізденістері толық дәлел. Біз

ендігі жерде сөз жүйесін Қ.Жұмалиевтің 1967 жылы жоғары окуорындарының студенттеріне арналған «XVIII–XIX ғасырлардағы казак әдебиеті» атты еңбегі төңірегіндегі әңгіме өрбіткенді жөн көрдік. Мақсат: қазак мектептері мен оқу орнының окушы, студенттеріне жүйелі де сапалы, танымдық мәні ерекше білім нәрімен рухани дәріс берудің маңыздылығын ашу. Бұл – бір. Екіншіден, казактың ауыз әдебиетінен бастап XX ғасырдың басына дейінгі дәуірдің түрлі мәселелері жөнінде әр кез қылыш пікірлердің болғаны анық. Міне, осы жайлар Қ.Жұмалиевтің әдеби-зерттеу еңбектерінде, әсіресе біз сөз еткелі отырған – «XVIII–XIX ғасырлардағы казак әдебиеті» атты окулықта жүйелі қарастырылады. Үшіншіден, бұл еңбек бұрыннан зерттеушінің басты назарында болып, жоғары мектеп бағдарламасы негізінде жазылған-ды. Демек, атальмыш окулық ауыз және жазба әдебиетінің арасындағы айырмашылыктар сырын ашумен коса, XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың алғашкы жартысындағы ақындар шығармашылығын оқып-үйрену, тану, зерттеу мәселелерінде маңызы ерекше. «Қ.Жұмалиевтің творчестволық жолын бағдарлаған уақытта, бір ерекшелік көзге түседі, – деп жазады әдебиет зерттеушісі Т.Кәкішев. – Мектеп окулығына арналған тараулардың толықтырылып жеке бір еңбекке айналатыны, мақала болып жарияланатыны, не кейін бір сүбелі еңбектеріне тарау болып киүласа кететіні байқалады. Әр жаққа жүгіре бергеннен гөрі, бір бағытта: ұсактан – іріге, тайыздан – теренге, аздан көпке ұмтыла беру тенденциясы күшті. Сырттай қарағанда, олар бір-біріне ұксас болып көрінүі де ғажап емес». Демек, әр жылдар ізденісінің жемісі іспеттес бұл еңбек автордың өз сөзімен айтсақ: «...XVIII–XIX ғасыр казак әдебиеті осы кезге дейін кітап болып басылған және бұрыннан бар колжазба материалдар негізінде жазылды. Оқулық әдебиетіміз тарихының осы беліміне арналған программадағы негізгі авторлардың творчестволарынға қамтиды.

Алғашкы белім – «XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы казак әдебиеті» деген көлемді шолу мақала, зерттеумен ашылған. Шолу, мақала-зерттеу дегенде XVIII–XIX ғасырлардағы казак әдебиеті тарихының мәселелері көбінде А.Алектров, Г.Потонин, Я.Лютш т.б. еңбектерімен байланыстырылады. В.В. Радловтың «Түрік рулаты әдебиетінің нұскалары» деген аталатын көп томды кітабының III томында (1870) Жанақ пен Тұбек, Орынбай мен Шортанбай т.б. бар. Тек XX ғасырдың бас кезінде «Қырғыз поэзиясы туралы» деген В.Н. Белостводовтың мақаласындаған XIX–XX ғасырлардағы тарихи әдебиет, жазба әдебиеттерден ауыз әдебиетін бөле қарап, жазба әдебиеттің нағызы өкілдері кімдер екендіктері арнағы сөз болады», – деуінен (сонда, 5-бет) оларға деген

таза көніл-күрметпен коса, ізденіс-еңбектерін бағалау мұраты айқын. Кей тұстары автор аталған түркологтардың казак халқы мен тілі, өлең-жырлары жөніндегі ой-пікірлерін еске алып, олардың шығысы елдеріне деген ерекше көзқарастары болғанына айрықша мән береді. Ол туралы төмендегіше ой қозғайды: «XIX ғасырда қазак әдебиетін зерттеген орыс ғалымдарының еңбектерінің құндылығын материалды тек жинауларында ғана емес, әдебиетіміздің мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері жайлыш берген ғылыми бағаларының да мәні зорлығында. Өйткені ол ғалымдардың барлығы да қазак әдебиетінің нұсқаларын өз күйінде оқып, өз құлақтарымен естіп, халық жазушыларынан өздері жазып алған материалдарының негізінде өздерінің талғамдарын, түсініктерін ешбір бояусыз айтуда күш салған. Откен дәуірдегі халқымыздың ақындық қабілеті мен әдебиетіміздің идеялық-көркемдік қасиеттері туралы бұл адамдардың берген анықтамалары – біздер үшін мактанаарлық нәрсе» (сонда, 5–6-беттер).

Сондай-ақ XIX ғасырдың бас кезіндегі кітап шығару жұмыстары, оны баспа орындары арқылы бастиру ісі де осы шолу мақалада мейілінше әрі нұсқалы, әрі нактылы дәлел-деректермен берілуі әдебиет зерттеушілері үшін мол материал-байлықты алға тартады. Айталақ, Ж.Шайхұлисламұлы, А.Сабалов т.б қазак елінің ескі әдебиет нұсқаларын жинап, оларды Қазан баспалары арқылы басып шығаруы әдеби-мәдени өмірдің онды қөріністері екені анық (“Өсиетнама”, 1880; «Кисса Шортанбай», 1888; «Кисса Біржан сал мен ақын Сараның айтысқаны», 1888 т.б.).

Мақала-еңбекте сонымен бірге Абайдың мұрасы мен миравының әдеби сында дұрыс бағаланбауына, 30–40-жылдары әдебиет тарихы жөніндегі көзқарастардың әр қылыш болып келгеніне ерекше назар аударылады. Абайды тану, бағалаудағы М.Әуезов, С.Мұқанов, І.Жансугіров, F.Тоғжанов т.б. пікірлеріндегі қайшылықтарды едәуір саралап, 30-жылдардан кейін халықтық, демократтық түрғыда бағалануына он көзқарас білдіреді. Сол кезеңнің талап-тілегі түрғысынан қарасақ, мұның өзінің айтулы, елеулі мәні болғанын байқаймыз. Ал XVII–XIX және XX ғасырлардағы казак әдебиеті тарихының даму жолдары 40-жылдардан кейін ғана жүйелі ізге түсіп, ол ҳақында оку құралдары, очерктер, зерттеулер жазылып, ғылыми сипат алғандығы кен көлемде аталып, мәніс-максаты түсіндіріледі. Әйтсек де осы жылдары жазылған оқулық зерттеулерінде «...қате кемшіліктер, феодалдық ұсақ буржуазияшыл-демократтық көзқарастардағы ақын-жазушылардың идеяларындағы көртартпалық жақтарын жүқалап қана айттып, ұнамды жағын баса айтуда, олардың шығармаларынан қалай да халықтық элементтер тауып, осы жағын көтерінкіреп айтуда тырысушилықтар да болды» деген (сонда, 12-бет) ойларында шындық

бар. Мұндай көріне көзге көпіртіп мактап, дақпыртқа иек арту бүгінгі күннің әдеби-мәдени мұраларын танып, бағалауда сирек те болса бой көрсетеді. Демек, ғалымның ой-пікірлері әдебиет нұсқаларын зерттеу ісінде әлі де маңыздылығын жойған жок. Асылы, сөз өнері төңірегінде «етік тігіп, жер жырткан» әрбір қаламгер ақиқат алдында, ар ісінде сергек болғаны жөн.

Макаланың және бір назар аудараптық қыры – XVIII ғасырдың екінші жартысындағы және XIX ғасырдың бірінші жартысындағы казак әдебиеті тарихын жеке зерттеу жүйесі етпей, сол кездегі феодалдық қоғам құрылышы мен екі түрлі бағыттың (феодалдық, демократиялық) болғанымен байланыстыра сөз етілуінен көрінеді. Тарихтың даму жолдарына осылайша саяхат жасаған автор сол кезеңдердегі өмір сүрген ақындар әлеміне, мұраг пен міндеттеріне көнінен тоқталады. Мәселен, «Бұхар, Үмбетей, Дулаттарды алсак, негізінде феодалдық салт-сананы қолдаушы, сол таптың идеясын жырлаушылар болды. Бұхар хандық құрылыштың мызғымас беріктігін аңсады. Абайдың іс-әрекетінің көшілігін құпташ, өлеңдеріне идеялық өзек етті» десе (сонда, 24-бет), Байток, Борон Жанұзак өлеңдері идеялық мазмұн, мұраттары тұрғысынан әр түрлі екендігін баса көрсетеді. Бұлардың Махамбет, Шернияз т.б. ақындардан өзгешелігі көзқарастарындағы кайшылықтарымен қоса көрсетіліп, өзара салыстырып, артық айтып, кем ойлаған тұстарына көнінен тоқталады. Сөйтіп, олардың өмірге көзқарасы мен шындықты қабылдаулары көп ретте таптық жағдайларға байланысты екендігіне де жан-жакты талдау жасайды.

Бұл айтылғандардан шығатын түйін: Қ.Жұмалиев XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы казак әдебиеті тарихын оқып-үйрену, зерттелу мәселесін халықтың ауыз әдебиеті нұсқаларынан бастап, жазба әдебиетінің даму жолдарымен телқабыс қарастыру әдеби-ғылыми, танымдық-рухани тұрғыдан тоғымды шыққан. Екіншіден, әдеби бағыттар сыр-сипатын ашу арқылы сөз өнеріміздің көрнекті тұлғаларының шығармашылық жолдарын тақырыптық-идеялық белгілерін, өмірге көзқарасын көнінен қарастырады. Ушіншіден, осы кезең ақындарын сөз еткенде олардың шығармашылық жолдагы бет-бағыттарына, өзіндік кемшилік-кайшылықтарының шығу себептеріне дәлелді салыстырулар жасайды. Ен негізгісі, XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиеттегі басты тұлғалардың өмірі мен әдеби мұраларына көнінен талдау жасап, өзіндік ерекшеліктерін, мұрат-міндеттерін сөз өнеріндегі алар орындарын жан-жакты саралайды. Ақиқаты сол, ғалымның мұндай ой өрімдері – 1959 жылы өткізілген белгілі ғылыми жиында (15–19 маусым) қалың қөпке ұсынылады. Демек, Қ.Жұмалиевтің XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX

ғасырдың бірінші жартысындағы төл әдебиетіміздің тарихына, ондағы негізгі тұлғалардың шығармашылық жолдарын зерттеу мәселесіне арналған еңбектерінің әдебиеттандырылышында айтулы орыны бар деп білеміз. Алайда әдебиет тарихына, оны дәуірлеу жай-күйіне қатысты ғылыми ойларында кейбір үстірттік те танылады. Бұхар жыраудан бұрынғы әдебиет әлеміне, мәдени-рухани жадігерлерімізге аса мән бермеуі – сөз жоқ, сол кездің, уақыттың әсері, ыкпалы болатын-ды. Академик С.Кирабаевтың «Қажым пікірлері мен ғылыми тұжырымында дәуірдегі әдеби, тарихи фактілердің негізінде туған еді. Бүгінгі өскелен ғылым дәрежесі мен ізденістер қазак әдебиеті тарихының Бұхардан да әріден басталатының көрсетіп отыр. Соған қарамастан, Қажымның әдебиет тарихының басталуы туралы ой-пікірлері мен тарихи тұлғаларды жүйелеп, оларды орын-орнына қоя қарастыруы XVIII–XIX ғасыр әдебиеті үшін күшінде қалады» деген ойларынан ғалым зерттеушінің әдебиеттандырылышындағы үлес, салмағы терең танылады».

Пікір орайында, әдебиет зерттеушісі Ә.Дүйсенбаевтың ғұламағалым М.Әуезовке койған сұрагы мен алған жауабын еске алсақ, мұнын өзі осы бағытта ізденістер жасап жүргендегі үшін мән-маңызы жоғары болары әрі өткен тарих-басты байлықка ойлы көз, сергек көңілмен қарауға оң бағыт берері анық. Сонымен аталмыш сұрақ пен жауапты ойға алалық: «Қазак әдебиетінің тарихын көне заманнан, керек десеңіз, VI ғасырдан бастағысы келетіндер бар, бұл мәселеге калай қарайсыз?

– Мәселе жеке бастың тілегіне немесе жорамалына барып тірелмесе керек. Дәлел, дерек жоқ жерде – бәрі бос сөз. Менінше беталды: «бар, жоқ» деп таласудан гөрі, былай ету орынды ғой деймін. Әуелі қолда бар материалдарды түгелдей пайдаланып отырып, XIX ғасырды зерттеп болған соң, XVIII ғасырға көшсе, соナン соң мүмкіндігіне қарай XVII, XVI, XV және одан әрі қарай куалай тексерумен шүғылданса, жөнірек болар еді. Бірақ соның өзінде әдебиет деген кең ұғымды есте тұтқан дұрыс...»

Қ.Жұмалиевтің аталмыш еңбегіндегі зерттеу жүйесінің өзіндік ерекшеліктері барын да айтқан жөн. Айтальық, ғалым-зерттеуші XVIII немесе XIX ғасырлар аралығындағы казак әдебиетінің тарихын, осы кезең аралығында өмір сүрген ақындардың шығармашылық жолдарын сөз еткенде қайсыбір тұлғаны болмасын өмірі мен мұрасын, кезең көріністері мен әлеуметтік тенсіздік жайын, олар жырлаған такырыптар мәнін, ерекшеліктерін өзара байланыста қарайтыны алдымен көзге түседі.

Әдебиет зерттеушісінің ғылыми көзқарастарының айқын танылар тұсы ақындар әлеміне енгенде сол кездегі тарихи жайларға дән

койып, сосын олардын қаламынан туған өлең-жырлар табиғатын осы ерекшеліктерімен байланыстыра қаастыруынан көрінер еді (мысалы, Бұхар, Шортанбай, Абай т.б.). Сондай-ақ демократтық бағыттағы ауыз әдебиетінің дәстүрін жалғап, оған тәңкерістік мән, идеялық көркемдік берген М.Өтемісов, Ш.Жарылғасұлы өлеңдеріндегі халық қамкоры – Исадай мен қалың қөпті езуші – Баймағанбет т.б. шығармаларына байланысты ой-пікірлері ғалымның әдебиет тарихын, онын тұлғалары мен мұрасын біліп, танып-талдайтынын байқаймыз. Қысқасы, сөз өнерінің көрнекті тұлғалары ғалым зерттеулерінде жан-жақты қаастырылып, қалың қөпке дәлел-дерегінің нактылығымен түсінікті, қонымды жеткізіледі.

К.Жұмалиевтің терен интуициясы XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті мәселесін зерттегендеге де кеңінен көрінетінін байқар едік. Бұл орайда, осы кезеңдегі әдебиеттің идеялық мазмұнына, стиль ерекшеліктеріне сай жүргізген ізденістерінің маңызы зор. Ал Шокан, Ұбырай, Абай мұраларындағы ескі түрмис-салтты сынау, өмір құбылыстарына жіті қөзben қарап, олардын халықтық, демократтық шенберде ойлауы т.б. хакындағы пікірлері әдебиет зерттеушісінің мол білімімен қоса, дерек-дәйектемелерінің де орасан қөтігімен әрі оларды орын-орнына койып, жүйелі пайдалануы ғылым төнірегінде жүргендеген үшін рухани ғибраты мол деп білеміз. Әдебиет сыншысы Б.Сахариевтің: «Зерттеуші ретінде Қажым Жұмалиев қазақ әдебиетінің сан саласына түгел дерлік енбек етіп келген ғалым. Оның ғылыми енбектері ауыз әдебиетінің үлгілерін, әдебиет тарихының әр алуан күрделі мәселелерін, әдебиет сыннының актуалдық проблемаларын, сондай-ақ әдебиеттің теориялық мәселелерін қамтиды» деген пікірі осы реттен құнды.

Бұл айтылғандарға көз жеткізу үшін әдебиет зерттеушісінің XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары хакындағы кейбір зерттеулеріне дең койған жөн.

К.Жұмалиевтің Бұхар Қалқаманұлының өмірі мен шығармашылығына арналған зерттеуі көп жылдар ізденісінің жемісі екені анық. Ертеректе жазылған «XVIII–XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті туралы» макаласында: «Бұхар XVIII хасырда өмір сүрген акын. Бұхардың өз әкесі Қалқаман батыр аргын руынан шыққан. Бұхар жырау Баян ауылында туып, Далба тауында өлген. Моласы Далба тауынын ішінде. Оның ұрпактары да Баянауыл маңында» деп дерек берді, «жазба әдебиеттің басы», «өз дәуірінің ұраншысы» болғанын баса көрсетеді. Ал акын өлеңдерінің ерекшеліктері хақында төмендегіше байлам жасайды: «Бұхардың дүниетанушылық қозқарасы ескі феодалдық қозқарас болғанмен, оның біздер үшін де керекті, пайдалы жактары

көп. Өсіресе оның сөздерінің халықтық жақтары бізге керекті. Бұған кіретіндері: оның өз отанын суюшілігі, отанын басқалар жауға алып кетпеү үшін бар күшін салып, халықты бірлікке үндеу, отанды жаудан корғаушы батыр ұлдарды шын жүргегінен сүйіп, басқаларға үлгі ету, өмірді терең түсініп, оның өзгешелігін байқап, бұл жөнінде басқаларға ақыл берушілігі, шығармаларында өз дәүіріндегі халықтың аңсаған тілегін айтып бере алушылығы, халықтың зор күш екендігін біліп, онымен ел басқарушылар байланысын үзбеу керектігін жырлауы т.б. Үлардың бәрінің де біздер үшін тәрбиелік мәні үлкен».

Осы ойлардың ағыс-арнасы біз сөз еткелі отырған «Бұхар Қалқаманұлына» барынша қатысты. Автор мұнда «әрі ақын, әрі жырши, әрі жырау» Б.Қалқаманұлының өмірінен мол деректер келтіреді. Қазак халқы басынан кеширген тарихи оқиғалар, белгілі хандар – Абылай мен Әбілқайыр, батырлар – Бөгенбай, Қабанбай т.б. қатысты дерек-дәйектемелер жүйелі келтіріліп отырады. Ал Бұхар өмірі мен шығармашылығын сөз еткенде ақынның көп жасаганын, оның өлеңдері ойға күрылып, дидактикалық сарынның басым болып келетінін ерекше атайды. Сондай-ақ оның өлеңдері өз кезіндегі әлеуметтік мәселелерге, тарихи жағдайларға арналғаны да еске алынып, жүйелі талдауға негіз етіледі. Мәселең, ел тұтастығын сактау – «Бірінші тілек тілеңіз», «Бірлік болмай, тірлік жок» өлеңдерін талдағанда терең көрінсе, «Абылай туралы», «Керей қайда баrasың»? т.б. туындыларынан ақынның дүниетаным ірімдері айқын анғарылатынына маңыз беріледі. Автордың Бұхар өлеңіндегі жастық, кәрілік туралы өмірге көзқарасын зерттең, зерделеуі де көнілге қонымды. Бұған біздің қосарымыз: бүгінгі зерттеушілер алдында Мұхтархан Оразбайұлының Пекин мұрағатынан тапқан Бұхар бабамызың 36 толғауын талдау міндегі тұрганын айту, еске салу. Бұл толғаулар «Ана тілі» газетінде 12 шілдеден (1990) бастап жарияланды. Жалпы, «Бұхар Қалқаманұлы» – әдебиет зерттеушісінің көп жылдар зерттең, ой мен сезім көрігінде шындалып, қалың көпке ұсынған ізденіс жемістері. Ендеше, ізденіс жемістері рухани сәулесін алысқа түсіретініне бек сенеміз.

Қ.Жұмалиев еңбектері арасында Махамбет Өтемісовтың өмірі мен шығармашылық жолы, зерттелуі мен басылуы жайлы ізденістері ерекше назар аударады. Мәселең, ғалымның «Махамбет ақын» («Әдебиет майданы», 1927, №1), «Махамбет Өтемісов өмірі» (1948), «Махамбет» (1962), «Егеулі наиза» (1979) зерттеулері, «Исатай – Махамбет көтерілісі және Махамбет поэзиясы туралы» сериялы макалалары («Қазақ әдебиеті», 1937, 6, 10, 15, 25 қыркүйек; 15, 20, 28 қазан) белгілі ақынның рухани әлемін жан-жақты танытады. Бұл еңбектердің қай-қайсысында да ақын өмірі мен мұрасы, Исатай

бастаған халық көтерілісі кен көлемде сөз етіледі. Біз сөз етіп отырған еңбекте де М.Өтемісовтың өмір жолымен қоса, ақын поэзиясының идеялық мазмұны, көркемдік келісім мен образ, сөз тіркестеріне терен талдау жасалынады. Сондай-ақ Исарай – Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі туралы, хан-сұлтандардың содырлы іс-әрекеттерінің түпкі сырларын жан-жақты ашып көрсетуге оң қадамдар жасалады. Осы кезеңде туған ақын шығармаларына, такырыптық-идеялық мәніне, уақыт шындығына тиісінше назар аударылады. «Махамбет шығармалары саны жағынан көп болмаса да, оның сапасы, идеялық көркемдігі жағынан мәні зор, – деп жазды автор. – Бір сөзбен айтканда, Махамбет өлеңдері – XIX ғасырдың бірінші жарымындағы хан, сұлтан, би-феодалдарға карсы Исарай бастаған шаруалар көтерілісінің айқын айнасы. Оның өлеңдерін оқығанда шаруалар көтерілісінін алғашқы өрлеу кезеңдері де, күрес жолдарында халық батырларының ерлік кимылдары да, көтерілістің апатқа ұшырағаны да, күресушілер жауларының колданған катал шаралары да, женіліс тапқаннан кейінгі ауыр хал, қын жағдайлардың бәрі де сол қалпында суреттеледі» (сонда, 92–93-беттер).

Зерттеуші ақынның «Жәнгір ханға айтқан сөзі», «Ұлы арман», «Бағаналы терек» сынды өлеңдерін талдағанда кезең кестелерін, уақыт сырын көрсетумен бірге, үстем таптың озырылыхтарына, өмір күбылыстарына мән береді. Ал Махамбет өлеңдеріндегі Исарай образын талдауда түрлі салыстыру, ізденістерге барғанын байқаймыз. Сөйтіп, «Махамбеттің шын мұрагерлері – совет еді. Оның өлмес творчествосы ез иесінің қолында» деген (сонда, 123-бет) қорытындыға келеді. Шындығында, М.Өтемісовтың әдеби мұрасы, ол жайлы тарихи деректер, зерттеу мәселелері тыңғылықты жүргізіліп келеді. Мұндай кәделі де рухани қоқжиегімізді кенейтуде К.Жұмалиев зерттеулері алабөтен орын алатындығы ақиқат. Біздіңше, ғалым-зерттеушінің М.Өтемісов жайындағы еңбектері мол дерек, тыңғылықты ізденістерімен қоса, ақын шығармаларының табиғатын, ондағы өмір шындығының тыныс-тамырын тап басып көрсетуінде, талдау мәдениетінде деп білеміз. Әдебиет зерттеушілеріне тән мұндай белгі-өлшемдердің бүгінгі жас буындар үшін үлгі-өнегелік сипаты айрықша. К.Жұмалиевтің XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы казак әдебиетінің негізгі тұлғалары – Дулат Бабатайұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Шортанбай Қанайұлы т.б. женіндегі зерттеулері әдеби-ғылыми деректерімен қоса, олардың шығармашылығындағы когамдық-әлеуметтік істерге көзқарасын анықтаумен де ерекше манызға ие. Автор бұлардың әдеби мұрасы мен мирасын тану, зерттеу үшін алдымен өмірбаян беттеріне, тарихи оқигалар сырына назар аударып, бұл такырып бойынша келешектегі зерттеушілер

алдына орасан мол мұрагат материалдарын тартады. Мәселен, Ш.Жарылғасұлының әдеби мұрасына ден қою арқылы Махамбетпен қарым-қатынасына көніл бөлсе, Ш.Қанайұлының шығармаларын тануда әлеуметтік мәселелер негізі нысана етіліп, осы тұста ақын көзқарастарындағы қайшылықтарға мән береді. Басқа ақындар шығармашылығын сөз еткенде де мұндай ерекшеліктер танылып отырады. Мәселен, ғалым мұрасын зерттеген М.Атымов бұл жайға ерекше назар аударған: «...ғалым Дулат Бабатайұлы мен Шәнгереj творчествосындағы қайшылықтардың бетін аша отырып қарастырады. Олардың творчестволарындағы қайшылықтардың шығу себептеріне тоқталады. Дулат Бабатайұлының өз творчествосында ерлікті, елдікті жырлағанымен, жаксы өмірді келешектен емес, кейіннен күткенін, өзі хандық дәүірден әлдеқайда кеш туса да, хандықты қөксегенін сыйнайды».

Ғалым зерттеушінің XIX ғасырдың екінші жартысындағы казак әдебиеті, оның басты өкілдері туралы зерттеулері де, жоғарыда атап өткеніміздей, әдеби-ғылыми тұрғыдан маңызды, ал сол кездеңі тарихи жағдайлар мен әлеуметтік мәселелерге мән беруі – кезең шындығын, сөз өнері қайраткерлерінің мұраларын жүйелі, жинакты танып, бағалауға мол мүмкіндіктер ашады. Айтальық, әдебиет зерттеушісінің Ш.Ұәлиханов, І.Алтынсарин, А.Құнанбаев сынды ғалым, ағартушы ақынның өскен ортасын, өнер өріндегі өріс-арналарын анықтауы – шын мәнінде биік ғылыми дәрежеге көтерілген, мол ізденістерге лайық еңбектер болып шықкан. Осындағы ғалымның ой-пікірлері әдеби-тарихи деректерімен мәнди, ал ізденіс, талдаулары идеялық және көркемдік тұрғыдан терең, тартымды шығып отырады. Мәселен, «...Шоқан фольклорист, әдебиеттің тарихы, теориясы туралы қазақтан бірінші рет құнды-құнды пікірлер айтқан әдебиетши-ғалым және жалғыз қазақ әдебиеті ғана емес, туысқан қырғыз елдерінің аты шулы Манас эпосын жариялаган, түркология әлеміне алғашкы рет таныстырган да Шоқан» (сонда, 194-бет) десе, І.Алтынсарин туралы ойын былай білдірген: «Әр педагог-оқытушы халық ағарту жолында тап Ыбырайдай жұмыстар істесе, көптеген табыстарға колы жеткен болар еді. Ыбырайдың педагогтық, жазушылық қызметтері кейінгі ұрпактарға үлгі және сол үлгілік мәнін ешқашан да жоғалтпақ емес» (сонда, 217-бет). Ғалым пікірлері белгілі ойшыл, ағартушылардың өмірі мен қызметі, әдеби мұраларының зерттелуіне арналған мәселелерде де терендей түседі. Ал Абай мұрасы төнірегіндегі зерттеулер казак ғалымының өнімді ізденістерінің жемісі деуге әбден лайыкты. Бұл зерттеу еңбектердің құндылық қырлары –. Абай мен оған дейінгі ақындар әлеміне тән өзгешеліктерді, олардың әдеби тілді дамытудағы үлес-салмактарын танып, талдауында деп білеміз.

Автордың біз сез етіп отырған оқулықтағы – «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты зерттеуі ақын әлемі мен әдеби мектептерін кеңінен ашып көрсететін құнарлы еңбектер қатарына жатады. Кітапта Абайдың өзіне дейінгі әдебиет өкілдерінен өзгешелігі – шығыс, орыс, европаның әдеби-мәдени мұраларымен таныстыры, қазак поэзиясын мазмұн жағынан терендеп, түр жағынан жаңартуы, өлең құрылышы мен тіл бедерін айшықтаудағы еңбектері кең қолемде сез болады. Бұл бағыттағы ізденіс, зерттеулерін автор: «...XIX ғасырдың екінші жарымындағы әдебиетіміздің барлық жетістік жақтары Абай атымен байланысты. Өзіне дейінгі қазак әдебиетін де терең түсініп, олардан өзінің творчестволық жолдарымен іске асырулары арқылы ол өз кезіндегі казак әдебиетін биік беленге шығарды» деп түйеді (253-бет). Ғалым-зерттеуші Абай мұрасын өмір белестерімен байланыстырады, өз дәүірінің үнін танытқан – реалистігі мен ілім-білімге шакырған – ағартушылығын, өмір құбылыстарын жан сырымен ұғындырған – лириктігін, тұрмыс-тірліктің алуан қырларын қамтыған – қара сөздерін кезең көріністеріне лайық сез етеді. Сөйтіп, «іші алтын, сырты күміс» сез жақсылысын жазып та, айтып та бере алған Абай ұлылығы мен тағызымына сан қылышының салыстыру, зерттеулер жасайды. Ой түйінде: «Абай – жалғыз казак әдебиетінің шенберіндегі ірі тұлғалардың бірі» деген (сонда, 370-бет) корытындыға келеді. Біздіңше, әдебиет зерттеушісінің Абай мұрасына қатысты ой-пікірлері ақынның сан қырлышының ерекшеліктерін, суреткерлік қасиет пен улғи дәстүрін кеңінен танытып, сез өнерінің құдірет-қуаты арқылы халық тарихы мен рухани мәдениеттің биік көкжиектерін жан-жакты біліп, менгеруге көп көмек етеді. Абай тағылымы да осында.

Кітаптағы «Ақан сері», «Ақылбай Абайұлы», «Мағауия Абайұлы», «Шәнгереj Бекеев» туралы жазылған макала-зерттеулер жүйелік сипат, ғылыми дәйектелігімен көніл аударады. Зерттеушінің белгілі суреткерлер өмірі мен мұрасы туралы талдаулары да сол кезеңнің тұнысына лайық карастырылады. Мәселен, Ақан сері: «...әлеумет өміріндегі әр түрлі мәселелерді тақырып етіп, ел басындағы қысым-шылықты қөре білді. Ел қайғысы ез қайғысы болып, үстемдік егу-шілерге карсылық білдіріп, наразылық көрсетті. Зорлықшыларды шенеп, еңбекші халықтың ой-сезімін оларға қарсы тәрбиеледі» деп (сонда, 388-бет), оның поэзиялық мұраларының негізгі нысанасын айқындаса, Абай ұлдары – Ақылбай мен Мағауия туралы: «Екеуі де жасынан экесіне еліктеп өлең жаза бастағанда, ер жете келе экесінің басшылығымен ақындық өнерлерін дамыта түскен» деуі (сонда, 391-бет) олардың шығармашылық жолдарын, есken ортасы мен талант табиғатын танығандық. Сондай-ақ ғалым зерттеуші аталмыши ақындар мұрасын сез еткенде бірынғай тақырып, оқига желілерін куаламай,

нақтылы шығармаларын, оған өзінің көзқарасын білдіріп отырады. Біз бұған Ш.Бекеевтің әдеби мұраларын қарастырғанда, әсіресе оның хан тұқымынан шықса да қарапайым адам болғанына қатысты деректерінен көз жеткіземіз. Ал өлеңдерінде ғылымға маңыз беріп, оған жастарды тартуды үлкен мұраг санайтыны танылады:

Оқымасан, ғылым нұрын білім асар
Көnlілдін кіршік басқан көзін ашар...

Қ.Жұмалиев зерттеулерінде Ш.Бекеев шығармашылығы – Фет, Тютчев, сынды орыс ақындарымен де салыстырылып, әлеуметтік құрылышта қатынас, қарсылығына мән беріледі. Ал ақын өлеңдері талданған тұста қөркемдік пен мазмұнда бірлік бары, жаңаша сез тіркестері мен үздік образдар кездесетіндігі атап өтіледі. Қысқасы, ғалым зерттеулерінен шын мәніндегі өнер иесі мен қөркем шығармашылық жолдағы талант табиғаты, азаматтық ой-сезімнің өмір диалектикасымен тығыз байланыста берілетіндігін көреміз. Сонымен бірге жоғарыдағы ақындар шығармашылығындағы тақырып пен қөркемдік, ұлттық міnez бен психологияның дамуы, адам басында болар алуан көріністер диалектикасы өмір болмысымен бірлікте қарастырылатынын байқаймыз. Алайда сез болған ақындар мұрасы кей тұстары жалпылама, ендігі бір жерде тақырыптық, қөркемдік аядағана сез болуы – әдебиет тарихының тұлғаларын танып, зерттеу ісінде олқы соғары хак. Қайсыбір халықтың әдеби-мәдени мұралары әр дарынның өз орнында болуымен бірге, шығармашылық жолдарын, ондағы қөркемдік-идеялық ерекшеліктерін танып, талдау мәдениетімен де өлшеніп, бағалануға тиіс. Бұл реттен алғанда, жоғарыдағы ақындар мұрасы әлі де зергітей түсуді, мұрагат қазыналарына «саяхат» жасауды қажет етеді. Бұғынгі зерттеушілер алдында XVIII-XIX ғасырдағы казак әдебиеті тарихы мен тұлғалары хакындағы ізденістерін текстологиялық түрғыдан терендету, әдеби нұскалардың ғылыми басылымы мұкият әзірленіп, түсініктемелеріне байыпты мән беру міндеті тұр. Бұл мәселелердің онды шешілуі баршамыз үшін абыройлы іс.

Сонымен, Қ.Жұмалиевтің казак әдебиеті тарихының мәселесіне қатысты көзқарастарын, дүниетаным іірімдерін түйіндей келгенде, бірпеше сапалық ерекшеліктерінің бары айқын аңғарылады. Ең алдымен, ғалым-зерттеуші төл әдебиетіміздің тарихының мәселесін сез еткенде – XVIII-XIX ғасырлар аралығындағы ақындар өмірі мен әдеби мұраларын кезең ерекшеліктеріне, тарихи жағдайлар сырларына қатысты өзара байланысты қарастыратынын көреміз. Екіншіден, XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші, екінші жартысындағы қазак әдебиетінің алуан тақырыптағы мәселелерін Қазан төңкерісіне дейінгі материалдар негізінде, орыс

ғалымдары зерттеулеріне сүйене отырып, жүйелі сөз арқауы ететінің байқар едік. Үшіншіден, екі ғасыр (XVIII–XIX) еншісіндегі ақындар шығармашылығын танып, зерттеу ісіндегі қате-кемшіліктерді ескере отырып, олар хакында соны да жана ізденістер жүргізуі, ауыз және жазба әдебиетіндегі айырмашылықтарды жіті бақылап, бұған дейінгі әдеби бағыттарға көзқарас білдіру мұраггартары айқын, бедерлі екенін көреміз. Төртіншіден, Бұхар Қалқаманұлынан бастап Шәнгерей Бекеевке дейінгі аралықтағы ақындар әлемінің ерекшеліктері мен әдеби мұрасын зерттеу, жариялау жұмыстарындағы ілкі қадамдар жан-жакты ізденіс, зерделі зерттеулер нәтижесі екенін танимыз. Әрі бұл ерекшеліктер ғалымның казақ әдебиеті тарихының мәселесіне арналған әр жылдарғы көптеген әдеби сын, зерттеу енбектеріне (мақалаларын да еске алып отырамыз) барынша қатысты, ортак екенін айрықша атап өттер едік.

Тұгастай алғанда, Қ.Жұмалиевтің XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің мәселелеріне арналған зерттеулері (әсіресе біз сөз еткен енбегі) әдеби-ғылыми маңызы жоғары, дерек-дәлелі мол, ал ізденіс іздері бүгінгі буындар үшін үлгі-өнеге боларлық ғибрат мектебі деуге әбден лайыкты. Ғалым енбегінің биік мұраты мен тағылымдары осынданай.

Т. КӘКІШҰЛЫ ЖӘНЕ СӘБИТТАНУ

Академик-жазушы Сәбит Мұқановтың мемориалдық мұражай үйі қалын көпшіліксіз болған емес. «Сәбит сабағы» болатын күні бейне бір мерекедегідей көніл күй белен алады. Бұл күні әдеби және мемориалдық бөлімдерден тұратын мұражайдан бос орынды табу қын...

Бүгін де дәріс. Әдеттегідей төрден бірер адам орын алған. Олардың бастыларының бірі – жазушының жары Мәриям Мұқанкеліні, екіншісі – ҚазҰУ профессоры Тұрсынбек Кәкішұлы.

«Сәбит сабағының» жетекшісі, ұстаз-ғалым Тұрсынбек Кәкішұлы халық қаламгері С. Мұқановтың өмірі мен шығармашылығы ҳақында сөйлеп тұр. «Білімдіден шыққан сөзде ой мен сезім тұтасып, дерек пен дәйек үндесіп, ұнамды сипат алған. Өмір, уакыт шындықтарының өнер әлеміне айналудағы әр алуан әдіс-тәсілдері де, көркемдік таным мен тіл байлығы, сөз сырлары да шешен әңгімелерінін алтын арқауына айналды. Байыппен ден койсак, «Кәдімгі Сәбит Мұқановтың» өмірі мен кезеңі, қоғамдық қызметтері Кеше мен Бүгін мәселесімен байланыста өріс алады. Қашан да үлкенді-кішілі мінбелерден айтары анық, көзқарасы айқын, сөздері салмакты шығатын Т.Кәкішұлы бұл жолы да теренген ой қозғап, мол мұрағат материалдарын алға тартып, ондағы әр алуан дерек көздерінен сыр толғады. Пікір орайында «Қара тақтаның...» сырын ашып, «Адасқандардың» да ақиқатын айтты. «Теміртастың» сынын, «Жұмбақ жалаудың» жырын да шертті. «Сұлулашашқа» тамсанып, «Батыракқа» мән берді. Шоқанға ден қойып, Сәкенге сыр ашты. Мағжан – Сәкен, Сәбит – Мұхтар араларындағы ортақ мұраттар мен кереғар көзқарастарды да назардан тыс қалдырмады. Қурделі кезеңнің кереғар ойларына бойлап, тайыз таным мен санадағы жаралардың тамырын басты. Парасат пен саясат күресінің «бағытын» айқыннады. Ақыл-парасатқа жол ашып, әр дарынды өз орындарына кою қажеттілігін, қазак зиялышарының тағдыр-талайы мен тіл мұратының мәнін де тәуелсіздік талаптарына сай сөз етті.

«Халыққа қызмет ету үлгісін адамдық асыл қасиеттерімен де, қалам қуатымен де көрсеткен С.Мұқанов елімен өртөнді күнге – болашаққа бірге барады, мәнгі жасай береді», – деп жазушының жары Мәриям Қожахметқызы Мұқанкелініне басын иіп, қолын алғанда қалың көпшілік те теңіздей толқып, жан шуағы мен жүрек жылуын катар сезінген-ді.

«Сәбит сабағының» әрбір дәрісі, оны жүргізуші профессор Т.Кәкішұлының парасат биігінен сөз бастап, қордалы ойлар түйінін де халық мұратымен, келелі келешектің жарқын беттерімен байланыстыруы кім-кімді де бейтарап қалдырмады. Халық қалам-

геріне құрмет те, ұстазға шәкірттің парызы мен карызының бір белгісі, тағылымды тұстары осында болса керек...

Адам өмірінің мәні мен мәнгілігі – бійк мұратымен, еткен еңбегімен, қалдырыған үлгі-өнегесімен өлшенері хак. Осы орайда, академик-жазушы С.Мұқанұлының сонында қалған мұра-мирастары қаламгер атымен аталатын мұражай қызметімен, «Сәбит Мұқанов сабағымен» сабактасып, өріс-арнасын кенейтіп келе жатуы – көніл қуантады әрі құлттарлық іс.

«Сәбит Мұқанов сабағы» ұлылық ұлағатын таныту, талантқа тағым өтедін үлгісі болып келеді. Сәбittануши Қ.Ергебектің: «Қазак кенес әдебиетінде және бір шара жүзеге аспақ. Ол – «Сәбит сабағы»... «Сәбит сабағы» – тарихи оқиға еді ... «Сәбит сабағы» қарқын алғып келеді. Мәдениетіміздін бір тұракты шарасына айналса ғой, шіркін!» дегінде жанашырылғы та, жауапкершілік те мол (Жазушы шеберханасы. – Алматы, 2002. 244–247-беттер).

Көрнекті қаламгердің адами-рухани мұра-мирастарын кеңінен насиҳаттап, жекелеген еңбектерінің шығармашылық тарихын, тағдырын таразылау, ұстаздары мен тұстастарының тағым-өнегелеріне кең өріс ашу, ең негізгісі жас үрпакқа ел ардағына айналған талант табиғатының қыры мен сырын жаркырата көрсету қашан да қаделі, құрметті істердің бірі болып табылады.

Ақықатында, С.Мұқанұлы халық маҳаббатына да, қалын оқырманың шынайы сүйіспеншілігіне де көзінің тірісінде-ақ ие болған. Мұнын мынан бір мысалына – «Кәдімгі Сәбит Мұқанов», «Сәбит Мұқанов тағымы» атты естелік, әдеби-сын макалалар жинағы арқылы да жан-жакты көз жеткіземіз. Әсіресе М.Әуезов, Ф.Мұсрепов, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, Б.Кенжебаев, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Р.Бердібаев, З.Ахметов, Ш.Елеуkenov, С.Шәймерденов, Ә.Нұршайыков, С.Досанов, Ә.Кекілбаев, Ж.Ысмагұлов т.б. кеңінен сез етсе, Мұқановтану өрісін – Т.Нұртазин, А.Нұрқатов, Қ.Жармағамбетов, М.Хасенов, Қ.Ергебек, С.Макпирұлы, Р.Тұрысбек, С.Тайманова т.б. кенейте түсті. Алыс-жакын шетел қаламгерлері – С.Маршак, Л.Леонов, А.Толстой, Н.С.Афаров, Г.Серебрякова, Н.Фазылов т.б. ыстық ықыласқа толы лебіз, көзқарастары – С.Мұқанұлының өмір мен өнерге құштарлығын, адамдық істі ардактаудағы жүрек жылуын, көніл сәулесін кең көлемде көрсетеді.

Академик-жазушы С.Мұқанұлының мұра-мирастарына байыппен ден койсак, барынша халықтық һем қарапайым қалпын, көніл кен-дігі мен жан жылуын сезіну қыын емес. Әсіресе ұстаздары және тұстастарымен емен-жарқын араласып, өзі де жас қаламгерге, жетім-жесірлерге көмек қолын ұсынған, жүрек жылуын арнал, халық сүйіспеншілігіне бөлөнген.

Әдебиет зерттеушісі, профессор Тұрсынбек Кәкішұлының еңбек мұраларынан ұстаздары мен тұстастарына қатысты көзқарас эволюциясы өзгешие әлем, жеке арна. Бұл бағыттағы ізденіс, тақырыптар бірде әдеби-ғылыми дерек пен дәйек негізінде өріс алса, келесі кезекте естелік-әнгіменің өзекті де ағысты арнасын құрайды. Әсіресе академик-жазушы Сәбит Мұқанұлына деген құрметі мен сүйіспеншілікті сезіну кім-кімді болса да бейтарап қалдырmas дер едік (қарағызы: Дәуір жыршысы. – «Ленин туы», 1960, 2 тамыз. Әдебиет мактандыши. – КР ҰҒА хабарлары, 1960, 12; Сыншы-ғалым. – «Қазақ әдебиеті», 1960, 13 қараша; Жаңа заман жыршысы. – Сәбит Мұқанов тағымы, – А., 1990, 100–123-бб.; Дүниетаным иірімдері. – Санадағы жарапар. – А., 1992, 213–229-бб.; Даға жүрек. – Ескірмейді естелік. А., 1994, 170–262-бб.; Сәбит танымы. – «Абай» журналы, 1995, 38–42-бб.; Сәбен әлемі. – А.: Қазақнарат, 2000. – 272-бет; Мағжан мен Сәкен. – А.: Қазақ университеті, 1992. – 439–447-бб.; Толғам. – А.: Қазақ университеті, 2004. – 527-бет т.т.)

Әдебиетші-ғалым Т.Кәкішұлы еңбектерінің С.Мұқанұлына арналған тұстарында кезең көріністері, өмір-уақыт шындықтары сөз өнерінін биік мұраттары тұрғысынан баяндалады. Оқып көрелік. «Сәбит Мұқанов – бүкіл совет әдебиетінін туу, қалыптасу, даму дәуірлеріне белсene араласкан, әдебиеттің партиялық принципін үнемі қатан сактауға және жүзеге асыруға, социалистік эстетиканың бар талабына жауап беруге талпынған, күш-жігерін аямаған, сол жолда талай тар жол, тайғақ кешуді басынан көтерген жазушы. Советтік қоғам жаңа орнап жатқан кездегі талтық құрестен шыққан әдебиет майданында Сәкен Сейфуллинге сенімді серік болған, жаңа заманды қабылдамаған ақын-жазушылардың әдебиет әлеміндегі ықпалымен бел шешіп құрлескен, идеялық позициясы мықты да тұракты жазушы – С.Мұқанов. Қазакта пролетариат жок, сондыктan оның әдебиеті болуға тиіс емес дегендеге өзінің нақты көркем шығармаларымен жауап беріп, жаңа әдебиеттің тұғандығын дәлелдейген пионердің бірі – Сәбит.

Бұл жолда ол қастандық сынға да, өтірік-өсекке де, зымиян мысқылға да, дөрекі айғайға да кезікті, бірақ совет әдебиетінің идеялық-көркемдік платформасын сактауға, оның үстемдікке ие болуына аянбай күш жұмсады. 20-жылдардағы өшпенді шабуылдар, 30-жылдардағы жалған жалалар Сәбиттің идеялық позициясын мұқалта алған жок. Бұл ерекше атап өтер өзекті мәселе» (Ескірмейді естелік. – А., 1994, 171-бет). *Бұл – бір.*

Екіншіден, С.Мұқанұлының өмірі мен шығармашылығын жекелеген тұлғалардың (Абай, Сәкен, Мағжан т.б) тағдыр-талайымен байланыста сөз етіп, сол арқылы төл әдебиеттің актаңдақ әлеміне енү бағыты терен танылады. 20-жылдардағы әдеби айтыстар мен

30-жылдар ойранының негізгі себеп-сырларын саясат пен парасат күресінің нәтижесінде танып-талдау көнінен көрініс береді.

Үшіншіден, Сабит Мұқанұлының мұра-мирастары арасында «Адас-кандар» (1931), «XX ғасырдағы казак әдебиеті» (1932), «Теміртас» (1935), «Казактың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942), «Есею жылдары» (1964) секілді жекелеген еңбектерінің жазылуы жайынан, жалпы шығармашылық шеберхана сырларынан ой қозгайтын дерек көздері мұрағат құжаттарымен, тарихи-әдеби сипаттарымен назар аудартады.

Төртіншіден, С.Мұқанұлы мен Т.Кәкішұлының өзарақатынасы байланыстары, шығармашылық ықпал-әсерлері қоғамдық-әлеуметтік істерден бастап бауырмалдық, достық, туыстық сезімдерге табиғи ұласып жатуы көркем де бедерлі жеткізіледі. Негізінен, ғалым-сыншы Т.Кәкішұлы еңбектерінде Сабиттану тақырыбы әдебиетіміздің биік белесі, ағысты арнасы, құнарлы саласы ретінде сөз етіледі.

Профессор Т.Кәкішұлы еңбектерінде ұлт мактандыши – Абай туралы С.Мұқанұлының көзкарасына, артық-кем тұстарына ерекше маңыз беріледі. Әсіресе С.Мұқанұлының «Кара тақтаға жазылып қалмандар, шешендер!» (1923), «Әркім өзінше ойлайды» (1928), «Абай – халық ақыны» (1937) секілді кезеңнің талап-тілектеріне сай саралынып, кейінгі тұста қуатты ойлар тоғызы зерделі зерттеу – «Жарқын жұлдыздар» (1964) монографиясына ұласуы – Абайтану іліміне қосылған асыл арна екендігі кен көлемде қарастырылады (Казак әдебиеті сыйнының тарихы. – А., 1994. – 400 бет).

Зерттеуші бұлтакырыпты Абайтану мәселелерімен байланыстырады әрі С.Мұқанұлы танымындағы өзгеріс, ерекшеліктерді уакыт талабы тұрғысынан танып, талдайды. Нәтижесінде С.Мұқанұлы шығармашылығында Абай әлемі құнарлы ойға серік, арналы тақырыпқа негізгі нысана етілгенін нактылы дерек көздері, мұрағат құжаттары арқылы тамыршадай тап басып көрсетеді. С.Мұқановтың Абай мен оның айналасына қатысты көзқарас-зерттеулерін казак әдебиетінің жалпы мәселелерімен өзара байланыста сөз етілуі әлеуметтік-тарихи һәм көркемдік-рухани тұрғыдан мәнді сипат алады. Абай әлемінің мәңгілік сипаттары, мәдени-рухани мәні әр қырынан ашылады.

Ғалым-сыншы Т.Кәкішұлының Сабит танымына қатысты көзкарастары – «XX ғасырдағы казак әдебиеті» (Ұлтшылдық, байшылдық дәүір. I бөлім, 1932 жыл) атты енбегі төнірегінде көнінен көрініс береді. Әсіресе кейінгі кезеңде жариялышықты жалау етіп С.Мұқанұлына қатысты керегар ойға, қанку сөзге «майдан ашқандарға» өзіндік ой-пікірлерін батыл да дәлелді жеткізе біледі. «Оны тарихты замана ағымын түсінбегендер айтып жүр», – деп жазады ғалым. – Казак халқының жалпы тарихы сияқты, әдебиет пен өнер тарихы бұл

кезеңде әлі жасалып үлгірмеген, жаңадан ғана ізденіс журіп жатқан кез екенін еш уақытта естен шығармауы керек... Осындай апалантопалаң заманда қазақтың ен зиялы адамдары құғындалып жатқанда, С.Мұқанов үлкен азаматтық танытты деуіміз керек. Қайран қалатын бір жай, Сәбенді сөзге қалдырығысы келетіндер осы кітапты құрандай көріп, колынан тастамайды. Бар деректі, керек-жаракты осы кітаптан алады да, Сәбеннің артық-кем айткан ойларынан цитат келтіріп, өзіне едіреіп қарсы шыға келді. Өйттегі себебі – XX ғасыр басындағы әдебиетіміз туралы, әсіресе Алаш қозғалысына қатысқандар туралы бұдан басқа комакты да мол деректі еңбек жазылған емес. Мактандың үшін де, кешегін білу үшін де Сәбеннің осы кітабына ертеңді-кеш бас ұратын себебіміз сондыктан... «XX ғасырдағы қазак әдебиеті» деген монументальді еңбегінің нәрі мен сөлін дұрыс бағдарлап, артық-кем айтқандарының әшкерелеу үшін емес, құрбандыққа шалу ниетімен емес, тарихымызды түзету, шалыс басқан қадамдарды онға бұру мақсатымен пайдалана білуіміз керек» (Ескірмейді естелік. – А., 1994. 175–177-бб.).

Бұл – ел тарихына, рухани мұра-мирасына құрмет.

Бұл – үлттық сөз өнерінің белесті кезеңінің ақиқатын анықтауға, қалам қайраткерлерінің артық-кем тұстарына көзқарас эволюцияның білдірудін рухани үлгісі.

Бұл – халық махаббаты мен сүйіспеншілік-мерейіне айналған С.Мұқанұлына құрмет көрсетудің өзгеше үлгісі, ұнамды сипаттарының бірі.

Әдебиет сыншысы Т.Кәкішұлының Сәбит пен Мағжанға қатысты көзқарас, ізденістері де дәйек-дәйегімен ден қойғызады: «Мағжан бірден жарқырап шыққан жұлдыз» деумен бірге (Кер заманнын керегар ойлары. – А., 1995, 25-б.), олардың арасында таптық көзқарастың болғанын өмір, уақыт сырларымен сабактастықты көрсетеді. Қазак сөз өнеріндегі орын-үлестерін, адами-имандық қырларын өзара жазған хаттармен (1934, 2 караша; 1925, 27 қыркүйек; 1937. 20 ақпан), тұстастарының естелік-әнгімелерімен байланыста баяндайды. Ретті тұстарында Сәбеннің көленкелі қырларын, «солақай шындық» бағыттарын тап басып көрсетеді. Кезең, уақыттың танба-сырларын катаң көрсету арқылы – «Қадімгі Сәбит Мұқановтың» қалың көпке сыйлы, досқа адал сырларын бар сипат-белгілерімен бедерлі бейнелеп, адамдық имандық қырларын биік тұғырға көтереді, кейінгі буынга үлгі етеді.

Әдебиетші-ғалым Т.Кәкішұлының академик-жазушы С.Мұқанұлымен етene араласып, қатар жүрген, тілекtes-тілеуles болған тұстары – 1950 жылдардан кейінгі кезеңді қамтиды. Осы уақыттың шуакты сәттері төмендегіше еске алынады: «Ол кезде газет-журналдарда макалаларым жарияланып, жүртшылыққа ептеп танымал да бола

бастадық білемін. Әсіресе архивтен табылған дүниелерге, тарихи шындықтың сырын ашатын жайларға, Сәкен, Бейімбет, Ілиястардың творчестволық өмірге оралуына байланысты деректерге негізделген, оның ішінде 20-жылдардағы көркемдік даму процесін әнгімелеген макалаларым жазушылар мен ғалымдарды да елеңдетеді. Жиенғали Тілепбергенов, Елжас Бекенов, Саттар Ерубаев жөніндегі зерттеулерге бәрекелді айтқандар да жок емес. Қазактың көрнекті сыншысы Есмағамбет Ысмайыловтың маған ғылыми жетекші болуына себепкер жай да осы макалалар әсерінен еді» (Ескірмейді естелік. – А., 1994, 184-бет).

Бұдан кейінгі жердегі профессор Т.Кәкішұлының жазушы С.Мұқанұлымен жақын жүріп, араса бастауы – «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелер. (1917–1929 жж.)», «Қазақ әдебиеті сыннының туу және қалыптасу жолдары» (1971) атты кандидаттық, докторлық диссертацияларына арнайы пікір жазуы (1959, 10 қараша; 1971, 14 маусым), «Сәкен Сейфуллин» атты әдеби-тарихи очеркінін (Мәскеу, 1972) қалың көпке жетуіне әділ бағасын да, бағасын да беруімен тікелей байланысты. Бұл тұстарда Т.Кәкішұлы мен С.Мұқанұлы арасындағы байланыс, катынастар ұстаз берілгенде сезімді жүрекпен сезіну, ақиқатка табан тіреу айқын ангарылады. Біздінше, С.Мұқанов пен Т.Кәкішұлының араларындағы байланыстар білім-ғылым жүйесі төңірегінде ғана емес, сонымен бірге ұлттық мұрат пен тарих, мәдени-рухани мәселелер, жекелеген тұлғалардың өмірі мен өнегесіне қатысты да кең өріс алады. Ұлт руханияты, әдеби мұра мен оны зерттеу ісі, білім-ғылым жүйесіндегі ортақ мұраттар, жанр мен көркемдік таным арналарына қатысты көкейкесті мәселелер де негізгі назарда болады. Мұның бәріне де адалдық пен табандылық, үміт пен сенім басты өлшем етіледі.

Ұлылар үндестігінің бір қыры, мын сыры осында болса керек.

Профессор Т.Кәкішұлы дәуірдің даңқты тұлғасы – С.Мұқанұлының ұлттық сез өнеріндегі орын-үлесін, өмірі мен өнегесін – «Сабен әлемі» (А.: Қазакпарат, 2000. – 272 бет), «Мағжан – Сәкен» (А.: Қазақ университеті, 1999. – 499 бет), «Толғам» (А.: Қазақ университеті, 2004. 527 бет) т.т. зерттеу енбектерінде, ойлары мен толғаныстарында кеңінен көрсетеді.

Қысқа кайырып айтсақ, «Мағжан – Сәкен» атты ғылыми эсседе орын алған «Сабит – Мағжан – Сәкен» сынды эпилогта қазак әдебиетінің жалпы мәселелерімен бірге, ұлттық сез өнерінің алдыңтары – С.Мұқанов пен М.Жұмабаев арасындағы адамдық-қаламгерлік

қарыз-парыз айқын анғарылады. Ондағы: «Әрбір ұлы дарындар мен өнерпаздар, қайраткерлер өз елін әлем алдында жаркырата көрсетуге себепкер болады да, келешегіміз нұрлана түседі. Ұлыларымызды ұлттымыздың абыройына айналдыра білсек қана әлем алдында абыройлы боламыз. Ол үшін көнілімізді кеңге салып, мәдениетіміздің ұлы тұлғаларын ардактай білейік» деген (447-бет) ортак мұрат туралы толғам-тебіріністері – уақыттынысын анғартумен бірге, талантқа құрмет пен жауапкершілікті еселеп арттыра түседі. Айқын байқалар жайт профессор Т.Кәкішұлының қайсыбір еңбек, мақалаларында:

- ұлт мұраты мен ұрпак камы;
- тарих пен таным тағылымы;
- білім-ғылым жүйесінің түйінді тұстары;
- қазак сөз өнері мен руханият мәселелері т.т. қатар қозғалып, соған байланысты қөзқарас эволюциясын бүкілесіз білдіріп отырады.

Сондай-ақ «Толғам» атты еңбектегі «Сәбен оятын ойлар», «Сәбен өз халқына дүшпандық ойлады ма?», «Әдебиетіміздің Қазбегі мен Эльбрусы» атты ойлар мен толғаныстардан

- С.Мұқанұлының қазак әдебиеті тарихындағы алатын орны;
- қайраткерлік һәм қаламгерлік мұраты, адамдық-азаматтық болмысы;
- ұлттық сөз өнерін дамыту жолындағы артық-кем тұстары;
- ұлт мұраты мен руханиятына қатысты ерен еңбек, шығармашылық мұрасы т.т. кеше-бүгін байланысы, жаңа уақыт талаптары тұрғысынан сөз етіледі. Мұның бәрінен, сөз жок, Т.Кәкішұлының Сәбиттануға қосқан үлес-салмағы терең танылады. Бұл реттеген алғанда Т.Кәкішұлы алғаш С.Мұқанұлы шығармашылығын қызыға оқып-күмартқан болса, кейінгі кезеңде қаламгермен қатар, үзенгілес жүріп, адами болмыс-бедеріне көз жеткізген тұстарда әуелгі құштарлық қимастық сезімге, мәңгілік тағылымға айналады.

Профессор Т.Кәкішұлы еңбектерінде – «Кәдімгі Сәбит Мұқановтың» қаламгерлік-ғалымдық қырлары жас таланттарға қамқорлық сипаттарынан да кең көлемде көрініс береді: «С.Мұқановтың сыншылдық қызметі қазак әдебиетінің профессионалдық арнамен өркендеуіне, идеялық нысанасының таза болуына, көркемдік шеберлікті игеру талаптарына, жас қүштерді мәпелеп өсіруге бағытталса, ғылыми-зерттеу саласындағы сүбелі еңбектері қазак әдебиеттану ғылымын өркендедүде орасан зор мәнге ие болды» (Сәбит Мұқанов тағлымы. А. – 1990, 122-бет).

Бұл тақырыптар жалаң сөз, үстірт әңгіме аясында қалмай, керісінше. С.Мұқанұлының Қазан төңкөрісінен кейінгі алғашқы он жылдық тұстарындағы қазактың әдеби-көркемдік даму бағыттарынан бастап өмірінің әр кезеңдерінен көрініс беріп отырады. Әсіреле 20-жылдардағы

шығармашылық және үйымдық айтыстар, «Поэзия мәселесі» макаласындағы (1933) ғылыми теориялық сипаттар, «Адаскандар», «Теміртас» романдары төнірегіндегі қылыштарымен де жан-жакты суарылғаның таныптыстуе киын емес. Мұның бәрінен де С.Мұқанұлының азаматтық-каламгерлік қырлары, дүниетаным ірімдері терең танылады. Ел алдындағы қарыз бер парыз бар сипатымен көрінеді.

Тұгастай алғанда, әдебиет зерттеушісі, профессор Т.Кәкішұлының еңбек-мұраларында қазақтың көрнекті қаламгері, академик Сәбит Мұқанұлының ұлттық сөз өнеріне, мәдениет тарихына коскан үлес-орны көңілде көрінеді. Алғаш шәқірт, оқырман ретінде көріп кездескен Т.Кәкішұлы төл әдебиеттің даму жолында жазушы С.Мұқанұлымен қатар да, сапарлас та, тілектес-тілеулес болған сәттері де жылы, шуакты мезеттерімен көңілді тербейді. «Сәбит Мұқанов сабағында» кеш-кездесу, сұхбат-сәттерінде де халыктың қалаулысына, уақыттың ұланына айналған қалам қайраткерінің биік те дара тұлғасын үлгі-өнеге тұту, сағынышпен, сүйіспеншілікпен еске алу сезімінің жоғары екендігін оқып-сезіну, танып-түйсіну киынға сокпайды. Керісінше, өміртанытқыштық, тағылымдық тұстары көңілді тербел, әуел бастағы оқырман-қаламгер көзкарасының бертін келе адамдық-имандық мәселелерге, ұстаз-шәқірт арасындағы қарым-катьнасқа, туыстық сезімге ұласуы – ғибраттық үлгі-өнегесімен де, шығармашылық-рухани байланыстарымен де табиғи үйлесім тауып отырады. Маныздысы: мұндай белгі-ерекшеліктер, әсіресе С.Мұқанұлының қалың көппен максат-мұддесі бір, әрі көнілі де, жүргегі де біртұтас екендігін ел аузындағы әнгімелер де, әдеби-рухани дерек көздері де шындықка шығарады. Фалым-сыншының сезімен айтсақ: «Қазак әдебиетінің тарихында өзінің творчестволық белсенділігі мен қаламының өнімділігі жағынан С.Мұқановка тенденсе қояр дарын аз» (Сәбит Мұқанов тағлымы. – А., 1990, 101-бет), «Қазак даласында Сәбит даңқына жететіндей абырай-атак ешбір жазушыда болмағанын сәт сайын сезінеп едік» (Санаадағы жаралар. – А., 1992, 229-бет).

«Кәдімгі Сәбит Мұқанов» шындығы да, профессор Т.Кәкішұлы еңбектеріндегі халық қаламгеріне құрмет, талантқа тағым етудің әдеби-ғылыми сипаты да, естелік жазу мәдениетінің белгі-бедерлерінің бірі де осы.

Ой түйінін айтсақ, профессор Т.Кәкішұлы академик-жазушы С.Мұқанұлымен кездесіп-сырласудың, колдау-көмектің алуан түрін көру бакытына ие болғандардың бірі. *Бұл – бір*.

Екіншіден, қайсыбір кезең, уақытта халық қаламгерінің жүрек жылуын сезінумен коса, «Сәбит Мұқанов сабағында» болсын, қайта басылым көрген еңбек-мұраларына болсын, әр түрлі сипаттағы

кеш-кездесулерде болсын Сәбиттану мәселелеріне манызды мән беріп, жазушының қоғамдық қызметін, халықтық қасиетін, адамдық белгілерін үлгі-өнеге етуі – азamatтық келбетті де, ғибраттық істі де көрсетеді.

Шiншiден, Т.Кәкішұлы Сәбиттану әлеміне еркін енуі арқылы кеңес кезеңіндегі қазак әдебиетінің даму бағыттары мен артық-кем тұстарын таниды, танымал тұлғалардың тағдыр-талайына жақын көз жеткізеді, ен негізгі үлттық сөз өнерінің қайнары мен құнарынан рухани нәр алады.

Төртiншiден, С.Мұқанұлының өмірі мен өнегесінен, шығармашылық мұрасынан рухани нәр алушмен бірге, сол кезеңнің құбылыс сырларына ден кояды. Әсіресе XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы әдеби ахуалға, мәдени-рухани мұраттарға жіті үніліп, ондағы кеңестік жүйенің бағыт-бағдары мен партиялық принциптің салмақ-сырына айрықша мән береді.

Бесіншіден, С.Мұқанұлының мұра-мирастарының жаршысы һәм жокшысы болумен бірге, Сәбиттанудың кең өріс алуына да үлкен үлес косты. Ен негізгісі, әрине, профессор Т.Кәкішұлының академик-жазушы С.Мұқанұлының шығармашылық мұрасына батыл да еркін еніп, ондағы артық-кем тұстарды терен де жан-жакты көрсетіп, әділ де байыпты бағалап, сол арқылы үлт руханиятын, тарихы мен тағылымын, әдеби үдеріс мәселесін кеше-бүгіннің талап-талғамы тұрғысынан зерделеуі – сөз өнеріне сүйіспеншілік пен шынайы берілгендейтін үлгі-өнегесі, тақырыпқа адалдық пен тұрактылықтың жарқын көрінісі.

Профессор Т.Кәкішұлы Сәбиттану әлеміне осылай келеді.

Т. ҚОЖАКЕЕВ ЖӘНЕ АЛАШ АРДАҚТЫЛАРЫ

Әдебиет зерттеушісі, профессор Темірбек Қожакеев негізгі енбектерінде: ұлттық сөз өнері тарихын, қазақ журналистикасының қыр-сырын, Алаш ардақтыларының өмірі мен кезенін, шығармашылық мұраларын көң көлемде қарастырды. Бұл бағытта жоғары мектепке арнал оку құралдарын жазып, әр алтуан бағдарламалар құрастырды.

Ұстаз-ғалым Т.Қожакеев кейінгі кезенде, әсіреле еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары ұлт мұратын, тарих тағылымын, қазақ зиялдарының тағдыр-талайы туралы игілікті ізденістер жасап, ізгілікті істер аткарды. Бұл ретте әсіреле 1937–38 және 1950 жылдары құғын-сүргінге ұшыраған – Алаш ардақтыларының өмірі мен қызметін, шығармашылық мұраларын көң көлемде қарастырган – «Кек сенгірлер» зерттеуінің (Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272 бет) орны алабөтен дер едік.

Кітап авторы зерттеудің максат-мұратын былай білдіреді: «1985 жылдың сәуірі Совет елі өмірінің, коғамымыздың даму тарихында жаңа беттер ашып, жаңа кезен туғызды. Бүкіл тіршілік, тынысымызға жаңа леп, соны серпін, бұрын-соңды естіп-білмеген басқаша бағыт-бағдар әкелді. Тіл айналымына «қайта құру», «жариялышыл», «жаңау» деген сиякты ұғым, тіркестер енгізді. Откен өмір, жүрген жол, аскан асуларымызды сын көзben қайта бір қарап шығуды, бұрмаланған тарихи шындық, болмыс, құбылыстарды қалпына келтіруді, 30–50-жылдардағы кияннатты саяси айыптау мен зансыздықтардың құрбаны болғандарды ақтауды, өнер өкілдерінің калдырыған қымбат мұраларын халқына қайтаруды, оны ел игілігіне айналдыруды талап етті.

Бұл еңбек қайта құрудың осы талап-нұсқауына үн кату ретінде жазылды. Оны «Кек сенгірлер» деп атадық. Бұлай дегенде, жиырмасыншы жылдардағы қазақ журналистикасының, қазақ публицистикасының ең еңселі өкілдерін, қазақ баспасөзінің аспанында ерекше жарқырай көрінген, аскак биікке көтерілген, басқалардан шоктығы тым жоғары тұрған қаламгерлерін балап, теңеп, бейнелеп «Кек сенгірлер» деп атап отырмыз. Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Б.Майлин, И.Жансүгіров, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, О.Жандосов, А.Розыбакиев, Ф.Тогжанов, И.Токтыбаев сиякты ірі тұлғалар солай деп атаяға тұрады» (5-бет).

Кітапка енген әрбір зерттеу макаладан ізденіс іздерін, алуан дерек көздерін, жаңаша көзкарас пен зейінді зерделеу, соны саралаулардан айқын анғарылады. Ұстаз-ғалым бұл тұстарда откен тарих тағылымына, күрделі кезен көріністеріне, өмір-уақыт шындықтарына, жекелеген тұлғалар табиғатына мән-маңыз беріп, дауір дидарына байыпты талдау, зерделі зерттеулер жүргізеді. Осы бағыттағы көзкарас, дүниетаным иірімдерін де бүкпесіз, ашық, айқын жеткізеді.

Ұлт тарихындағы каралы кезең, қасіретті жылдар, яки 1930 жылдар ойраны, алапат аштық сырлары, 1937–38 жылдардағы құғын-сүргін сергелдені, оның себеп-салдары – «Сатқындық салтымыз ба еді?» деп аталатын зерттеу макаланың табиғатын да, мазмұнын да құрайды. Автор орталықтан Ежов, Берия сынды қандықолдардың келмегенін, керісінше «...жаппай жазалауға, құғын-сүргінге ұшыратуға өзіміздің кейбір адамдар, баспасөз органдарымыз және туысқан халықтардың жекелеген өкілдері себепші болды» деп (сонда, 8-бет) оған ел әдебиетінен, тарих тағылымынан, тұлғалар табиғатынан алуан мысал – деректер келтіреді. Зерттеуші ізденісінен: «Ұлтшыл-фашист бандаларын тұп тамырымен құрту керек», «Семей театры ұлтшыл Бековтың бөлтіріктерінен әбден тазартылсын», «Қырағылықты қүштейтейік», «Комсомолға кіріп кеткен жауды толық жоямыз», «Буржуазиялық ұлтшылдардың ұсын тас-талкан жасау керек» т.т. баспасөз беттерінде орын алған зұлмат залалдарын, қазақ зиялъяларының басына тәнген қасіретті жайттар мен қиянатшыл, озбыр топтың зәрезап қулық-сүмдықтарын, сатқындық салдары мен соракылықтарын батыл да әділ әшкөрелейді. Адамзаттың даму заңдылықтарын, кеше-бүгін байланыстарын, тарих толқынын да әр қырынан көрсетеді. Сол арқылы адам ойы мен қолынан жасалған әр алуан қиянат пен керегар жайттар тамыры мен сырына ден қояды.

Ұстаз-ғалым Т.Қожакеев еңбектерінде, әсіресе «Кек сенгірлер» зерттеуінде Алаш ардақтыларына (Ж.Аймауытұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Т.Рысқұлов, Ф.Тогежанов т.б.), олардың өмірі мен қызметіне, шығармашылық мұраларына кен орын беріледі. Кезең, уакыт бедеріне зор маңыз беріледі. Сол секілді 30-жылдар ойраны, наубет қасіреті мен зұлмат залалдары туралы автор байыпты байлад, ойлы түйін жасайды: «Қандай есеппен қимылдаса да, біреуге жала жауып, жалған саяси айып тағып ұстасып жіберу, айдату, аттыру – кешірілмес қылмыс. Ендеше, кекшілдер де, мансапкорлар да, бас сауғалағандар да тарих алдына жауап беру керек. Оларды жазаламау, айыптамау – бейморальдық. Ал бейморальдық қоғамды, адамды, тіпті бүкіл ұлтты аздырады. Өйткені ол өзінің негізінде жатқан қылмысты әрекеттердің қайталануына жол береді. себеп болады. Алдағы уакытта қоғам алдында, халық алдында, ар алдында адап болуға ұмтылу – ендігі парызы. Батылдық, мейірімділік, адамгершілік сияқты асыл қасиеттерімізге кір келтіру – елдігімізге, есіп-өнуімізге үлкен кесір екенін ескеру абзал. Бұл – бір.

Екінші ұсынысымыз: көп азаматтарымызды костап, үштеп, топтап бір жерге апарып атқан болу керек. Сол сүмдикты, сол бүйректика орындағандардың көзі тірілері болмауы мүмкін емес. Соларды тауып, көндіріп, арадағерлеріміздің жатқан жерін көрсет деу керек. Бейқунә жандар құлаған жерден хабар берер құжаттар да табылар.

Әйтеуір, жазықсыз жан тапсырган сол боздақтардың сүйегін тауып, Көктөбе сияқты айтулы жерлерге арулап қайта қойып, басына алыстан «менмұндалап» тұратын еңсели ескерткіштер орнату – бүгінгі ұрпак парзы. Оны көргенде сол аяулы азаматтарымыздың есімі еске түсіп, бейнесі елестеп тұратын болсын!» (29-бет).

«Ж.Аймауитов қаламының катал қарымын «Қазак» газетінде-ақ танытқан. Оның бетінде елдің аузын алып, «тығындал», «шығындал», «шыбындалап» болыс болғысы келген таққұмарларды, казак сахараасына қант-шәйін әкеп, алдап-арбап, бірді-бірге соғыстырып, ел байлығын тонап жүрген саудагерлерді жұрт алдына алып шығып, қағып-сілкіп масқараасын шығарған. Кейінрек «Сылаң қызы», «Мансапқорлар» комедияларын, «Шернияз», «Қанапия мен Шәрбану» сияқты әшкерелеуші ауанға (пафос) толы пьесалар жариялаған. Оларда революцияға дейінгі қазақ елі ішіндегі кең етек алған мансапқорлық, шенқұмарлық, баққұмарлық сияқты мерезді мінездер, қыздарды маҳаббатсыз малға сату, шалға сату сияқты катыгездік, қазактың кейбір оқығандарының кеудемсок өзімшілдігі, халыққа қызмет етудегі бәлсінуі сықақталған» (30–31-беттер).

«М.Жұмабаев жырлары – бойынан ой да, сезім де, сұлу сурет пен ғажайып көркемдік те табылатын, тамылжып тұрған жырлар. Оны тамсана, тұшына, ұмысна оқығанда кейде мұнаясын, еліннің, халқының тіршілік тынысын танып, тағдырына тарынасын, кейде селт етіп, сергек сезініп күреске көтерілесін, тағы бірде маҳабbat сырларына сұнгисін, енді бірде туған жер, ата-ана сүйіспеншілігіне бөлінесін. Бәрінен де тебіреністің өрендігіне, ойдын терендігіне, түрдін шеберлігіне таңданасын» (96-бет).

«Тұrap – әрі өз халқын шексіз сүйген патриот. Ол Россия федерациясында басшы қызметте жүргенде де Қазақстан камын жеп, Қазақстан мұддесін көп ойлады. Шарқ ұрып Қазақстанды көркейтудін жолын іздеді. Бұл істе ол әсіресе Тұрксіб темір жолына ерекше мән берді. Сонау 1924 жылы-ақ арнаулы кітап жазып, оның Қазақстан экономикасын дамытудағы, республиканы Орта Азия және Сібірмен байланыстырудығы зор маңызын ашып берді.

Ал 1926 жылы Москваға жана қызметкө барысымен Тұрксібті қолға алу туралы ұсыныс жасады. Тиісті орындар мұны қажетті, толғағы жеткен мәселе деп тауып, Тұрксібті салу ісін үйімдастыру жөнінде мемлекеттік комитет құрды. Оның тәрағасы етіп Тұрапты тағайындағы. Ол Тұрксібті Фрунзе арқылы Қордай асуынан асыру туралы қабылданған жобаны өзгертіп, Луговойдан Шуға қарай жазықпен тарту жобасын бекіттіреді. Мұның экономикалық жағынан тиімді екенін, өлі жатқан шелейт жерлерге жан бітіретінін дәлелдеген...

Революционер-кайраткер Т.Рысқұловтың журналисттік қызметі де

аса елеулі, бұл саладағы мұрасы – өзінше бір тәбе. Ол қарымды қалам несі екенін 1920 жылдан-ақ көрсете бастады. «Жетісу мәселелері» атты көлемді де проблемалы макала жазып, «Түркестанская правда» (8.2.1923), «Ақ жол» (17.2.1923) және «Тілші» (24.5.1923) газеттерінде бірдей жариялады. Артынша алдыңғы аталған екі газетте (23.2.1923; 25.2.1923) «Қызыл әскердің Құншығыстагы әрекеттері» деген макаласын бастырыды. «Түркестанская правда» газетінде бұлардан басқа «8 март және Шығыс әйелдері» (8.2.1923) «Түркістанда басмашылықты жоюдағы міндеттер» (24.6.1923), «Октябрь және Орта Азия республикалары» (7.11.1923) деген сияқты материалдарымен көрінді» (104–105-беттер).

Зерттеу енбектен алынған бұл үзінді-өрнектерден – Алаш ардақтыларының өмірі мен кезеңі, шығармашылық жұмыстары, ең негізгісі ұлт мұраты, ел мұддесі жолындағы жалынды іс-әрекеттері, келелі келешекке қатысты кемел көзқарастары, ізденіс арналары, ойлары мен толғаныстары терең танылады. Ел тәуелсіздігі, руханият өрісі, білім-ғылым жүйесі, мәдениет мәйектері тұрасындағы көзқарас, толғам-тебіреністерінің қазіргі кезеңде де маңызы зор.

Кітапка енген – «Даркан дарын», «Ел деп еніреген ер», «Жұлдызы биік жан еді», «Көп қырлы қыран», «Қалам майталманы», «Қайшылықты қаламгер», «Ақкан жүлдyz» сынды макалалар мазмұнынан-Ж.Аймауытұлы, М.Дулатов, Т.Рысқұлов, С.Сейфуллин, Б.Майллин, F.Тоғжанов, Е.Алдоңғаров т.б. ұлт мұраты жолындағы жанкешті іс-әрекеттері, қоғамдық қызметтері мен шығармашылық мұрасының басты ерекшеліктері жан-жакты сөз етіледі. Ең негізгісі – ізденіс-зерттеу жүйесінен:

– Алаш ардақтыларының өмірі мен кезеңі, шығармашылық мұраларының беймәлім қырлары кеңінен көрініс береді;

– қазақ баспасөзі, ондағы дерек-материалдағы ұлт мұраты мен зиялыштарына қатысты көзқарас, алуан мысалдардан ел-жер, адам өмірі мен енбегі, әдебиет пен мәдениет мәселелері, тарих тағылымы т.т. кең орын алады;

– қазақ зиялыштарының ұлт мұраты, ел-жұрт жайлы жазбалары баспасөз материалдары арқылы қалын көптің назарына ұсынылады;

– ұлт оқымыстыларының енбек-мұраларындағы көзқарас пен колтанба мәнерінен өткен тарихка, келелі келешекке бетбұрыс бар. Азат ел, бүтін жер, руханият өрісіне қатысты құштарлық пен әр алуан бағыттағы іс-әрекеттерден – ұлт мұратына адалдық, білім-ғылым жүйесіне, кемел келешекке үміт-сеніммен қарау бағыты айқын аңғарылады.

Тұтастай алғанда, ұстаз-ғалым, журналист-жазушы Т.Қожакеевтің баспасөз тарихы мен теориясының көкейкесті мәселелерін, ұлттық

сатира мен юмордың сырлы сипаттарын байыпты саралаған еңбектері («Сатира және дәуір», «Адам. Қоғам. Сатира», «Сатиралық жанрлар», «Сатира – күштілер қаруы», «Жыл құстары», «Кек сенгірлер» т.т.) казак руханиятының биік белестерін, Алаш ардактыларының өмірі мен шығармашылықтарын, тарих тағылымының түйінді тұстарын жан-жақты көрсетеді. Біздінше, Т.Қожакеев еңбектері: қоғам-кезен көріністерін байыпты зерделеп, өмір-уақыттынысын терен таразылап, содан кейінгі тұстарда ұлт руханиятының даму бел-белестерін, баспасөз тарихы мен теориясын, оның көрнекті тұлғаларын жүйелі, кемел сөз етуімен мәнді. Мұның өзі кеше-бүгін байланысы арқылы жүйелі, келісті, нағымды еріс алады.

Т.Қожакеев осы бағыттағы көзқарастарын, ойлары мен толғындарын әдеби-ғылыми жиындарда ашық айттып, дәлел-деректі молынан пайдаланып, айқын, жүйелі жеткізетін. Ақиқатқа табан тіреп: когамда, өмір-тұрмыста, білім-ғылым жүйесіндегі келенсіздіктер, керегарлықтарды дерек-мысалдармен қадап айтатын, тап басып көрсететін. Өмірде ақиқатты ту етті, шындық жүзіне тұра карады...

Емір мұраты мен мазмұны да осында емес пе?

Осы реттен келгенде, профессор Т.Қожакеев туындыларына тән басты белгілер:

– Қазақ баспасөзін зерттеп, бұл бағытта газет-журналдар тарихын, ондағы жанрлардың теориясы мен тәжірибесін қалың қөпке жүйелі жеткізді («Қазақ совет баспасөзінің тарихынан», «Жыл құстары», «Жас тілшілер серігі»);

– Журналист-сатирик ретінде қогамда, өмір-тұрмыста, адамдар арасында орын алған келенсіз көрініс, керегар жайттар сын тезіне алынды («Қисанның хикаясы», «Жандаралдың келуі мен кетуі», «Бозбала шал», «Ақ кебіндінің сыры»);

– Ұстаздық-ғалымдық жолда: жас үрпақтың білім-ғылымына кең көңіл бөлді. Жас қаламгер, сыйқақшылардың өсіп-есеюіне, шығармашылық биік белестерге көтерілуіне мол мүмкіндіктер жасады. Білікті ұстаз, зерделі зерттеуші ретінде көптеген еңбек мұралар қалдырыды («Қазақ мысалы», «Абай-сатирик», «Қазақ совет сатириктері», «Қазақ баспасөзіндегі түрік тақырыбы», «С.Қожановтың шығармашылық мұрасы», «Кек сенгірлер», «Қым-куыт іздер»);

– Ең негізгісі: Алаш мұратына, ел-жер тағдырына адалдық танытты. Ұлттық сөз бер оның жас мамандарын даярлау ісінде жанын жалау етті; әдеби-ғылыми жиындарда шындық шырағын берік қолда ұстап, ақиқатқа табан тіреді; акыл-парасат пен жүрек тілін тәң ұстап, таразы, компос санауды...

Т.Қожакеев шындығы, тағылымы осы.

ӨРІСТІ ӨНЕРДІҢ ӨРНЕКТІ ҮЛГІСІ

Адамзаттың арғы-бергі тарихына байыппен ден қойсак, ұлт тарихы мен тағылымын, дәстүр өнегелері мен дұниетаным арналарын, халықтар арасындағы қарым-катаинасты, оның жекелеген тұғырылы тұлғалары туралы айтып, жазғандардың жұлдызы биік болып келген-ді. Осы орайда, ұлт мұраттың, ел-жерді, халықтар достығы тақырыбын сөз өнері, оның жекелеген өкілдерінің шығармашылық мұралары арқылы терен де тұрақты жазып, талмай ізденіп, келісті де жүйелі жалғастырып келе жатқандардың бірі – Мырзатай Жолдасбеков. Ұстаз-ғалымның ізденіс-еңбектерінен, атап айтқанда, ежелгі әдебиет мұралары қатарындағы Орхон ескерткіштері мен ондағы тарихи шындықты, Құлтегін мен Тонықек тағылымын әр қырынан қарастырган зерделі зерттеулері, ақын-әнші, өнерпаздарды өзіндік өзгешеліктерімен, байыпты барлау мен түйінді тұжырымдарға толы әдеби-ғылыми сипаттарымен, кемел көзқарас, айқын қолтаңбаларымен, өзара байланыстарымен шебер де шынайы сөз етумен ден қойғызады. Сондай-ак Шоқанның сырын, Жамбылдың жырын, Кененнің әнін, Мұхтардың терендігін, Марғұланның ғажайып ғұламалығын өмірі мен қаламгерлік қызметімен катар қарастырган – «Асыл арналар», «Токсан толғай» (Н.Төреқұловпен бірге), «Асыл сөздің атасы» т.т. еңбектері дәлел бола алады.

«Асыл арналар» (1990) – қазақ халқының сөз өнері тарихын, белесті кезеңдерін әдеби-ғылыми түрғыдан таразылаудың жемісі, жаңаша көзқарас негізінде қарастырудың кемел көрінісі. Ақын-әнші, өнерпаздардың өмірі мен шығармашылығын жаңаша танып-бағалаудың, зерттеп-зerdeлеулердің соны да серпінді, көркем де кемел, келісті үлгі-өрнектерінің бірі. Көзқарас эволюциясы да айқын. Танып-талдауы мәнді.

Жинақтағы «Токсан толғай» (1992) атты деректі ғұмырнамалық әссеңін де қалың көпке, әсіресе өнер кешеніне құштар ақын, әнші, өнерпаз секілді сезімі сергек, көnlі ояу оқырманға әдеби-мәдени, танымдық-рухани, эстетикалық әсер, ықпалы мол екенін ерекші атап едік. Атальыш еңбек, ен алдымен ақын әрі әнші-сазгер Кенен Әзірбаевтың өмірдегі орын-үлесін, өнердегі өнегесін, кіслік келбетін көрсетумен көнілді тербейді. Фибраттық қыры көп. Өрісті өнердің тағылымы мол.

Авторлар кейіпкерімен (К.Әзірбаев) әнгімелесу, жүздесу, сұхбат құру секілді оқырман үшін женіл, тиімді, түсінікті әдісті тандап алған. Осының негізінде басты тұлғаның әсken оргасына, балалық-жігіттік кезеңіне, өмірге құштар, өнерге етene жақын қабілет-қасиеттеріне кеңінен тоқталады. Ақындық өнер мен әншілік-сазгерлік сынды талант

табиғатына тән белгі-ерекшеліктердің қыр-сырына зор маныз беріледі. Ұлт тарихы мен мәдениетіндегі танымал тұлғалардың шығармашылық мирас-мұрраттарына, із-бедеріне назар аударылады. Қысқасы, К.Әзірбаевтың өмірдегі, өнердегі орны, ел алдындағы қарызы мен парызы, ән-жыр, күй-шежіре хакындағы әнгіме, естеліктері бүгінгі буынға танымдық-практикалық, рухани әсер, ықпалы осы еңбекте мейлінше көркем көрініс тапқан.

Кенен – ақын, әнши, сазгер. Қазақ мәдениетінің мақтаныштары – Балуан Шолақ, Біржан сал, Ақан сері, Дәурен сал, Тәкең салдардың өнерін осы заманға жалғастырган сал-серінің соңғы өкілі. Ұстаздарды да жалпы елге аттары әйгілі – Жамбыл, Сарбас, Токтағұл, Қалмырза, Тоголок, Орынбай және тұстастары – Шашубай, Сауытбек, Кенже Қожа, Үмбетәлі, Есдәулет, Әмір, Әмірзак, Бармак, Әбдіали, қырғыз ыршылары – Оспанқұл, Әлімқұл, Қалық, Төкпе сиякты кілең өнерпаз, дастангер, айтысқан ақындар. Ел ардактылары. К.Әзірбаев осы топтың бел ортасында болады. Қатар жүреді. Сөз сойылын бірге соғады. Өнер жарысына түседі. Үйренген жері де, үлгі тұтқан тұстары да көп болады. Нәтижесінде – өнерді қасіп емес, мұрат етеді. Рухани нәр алады. Өнермен өмірін өрнектейді.

Кітап авторлары беташар бетте: «Кененнің өз аузынан естіген сөздердің көбін қаймағын бұзбай, айтқан қалпында жеткізуге тырыстық...» дегенді де ұмытпайды. Расында, кітапта Кенен атанын аузынан айтылатын ән-өлең, жыр-дастан, күй-шежіре, айтыс ақындары мен адами имандық, өнегелік гибраттар хакында сыр толғайтын қызықты әнгіме, сырлы естеліктер көп-ақ. Айталақ, белгілі «Бозторғай» әнінін туу тарихын кітап авторлары: «Кененнің ақындық әншілік, композиторлық серілік өнерге тұсау кескен тырнакалды туындысы деп таниды» (7–8-беттер). Сөйтіп, әуелі ел ішінде, ойын-сауық кештерінде орындалған атапмыш ән («Бозторғай») өнерқұмар Ниязбай, Қебекбай, Қарабайлар арқылы орындалу, таралу, насиҳатталу аясын кенітті. «Оразбак досы қамыс сырнайға, Сәлімбай құрдасы кобызға косылып Шөладыр даласын, Кордай жотасын жаңғыртты» (8-бет). Ән әлемі аз уақыт ішінде Жетісу жеріне, монғол қазактарына тарады. «Бозторғай» енді халықтың мұрасына айналды. Қоپтің ойынан шықты. Ақиқатында, «Бозторғай» – халық өмірін, дәстүр-тұрмысын, еңбек мұрраттарын, ең негізгісі адам мен табиғат қарым-қатынасын көнінен көрсететін реалистік туынды қатарына жатады.

Кітапта Кенен атанын жастық кезеңі ел әнгімелерімен, койшылық кәсіппен тығыз байланыста өріс алады. Еңбек авторлары қойшы ойынын, өзіндік қасиеттерін былай білдірген: «Салтаяқ, ауыр таяқ, жорға таяқ, доп ойын, алты ала теке, орамал жасырмак, такия телпек, аксүек, маймұрын, соқыртеке, барып қаш, бақан теппек, жасырынбақ,

какпа тас, бестас, айырма кел, хан талапай, асық ойыны – бір табан, үш табан, шекем тас, оның бірнеше түрлері, топтамай, жерге сок, жимай, саудыр, ак отау, бие сауым – осының бәрі ұлай ұтыс болады. Қойшылар жиналып, осы ойындарды ойнап өзарасында «борышты» болып жүреді. Бәкі, пышак, белдік талайларын қарызға беріп жүрдік. Талай қызыктар өтті. Бірақ ойынның бәрін ойнадық, ал картаны білмей-ак койдым» (15-бет).

Осы тұста еске түседі, кітап авторлары Кенен атаниң ұстаздары мен тұстастары – ақын, әнші, өнерпаз сынды ел еркелерін, олардың өмірі мен өнердегі орындарын жүйелі әңгімелеп, бүгінгі буынға танымдық-өнегелік қырларын нақтылы, қызықты жетуін негізгі назарда ұстаған. Айталақ, Қуандық ақынның Ыстыдан шыққанын айта келіп, Сарыбаспен сөз қағыстыруларын елдік мұдделерімен байланыстырса (25–27-беттер), Әлмен қыздың тағдырын әдет-ғұрып, дәстүрлік салтқа негіздейді. Өнерпаз қыздың тенденциялық талаптарын, жан әлемін де өлең-өнер тілінде сөйлетеуді. Кітапта Әлмен қыз қатардағы казак әйелі емес. Керісінше Тәкен сал, Олжабай, Қабасақал сынды ақындармен сөз жарыстырып, елдің, көптін мұддесін көздең. Ел атынан сөз алады. Тарихтан сыр тартады. Қоғамдағы теңсіздікті қозғайды. Адамдық пен әділлікті жырлайды. Өмір өнегесін, уақыт шындықтарын алға тартады. Оның бойындағы бүл белгілер замандастарымыз үлгі тұтар ұнамды бейнелердің бірі ретінде есте қалады.

Кітап беттерін кайыра оқып отырғанда кен дала төсіндегі дүбірлі уақыт шындығы, адамдар бойындағы ұнамды сипаттар, міnez қырлары, достық қөнілдері, жарасымды той-таралғылар т.т. қөнілді көтеріп, санаға шуакты, нұрлы сәуле ұялатады. Бүгінгі күрделі кезеңнің қым-киғаш «қактығыстарын» ұмыттырып-ак жіберетінін де жасырғымыз келмейді. Өнер мұраты да осы.

Ал кітаптағы көрші қырғыз халқы, оның ыршы-манасшылары туралы әңгіме, дерек көздері де оқырман жаңын баурап, өмір өнегесінің бел-белестеріне саяхат жасатып, сырлы әлемнің құпиясын ашып, қадір-қасиетін биіктеге түседі. Бұл ретте ыршылық, манаңшылық өнердегі – Балық, Женіжқоқ, Есенаман, Қалмырза, Сағымбай, Солтанбай т.б. есім-еңбектерімен, ел алдындағы қызметтерімен қатар көрінеді. Сонымен қатар қырғыз ақын, ыршылары О.Белебалаев, Қ.Әкиев, А.Усенбаевтармен Кененнің аракатынасы, туыстық, үй-ішілік байланыстары, өнердегі ұстаздық, тұстастық қырлары да кітаптың танымдық-имандық қырларын көркемдікпен байыта, салмақтандыра түсken. Ен негізгісі – казак-қырғыз арасын сан ғасырлық елдік, достық байланыстар өнерпаздық жолмен, ақындар әлемімен табиғи, диалектикалық тұтастық күрган. Мұның езі ел мен елдің бірлігін сактап, олардың арасындағы достық, туысқандық катынастарын

нығайту қажеттілігі күн тәртібіне батыл қойылған бүтінгі кезде аса зәру тақырыптардың бірі деп білеміз.

Кітаптың көніл қуанткан қырлары ретінде К.Әзірбаевтың Мөртай сұлуға ғашықтығын, Насиха женгеймен тұрмыс құруын, Ләтипамен айтысының нәтижесінде өзара сөз байланысуларын еске алар едік. Аталған әнгіме, естеліктер мен жастық тақырыбынан – өмір өткелдері, ел ішіндегі енбекпен келген бедел, өнермен өрнектелген өміrbаян терең танылады. Ғұмырнамалық енбектегі Кенен атанын ұстаздары – Қабан, Сүйінбай, Шөже, Майкет, Бақтыбай, Құлмамбет, Жамбыл, Сарбас, Куандық, Кебекбай, Ноғайбай мен шәкірттері – Шолпанқұл, Тілеміс, қырғыз ыршылары – Оспанқұл, Әлімқұл т.б. туралы әнгіме, естеліктерден де акындық әлем, өнерпаздық мектеп, әнші-жыршылық дәстүр, жалпы талант табиғаты жан-жакты ашылған деуге де толық негіз бар. «...аты аңызға айналған әннің көсемі, сөздің шешені, салсерінің соңғысы» К.Әзірбаевтың өткен өмірі, өнерпаздық жолдары бір арна, желімен дамып, киын да қызықты тағдырымен, ғажайып та сырлы әлемімен маңызды, өрнекті ой айтады.

Біздінше, акын-әнші К.Әзірбаев жайлы жазбалардан, ізденіс арналары мен зерттеу жүйесінен:

- ұлт мұраты мен өнер өрімдері катар өріс алады;
- К.Әзірбаевтың өмірі мен өнегесінен акындық өнердің өрнекті үлгілері кеңінен көрініс береді;
- акын-әншінің шығармашылық мұрасынан өнер мұраты, уақыт таңбасы, адамдық әлем иірімдері, жастық-достық сырлары еркін танылады;
- ең негізгісі К.Әзірбаевтың адамдық әлемі, акындық өнері, әнші-сазгерлік сипаттары өскен ортасымен, өнерпаздардың әсер-ықпалдарымен өзара байланыста сөз етіледі.

«Асыл сөздін атасы» (1996) – жыр жүлдізы Жамбылдың өмірі мен шығармашылығын, акындық ортасын, ұстаздары мен тұстастарының биік тұлғасын аспандата түсken танымдық, тәлімдік туынды катарына жатады. Автор кітаптың «Жыр ғұмыры» аталған тарауында Жамбылдың өлең-өнерін өскен ортасынан бастап өмір өткелдерінің өн бойында маңызды із-бедер қалдырган үлкенді-кішілі оқиға-көріністердің баршасымен байланыста қарастырады. Бұл ретте болашақ ұстазы Сүйінбай ауылына келіп, алдынан бата алып, акындық-азаматтық өмірін бастауы, акын Сарамен кездесуі, Сайқал қызбен, Айқұміс, Бұрыммен айтыстары, Қылышбай, Құлыншак, Майлықожа, Нұралы, Сауытбек т.б. туралы маңызды материалдар өнер туындысын, қазақ-қырғыз халықтарының ілкі замандардан келе жатқан дәстүрлі достығын терең танытады. Бұл тұстарда да автор ойлары айқын, дерек-детальдары мәнді, танып-талдауы ден қоярлық денгейде шык-

канын алабөтен атап өтеміз. Ең негізгісі, әрине, Жамбылдың ақындық өнері мен өскен ортасы тарихи шындықтар негізінде өріс алады. Әдеби мұрасы, ақындық һәм айтыскерлік сынды сипаттараты талант табиғатымен, өнер өлкесінің үздік үлгі-өрнектерімен, ұлттық болмыс арналарымен байланыстырылады. Жамбылдан жеткен өлең-жыр, айтыс-дастандары, толғай-хикаялары халық поэзиясымен табиғи үндестік табады.

Басты атап өтер жайт – кітаптың өн бойынан Ж.Жабаевтың импровизаторлық өнердің шынайы өкілі, ғажайып құбылыс екендігі айқын анғарылады. Мұның өзі ақындық, жыршы-жыраулық өнермен телқабыс сөз етіледі. Оның бастауында Асан қайғы тұрса, Бұхар жыраудан бергі кезендерде желісі үзілмей, арналы ағыс құрады. Ал Жамбыл болса, өз кезегінде, қазақ поэзиясында бар озық үлгі, озат тәжірибелі қоғамдық-әлеуметтік ахуалмен, адам өмірі мен енбегінің шынайы да жарқын көріністерімен жүйелі жалғастырады. Әр алуан тақырыптармен байытты, көркемдік-рухани нәр берді.

Аталмыш енбектің «Көне сарын» аталатын бөлігінде ұлттық сөз өнері тарихындағы ақын, жырау, жыршы, термеші ұғымдары көнінен қарастырылып, термин ретіндегі табиғатына өзіндік көзқарас білдіреді. Әрбір атаудың өзіндік ерекшелігі, арғы-бергі кезендердегі сыр-сипаттары ашылады. Қазіргі кезендердегі мақсат-мұраттары айқындалады. Ал Жамбылдың өлең сөздегі орын-үлесі ақындық және шешендік орта, дәстүрмен байланысты баяндалады. Бұл ретте Жамбыл шығармаларының арналары мен тамырлары ретінде халық әдебиеті, әңгіме, хикая, эпостар ерекше аталауды.

Жамбылдың «Жетису ақындарының алтын дінгегі» (М.Әуезов) Сүйіnbай, сол секілді өлең сөздің жүйрітері – Майқөт, Құлмамбет, Майлықожа, Бақтыбай, Сарбас, Куандыктардан үлгі-өнеге алуы да бай материалдар негізінде өріс алып отырады. Атап өтер жайт: ғалым М.Жолдасбеков әдеби термин табиғаты мен ақындық, шешендік өнер сырларын айтыскерлердің өзіндік белгі, ерекшеліктеріне сай саралайды. Әрі әдеби-ғылыми сипаттарын қарапайым, кемелдікпен жеткізеді. Ақындық, шешендік өнердің халқымызға тән қасиет, сипаттарын сенімді ашады. Арғы-бергі кезендердегі көркемдік-рухани қызметтерін, танымдық-тәлімдік қырларын жаңа уақыт талаптарына сай сөз етеді. Ақындық өнердің кешеден бүтінгі жеткен даму жолдары мен бел-белестерін, өзіндік өзгешеліктері мен артық-кем тұстарын уақыт шындықтарымен байланыстырып, байыпты саралайды.

Кітаптағы Жамбылдың ақындық өнерінде ерекше із қалдырған канаттас, сапарлас болған әріптестері – Сауытбек, Орақбай, Қарабек, Теребай, Өзбек т.б. туралы өміrbаяндық деректер, жыр жұлдызының ақындық мектебіне, дәстүріне адалдық танытқан – Әбдіғали, Естай,

Жақсыбай, Балтағұл, Калка, Саяділ, Үмбетәлі, сондай-ак Жамбыл облысының Талас, Шу өнірін өлең-өнерімен әспептеп өткен – Мұқамбайұлы Бармак, Әйтпенбетқызы Жанылдық, Төреқожа Ханқожаұлы, Сейтмаханбетов Мәлімсейіт т.б. хакындағы дерек, материалдар әдеби-ғылыми қырларымен көніл аудартады. Бұл тұста да автор ел әнгімелеріне, әқындық өнер табиғатына терең барлау жасайды. Ізденіс, көзқарастары да айқын. Ақындық өнердің өрнекті өлкесіне катысты жаңа материал мен дерек-дәйек көздері, оны баяндау мен пайдалану тұстары, көркем ой мен ұтымды сөз, салыстыру-салғастырулардың берілу жолдары, шеберлік пен шешенендіктің шынайы да сенімді сыр-сипаттары жасалады. Ақындық өнердің кешеден бүгінге жеткен улгі-өрнектері мен казіргі айтыстың байланыс өзгешеліктері, когамдық-кезеңдік мәселелерді қозғауы, жаңа уақытқа сай түрленуі, басқаша бағыт-арна алуы да назардан тыс қалмайды.

Біздіңше, әдебиет зерттеушісі М.Жолдасбековтің ежелгі әдебиеттің ескерткіштерін байыпты барлап, ондағы Күлтегін, Тоныққөк жырларын жүйелі қарастыруы, ұлттық сөз өнеріндегі ақындық мектептің арғыбергі кезеңдері мен оның танымал тұлғаларын (мысалы, Сүйінбай, Жамбыл, Құлманбет, Досмағанбет, Сарбас, Кенен т.б.) орынды танып-талдауы, өзіндік өзгешелік, үлестерін айқындауы мәнді де нанымды әсер қалдырады. Бұл тұстардан, сөз жок, ұстаз-ғалымның мол материалды жүйелі пайдалануы, әр алуан дерек көздерін мақсатты бағытта сөйлетуі, өнер адамдарының өзіндік болмыс-бітімін уақыт бедерімен, көркемдік келісіммен табиғи ұштастыруы – жоғары жауапкершілік пен зейінді зерттеуілікте де, талап пен талғам деңгейін де айқын анғартады. Ой-сөз жүйесінің еркін де көркем, кестелі де келісті арна алуы, өткір ұшталған қаламнан такырыптың айқын да нақты, женіл де серпінді өріс алуы, содан сон мәнді мәселенің жан-жакты талданып, шеберлік пен шешенендікке толы терең толғам-толғаныстар арқылы сенімді сипат алғып, жатық жеткізілуі қалын көптің рухани кекжиегін кенейте түседі.

Ең негізгісі, әрине, әдебиет зерттеушісі, профессор М.Жолдасбеков:

- ежелгі әдебиет нұскаларын табанды да тұрақты, жүйелі сөз етеді;
- ақындық өнер мен оның көрнекті өкілдері – Ж.Жабаев; К.Әзірбаев т.б. өмірі мен шығармашылық мұрасын кең көлемде қарастырады;
- ұлт мұраты мен тарихы, әдеби-мәдени мұралары, тәлім-тәрбие тағылымы туралы ойлары мен толғаныстары кеше-бүгін мәселесін, кемел келешек жайын жан-жакты танып-түстеуге, талдап-таразылауға көп көмек етеді.

Ғалым-қайраткер М.Жолдасбековтің туған халқы алдындағы ак, адал қызметтері – жоғары мектеп салаларында еңбек өткен тұстарын-

да, Алаш ардактыларының өмірі мен шығармашылық мұраларын актау кездерінде, елдік мұратты елшілікпен жалғастырған жылдары, ұлттық мұратты ұлықтау максатында арғы-бергі тарихты тереңнен толғап, көне кезеңнің руханият үлгілерін көң көлемде насиҳаттап, әдеби-мәдени мұраларға жанашырылқ танытуы, айтыс өнерінің жанданып-жалғасуына үлес қосуы оның қалың қеппен кайта жүздесінег катысты ізденіс-көзқарастарынан бар қырынан жарқырай көрініп, азамат ажары – асқактап, ақыл-парасат нұры кемелдікпен табиғи үндескен еді.

Осы тұста ой-санамызда үнемі мазасыздық туындастып жүрген: «Адамға көп нәрсе керек пе?» деген сұрапты әркім өзіне-өзі жиқойса – көп ұтылmas әрі артық етпес еді. Өйткені Адам – ұлы күш. М.Горький айтқандай: «Жер бетінде адамнан артық еш нәрсе жок екеніне кәміл сенемін. Мен әрқашан адамға тағым етіп келдім, тағым ете беремін де. Мен өзім адамнан қастерлі болатын ешқандай кереметті кітап дүниесінен білген емеспін. Адам деген бүкіл әлем ғой, бір өзіне бүкіл әлемді сыйғызып тұрган адам мәңгі жасай берсін! Өмірдің небір киын-қыспак, небір ауыр минуттарында менің жүрегім: «Жасай бер!» деген гимні шырқаудан танған емес. Жер үстінде Адам атанудан артық міндет жоқ».

Бұл – адамның мұраты, өмірдің мәңгілік сипаттарының бірі.

Бұған Абай айтқан:

Үш-ак нәрсе адамның қасиеті,
Ыстық кайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, –

сыңды асыл сөзді қоссак, Азамат ажары, Қайраткер тұлғасы, Фалым бейнесі биқтеп, жарық-нұрын айналага барынша айқын, тегіс түсіріп тұрары хак.

Бұл айтылғандар – М.Жолдасбеков табиғатына да тән. Өйткені ол – Азамат, Қайраткер, Ұстаз, Фалым...

Өмірдің мәңгілік сипаттары – адам әлемінен. оның асқақ арманы мен өршіл мақсаттарынан, ерен еңбегі мен қалтқысыз қызметтерінен көрінетіні хак. Бұл реттен келгенде, ұстаз-ғалым, қайраткер Мырзатай Жолдасбековтің ұлт мұраты жолындағы жанкешті әрекеті, елеулі енбектерін айрықша бағалауға, күрмет көрсетуге әбден лайыкты. Өйткені халықка қызмет – мерейлі міндет болса, М.Жолдасбеков бұл қазыналы биікке адамдық құндылықтарымен, ерен еңбегімен көтерілді.

Бұл – данқ тұғыры, өмірдің өрісті өлкесі, өрнекті үлгілердің бірі.

РУХАНИЯТ ТАМЫРШЫСЫ

Білім-ғылым жолы – қашан да киын, күрделі болған-ды. Бұған күнделікті өмір-тұрмыстан да, ұлт мактаныштары һәм оқымыстыларының даналық та, қанатты сөздері арқылы да көз жеткізер едік. Айталақ, әл-Фараби: «Білімді болу деген сез – белгілі нәрсені ашу қабілетіне ие болу деген сез. Ал белгісіз нәрсені аша білу деген сез – ол теориялық өнердің барлығына тән ортак жайт» десе, Абай:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба...

немесе М.Әуезов: “Халық пен халықты, адам мен адамды тенестіретін нәрсе – білім”, – деп жазды.

Бұдан, сез жоқ, білім-ғылым жүйесі – “талант–тұмыстан” қағидасына келіп саяды, оның өзі ізденіс іздері арқылы көң өріс алады, ақыл-парасат нұрымен нәрленіп, сәулеленіп, мейірім шуағын алысқа түсірепі хак.

Әдебиетке, ғылымға келу – өмірі мен тағдырын, ізденіс-енбектерін, мақсат-мұрраттарын осы бағытқа бұрган адамның саналы әрекеті. Руханият әлемінде мұнын мысал, деректері көп-ак...

Қысқа шегініс жасасақ, кешегі журналист-филолог, бүгінгі академик Рымғали Нұрғали “Лениншіл жас” (“Жас Алаш”) газетінің солтүстік облыстарындағы тілшісі бола жүріп, баспасөз жанрларына белсene қalam тартты. Қазак фольклорының нұскаларын жинады. Әсемдік әлемі – әдебиеттен, оның көркемдік-рухани қуат-күшінен нәр алды, өмірге құштарлығы артты. Руханият әлеміне, өнер өлкесіне, ондағы өрнекті өрістерге, үлгі-әнегелерге құмартты. Ел әңгімелері мен көне жыр, қиссалардан бастап, Алаштың қайраткер-қalamгерлерінің мұра-мирастарын, алыс-жакын елдер әдебиетінің інжу-маржандарын іздең-жүріп оқыды, жіті танып-зерттеді. Осы бағыттагы зерттеу мен зерделеулерін, ойлары мен толғаныстарын БАҚ жүйесі, кітап әлемі арқылы қалың қөпке ұсынды.

Р.Нұрғали зерттеулерінің алтын арқауы – М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы, оның ішінде алғашқы ізденіс, енбектері дер едік. Алдымен айтарымыз, М.Әуезовтің өмірі мен қоғамдық қызметін, алғашқы шығармашылық кезеңін деректік-күжаттық тұрғыдан әрі мын сансалыстырулар негізіндегі тамыршыдай тапбасып, танып-таразылады. Қазақ қalamгері – “Әлемнің Әуезові” атанған танымал суреткердің халық аңызы негізінде жеткен “Еңлік-Кебек” трагедиясының жазылу тарихын, бірнеше нұскаларын санап та, талдап та көрсетумен бірге, көркемдік талаптар тұрғысынан шеберлікпен, шешендікпен сез етті. Әдебиет зерттеушісінің Әуезов әлеміне еркін еніп, алғашкы ізденіс-

мұраттарынан бастап айқын көзқарас, бедерлі қолтаңба, өрнекті өнеге, үлгілі үрдістерін шығармашылық мұра-мирастарымен байланыстыруы, осы бағыттағы зерттеу мен зерделеулер, таным мен талғам деңгейі мәнді, мағыналы болып табылады.

Р.Нұргали еңбектері арасында 1980 жылдардың соңғы кезеңінде баспасөз беттерінде жарияланған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетті Бюросының “Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы” қаулысынан кейінгі “Алыптар қайта оралғанда” атты зерттеу мақаласының орны алабөтен дер едік (“Қазақстан коммунисті”, 1989, № 4, 5, 6). Біздінше, бұл зерттеу Алаш мұраты, оның қайраткер-қаламгерлері хақындағы алғашкы ізденіс, байыпты талдау, байсалды бағалау, онды көзқарастарының бірі болатын. Мақала табиғатынан Алаш әлемі, руханият мұраты, оны зерттеу мен зерделеу жүйесі жіті сараланады.

Р.Нұргали қазак, орыс тілдерінде “Трагедия табиғаты” (1968), “Трагедии М.Ауэзова” (1967), “Талант тағдыры” (1969), “ Қазак драматургиясы” (1974), “Өнер алды – қызыл тіл” (1974), “Өнердің эстетикалық нысанасы” (1979), “Поэтика драмы” (1985), “Телағыс” (1986), “Арқау” (2 томдық, 1991), «Айғак», «Сырлы сөз» (2000) т.т. ұлт әдебиетіндегі әдіс, жанр, стиль, поэтика мәселелерін, дәстүр мен жалғастық диалектикасы, драматургия жанрларын көркемдік-теориялық түрғыдан танып-талаған көптеген зерттеу еңбектерін жазды. Бұл еңбектерде ұлттық сөз өнері, оның аргы-бергі тарихы мен басты өкілдері, олардың ерекшеліктері мен эстетикалық принциптері, көркемдік пен кемелділік, жанр мен шеберлік, стиль сипаттары, аударма және оның даму заңдылықтары, келелі мәселелері алуан салыстыру, талдаулар арқылы жүйелі, нағымды сөз етіледі. Зерделі зерттеушінің ізденіс-көзқарастарынан ұлт мұраты, руханият әлемі, жекелеген ақын-жазушылардың өзіндік өзгешеліктері байыпты, сергек сараланады.

Р.Нұргалидың мағыналы өмірін, жемісті жылдарын оку-ғылым саласынан бөлек алып қарастыруға әсте болмас еді. Әр жыл сайын жаңарып-толығып, жас шәкірттерге жол тартып келе жаткан “Қазак әдебиеті” атты оқулықтардың (11 сыныпқа арналған) тұракты авторы.

Сондай-ақ әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің Қазак әдебиеті кафедрасында жемісті еңбек етті. “Қазак әдебиетінің тарихы”, “Жазушы шеберлігі”, “Алаш ұранды әдебиет”, “М.Әуезовтің шығармашылық шеберханасы”, “Драма поэтикасы” атты жалпы, арнаулы курстардан тағылымды дәрістер оқыды. Бұл тұстарда ұстаз-ғалымның бітім-болмысынан биіктік пен білімпаздық, кісілік пен кесектік, талапшылдық пен таланттылық, байкампаздық пен терендік,

мейірімділік пен қамкорлық, жан-жактылық сынды белгі-ерекшеліктер танылатын-ды.

Р.Нұргали қаламынан “Дән”, “Полигон әңгімелері” атты новеллалар жинағы мен “Атшабыс ертең”, “Жартастағы қарағай”, “Оқ” секілді повестері туды. Бұлардың бәрінен де елін, жерін сүйген арлы азamatтың көnlін жарқын, жүргегін ашық ұстап, қаламын өткір ұштаған биік тұлғасы танылар еді. Қаламгердің ізденіс іздері мен көркемдік-рухани құндылықтарынан айқын қолтаңба мен көзқарас, образдар жүйесіндегі нақтылық пен бедерлілік, тіл-стиль сипаттарындағы байыптылық пен калыптасқан үлгі-өрнектер сенімді әсер қалдырады.

Р.Нұргали аударма өнерінде де өзіндік өрнек жасап, өнімді еңбектін үлгі-өнегесін көрсетті. Олардың катарапындағы – П.Брагиннің “17 жайлы хикая” Л.Толстойдың “Әзәзіл” повестері мен Н.Погодиннің “Салтанат жыры”, А.Кешоновтың “Сонғы шақырым” драмалары мен бірнеше көркем фильмдерді үлт тілінде жатық та тартымды сөйлеткені және бар. Бұл еңбектерде де үлттық-руханияттық ерекшеліктерімізге сай еркіндік пен кеңдік, көркемдік өрнектің алуан үлгі-белгілері бар. Бұл жайттардан, әрине, Р.Нұргалидың руханият әлеміне еркін еніп, оның келелі де түйінді тұстарын тамыршаңай тап басып, зерттеп-зерделеудін негізінде кең көлемді ізденіс, кешенді барлау-сараплаулар жасалды. Алаш әлемі мен оның ақиқаты айтылды. Қайраткер-қаламгерлердің өмірі мен өнегесі көрсетілді. Жанр мен шеберлік, стиль сипаттары зейінді зерделенеді.

Р.Нұргали үлттық басылым – “Қазақ совет энциклопедиясы” Бас редакциясының бас редакторы болып істеген жылдары казак, орыс тілдерінде “Қазақ ССР” (4 томдық), “Ол кім? Бұл не?” (3 томдық), “Қарағанды”, “Шаңырак”, “Абай” атты энциклопедиялық басылымдар мен көптеген анықтамалық, сөздіктердің жарық көруіне кең жол ашты, үлт жанашыры, білікті басшы екендігін көрсетті. Бұл басылымдар мен анықтамалық, сөздіктер бай дереккөздерімен, мол материалдарымен, танымдық-тағылымдық қырларымен қазіргі кезенде әлеуметтік-қоғамдық һәм руханият әлемінде кеңінен колданылып келеді.

Бұл айтылғандар, сөз жок, Р.Нұргалидың қоғамдық-қайраткерлік, ғалымдық қырларын, ел алдындағы парызы мен карызын арлы азamatқа тән адад атқарып келе жатқанына мысал, дерек бола алады.

Осы жайттарды айтып, баяндаған тұстарда ағылшын философы Ф.Беконның: “ Позияда – тапқырлық, математикада – ойлылық, жаратылыс ғылымында – терендік, философияда – пайымдылық, логика мен шешендікте – айтыса білушілік қажет” деген бағыт, ұстанымдарында зор маңыз, үлкен де тағылымды шындықтар бар. Бұдан, әрине, академик Р.Нұргалидың адами бітім болмысы – биік те бедерлі, қайраткерлік-қаламгерлік көзқарас, ұстанымдары –

айқын да байыпты, ұстаздық-ғалымдық қырлары – білімпаздық пен терендіктен тұратынын айқын анғарап едік. Қысқа қайырганда, академик Р.Нұрғали өз заманының тұғырлы тұлғасы, білім-ғылым көкжиегіндегі биік белес, руханият тамыршысы.

Алда жүрдек уақыт ұсынған өмір сапары, сөз өнерінің арлы азamatқа артар ауыр да қызғылышты мың сан арналы жол-соқпактары бар.

Осы жол-талантымен танылған тұлға Р.Нұрғалиға женіл де жемісті, арналы да ағысты болғанын қалар едік.

Адам бақыты, ұстаз-ғалым мұраттарының биік бел-белестері, жан жылуы мен мейірім шуағының салтанатты, сәулелі сәттері де осында болса керек.

ТАНЫМ МЕН ТАЛҒАМ

Белгілі сыншының әр жылдары жарық көрген “Сын мұраты” (1974), “Талантқа тағым” (1982), “Парасатқа құштарлық” (1985) секілді енбектерін оқып, ондағы таным терендігін, дәйек пен деректің молдығын, дүниетаным ірімдерін т.т. танып, түйсінумен-сүйсінумен бірге мениң ойымда уш көрініс қалып қойыпты.

Алғашқы сөз, ой жүйесін осы тәніректен өрбітіп, кейінгі жерде жоғарыда аталған кітаптары туралы әңгімелейтін боламыз.

Оның алғашкысы ҚазМУ-дін тәменгі курсында (1970 жылдардың ортасы) оқып жүргендеге әдеби жүртшылыққа жас сыншы ретінде таныс С. Әшімбаев казіргі әдебиеттің жай-күйінен дәріс оқығаны бар. Есте, ойда қалғаны әрбір жаңа тақырып өткен мен бүгін сабактастығынан, ой мен сөз жүйесінің бірлігін тұрушы еді. Маңыздысы – өткен-кеткенді теріп-тізіп, бар-жоқты сөз етпей, төл әдебиеттің артық-кем тұстарын терең талғаммен сарапалап, Батыс, Шығыстың, орыстың мәдени-рухани мәселелерін, жекелеген жазушылардың (мәселен, У.Фолькнер, Э.Хемингуэй, Р.Роллан, Т.Манн, А.Зегерс, С.Свейг, сондай-ак Л.Толстой, Ф.Достоевский, М.Шолохов, Л.Леонов, К.Федин, Л.Соболев, Б.Пастернак т.б.) мұра-енбектерін, ондағы тақырыптық, көркемдік, тілдік мәселелерді тап басып – байыппен, дәлелді сөз ететін. Ой мен сөз бірлігі, шешендікпен шебер, келісті әңгімелеу әдісі әрі тартымды, әрі нағымды әсер қалдыратын. Жасыратыны жок, деректік, танымдық тағылымы мол дәрістен сон рухани байлыққа – кітапқа деген құштарлық еселең артатын еді.

Әдебиет сыншысы оқыған дәріс, оның рухани байлығының бір көрініс, әсері осындай еді.

Екінші көрініс, жоғарыда еске алғандай, “Ақылына акы сұрамайтын асыл ұстаз – кітап” (Ө. *Наяи*) жан азығымен достасуға, оның берері мен дерегін дәрісханада емес, дүкендерде де айтып, баяндаудан ешбір жалықпаушы еді (кітап дүкендерінде бұдан біраз жылдар бұрын жаңа кітап премьерасы, авторлармен кездесу т.т. сирек те болса болатын. Қазір ондай орындарда коммерциялық заттардан көз сүрінеді). Мұндай кездесулерде жаңа кітаптар сыры мен жырын, артық-кем тұстарын, оның авторы мен тақырыбы т.т. туралы кең көлемде мағыналы сыр толғайтын. Сондай-ақ кітап оку, жинау мәдениеті жөнінде, арнаулы сериялар мақсаты мен міндеттіне, ең негізгі әрбір автор мен кітаптың әлеуметтік-философиялық астарына, тарихи-танымдық сипатына, адамдық-имандық т.т. мәселелер маңызына тоқталатын.

Қысқасы, кітаппен достасу, оны жинап, окуга құштарлықты арттыру сыншы мұраттарының бірін құрайтын.

Үшінші көрініс дәрісханада басталған (анығы – сыншыға сүйіс-

пеншілік) кітап дүкенінде жалғасып, Казак теледидарында бірнеше хабарға ұласқан “Жүректен козғайық” атты көп салалы бас косуда жарасымды, табиғи үйлесімін тауып еді. Бұл, сыншы З. Серікқалиев жазғандай, “бауырмалдығы мен білімдарлығы”, оның үстіне акын айтқандай: “Жанам деген жүрекке от беремін” дегендік те еді. Атальыш хабар қалың көп көнілінен жол тауып келе жатқан “Қарыз бен парыздың” алғашқы бастау, баспалдағы болғанын бүгін білгенімізбен, оның алғашқы ұйымдастыруышы әрі жүргізушиңін өртамында жүрмегеніне өкініп отырғанымызды да жасырғымыз келмейді. Осы хабардың алғашқы сандарының біріне қатысып, экран алдындағы сыншының қалың көптің көніл төріндегі ой-арманы мен тілек-талаптарын ашық әрі ашы айтатынына, шешендігі мен қамқорлығына, жақсыға – жаңалыққа құштарлығына қызығып, қайран қалғанымыз бар-ды. Негізінен алғанда, ол, З. Серікқалиев айтқанында, “Жазбаларында да, жұзбе-жұз сұхбат-сырласуларда да жанымен жарылып, жүрегін дәйім ашық ұстады”.

Бұл сөздерді К. Ергебековтің төмөндегі ойлары да шындыққа шығарады:

“Талантты бар балаларды бауырына тартып, айналасына талапкер жастарды жиып, аға атанып, қамқорлық таныта бастаған сәтте оның өзі әлі отызға толмаған бала еді. Баламын демеді ол, жасынан ерте есейіп, жасамыстық танытып жүре берді. Бәріміз де Сағаттың жылы сөзін естіп, қамқорлығын көріп өстік” (Жаның жалау еткен... Кітапта: “Күлкінді жүрміз сағынып”, 1993).

Міне, көніл төрі мен жүректе (тура мағынасында – Р.Т.) берік орын алған үш көрініс бұл күнде қалың көптің қимас бейнесіне, аяулы мақтанышы мен сағынышына айналған С. Әшімбаевтың соңында қалған енбек-мұраларын қайта карауға, рухани сырласуға себепкер болып отыр.

Ақиқатында, “Сыншы мұраты” – талапты жастың таланттың ашқан, сөзөнері айдынына өзіндік үн-көзқарасымен келгенін айқын анғартады. Қайсыбір тақырып, мәселеге назар аударса да тереннен толғап, шынайы көніл, көзқарасын бүкпесіз білдіреді. Сын жазу – ауыр, сыншы атану одан да қиынның қиыны екенін көңілмен де сезінген С. Әшімбаев терең білімдарлығымен, әділ-турашылдығымен ұстаздарының аузына ерте ілінді, тұстастарының назарын да аударды. Айталық, “Сын мұратының” аннотациясында атап көрсетілгендей: “Оның мақалалары негізінен қазіргі әдеби процесті, белгілі қаламгерлер мен жас прозашылардың творчествосын талдауга арналған”. Сонымен бірге айқын анғарылатын жайт – төл әдебиеттің қайсыбір жанрын немесе автор мен кейіпкерлер келбетін, оның іс-әрекеттерін танып-түстеген тұстарда көркемдік мәселелерін, тілдік, стильдік құбылыстарды, кеше

мен бүгін мәселесін. дәстүр, жаңашылдық жалғастықтарын телқабыс сез етеді. Бұл ретте сыншының тұңғыш жинағына ойлы көзбен қайта ден қоюдың ешбір міні жоқ. “Қазіргі қазақ әдебиетінің қай жанрына назар аудармаңыз, оның творчестволық және профессионалдық даму эволюциясына, қалыптасқан өзіндік дәстүрі мен мәдениетіне, шындықты көркемдікпен бейнелеу құралдары жағынан ізденіс үстінде екеніне көз жеткіземіз” (3-бет), “...әдебиеттің дамуы ұлттық сананың өсуіне, алеуметтік әрі азаматтық ой-сезімнің толыса бастауына тікелей байланысты” (4-бет) десе, төл әдебиетіміздегі замандас келбетіне қай қырынан қарасақ та “мықтал өскен, жан дүниелері рухани бай да таза” деп таниды (93-бет), проза жанрында айрықша көрінетін адамгершілік, мораль тақырыбын таза көңілмен танып, шын куанады (60-бет). Ал көркем шығарма табиғатын танып, кейіпкер жан сарайын ашуда психологиялық талдаудың алар орнының алабетендігіне зор маңыз береді: “Психологиялық талдау – коғамдық құбылыстың шырқау шыны адамды, оның жанындағы сезімінің жықпышылдары мен кат-қабат калтарыстарын, шуағы мен ызгарын, ондағы қарама-қайшылыктарды дәл де нактылық жағдайда зерттеудің тамаша тәсілі” деп түйін жасайды (37-бет). Кітапта бұдан басқа әдебиет қозғалысын әр тараптан танып-талдаған сынни ой, маңызды қөзқарастар мен ұнамды ұсыныстар мол.

Сайып келгенде, “Сын мұраты” – әдебиет тамыршысының (сыншы еңбегін осылай бағалаған орынды – Р.Т.) асыл ойларының, білім деңгейінің, дүниетаным иірімдерінің жиынтығы. “Сын мұраты” – С.Әшімбаевты “Сынның сарапшы сарбазы” (М. Қаратаев) каторына косқан шын туындысы.

“Сын мұратының” сыры – осы.

Сыншы еңбегінің жаркырай көрініп, кен өріспен арналы өріс құрайтынына “Талантқа тағзым”, “Парасатқа құштарлық” атты әдеби-сын мәкалалардан тұратын кітаптарын оку үстінде жіті көз жеткіземіз.

Алғашқы кітапта төл әдебиеттің мұрат-міндеттері, талант табиғаты мен жанрга жауапкершілік мәселелері, сондай-ақ өлеңдегі өрелі ой-өрнектер, балладаларға тән белгі, ерекшеліктер де ақиқат өлшемімен, көркемдік шынайайлық пен философиялық терендік тұрғысынан кеңінен қарастырылады.

Кітапка енген “Сыншыл ой сипаты” атты макала әдеби-көркем сынның өткені мен болашағына барлау жасайды, әр кезеңдегі қөзқарас, қауылардың әдеби жанрга әсер, ықпалын сез етеді, осы бағыттағы белсенділік пен ымырашылдыққа азаматтық тұрғыдан жауап беру қажеттілігі орынды, кәделі іс екендігін өткір көрсетеді. Сондай-ақ сын мен әдебиеттің ортақ мәселелері туралы да кеңінен сез қозгайды. Ол туралы: “Жазушы мен сынши шындықты жазып

кана емес, күнделікті өмірде шындығын айтып та қорғауға тиіс. Өйткені тіл дегеніміз ойдың көрінісі болса, сөз дегеніміз де әрекет... ақиқатты айтқан адам айыпты емес, оны көріп тұрып, көзін жұмып айналып өткен адам айыпты... Шындығында да өнерге, шындыққа және әділдікке өліп-өшкен сүйіспеншілік жок жерде сын да, сынши да жок екен! Өмірде шындық үшін куресе білмейтін адам өнерде шындықты айтуды мұрат тұта бермесе керек” (53-бет), немесе: “Өнерге тенгермешілдік, келісімпаздық, жалған ағайынгершілік, жалпақ шешейлік тұрғыдан қарau болмаса “сен тимесен, мен тимен” ымырашылдық журмеуге тиіс. Ақын-жазушының творчествосын жазу деген жоғын бардай, барын дардай етіп “құрыққа сырыйқ жалғап жалған жазу емес, объективті тұрғыдан келіп жазу деген сөз. Біз, сыншылар, ақын-жазушыларымыздын әр түрлі жастағы юбилейлерін күтіп отырмай-ақ, творчестволық өміrbаянын, портретін, өсу эволюциясын, стильдік паспортын, әкелген жаңалықтарын, тіпті адамдық, азаматтық болмысын дүркін-дүркін оқушыларға жеткізіп, таныстырып отыруымыз керек. Өкінішке орай, бұл жағы, яғни сындағы творчестволық портрет жанры дамымай-ақ келе жатыр” (59-бет) деген ақиқат ойлар, ұсыныс-көзқарастар бүгін де маңызды сипатқа ие болып отырғанын аңғару киын емес.

Біздінше, “Жүгі ауыр жүрдек керуен”, “Тарлан талант тағылымы” атты макалалар-парасатты ой-ізденістерімен, ортак та кәделі. маңызды мәселе төнірегінде сыр қозғауымен мәнді. Алғашқы макалада казак прозасындағы тақырып пен идея, көркемдік, шеберлік мәселелері сырласу, сұхбат үлгісінде еріс алса, кейінгі макала әдебиетіміздегі алып тұлға – F. Мұсіреповпен болған кездесудің сырын, шығармашылық өміrbаянның жырын, сөз өнерінің мұрат-міндеттерін уақыт талабы тұрғысынан карастырылуымен құнды. Сол арқылы, кітап атынан аңғарылатынныңдай, талантқа – тағзым, туындыға – құрмет, оқырманға ілтипат танылатыны көз бен көңілге бірден түседі.

Ал “Парасатқа құштарлық” – өмірге сүйіспеншіліктін, сөз өнеріне құрметтің, адамтану тақырыбын жан-жақты менгерудің рухани үлгісі. Мәселен, “Ұлылықтың бір қыры” атты макалада Ф. Энгельстің ғылыми коммунизмнің негізін салудағы еңбек-мұраларына тоқталумен бірге, өміrbаяндық деректер ізіне ден қойып, рухани өміріне, шығармашылық ізденістер ірімдеріне назар аударуы көп жайттың сырын ашкан. “Телеграф” журналында “Рейн” газетінде істеген жылдарын еске алуы – баспасөздің әсерін, қалам жұмысына төсөлуін айқындаі түседі. “Атап өтетін нәрсе, – деп жазады автор, – Энгельс әдебиет және оның міндеті, маңызы мен тарихы теориясына қатысты арнайы монографиялық жүйеде енбектер жазбаған. Біздінше, оның себебі пролетариат көсемінің революциялық қыруа құмыстармен

айналысып жүріп, мұршасының болмауынан және бірінші кезекте калай да қалың бұхара халықты бұралқы өмірдің тәпкісінен азат етудің жолдары мен тәсілдерін іздестіріп тұн қатып, тұс қашып жүріп, бос уакытының аздығынан да болса керек. Алайда, Маркс сиякты, Энгельс пролетариаттың өзін билеп отырган қанаушы таптың өкіметін құлатып, гегемонияның колға алудағы жұмысшы табын саяси куреске баулып, саналылыққа тәрбиелеудегі көркем әдебиеттің эстетикалық, өмір танытушылық, әлеуметтік мәнін жоғары бағалаған. Олардың әдебиетке деген көзқарасы өздері жасаған революциялық ілімнің құрамдас бір бөлігі сиякты. Маркс пен Энгельстің әдебиетке деген концепцияларын кейін В.И. Ленин әрі қарай дамытып, “Әдеби іс – жалпы пролетарлық істің бір бөлігі, оның тегершегі мен винті” деп корытындылағаны мәлім” (7–8-бет). Бұл тақырыпты менгерудің, оны езеге үлгі етудің шынайы көрінісі.

Ал “Сыншыл ой туралы сырда” казак әдеби сынындағы М.Каратаев, Т. Ахтанов, Ш. Елеуекенов т.б. есімдері мен енбектері биік талап тұргысынан сөз етілсе, “Бүтіннің сырлы белшектен” деп аталағын мақалада суреткер сырлы, оларға тән өзіндік бітім-бедер мәселелері Ә. Кекілбаев, М. Әуезов, Т. Тоқбергенов т.б. шығармашылық ерекшеліктері аясында баяндалады. Автор бұл тақырыптарды тереңнен көзгайды, алуан салыстырулар жасап, ой иірімдеріне енеді, алысжақын шетел әдебиеттеріндегі дәстүр, сабактастық тәжірибелеріне сүйенеді. Нәтижесінде үлттық сөз өнерінің үзак тарихына, өзіндік белгі-бедеріне дең кояды. Өміршөп өнер – сөз құпиясын ашып, оны жасаушы, жалғастырушы ақын-жазушыларға – құрмет, талант табиғатына тағым өтіледі. “Парасатқа құштарлық” сырлы осы.

Ендігі сөз “Шындыққа сүйіспеншілік” туралы.

Кітаптың алғашкы он беті сыншы З. Серіккалиевтің “Жүрекке түскен салмак” атты алғы сезінен арналған.

Шындығын айту керек, алғы сөзде сыншы С. Әшімбаевтың ел алдындағы, өнер әлеміндегі орны мен мұратын, сонында қалған енбек мұраларының маңызы мен мазмұнын, бірсыыпра мақала-зерттеулердің “Азаматтың формуласы”, “Азаматтық позиция – айқындаушы құш”, “Ақын жанын жабыркатқан жайлар”, “Абай тағылымы – азаматтық тағылым” т.т. әлеуметтік-эстетикалық, танымдық-рухани қадырқасиетін нактылы дерек-мысалдармен байыпты сөз етеді. Нәтижесінде, өмірден ерте өтіп, өнермен етене де төрөн табысқан С. Әшімбаевтың: “... ел тарихы, болашағы, демократиялық өзгерістер бағыты, өмір мен өнер катынасы, жанару сипаты, имандылық міндет-парыздар хакында өзінің ең көкейтесті ойларын тек баспа, баспаса зетінде қаламгерлік қабілетімен ғана емес, жалынды жүргегімен де жалпақ әлемге жүзбез-жуз жеткізе алған, халқымен көгілдір экран арқылы мамыражай

сырласу бақыты бүйірган таңдаулы публицистеріміздің бірі еді... Кысқа ғұмырының кейінгі кемел жылдарын ол қазак теледидары мен радиосының көркі ушін, келешегі ушін киын сындарға салды. Мемтelerадионың төбебиі – тәрағасы болды. Ұйымдастыру, басшылық жұмыстарымен қатар сәйгүлік жарысында тан асырып, жарауы келісін тұлпар тұяғы қашан да кол соктырып оралар бакуатты бапкердей Сағат жүргізген, негізін қалаған “Парыз бен карыз” бағдарламасы мәдениет қазынасына құтты жылға бол тартылды” деп (9–10-бет) халық алдындағы қайраткерлік, қаламгерлік еңбегін нактылы, нағымды жеткізеді. Қысқасы, мәдени-рухани өмірдегі сыншы мұраты мен міндепті, осы жолдағы “Жүрекке түскен салмак” сырьы қалың көпке түсінікті тіл, тартымды мысалдармен баяндалады.

Кітаптағы мақала, портрет, эсселер “Азаматтық позиция – айқындаушы күш”, “Шындыққа сүйіспеншілік” және “Қолжазбадан кітапка дейін” деген маңызды бөлім, кен толғамды ой-толғаныстардан тұрады.

Ақиқатқа жүгінсек, аталмыш бөлімдердегі мақала, портрет, эсселер атап айтқанда “Биік мұрат тұрғысынан”, “Әдебиет және мораль”, “Роман арқауы – элеуметтік шындық”, “Жаралы жылдар елесі”, “Сын мұраты” атты әдеби сын кітабы (1974) арқылы берілсе, “Өлең сөздің өрнегі”, “Әдебиет мұддесіне адалдық.”, “Күрмеуі мол күрделі тақырып”, Парызға лайық парасатты сөз”, “Талантқа тағзыым” (1982) атты әдеби-сын мақалалар кітабына енген, ал “Сыншыл ой туралы сыр”, “Ізденіс бағдарын бағдарлағанда”, “Биік талап белесінен”, “Ақын жаңын жабырқаткан жайлар немесе Абай өлендерін жұз жылдан кейін оқыған соң туған ойлар” (Бұл бұрын “Ақын жаңын жабырқаткан жайлар” болып берілген болатын – Р.Т.), “F. Мұсірепов туралы триптих” – “Парасатқа құштарлық” (1985) атты әдеби сын мақалалар, портреттер кітабы бойынша жүйелі ізге түсіріліп, тақырыптық-мазмұндық мақсатқа негізделген. Қысқасы, айналасы жұп-жұмыр болып, қалың көпке жинақы, жүйелі үлгіде жол тартып отыр.

Шындығына келсек, алғы сөз авторы айтқандай, аталмыш кітап “... сыншы қаламынан шыққан ырысты жолдарды түгел қамти алмайды. Көзі тірісінде баспаға ынғайлай бастаған болашақ кітабының нобайы мен бұрынғы басылымдардан қайсыбір туындыларын қамтитын, өз тұрғыластарыға емес, келер күндерден де жан сырласын табар ғұмырлы мұраның арналы бір саласы бұл” (3–4-бет).

Сонымен, сыншы еңбегі бір томдық таңдамалы үлгіде қалың көпке жол тартты. Ендеше, біз де кітапқа мақала, портрет, эсселердің баршасын теріп тізіп сөз етпей, әдебиет қозғалысына елеулі әсер етіп, үлттық-рухани мұраларды танып-талдауға негіз болған қаламгердің әр жанрдағы ізденіс-іркілістерін, тақырыптық, көркемдік, тілдік

ерекшелік, мүмкіндіктерін т.т. белгілі сыншының таным-толғамымен бірлікте, байланыста қарастыруды мақсат еттік.

Алғашқы тараудағы (“Азаматтық позиция – айқындауышы күш”) “Биік мұрат тұргысынан” атты макала күрделі жанр – романға тән белгі-ерекшеліктерді танып, таразылаудан басталып, қазақ әдебиетінде осы бағытта қалам тербел жүрген жазушылардың жетістік, кемшиліктерін көрсетумен, сондай-ақ әдебиеттің көркемдік-эстетикалық талабы мен сапасын әрі философиялық-психологиялық талдау, харakter қараеті мен ішкі монолог т.т. мәселелерді нактылы, дәлелді сез етуімен ерекшеленеді. Мәселен, И. Гетеңін “Фауст”, М. Гончаровтың “Обломов”, М. Шолоховтың “Олар Отан үшін шайқасты” секілді көлемді де күрделі шығармаларын, М. Әуезовтің “Абай жолы”, F.Мұсіреповтің “Жат колында”, Ә.Нұрпейісовтің “Қан мен тер” т.т. романдарды тақырыптық аясы, жанр мүмкіндігіне сай сараласа, керісінше С. Бакбергеновтің “Қансонар”, Қ. Оразалиннің “Абайдан соң”, Ж. Еділбаевтің т.т. романдардың “...адам психологиясын берудегі, образ-характер мүсіндеудегі мүшкіл хал, таныс әуен, таптаурын соқпақтан аса алмагандығын өкінішпен айттар едік” деп (14-бет) ой туйеді. Сондай-ақ М. Мағауиннің “Көк мұнар” романына қатысты: “...жаксы тақырыпты жасытып алуы, уақытқа тән әлеуметтік мәні бар шындықтарды тап басып көрсете алмауы” (17-бет), Н. Сералиевтің “Махаббат туралы хикая” атты повесть туралы “...жалған сүйіспеншілікті, өмірдегі кездесік жайларды жазудан аса алмайды” деп (24-бет) жанр талабын, өмір мен көркемдік шындықтың аракатынасын ұлттық әдебиеттегі онды үлгі, белгілермен байланыста, дәлелді сез етеді.

Сыншы енбегінің, көзкарасының терең көрініс беретін тұсы – көркем шығармадағы философиялық ой айту мүмкіндіктері, кейіпкер сезі мен монолог-толғаныстары мен авторлық баяндау-суреттеу т.т. сай саралануында дер едік. Бұл ретте F. Мұсірепов, Т. Әлімқұлов, Ә.Кекілбаев, О.Бекеев т.б. повестеріндегі “...окиға мен образ логикасынан философиялық шешімдер, ой-түйіндеулер” байқалса, А.Сүлейменовтің “Бесінін” прозадағы философиялық ой айтудың жақсы нышаны (21-бет), онды белгісі ретінде сез етеді.

Атальмыш макалада, жоғарыда еске алғандай, нактылы шығарманы танып-талдаумен қоса, төл әдебиеттің бірқатар түйінді мәселелері сез болады. Олар, атап айтқанда, қайсыбір енбекті идеясы мен окиғасына қарап емес, адам жаратылысына, ой мен сезім іріміне психологиялық дәлдікпен жеткізгеніне қарап бағалау (27-бет) немесе: “...әрбір жазушы үшін кейіпкерлер жаңындағы психологиялық нәзік те сырлы әрі күрделі құбылыстарды аша отырып, харakter логикасына сай келетін шешімдер табу” (34-бет), “...кейіпкердің биік рухани әлеміне терең

үңілу, жан сарайына психологиялық талдау жасау мен зерттеудің формаларын игеру бағытындағы тегеурінді енбек етіп, моншақтанып мөлдір тер төгетін ізденіс мәселесі” (35-бет), сондай-ақ суреткерлік концепция (40-бет), шығармадағы лиризм жәйі (41-бет) т.т. туралы ой-пікірлердің автордың биік интеллектуалы ғана емес, жанр мен оған койылар талап-тілек, қаламгер ұстанар көркемдік нысана т.т. нақтылы туынды, материал негізінде талданады.

Бір томдық таңдамалыға енген “Әдебиет және мораль”, “Роман арқауы – әлеуметтік шындық” атты макалаларда төл әдебиеттің проза жаңырындағы адамгершілік, гуманизм мәселелері, қоғам өміріндегі әлеуметтік шындық пен замандастар бейнесінің сомдалу сырын, жекелеген жазушылардың шығармашылық ізденістері, шеберлік тәсілі т.т. нақтылы талдауға, сынни қөзқарастарға негізделген.

Айталық, әдебиеттегі адамгершілік, ар-оқдан мәселесі алдымен орыс жазушыларының (Н. Гоголь, Гончаров, Салтыков-Щедрин, А. Чехов т.б.) шығармаларындағы адам мен онын еңбегіне жат, теріс іс-қылыштарды (тоғышарлық дерт, зұлымдық пен көрсокырлық) нақтылы танып, таразылау негізінде одан арылу қажеттілігіне, бұл жолдағы көркем әдебиеттің орнына баса назар аударады. Нәтижесінде – адам бойындағы рухани байлық пен моральдық сұлұлықтың сан алуан үлгілері қазак әдебиетінде (М. Әуезовтің “Өскен өркен”, З.Шашкиннің “Теміртау”, Т.Ахтановтың “Боран”, Т.Әлімқұловтың “Ақбозат”, Ә.Нұршайыковтың “Махабbat қызық мол жылдар” т.т.) де онды көрініс, қырларымен көрінгендей нақтылы мысал, талдаулар арқылы еске алынады. Мәселен, адамгершілік нормаларына сыймайтын “сыпайы тоғышарлардың психологиясы” Тахауи Ахтановтың “Боранында” Қасболат образы арқылы реалистік шеберлікпен ашылған еді. Ә.Нұршайықовтың романындағы “Сұңгіп шыкса да су жұқпайтып” пысықай да жылым Тұманжан сияқтылар бүтін де ұшырасады... Илияс Есенберлиннің “Алтын құсындағы” табигат берген көркін табанға басып, саудаға салатын сөйтіп, желіп жүріп, женил өмір сүрге тырысатын “сұлу” бикештердің бірі Акбаяндар да жок деуге болмайды” деп (55-бет) бүгінгі күннің шындығын ұлттық тәрбие тағымдарымен байланыстырады. Сондай-ақ Т. Әлімқұловтың “Жүректегі жіңішке тікен” атты әңгімесіндегі “...Шора Шерімбетовтің тоғышарлық психологиясын жазушы киялышының жемісі емес, өмірдегі көнілі көлеңкелі, жаны жартыкеш, сезімі лас, ойы мен бойы нас адамдарға тән әрекет, ортақ психология” (60-бет), “Мұхтар Мағауиннің “Тазының өлімі” мен “Қара кыз повестеріндегі Есенжол мен Бейсейіт та өздерінің азғындық, тоғышарлық іс-әрекеттерімен біздің қоғамдық моралімізге жат адамдар” (65-бет) деп, өмірдегі көлеңкелі жайлардың рухани әлемдегі орны, көрінісі ретінде еске алады. Ой түйінін автор

былай білдірген: “Нағыз жазушы әлеуметке ортак өз кезеңінің таза моральдық атмосферасының рухани бейнелеушісі болуымен қатар, өмірдегі келенсіздікті батыл айыптаушы, жалпы адамзатқа ортак гуманистік моральдың насихатшысы әрі оны берік қалыптастыруши кайраткер, азамат екенін ұмытпаған жөн. Сонда ғана замана мен замандастар алдындағы суреткөр парызы өтелмек” (66-бет).

Казак қаламгерлері туындыларындағы қоғам мен өмірдің әлеуметтік шындығы, замана көрінісі, типтік образдар жүйесі мен харakter іс-әрекеті, қысқасы тақырыптық-мазмұндық арна көркемдік сапа, шеберлік дәреже т.т. “Роман аркауы – әлеуметтік шындық” атты мақаланың басты нысаналарының бірі.

Сыншы мұнда қазак қаламгерлерінің, атап айтқанда С. Жұнісовтің “Жапандағы жалғыз үй”, “Ескексіз кайық”, К. Жұмаділовтің “Көкейтесті”, Д. Досжановтың “Зауал”, Н. Нұрмановтың “Құланның ажалы”, Ж. Молдағалиевтің “Торғай толғауы”, Р. Токтаровтың “Ертіс мұхитқа құяды” т.т. романдардағы тақырыптық-көркемдік ізденіс, іркіліс сырларын анықтау арқылы өмір мен өнер шындығын, өзарақатынастарын, замандастар бейнесіндегі онды сипаттар, моральдық-әлеуметтік мәселелер т.т. ұлттық ерекшелік пен көркемдік ізденістер тәжірибесімен байланыста сез болады. Аталған қаламгерлердің өзіндік өрнек, ерекшеліктерін көрсетумен бірге, кемшін тұстарына да сынни ой, көзқарастарын батыл білдіріп отырады. Мәсеплен, “С. Жұнісовтің тын туралы жазып отырған сон кейбір әлеуметтік проблемаларын интеллектуальдық тұрғыдан, азамат жазушы ретінде көтерген болса, ол романға артық жүк болmas еді” (72-бет), ал М. Сүндетов романындағы кемшілікті: “...характерлер психологиясын ашуда реалистік терендік, киын тағдырлы адам сезімін суреттеуде табиғильтік жетпей жатыр” (74-бет). К. Жұмаділовтің “Көкейтестісі” туралы: “...бұл бітім, осы болмысында салауатты романға койылатын көркемдік талаптарға жауап бере алмайды. Анықтап айтқанда, жазушы тұрмыстық болымсыз суреттерді қамтудан аса алмаған, бұл тұрысында әлеуметтік психологиялық роман жүгін көтеріп отырған жок” деумен (76-бет) бірге, шығарма жанры жөнінде де ой айтқан. “Көкейтесті” – роман деп аталаға әлі де әлеуметтік бүйірі олқы, жанрдың көркемдік-эстетикалық заңдары мен принциптеріне келмейтін, тек екі-үш сюжеттік желіге құрылған көлемді повесть деп бағалаған жөн” (76-бет).

Сондай-ақ Д. Досжановтың: “Зауал” романының жазылуында терен ойланып, жүрекпен толғанбағандықтың салқыны, асығыстықтың табы білінеді. Оны романың тілінен бастап, кейіпкерлердің психологиялық мінездемесінің женіл берілүүнен де байқаймыз. Автор адам тағдырындағы қүйініш пен сүйінішті жалаң тебіреніссіз суреттеп, жадағай сырғып отырады. Сондықтан да көп жағдайда адам жанының

диалектикасы, сезім иірімдері ашылмай қалады” (78-бет), ал Ж.Молдағалиевтің “...кейбір кейіпкерлерінде мінездер шыншылдығы, характер іс-әрекетінің табиғилығы жете бермейді” десе (81-бет), Ф.Тоқтаров романдарындағы образдар шешімін де сентиментальдық көңіл күй көріністері, мелодрамалық әуен, натуралистік шындықтардың елеп-екшеусіз мол жүретіндігі сол образдардың әлеуметтік сипатын жөнілдетіп тұрады” (88-бет) деп ой түйеді.

Кітаптағы “Қылыш кезеңдер хикаясы” және “Жаралы жылдар елесі” сынды мақалаларды катар сөз етудің өзіндік себеп, сырьы бар. Алғашқы мақалада тарихи-революциялық тақырып, нақтырақ айтқанда, Ә.Нұрпейісовтің “Қан мен тер” атты трилогиясы, ондағы әлеуметтік оқиға, тарихи шындық, таныс-бейтаныс образдар, “...казак даласының рухани оянып, әлеуметтік-сағаси сезімнің пайда болуы, ұлы Октябрь революциясына іштей дайындықпен келуі тарихи дамудың заңдылығы екені сөзсіз. Бұл жайт Арап маңындағы балықшы ауылдың өмірі арқылы көрінеді” (92-бет). Автор бұл жайды роман оқиғасын, тақырыптық-мазмұндық сыр-сипатын, ең негізгісі қаламгердің ізденісі мен еңбеккорлығын, дүниетаным іірімдерін, стильдік өрекшелігін т.т. қазақ мәдениетінің үлгі-әрнегі ретінде қарап, сез етеді.

Сондай-ақ сыншы белгілі роман атының (“Ымырт”, “Сергелден”, “Күйреу”) символикалық мәнініе “...күні біткен қоғамның уш кезеңіне назар” (92-бет) аударады, жазушы шеберлігіне, шығарманың әлеуметтік мазмұнына, Еламан мен Тәнірбергеннің т.т. арасындағы таптық тартысқа, әйелдер бейнесіне (Ақкемпір, Ақбала, Айғанша, Балқұміс, Балжан т.б.), аталмыш трилогия негізінде сахналанған қойылымға (“Қан мен тер”, 1973 ж.) ден қояды. Осы жайларға назар аудару арқылы шығарма авторының ұзақ уақытқа созылған ізденіс-тәжірибесін мол материал мен оны игеру сырын, түзетіп-өндөу жұмыстарындағы еңбеккорлығын т.т. нақтылы сез етеді.

Келесі мақалада – Ұлы Отан соғысы тақырыбы, атап айқанда осы кезеңдегі ауыл өмірі мен адамдар тағдырын, типтік оқиғалар мен әлеуметтік әрекеттер т.т. сез етегін туындылар (Ж. Нәжімedenovтың “Ақ шағыл”, Қ. Қазыбаевтың “Ызғар”, Ш. Мұртазаның “41-жылғы келіншек”) нақтылы талдауға негіз етіледі. Мәселен, “Ызғар” романындағы тыл өмірі, ауыл адамдарының тағдыр-талайына күә болған сыншы: “...автордың әлденеше рет жазылған тақырыпқа барып отырғанымен, өмірге, адамдарға, сол уақытқа өз көзқарасы, өз байламы мен байымдауы бар екендігіне мойын ұсындық” деп (113-бет) ашық айтады. Романдағы ажар-көркі, ақыл-парасаты тен түскен Құлжәмила бейнесінің реалистік сипатта суреттелуі қазақ әйелінің ұнамды үлгісі ретінде еске алынады. Сондай-ақ Нешекен, Жанар сынды тағдыры мен харakterі сенімді тұлғалар хақында да онды пікір білдірген.

Сонымен бірге Мұхит пен Балжанның үйлену хикаясы, майданнан қашып келген Ерден психологиясына қатысты сыйни ойлары дәлелді, нанымды шыққан.

Белгілі сыйныш Ш. Мұртазаның “41-жылғы келіншек” атты кітабын “Мылтықсыз майдан” повесімен байланыста салыстырады. Повесть оқиғасы, кейіпкерлер орны мен әрекеттері, мінез бен мораль, наным мен таным т.т. нақтылы талдау негізінде өріс алып отырады. Арай ана, Мамай карт, Тотия ару т.б. бейнесі де адамдық касиет, ұлттық танымдарынызга сай танып, талданады. Сондай-ақ Тұтан есімді жігіттің үйленген тұнгі әрекеті сын ретінде еске алынса, повестен соң әнгіме жанрына қалам тартқан жазушы мұраты, осы бағыттағы ізденіс, жетістіктері т.т. қаламгер әрекшелігі, мүмкіндіктері тұрғысынан сөз болады.

Сын кітабына енген “Азаматтық позиция – айқындаушы құш”, “Азаматтық формуласы” және “Бүгінгі жазу – өмір талабы” т.т. мақалалар әдебиеттің жалпы мәселелерін, даму сипаттарын сөз етумен бірге қоғамдық-әлеуметтік, адамгершілік-философиялық жайлар, елдік-ұлттық мұdde мен көркемдік құбылыстар, жаңашылдық белгі-нышандар алдымен Абай поэзиясы негізінде тілге тиек етіліп, кейінгі жерде әлем (А. Карпантъер, Ж. Амаду, Г. Маркес т.б.) және орыс (Толстой, Чехов, Достоевский т.б.) қаламгерлерінің әдеби-көркем ойды дамыту жолындағы ізденіс әрекшеліктерімен табиғи байланыста қарастырылады. Нәтижесінде адамтану ілімі, азаматтық, гуманистік касиеттер жеке адамның емес, қоғамның байлығы деген корытындыға келеді (184-бет).

Екінші бөлімге (“Шындықка сүйіспеншілік”) енген мақала мен сыйни ойлар мәйегі – сөз өнерінің сырын танып-түстеумен бірге, әдеби көркемдік ойдың қоғамдық-рухани өмірден алар орнын, атап айтканда, ұлт байлығы – тіл бедері мен белгілерін, әдебиет тамыршысының сипатын, өлең өрнегі – ой мен сезім тұтастығын т.т. “Тура биде туған жок” тұрғысынан адалын айтып, жарқын жұз танытуымен, таным-талдау терендігімен ден койғызар еді. Мәселен, “Сыншыл ойдың сипаты немесе сексенінші жылдарғы сынға көзқарас” атты мақала әдеби-көркем сыйның қоғамдық-әлеуметтік орнын айқындаумен коса, сын мен сыйныға тән белгі – ак сөйлеп, адалын айту, таным-парасаттың табиғилық қажеттілігін, ен негізгісі жазушы мен оқушыға катар ой-салатын, көркемдік пен шындық алдында екеуін де талант пен танымға табындыратын өнер ретінде қарайды. Автор сөзін ойға алсак: “...сын тәрбиенің ең жоғары түрін көрсететін эстикалық тәрбие құралы” (241-бет).

Осы мақалада әр жылдары қабылдаған құжаттар, казак сыйнының қалыптасу мен дамуына елеулі еңбек еткен Ф. Тогжанов, И. Қабылов,

К. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Т. Нұртазин, И. Омаров т.б. сынды каламгерлер, кейінгі он жылда осы бағытта өнімді ізденіс пен макалалар жазған М. Қаратаев, Ш. Елеуkenov, Г. Бельгер, З. Кедрина т.б. сынни ойлары орынды еске алынып, онды бағалар беріледі.

Бұл бөлімде назар аударуды қажет ететін макалалардың қатарына “Түсіндірме сөздік туралы түсініктеме сөз”, “Сын – жауапкершілік һәм бәріне жауап берушілік немесе әдебиет сыншыларының адамзат болашағы үшін жауапкершілігі” жайлы сұхбат, “Сыншыл ой туралы сыр”, “Проблема мен міндеттер немесе соңғы жылдардағы сынға көзқарас” т.т. жатқызамыз.

Алғашқы мақалада үлттық байлыктарымыздың бірі – “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің” 10 том болып жарық керуі, бірақ көп уақытқа дейін кітап дүкендерінде жатып қалуы, әр томның кезекті саны жыл өткен сайын аз данамен шығып, таралуы т.т. сын райында еске алынумен бірге, тілші-ғалымдар еңбегі, ізденістері ілтиппатпен аталып өтеді. Сондай-ақ ана тіліміздегі барша сөздердің – Орхон, Енисей, Талас, Шу бойларынан табылған руна жазуындағы, әл-Фараби, Қ.Халитұлы т.б. енбек-мұраларындағы қанатты сөздердің атамыш сөздіктен орын алмауы (259-бет) өкінішпен еске алынады.

Сондай-ақ белгілі бір сөзді алғаш кім колданғаны (263-бет), осыған байланысты Абай әлеміне қатысты көзқарастар (264-бет), “Мүкәммел” т.т. сөз сырлары нактылы мысал, деректер негізінде өріс алады.

Макала мәдени-рухани дамудың онды үлгісі – сөздіктердің мән-манзызы, әлемдік көлемдегі тәжірибелер тағылымы, орыс, бауырлас халықтар өнегесі т.т. еске алынады.

Кейінгі макалалардың негізгі өзегі – әдебиет пен уақыт, сынни ой туралы толғам, толғаныс деуге әбден болады. Белгілі сыншының (кітап авторының) Ә. Бөпежановамен болған арадағы сұхбатынан “әдеби сынның қоғамдық ой, козгалыс, күреске үйіткы, бастаушы” міндеті (331-бет) кең көлемде көрінеді. Сұхбат бейбітшілікті сактау – бүкілхалықтық мәселе (335-бет), адамзат тірлігіндегі соғыс зардаптары (337-бет), сын мен сынши, ақын мен өленші (344-бет) арасындағы алшактық т.т. маңызды ой-ұсыныстарымен бағалы. “Сыншыл ой туралы сырда” қазақ сынның өткен тарихымен бірге, осы бағытта өнімді енбек етіп жүрген каламгерлердің (М. Қаратаев, F. Mysirarov, K. Бекхөжин, С. Мауланов, Т. Ахтанов т.б.) сын-мақалалар кітабы танып, талданады. Автор мұнда сын жанрының өріс-өресін айқындаумен қоса, әрбір сынши стиліне, таным мен талғамға, ең негізгісі суреткерлік-сыншылдық көзқарасқа нактылы назар аударады.

Соңғы мақала тіл мен әдебиеттің, сынның бағыт-бағдарын айқындаумен қоса, бірқатар кеңестік құжаттардың осы салаға серпіліс әкелгені, соның нәтижесінде сын белсенділігі, ой-пікір теренждігі жан-жақты

көрініс беріп, жаңа есімдердің, кітаптардың өмірге келуі т.т. бірқатар әдеби-сын еңбектер, олардың авторлары (*M.Қаратаев, Р.Бердібаев, Р.Нұргалиев*) туралы кең толғамды ойлар айтады.

Үшінші бөлім (“Колжазбадан кітапқа дейін”), атынан көрініп тұрганындей, бірынғай болашақ кітап колжазбасына жазылған пікірлер топтамасынан тұрады.

Мәселен, Б. Қыдырбекұлының “Алатау” романы жөніндегі ой-пікірлерден аталмыш сез мәні, оның әдет-дәстүрден алыс еместігі, сондай-ак “Тынық Дон”, “Сібір”, “Ақ Жайық”, “Сырдария”, “Көкшетау”, “Түркістан” т.т. туындылардың бары ойға алынады. Сыншы бұл романның осы бағытта жазылған шығармалардан формалық өзгешелігі барын еске алып (282-бет), “...мазмұны мен идеясы, тақырыбы жағынан бүгінгі күннің рухына сай жазылғанын” (584-бет) көрсетеді, ұлттық ерекшеліктері мен келісті бейнелер, олардың бойындағы танымдық, тағылымдық қырлар, ұнамды ой, сез тіркестері т.т. нақтылы мысалдармен беріледі.

Сондай-ак Олжас Сүлейменовтің “Жұмыр жүлдyz” атты аударма өлеңдері мен акын Сейфolla Оспановтың “Жанардағы жазулар” атты өлеңдерінің колжазбасына жазылған пікірлер акындық әлем, оған тән белгі, қасиеттерді көрсетумен қоса, өлең-өнердің сырын, аудармашының еңбек-үлесі туралы көзқарастардан тұрады. Мәселен, Олжас акынның өлеңдерін қазақша сөйлетудегі Қ. Мырзалиевтің еңбеккорлығы мен табандылығы қатар еске алынады. Сыншы аударма өлеңдердің дені сәтті шыкканын айтумен бірге, “осы қалай болар екен” деген ой-ұсныстытарын қазак, орыс оқырмандары көзқарастарымен байланысты сез етеді.

Белгілі сыншы “Жанардағы жазуларды” оқу үстінде оның авторы туралы аз билетінін, бірақ колжазбаны қайтара оқыған сон оның акындық, азаматтық болмысына сеніммен қарайды (617-бет), колжазбадағы форма-құрылым таныс болғанмен, мазмұндық тұрғыдан күрделі екендігі (617-бет), азаматтық позициясы айқын (618-бет), негізінен ар-ұят, ождан, адамгершілік мәселесі көтерілгендейтін тәрбиелік мәні жоғарылығы баса көрсетіледі. Сондай-ак “Боздағым” – соғыс суретін (619-бет), “Ана тілі туралы” – антологиялық сипатты (620-бет), ал Ә. Тәжібаев, Қалжан жөніндегі өлеңдер адалдықты, арнамысты шынайы жырлауымен мәнді екендігі баса көрсетіледі.

Ал “Сыншы Сарбалаевтың сын мақалалар жинағының колжазбасы туралы бірер сез” атты ой-пікірден автордың сын жанрына, осы бағыттағы жастар ізденісіне катысты көзқарастары кеңінен көрінеді.

Сыншы ерекшелігі туралы “...стилі өзгеше, өзгешелігі сол – әрбір мақаласын ағыл-тегіл эмоцияға беріліп отырып жазады” дей тұра: “Эмоция акындардың стихиясы, ал сыншы үшін оның пайдасы мен

зияны бірдей дер едік” деп (601-бет) түпкі ойын айтады, өзгені де сактандырады.

Автор колжазба атын, ішкі тараулары ойласатын тұстардың барын айта отырып, сыншының формалық тұрғыдағы ізденісін күптайты (603-бет), белгілі қаламгерлер: М. Қаратаев, Р.Бердібаев, Ж.Молдагалиев жөніндегі өзіндік ой, байладарына сүйініш білдіреді (607-бет), сонымен бірге жекелеген макалалар, атап айтқанда “Сен менін жүрегімдесін” – одалық сипатта, ал “Ақ кеме алыска тартып барады” – ойға құрылғаны баса көрсетілсе, “Өлең өрісі неге өспейді?”, “Орта қол романдар ортасында” т.т. макалалардың дәлелді сынсырларымен сендіретіні айтылады.

Сейтетұра, “шалқымасөйлемдерден” сактандырады, оның редактор қаламынан қағыс қалмауын да назарға салады.

Тандамалығы енген “Абай тағылымы” – азаматтық тағылым, “F.Мұсірепов туралы триптих” т.т. макалалар дерек пен дәйегі мол, рухани мәйегінің көптігімен назар аудартады.

Сонымен, тандамалы тағылымы төмендеңідей:

- қайсыбір макала, сынни ой-пікірлердің (кай кезде жазылып айтылғанына қарамастан) бүгінгі әдеби қозғалысқа, оны танып-талдауға көмегі де, берері де мол;
- сыншы білімі, мол материал-деректің қазак әдебиетін, қайсыбір қаламгерлер мұраты мен ерекшеліктерін т.т. тануда, талдау жұмыстарында көмегі көп;
- ең негізгісі, сыншы мұраты, ой-көзқарастары, таным-талғамы-акиқатты айтуымен, талдау терендігімен ден қойғызады.

Сыншы мұраты мен тандамалы тағылымы осында.

Бұхардың көркемдік-танымы, сұрақ-жаяубы, ой түйіні төмендеңідей:

...Әлмегенде не өлмейді?
Жаксының аты өлмейді,
Әлімнің хаты өлмейді.

Абай әлемінің де өзіндік айттар сыры бар:

Адамзат – бүтін адам, ертен топырак,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірак.
Ертен өзін қайдасын, білемісін,
Білмек үшін тугансын ойла, шырак.

Немесе:

..Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек.
Заманга заман қүйлемек,
Замана оны илемек!

Ой түйіні ауыр, әрине. Бірак ақиқаттың аты – ақиқат. Халық даналығына сүйенсек: “Алтын кездік кап түбінде жатпайды”. “Өлмейтуғын артына сөз калдырған” адамның рухы қашан да биік. Ой мен сөз жүйесі – “ар ісінің азабы” (3. Қабдолов) түскен қалам қайраткері хакында болғандыктан, біз оқып, танып-талдаған еңбек-мұралар бірнеше қырымен назар аударатынын айтқан абзал. Алдымен ауызға ілініп, еске түсетіні – көз бер көңілге, санаға сәуле түсіреп рухани-эстетикалық мұрат-міндеттер – қайсыбір мәселе, такырыптар (жекелеген жанrlар жайында да) төнірегінде сөз етілсе де, терең таным, биік талғам талабы айқын анғарылар еді.

Екіншіден, өмірдің оқулығына айналған, ар ісінің биік үлгісі – әдебиеттің барша мұмкіндік, иірімдері, колжазбадан – кітапқа дейін жалғасқан жазушының қалам қуаты, талант табиғаты мен қалың көптің талап-талғамдары т.т. сыншы мұратынан тыс қалмайды.

Үшіншіден, ең негізгісі – нені айтып, жазса да жан-жүргегін жайып, таза көніл, сүйіспеншілікпен сөз етеді әрі таным терендігі, талдау мәдениеті мен шеберлігін сыншының кос қанаты, ағысты арнасы деуге әбден болады.

Бұл – талантына таным, талғамы сай Сагат Әшімбаевтың мұрамирасының келешекке бет түзеген көш-керуені, қазақ сынының жарасымды жалғасын тапқан, алысқа арна тартқан таза, көусар үзлактарының бірі.

Сагат Әшімбаев шығармашылығының шындығы осы.

ТАЛАНТ ПЕН ТАҒДЫР

Талантты туынды бір күннің жемісі емес. Білім-ғылымның әлемдік тәжірибесі осыған табан тірдейді. Ой-сөз жүйесін әсемдік әлемі – әдебиет төнірегінде өрбітсек, көркем шығарма түрлері (әңгіме, ертегі, өлең, жыр, пьеса), оның құрылым-құрылышына қатысты компоненттері (лирика, драма, эпос), эпостық туындылар (әңгіме, повесть, роман) т.т. іргелі ізденісті, ерен еңбекті, өмір тәжірибесін, шынайы шеберлік пен табиғи талантты қажет ететін күрделі құбылыс. Адамтану ісін ардактап, сол арқылы мадақ сезімі ойды-бойда билейтін құдіретті кезең – шабытты шаққа бастайтын тұс та осы сөт.

Диалектика мен дүниетаным табиғатына осы тұстан нәр-қуат берсек, көркем шығарма күнде жазыла бермейді. Бірақ қалың көпшіліктің көніл төрінде, рухани қажеттіліктен туған, сол себепті де үнемі бакылап-қадағалап жүріп оқытын негізгі назарында болатын ақын-жазушылардың бары анық. Осы реттен еске алғанда, жазушы Дүкенбай Досжан қаламын өткір ұштаған ізденіс-еңбектері құнарлы, ой-сөз жүйелерімен, көзқарас-танымының орнықтылығы бүл күнде ешкімді де бейтарап қалдырмайды. Ал шығармашылығы туған халқының аргы-бергі тарихына, күнделікті өмір-тұрмысқа, қоғамның басты байлығы – Адам мен оның еңбегін ардактап, адак-мадақ тұтуға негізделгенін, ондағы көркемдік шындық пен шешімнің шынайы, шебер, нанымдылығымен көнілді баурап, жүректі тербейтінін басты сыншы-төреші – оқырманың бейтарап қалдырмайтынын айту аbzал. Сол себепті де кітаптан-кітапка еркін көшіп, рухани жарық-нұрын қалың көпке кедергісіз жеткізіп, ізденіс-еңбектері шабыт-қанат тұтқан қарымды қаламгерлердің алдынғы катарынан орын алады. Тегінде, шығармашылық ізденіс, әсересе: “Еңбексіз жазылған дүние – әсерсіз оқылатынын ескерсек” (С.Джонсон, ағылшын жазушысы), Д.Досжан туындылары (“Отыrap”, “Фараби”, “Жібек жолы”, “Зауал”, “Дария”, “Табалдырығына табын”, “Жолбарыстың сурлеуі”, “Кісі ақысы”, “Мұхтар жолы”, “Абай айнасы”, “Алыптың азабы” т.т.), ондағы тақырып-мазмұн, адам мен оның еңбегіне, тарих тағлымына негізделген оқиға өрімі, ой-сөз жүйесі, тіл-стиль сипаты, көркемдік таным арналары – ізденіс-еңбекті серік еткен, қоғамдық-кезендік көріністер мен өмір-уақыт талаптары басты мұрат, өлшем еткенін анғару киын емес. Маныздысы: көне Ғұран мен қарт Қаратай өнірі, Ұлы Жібек жолы мен Дешті Қыпшақ өркениеті, тарихи мекендер – Ғүркістан, Отыrap, Тараз, Баласағұн, Мерке, Сайрам, Сығанақ т.т. аргы-бергі ахуалы, қоғамдық-кезендік көріністер, ғажайып тұлғалар, ел-жер тағдыры, айнала-әлем, өмір-дүние сырлары, адам жаратылышы, еңбек ыргактары т.т. қарапайым тіл, көркем шежіре, өрнекті ой жүйелері арқылы әсерлі сөз етіледі. Бұл реттен алғанда: “Д.Досжан тақырыбы, бейне домбыраның кос ішегі

қалдым, көлемі отыз баспа табақ, үстінен асықпай қарап, шығару жайын ойластырамын”, – деп жазу үстеліне желімше жабысады. Мына сөзді естіл отырған қаламгер құрбысы сауал қояды: “Сонда мұнша ақ тер, кек тер бейнетіңе қанша қаламакы аласын?..” Бұл көкен: “Білмеймін, баспалар тұралап қалды, әй, кек тыны төлемейтін шығар, бұдан бұрынғы кітабым “Екі дүние есігіне” ештеңе төлемеген, керісінше, “жақсы мұқабаға бастық, демеушілік каржы түсір” деп өзімді қажаған, шаршатқан дейді. Мына сөзді естіген әлгі қатар құрбысы басын шайқап, колын сермелеп, “о!.. бұл жазбаса отыра алмайды!..” деп мырс-мырс күліл... жөніне жоғалды. О!.. ол жазбаса отыра алмайды!..

О!.. ол ішпесе жүре алмайды, – дегендей естіледі әлгі құрбысының сөзі.

Сөзді сөз тұртеді, ойды ой оятауды. Сейіл құру, шипажайда демалу, бейтаныс сапар шегу, ұлы тойларға катынасу, күн құргатпай астанаға келіп жатқан өнерпаздардың ойынын көріп қол соғу, өзгелерге ұқсан желіпінү, жел өтіне шығу, қызық көру, ішу-жеу секілді пендешілік хикметтерден қол үзіп, өзін-өзі еріксіз бөлмеге қамап, өз отбасын абактыға айналдырып, үстелге үнілген сұрау белгісіне ұқсан, кеш жатып, ерте тұрып, рынок заманында кітап жазған бұл көкен Дон-Кихот болмағанда несі қалды.

Ендеше, өмір өлшемі, әлгі айтқандай, я аз жазу, я көп жазуда емес болар;

Өз отынды қалай жағып, қалай өшірмей, шеберлік жолыңа шам алып түсіп жүргеніңде шығар.

Тегінде француз Альфонс Доде айтқан асыл сөз бар:

“Осы мен қандаймын” деп ауық-ауық айнаға қарап тұр:

Өзіне-өзі ауық-ауық сын көзімен қарай білген кісі тегін болмайды. Өзін-өзі қайрап жетілдіре білген адам асыл дейді үлкен кісілер” (“КӘ”. 15.10.99).

Бұл тұста ойға алар жайт: Д.Досжан шығармашылығын әдебиетші-зерттеушілердің үш арна-салаға бөліп, қарастырып-бағалап жүргенін де еске алу артық емес. Олар, негізінен:

– көне ғасыр қойнауынан ер түрік аруағын көтерген 60-жылдар басындағы тарихи кітаптары (“Жібек жолы”, “Отыrap”, “Фараби”);

– бодандық бұғау мен шенеуніктер езгісі зардабынан мінез экологиясына ұшыраған өмірі зая ұрпактар образдарының галереясы (“Заяул”, “Дария”, “Табалдырығына табын”, “Жолбарыстын сүрлеуі”, “Кісі акысы”);

– ғажайып адамдар ғұмырын көркем тілмен сомдаған сериялы енбектер (“Мұхтар жолы”, “Абай айнасы”, “Алыштың азабы”) т.т. болып табылады.

Бұл жүйе-тақырыптарда шарттылық басым болғанымен, тарихи кезеңді айқындауда, өмір-тұрмыс сырларын танып-түsteуде, тұғырлы

тұлғалар тағдырын айқындау сәттерінде іргелі ізденіс, киял қанаты, шабытты шақ, қоғамдық жайттар, адамдық іс пен ақиқат іздері айқын анғарылады. Бұл тұстардан да Д.Досжан шығармашылығындағы тарих пен таным тоғысы, тұлға мен тағдыр, қоғам-кезең сипаты, уақыт-кенестік арақатынасы шындық пен шеберлік тұрғысынан сөз етіледі.

Жазушы Д.Досжан шығармашылығы: ізденіс; еңбек; шеберлік сынды талант пен тағдырдың, таным мен талғамының, қалам мен қарымның мүмкіндік-иірімдерін айқын анғартатын асыл арналардан, туған ел-жердің арғы-бергі тарихын танып-білуден, көркемдік-құпияларына құштарлықтан бастау алады.

Д.Досжан туындыларында өмір оқигаларының шындыққа негізделіп, кейіпкерлер жүйесінен тарих пен қазіргі кезеңнің маңызды мәселелері айқын анғарылып, оның өзі нәзік лиризм, сыр-сезім, ой ағыны, келісті ыргак арқылы кең өріс алады. Ақын О.Сүлейменов айтқанында: “Досжанов сөз қаруын қасиет тұтатындықтан да қаламға қажетсіз жерде женсіз жармаспайтын жазушы. Ал егер сол қару-қаламын қынынан сұырса, онда ол ылғи әділеттің жағында болып, елсізді қорғау үшін, мұндыны жұбату үшін ғана қару-қаламын сілтейді”.

Д.Досжан туындыларында тарихнамалық сипат, шежірелік белгі-erekшеліктер, ұлттық-этнографиялық нышандар, кеше мен бүгін байланысы бұрын да сөз етілген. Қазір де айқын анғарылады. Автор арғы-бергі тарихты, өмір-уақыттынысын, тұғырлы тұлғалардың тағдыр-талайын таратса сөз еткен тұстарда елдік мұрратты, халық өмірін, туған жер тағдырын, еңбек адамдарының тыныс-тірліктерін негізгі назарда ұстайды. Айталиқ, “Жусан мен гүлдер” (1966), “Тұлпардың ізімен” (1967) “Құм жұтқан кемелер” (1967) сынды алғашқы прозалық кітаптарында – Қызылқұм мен Сырдария өңірі, тарих пен тағдыр, туған жер әуендері, уақыт-кеңістік қатынастары, салт-дәстүр өнегелері, кейіпкерлердің жан әлемі, кимыл-әрекеттері өзіндік белгі-erekшеліктерімен есте қалады. Өмір-уақыт, диалектика зандылықтары қоғамдық-кезендік сипатымен, қоршаған орта мен болмысқа сай көркем, һәм пәлсағалық қырларымен әсерлі, бедерлі беріледі.

Басты байқалар жайт: Д.Досжан мұрагат-тарих қойнауларын жіті зерделеп, өмір-тұрмыс сырларына еркін бойлап, адам әлеміне терең үніліп, сол арқылы қоғам-кезең сипаттарын, көзқарас эволюциясын, уақыт ағымын байыпты бажайлайды. Тарих тағымына, тұғырлы тұлғалар тағдырына, ғажайып ғұмыр иелеріне, кейіпкерлер әлеміне шығармашылық сипат беріп, оның қайсыбіріне де сергек, ойлы, мінезді калып танытады. Мұның өзі: “Адамның басына конған бақыттың тұракты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты” (әл-Фараби) екені айқын анғарылады.

Ал “Зауал”, “Дария”, “Табалдырығына табын” сынды трилогиялық туындылар табиғатына ел-жер тағдыры, Арап теңізінің аспанға ұшуы,

Сырдария сүйнің тартылуы, күм көшкіні, адам мен оның енбегі, қылыштардың кейіпкерлердің, қым-куыт өмір сокпактары (Макұлбек, Доскей, Батыр), ауыл карттарының (Мұлкімен, Наганай, Құлшығаш) өмір мұраты т.т. жатқызған жөн. Кітап авторы ауыл адамын, оның адал енбегін, өмір мұратын, ел-жерге көзқарасын, келешекке үміт-сенімін қоғамға, ортаға аса қажет маңызды мәселе ретінде қозғайды. Мұның бәрінен автордың азаматтық көзқарасы, ел-жерді, өмір-тұрмысты, жалпы айнала-әлемде болып жатқан өзгеріс-кұбылыстарды терең танып-біліп, мәнді, түйінді ойлар қозғайтындығы танылады.

Асылы, Д.Досжанның өткір ұшталған қаламынан, мол өмір тәжірибесінен өткен тарих пен танымал тұлғалардың тағдыр-талаіы, ел-жердің иесі мен киесі, адам енбегінің қыр-сыры көркем, кестелі өрнек құрайды. Бұл – өмір өрнегі, өнердің тылсым сырларының бірі. Жазушы енбегі мен шығармашылық істің бастау бұлагы, қайнар көзі де осы тұстан танылады.

Д.Досжанның шығармашылық енбегінде – “Адамға қанша қуаныш қажет?”, “Жолбарыстың сұрлеуі”, “Күміс керуен”, “Күм адамы”, “Қызыл құмның желі не деп жылайды”, “Сексеул шоғының қызыу”, “Кішкентай Ягимус”, “Қос бұтқак”, “Арыстанды-Карабастың желі”, “Кісі ақысы”, “Қымыз”, “Шабандоз” сынды хикаялтары ерекше орын алады. Біздіңше, бұл енбектер – қаламгердің киял дүниесінің, көзқарас-дүниетанымының биік дәрежесін, ізденіс-тәжірибелерін терең танытады. Авторлық көзқарас, жазу әдебі мен машығы, көркемдік құпиясын менгеру жолындағы әр алуан ізденістер, оқигадағы ой ағыны, қаһарманның жан-сезім әлемі, толғаныс-тебіреністер т.т қалың көпті туынды табиғатымен етene байланыстырып жібереді. Мұндай тұстарда: Дешті Қыпшақ мемлекеті туралы, Шыңғысхан түмендерінің шапқыншылығы, Сырдария өлкесінің өзіндік қырлары, Қызылқұмның эрозия мен дефляцияға ұшырау себептері, Карагаудың касиеті, Келиншектау кереметтері, ел-жер тағдыры, адам мен оның енбегі, Ұлы Дағындың ойшылдары, елбасылар мен қолбасылар, көне қалалар – Отырар, Тараз, Сығанак, Сайрам т.т тарихи-тұрмыстық сипаты накты өмір болмысымен, байыпты баяндау, лирикалық әуен, алуан көркемдік тәсіл, тосын тіркес, қанатты сөздер арқылы жүйелі беріледі.

Д.Досжанның “Таразы” роман-толғауы ел өмірін, адам тағдырын, ұлт мұратын кең көлемде көрсетеді. Романдағы Өмірсерік пен оның адал жары Аңсаның жастьқ кезені, өмір-енбектегі орындары, бастарынан өткөрген алуан оқиға әрбірімізге таныс-етене болса да, жазушы ондай көрініс-кұбылыстарды ұлт мұратымен, озық-озат дәстүрімен, өнегесалтымен табиғи байланыстырады.

Романдағы адам мен табиғат аракатынасы, экологиялық апат пен оған карсы күрес жолдары Өмірсеріктің үлес-салмағы арқылы көрсетіледі. Өмірсеріктің Жібек жолы, Түркістан, Қызылқұм, Сырдарияға қатысты

көзқарастары, әл-Фараби, Қ.А.Иасауи, Базар жырау, Құлыншак ақын т.б. рухымен тілдесіп-сырласуы кеше мен бүгін байланысын, үрпактар сабактастығын, тарих тағылымын танытады.

Романдагы сталиндік зұлмат – Дүйсенқұл, Мағазбектің жалған жаламен елден аластатылуы, кейіннен акталып, бұрынғы қызметтеріне оралуы халық қасіреті ретінде суреттеледі.

Әміршіл-әкімшіл жүйе сипаты, отаршылдық саясаттың қыр-сыры да зұлмат жылдарымен қатар, салыстырыла көрсетіледі.

Кітаптағы Абдолла, Иса, Танагул, Тынышбек, Аңса секілді кейіпкерлер өмір-тұрмыстың барша саласына араласады. Бақыт, жақсылық, шындық турасында көп еңбек етіп, тер төгеді. Абдолла мен Исаның міnez қырлары, Тынышбектің ішкі монологы, Аңсаның әйел-ана сипатындағы орын-үлесі кезең, уақыт тынысына сай суреттеледі. Автор кейіпкерлер жүйесін қиял қанатымен қанаттандырмайды, керісінше, өмір-тұрмыстан, құнделікті еңбек үстінен кездестіріп, әрбіріне жаралыс-табиғатына сай әрекет-кимыл жасатады. Бұл реттен алғанда, кейіпкерлер жүйесі қоғамдық-рухани келбеттерімен, өмір-уақыт талаптарына сай әрекеттерімен нанымды әсер қалдырады.

Д.Досжан “Таразы” арқылы ел-жер тағдырын, өмір-тұрмыс сырларын, кейіпкерлердің қылышы сипат-ерекшеліктерін аныз-хикаят, шежірелік үлгі-өрнектерімен баяндау, диалог, толғаныс түрінде көркемдік бейне-бояулармен де нанымды, әсерлі суреттейді. Жазушының шығармашылық ізденісі, болмысты бояумен беруі, тіл-стиль ерекшеліктері, ішкі монолог, сыр-сезім сипаттары қалың көпшіліктің рухани талап-тілектерін қанағаттандыратыны хақ. Жазушы ізденісі мен енбегі, шабытты шактың алушан үлгі-өрнектері кеңінен көрінетін – “Таразы” романы қазақ прозасының белесті білгін танытатын тағымды туындылардың бірі.

Д.Досжан шығармашылығындағы жаңа кезең, соны ізденіс іздері – “Мұхтар асуы” (1986), “Мұхтар жолы” (1988), “Абакты” (1992), “Алан” (1993), “Абай айнасы” (1994), “Алыптың азабы” (1997) сынды әрі тарихи, әрі деректік-танымдық қыр-сырлары мол енбектерінен де танылады. Бұл реттен алғанда; жазушы Э.Кекілбаевтің “Дүкенбай Досжановтың бір шығармадан бір шығармаға баспалдақтап өсіп, тынымсыз ізденуі өзімді қатты қызықтырады. Оның соңғы кітаптары такырыбы, орындалуы, ой ағыны, көркемдік кестесі, тіл бояуы жағынан бүгінгі прозаның талап деңгейіне тольк жауп беретін аса талантты дүниелер” деп жазуында үлкен мән, зор шындықтар бар.

Д.Досжан “ізденісінен академик-жазушы М.Әуезовтің өмірі мен кезеңі, қызметі, шығармашылық енбегінің беймәлім қырлары кеңінен көрінеді. Айтальық “Мұхтар жолы” – М.Әуезовтің киын тағдырын, сергелден сәттерін әр алушан пәлсафалық-психологиялық аспектіде алғып карайды. Әсірепе әлемдік тұлғаға айналған – М.Әуезовтің 1930–

32 жылдардағы істі болу сыры, казақ ғалымдары – Е.Бекмаханов, К.Жұмалиев, Е.Ысмайлов т.б. “Қазақстан тарихын маркстік-лениндік түрғыдан көрсетпегені” әр алуан шегініс, тарих-танным таразысы түрғысынан сөз етіледі. М.Әуезов хаттары, жазушы енбегі мен оның азап-рахаты, құғын-сүргін кезеңінің ұрда-жық, “мен атайын, сен тұр” сынды салмақсыз бағыт-саясаты кеше-бүгін мәселесімен қатар баяндалады. Автор тарихта, елімізде танымал тұлғалардың өмір-тағдышында із қалдырган құбылыс-оқиғаларды әр алуан салыстыру, түрлі шегініс, киял дүниесімен, дерек-шындық қөріністерімен де бірге көрсетеді. Ұлт тарихындағы, руханият әлеміндегі әктаңдақ беттердің ақиқаты ашилу қажеттілігі де кеңінен қөрініс тапкан.

Автор М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын тарих пен таным түрғысынан, кеше мен бүгін арақатынастары арқылы қөркемдікпен, шеберлікпен баяндей білген.

Тәуелсіздік тағылымы әлеуметтік-коғамдық салалармен бірге руханият ісіне де жарық-нұрын молынан түсіргені анық. Бұл ретте әсіресе Алаштың қайраткер-қаламгерлерінің шығармашылық мұраларының акталуын калың көпшілік айрықша құбылыс ретінде кабылдағаны шындық. Міне, осы тұста Д.Досжан тағы да алғашқылардың бірі болып Алаш ардактыларының (М.Әуезов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытуұлы) – “істі болу сырларына” батыл ден койды. Дерек пен дәйекке толы құжаттар, естелік әңгімелер, сұрақ-жауап үлгілері “Абакты” кітабының басты арқауын құрады. Қалың көпшілік бұдан бұрын “Жас Алаш” газетінен, “Жалын” журналынан оқып-тансысан Алаш ардактыларының тағдыр-талайы кітап үлгісінде кең көлемде толығып, жан-жакты қөрініс тапты.

“Абактыда” айтылған ақиқаттар” атты сұхбатта (“Алматы ақшамы”, 1992, 27 наурыз) жазушының өзі Алаш ардактыларының сталиндік зұлматқа ұшырап, тағдыр-талайын тым көп тартуға “тиіс” екендіктерін едәуір баяндаған еді.

Кітап құндылығы, рухани байлығы – автор тақырыбын тауып, тын да мол материалдарды мейлінше еркін менгерген, деректік-рухани сипаты, танымдық-тағымдық қырлары да жоғары деңгейде қөрінген.

Осы тұста еске алар жайт: жазушы Д.Досжан Алаш ардактыларының халық алдындағы енбек-мұраларын, істі болу “сырын” түпкі мақсат еткенмен, алдымен “құжаттық очерктің” (кітап туралы осылай дейді – Авт.) кілтін табу үшін 1920–30 жылдардағы жағдайдың жай-күйіне тоқталады. Автордың анықтап, табан тіреген ондай мәселелердің негізгі түйіні төмендегідей: “Бірінші: жаңа экономикалық саясат казак сахарасына жетті ме, жетпеді ме, атыс толқыны әлсіреп жеткен жағдайда оны казақтың базар наркы қалыптаспаған кара табан кедейлері қалай кабылдады. Екіншісі: байларды кәмпескелеу, кулактарды тап ретінде жою қазақ қауымына қандай залалдарын әкелді, соны аз сөзben

дәлелдер арқылы сөйлете кетпекпіз. Үшінші: осынау саяси науқандар кезінде жартылай қошпенді, жартылай отырыкшы кедей шаруаларға күштеп телінген саяси қондырғылар: жана экономикалық саясат. Төтенше шара – тұяғына қараған бар малын сызырып алып, ал енді ортақшыл шаруа құрындар, мемлекеттік жоспарды орындандар деу кандай соракы кері әсерін тигізгені баршамызға белгілі. Осындағы асыра сілтеушілік саясаты жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайына, құнқөріс қамына, әдет-ғұрпына қозғалысынан қарастырылған ақыры орны толмас кателіктеге үрнеді. Халықтың түсінбестігін, наразылығын туғызды. Соның салдарынан Семей облысында қанды қырғын Шұбартай көтерілісі, Шымкент облысында әйгілі Созак көтерілісі (халық арасында “Аққалпак” көтерілісі деп аталады) бұрк етті” (44-бет).

Кітап авторынын Созак көтерілісінің шығу себептері хакында, Алаш козғалысы мен ағайынды Әділовтердің ісі төнірегіндегі жазбалары, осы мәселелерге байланысты құнделік шерткен сырлар т.т. кезең кестелерін көңілде танып, таразылауында едәуір көмек еткен.

Біздіңше, “құжаттық очеркітін” маңызды қыры Алаш ардақтыларының бірі – Ж.Аймауытұлының Қызылорда, Алматы, Бұтырка абақтысында болып, онда жүргізілген тергеу ісінің жазбалары (көшірмелері) рет-ретімен берілуі дер едік. Әрбір тергеу ісінен соңғы жазушы ойлары, түсінкітемелері де табиғи жалғасын тауып, наңымды өріс алып отырады. Ұған жазушының үйелмені, үрпактары хакындағы баспасөз материалдарын да тиисінше пайдалануын орынды деп білеміз. Ұұл реттен алғанда кітап авторы мұрағат құжаттарын мейлінше еркін пайдаланып, тартымды сөйлете де білген. “Жасыратыны жоқ, – деп еске алады автор, – менің ізденістеріме сол кездегі Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің бірінші орынбасары, генерал-майор Сапар Қопабайұлы Әбдірахманов көп колғабысын тигізді. Архивтердің қолыма тиуіне жәрдем жасады” (“Алматы ақшамы”, 1992, 27 наурыз). Үрпак үшін үлкен де кәделі істің абыраймен атқарылуына академик З.Қабдолов, профессор С.Кирабаев маңызды ой, ұсыныстар айттыпты (сонда). Шығармамен танысу барысында авторға баспасөз материалдары, естелік, құнделік жазбалары едәуір көмек еткен. Ондай тұстарда автор әрбір дерек көзіне мұқият қарап, кол ұшын берген, көмек еткендеге ілтипат білдіріп отырады.

Кітапта Ж.Аймауытұлының істі болу, сottағы тергеуге байланысты және бір арна – Д.Әділовтің төнірегінде өріс алады. Ол туралы автор тәмендегіше мағлұмат береді: “1900 жылы тұған. Белгілі мамандығы жоқ. Гимназияның 5-класын бітірген. Тұған жері – Сырдария округінің Сарысу ауданы; КазЦИК-тің мүшесі болған, Орынбор мен Ташкент, Қызылорда арасында көбіне ұйымдастыру, төтенше шаралар бойынша елшілік қызмет атқарған. 1924 жылы Созак көтерілісінің тұтануына

тікелей себепші болған. Ақмоладан келген милиция өкілі Әбубәкіровті Карапайдағы ағасы Байсейіт атып өлтірген”. (65-бет). Бұдан кейінгі жерде Д.Әділовтің ұзак тергелгені құжаттық деректер негізінде сөз болады. Ж.Аймауытұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, т.б. бетпе-бет жауаптасуы, онда толтырылған тергеу қаттамаларының мазмұндары (67–71-бб.) берілген. Әсіресе Ж.Аймауытұлының Бутырка (Мәскеуде) түрмесіне “тап болуы”, Д.Әділовпен арадағы қатынас, “Алқа” ұйымына байланысты қөзқарастары құжаттық деректермен толыға, дами түскен. Мұндай тұстарда автор көркем туындылардағыдай қанық бояу, бейнелі өрнектерсіз-ақ кезең кестелерін нақтылы құжаттар төнірегінде өрбітіп, дәйекті дамытады. Дерек пен дәйектің үйлесімімен, авторлық қөзқарастан абақтыдан жеткен алыштар сөзі (жан айқайы) естіледі. Кезеңнің, уақыттың таңбасы ап-айқын сезіледі. Қолдан ұйымдастырылған “қылмыстар көзі” ашылады.

Кітапта күнделік жазбаларынан алынған деректер (84–87-бб.), үш ағайынды Қоңыратбаевтардың есімі мен енбектері, “Созақ көтерілісінің” кен өріс алуына себепші болған К. Әбубәкіров т.т. туралы мәліметтер нақтылы құжаттарға негізделген. Әрине, бұл жайлар жанама түрде алынғанмен, Ж.Аймауытұлының істі болуына едәуір дәрежеде негіз болған, “жоғары жактағылар” кінә артып, кінәрат іздеғендеге де сол жолдардан сыр суыртпактал, түймедейді түйедей еткен. Көз бен көңілге ерсі, көле-көрнеуге жол бергендейдікten, айыптаушы ретінде тергеу ісін жүргізген. Өз тараптарынан “мінсіз” жұмыс бітірген. “Мінсіз жұмыстың” ақиқаты араға алпыс жыл салып шындыққа шығып отыр. Уақыт – төреши бағасын берді ...

Тұғастай айтқанда, бес бірдей қаламгердің (М.Әуезов, Ж.Аймауитов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев) істі болу тарихын мұрагат деректері арқылы сөйлетіп, 30-жылдардың шындығы мен қазақ зияльдарының тағдыр-талайы хақында сыр толғайтын “Абақты” – дәйек пен дерегі мол, осы кезең зерттеушілері үшін де мән, маңызы жоғары енбек болып шыққан. Абақтыдан жеткен сөз – күрделі кезең кестелерін, уақыттың қатал “табиғатын” тануға “жоғары жактағылардың” айрықша “іскер”, мейлінше “мейірбан мінезін” де анық көрсетеді. “Қазақстан ГУЛАГ-ін сөйлеткен сындарлы кітап” (Г.Бельгер). Ендеше, бүтінгі буын, қалың көшілік тарих тағылымдарынан сабак алуға, қорытынды шығаруға тиіс. “Абақтыдан” жеткен сөздің шындығы да, шуағы да – осы.

Д.Досжан енбектерінен шығармашылық ізденіс, жазушы енбегінің мың сан қыры, қоғамдық құбылыстар мен адам әлемінің мүмкіндіктері, мөлтек сырлар, түйсік-сезім иірімдері алуан көрініс-сипаттарымен есте калады. Айталақ, “Алан” романында Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы (1986 ж.), оның туу себептері мен сол кездегі қоғамдық ахуал, саяси-идеологиялық таным-түсінік Қазақ халқының арғыбергі тарихымен телқабыс байланыста баяндалады. Авторлық

көзқарастан, шығармашылық еңбек пен ондағы таным-түсінік, түйсік-сезім сырларынан қоғамдағы, өмір-тұрмыстағы барша көрініс-құбылыстар – алаң арқылы өтеді. Алаң символикалық сипат ала отырып, саяси-пәлсафалық көзқарастарды, адамзаттық маңызы бар – адамгершілік пен аярлықты, ақиқат пен жалғанды, ізгілік пен катыгездікті өзара салмақтап, сарапайды, байыпты байлам-түйін жасап, аражігін ашады. Адамзат дамуындағы, ұлт тарихындағы актандақтардың қыр-сыры да осында екенін автор алуан ізденіс, көркемдік таным арналары арқылы ашады. Қысқасы, “Алан” романы – ұлт мұратын айқындаған, қоғамдық-кезендік көріністер мен саяси-ахуалды байыпты сарапалған, сол арқылы Адам әлемін айқара ашқан парасатты, сындарлы туынды.

Д.Досжанның “Алыптың азабы” атты кітабы (1997) құжаттардан құралған Әузов тағдырын сөз ететін романнан, бірнеше әңгімeden (“Пайғамбар”, “Тегіне тарту”, “Бекежан”, “Екі дуние есігі”, “Поэзия гладиаторлары”), “Түсіне соғыс енетін кісі” сынды хикаяттан тұрады.

“Алыптың азабы” “Роман осылай басталды”, “Роман осылай аяқталды” деген кіріспе, қорытындыдан тұрады. Автор роман кіріспесінде М.Әузовтің “Абай” атты екі кітабын оқығаннан кейінгі әсерін (1955 ж.): “... Қазак тіршілігінің, әкелер, аталар өмірінің енді бұдан былай айналып келмес әдемі әуенін, бояу белгілерін іздеңдей, жат жұртқа ұзатылған қыздың төркінін кимай сыңсып бір жылағанын естігендей, қарасөздің тосын ыргағын, дәмін, нәрін әсерін тұщына түсіп тамсана ұзақ жатыптын”. “...Ең ғанибелі, Әузов рухы өзімді өмірге ғашық етті, тіршілік сапарында шаршасам, қажысам, қиналсам – бойыма тың, жігер, қажыр құттың қасиетті киеге айналды” деп жазады (8-бет). Бұдан кейінгі жерде автордың – “Әузовпен ауыруы жиіледі” (Д.Досжан сөзі – Р.Т.). Нәтижесінде бір роман, бір хикаят және әңгіме жазады. “Алыптың азабында” қазақ зиялыштарының зұлматқа ұшыраған тұстағы тағдыр-талайы, соның ішінде М.Әузовтің істі болу тарихы, ОГПУ, НКВД тергеушілеріне берген арыз, түсініктеме, хаттамалары, көптеген құпия құжаттар некты, жүйелі беріледі. Автор сөзімен айтсак: “Бұл кітап алғашкы үш шығармаға мүлде үқсамайды. Мұнда авторлық толғаныс, киял, сезім, ой ағымына тізгін беруден ғері, дерекшілдік басым” (9-бет).

Құжаттардан құралған романда М.Әузовтің ел-жер қадірін терең түсінетіні, білім-ғылым ісіне жан-тәнімен құштарлығы, шығармашылық еңбекке деген тазалығы мен тиянақтылығы, өмір-уақытқа көзқарасы, дүниетаным іірімдері кенінен орын алған. Әсіресе жазушының тұтқындалған кезінде күэ болған академик Ш.Шөкіұлы естелігі (27-бет), М.Әузовтің айыптау ісіне байланысты мәлімдемесі (39-бет), түрлі арыз-шагымдар, Алаш партиясы мен оның көсемдеріне қатысты көзқарастары, “Әдебиет тарихы” оқулығына байланысты сұрақтарға – адами, халықтық сипат беруі, “Қылы заман”, “Сұғанақ

сүр” повестерінде төңкөрісшіл әсер байқалмайтыны тұрасындағы онды жауаптары, Мәскеу, Ташкен кезеңіндегі ұлттық-рухани бағыттағы ізденіс-еңбектері т.т. нақтылық, деректік қырларымен ерекшеленеді. Автор бұл тұстарда қоғамдық-кезеңдік көріністерді, саяси-идеологиялық ахуалды теріп-тізбей-ак өмір-уакыт ұсынған сұраптарға тергеу ісінің құпия құжаттарын алға тарту арқылы әсерлі, нанымды жауаптар береді. Қайсыбір тұстарына түсінік-талдау да жасайды. Сол арқылы катал уакыт ағымын, саясат пен парасат аражігін айқын анғартады. Біздінше, “Алыптың азабы” – М.Әуезовтің килем тағдыры мен өмірдің қым-қуыт іздерін кен көлемде көрсету арқылы дәуір-кезең көріністерін, ұлт мұраты мен оның зиялды қауым өкілдерінің тағдыр-талаудың тереңнен толғаған тағылымды туындылар катарына жатады.

Романда М.Әуезовтің “Абай” журналын шығарушылардың бірі болуы, Академиядағы Абайдың әдеби мұраларына қатысты талқылауға қатысуы, алғашқы жары – Райхан мен одан кейінгі – Кәмила жөніндегі сыр-сұхбаттар, Онтүстік өлкесіне сапарлары (1957, 1960 жж.), ұстазғалым Б.Кенжебаевпен қыын-қыстау кезеңде кездесіп, үндес-тілеулес карым-қатынастағы байланыстары, Н.Гогольдің “Ревизор” драмасын ұлт тілінде сөйлетуі т.т. деректік сипатымен бірге, көркемдік-шеберлік астарларымен де ден койғызады. Автор бұл тақырып-мәселелердің қайсыбірін баяндаған тұстарда кезең-уакыт тынысына, әкімшіл-әміршіл жүйенің бағыт-нысанасына, ең негізгісі М.Әуезовтің ұлт руханиятына қосқан үлес-салмағына айрықша мән береді. Мұның бәрінен де М.Әуезовтің ұлт мұраты жолында көзқарасы айқын, руханият әлеміне айтып-қосары бар, қайсыбір істе де еркін, жігерлі, табанды тұлға екендігі танылады.

Романның рухани байлықтарының бірі осы.

Жазушы енбектері арасында жас үрпақ – балаларға арналған “Отырар”, “Түркістан”, “Ардак – сын табунщика”, “Мальчик – Жокей” т.т. кітаптарының орын-үлесі үлкен. Бұл ақын М.Шаханов атап көрсеткенідей: “Адам жыл өткен сайын өзінің ескі арнасына жақындаі түседі екен. Дүкенбай туралы ойласам: алпысыншы жылдардың басындағы тарихи повестері – “Отырар”, “Фараби” еске түседі, ол маған тарихи тақырыптың пионері болып, ескі арнаны анық елестетеді”.

Жазушы шығармашылығында бұған мысал-деректер көп-ак. Айталық, “Отырар” кітапшасында: Отырар тарихы мен тағдыры, ондағы ойшыл-білімпаздар – Арыстанбаб, әл-Фараби, Қ.А. Ясауи т.б. өмірі мен кезеңі, қызметі, сол секілді Сайрамдағы Әбділәзіз баб, Ысқақ баб ескерткіштері, Отырар атын асқактатқан эйгілі кітапхананың қырсыры т.т. алуан дерек-дәйекпен, көркем бояу-бедерлермен беріледі. Бұдан басқа, атап айтканда Отырардағы қыштан салынған тасболат тамдар, керуен қакпалары, қолөнер кәсібіне қатысты көзқарас-деректер де нанымды әрі женіл, жүйелі өріс алады.

Қазақ даласын, Отырарды жаулап алу мақсатын көздеңген – Шыңғысхан саясаты да балалардың таным-түсінігіне сай сөз етіледі. Бұл тұста адалдық пен әділетсіздік, күшті мен әлсіз, шындық пен жалғандық жайлы көркарас-деректер де жас үрпақты ақиқат ауылына бастан, бірлік-ынтымакты, татулық-тұғастықты дәріптеїді.

Бұл ретте: “Отырар – қазақ халқының ең көне қалаларының бірі. Ежелде Отырар қаласының орнында Фараб немесе Бәрәб атты үлкен коңыс болған. “Бәрәб” – ежелгі түркі сөзі. Ол “сұлы коңыс” деген мағынаны білдіреді, себебі шаһар Арыс пен Сырдария өзендерінің косылған тұсында орналасқан. Ежелгі Отырар немесе Фараб қаласының орны Оңтүстік Қазақстан облысының түстік батысында, темір жол бойында болған” (2-бет), немесе: “Арыстанбаб – Отырар жеріне алғаш келген білімпаздардың бірі. Ол туралы жазылған нақтылай деректер жок. Эйтсе де “Арыстанбаб – әрі акын, әрі жұлдызға қарап адам тағдырын болжайтын көріпкел… Жылына бір мәрте Меккеге барып, әулие әмбиелерге мінажат қылған”, – деген деректі оқимыз. Арыстанбаб – Қожа Ахмет Ясаудің ұстазы, Баба атада жатқан Ыскак бабтың замандасы, әулие болған адам” (3-бет) деген үзік ойлардан киелі орын, касиетті мекен мен тұғырлы тұлғалардың енбек-мұрашарын, бағыт-көзқарастарын, дәстүр-өнегелерін терең тани түсеміз.

Ал “Түркістан” кітапшасында қаланың Мұғыл (манғол) шапқын-шылығынан кейінгі тарихи орны, “түріктер мекені” деген мағына беретіні, ондағы шәкірттер оқитын медреселер мен оның бас ұстаз-акыны К.А. Ясауи туралы кең көлемде баяндады.

Кітапшадағы Әмір Темірдің көзқарас-саясаты, Түркістандағы К.А. Ясауи ғимараты, ондағы құрылым материалы, тайқазан құпиясы, ұста-зергер, өнерпаздардың орын-үлесі, ерекшеліктері жас үрпақтың білік-таниямына, көзқарас-жүйесіне сәйкес нанымды әнгімеленеді. Жас үрпақ, оқырманды К.А. Ясауи кесенесіне катысты көзқарас-деректер бейжай қалдырmas еді.

“Әмір Темірдің әмірі жүріп, айтқаны болып тұрған заман. Темір Қожа Ахметтің ақындық сөзінің қасиетіне таң қалады. Қөшіп-қонып жүрген қазақтар Әмір Темірдің қылышынан қорықпайды, ал ақынның үағыз сөзіне сенеді... Қ.Ахметтің құрметтіне дүние жүзінен ұста, зергер, сәүлетші, өнерпаздарды жинап, баяғыда қаза болған ақын зиратының басына ғажайып ғимарат орнатуға жарлық береді. Ғимаратты тұрғызу үшін мындаған адам қатар тұрып қуйген қышты бір-біріне қолдан беріп, алыстан жеткізеді. Құрылымы іргесін үйір-үйір жылқы айдал, мал тұяғымен бекітеді. Ғимарат әр түрлі бөлмелерден тұрады. Солардың бірі “казандық” деп аталатын бөлме. Осы бөлмемде салмағы екі тонна келетін үлкен кола казан орнатылған. Казанды Әбділәзиз деген шебер Карнақ деген жерде қуйған. Оған жеті жылқының еті сиды. Ернеуінде казанды қуйған ұстаның есімі араб тілінде жазылған” (8–9-бет).

Немесе: “Ата-бабаларымыз көне заманнан Түркістан топырағына барып, тәу етіп, қасиет тұтқан. Хандар таққа отырған кезде Қожа Ахмет ақынның басында тұрып ант берген. Өлген кезде ол қісілерді осы жерге әкеліп қойған. Көне Түркістан топырағында сексен бір – хандар, билер, батырлардың сүйегі жерленген ... Өйткені тарихы терең Түркістан кышпен, таспен жазылған кітап секілді” (11-бет).

Демек, Д.Досжанның балалар танымына лайық жазған кітаптары ұлт тарихының арғы-бергі кезеңдерінен көркем де келісті сыр толғайды, кеше мен бүтін байланысын байылты баяндау арқылы адамдық істі ардактайты, әсемдікті әспеттеп, нұсқалы ойлар ұсынады.

Негізінен, Д.Досжан шығармашылығынан тарих пен таным тогызы, ұлт мұраты мен тұғырлы тұлғалардың орын-үлесі, халықтық бітім-болмыс, салт-дәстүр өнегелері ел-жердін кадір-қасиеті көлемде көрініс береді. Осы реттен алғанда, Д.Досжан әңгімелеріне (“Жанғак”, “Нәресте”, “Жолаушы”, “Өмір арбасы”, “Шырақшы”, “Тегіне тарту”, “Екі дүние есігі” т.т.) тән басты белгілер: өмір-уақыт тынысы терең танылады; қоғам-кезеңнің көріністері айқын анғарылады; адам мен оның еңбегіне көң орын беріледі; өмір оқиғалары, кейіпкерлер жүйесі, тіл-стиль сипаты т.т. табиғи өріс алады; адамдық істі ардак тұту молынан ұшырасады (мысалы “Жаңғак” – шешен шалы Ахмет т.б.); ұлт мұраты мен үрпак қамы, адал жар сипаты айқын (мысалы, “Нәресте” – Мыңжасар, Зәуре т.б.); ілкі кезең, көне тарих, ескі ғимарат т.т. сыр-сипаттарының маңызы зор (мысалы, “Шырақшы” – Дайрабай); адам мен табиғат, жан-жануарлардың өзіндік ерекшеліктері мәнді (мысалы, “Тегіне тарту”) ...

Жалпы, Д.Досжан прозасы: ұлт мұраты мен тарихын; тұғырлы тұлғалардың ғажайып бейнесін; ел-жер тағдырын; адам мен оның еңбегін т.т. ардактау-мадактау ісінде ізденісі мол, тақырыбы айқын, мазмұны бай, тіл-стилі бедерлі, ен негізгісі өзіндік көзкарасы мен колтаңба мәнері бар, оқырманы да, кітап таралымы да көп еңбеккор, карымды қalamгерлердің бірі.

Асылы, шығармашылық еңбектің болмыс-бітімі, өмір құбылыстарының көркем әлемге көшу процесі, қalamгердің қоғами-адами бейнесін танып-түстөу – әдеби-ғылыми байыптауды, ізденіс пен зерделеуді кажетсінеді.

Бұл – бір.

Екіншіден, қағаз бен қаламның құдірет-киесін терең сезіну, соған сай іргелі ізденіс жасап, ерен еңбек ету – ұлт мұратына, ел-жерге, тарих пен танымға, ен негізгісі, руханият ісіне адалдыкты айқын анғартады. Жазушы Д.Досжан шығармашылығы осы мақсат-мұратка әбден лайыкты.

Жазушы мұраты да осы.

СӨЗ БЕН САЗ

Адамтану такырыбы – қай кезең, килы уақыттарда да маңыз-мәнін жоғалтпағаны анық. Өркениетті халықтардың, алыс-жакын елдердің тәжірибелерінде бұл такырыпқа қатысты мысал-деректер көп-ак...

Осындайда ойға оралады, батырлар мен даналар шыккан, Еңбек Ерлерінің көш-керуені сап түзеген Талас өнірінен (Жамбыл облысы) оку-білім іздеп, одан кейінгі арман-аңсарын ғылыммен тығыз байланыстырып, онда да өзіндік ізденіс, колтанбасын қалдырған ұстаз-ғалым, профессор Жанғара Дәдебаев бүгінгі танда ғалымдық-қайраткерлік қырларымен қалың қөвшіліктің құрмет, алғысына бөлеңіп келеді.

Алдымен еске алар жайт – ұстаз-ғалым Ж.Дәдебаев қаламынан туындаған ізденіс-енбектері бірнеше қырына назар аудартады. Біздінше, олар төмендегіше түзіліс құrap еді:

- танымдық-тәрбиелік бағыттағы ізденістері;
- әдебиеттану ғылымының көкейкесті мәселелерін кен көлемде сөз етүі;
- тарихи түліғалар туралы;
- тарихи туындылар табиғаты хакында;
- төл әдебиеттің қыры мен сырына арналған зерттеулері т.т.

Әдебиет зерттеушісі Ж.Дәдебаевтың танымдық-тәрбиелік бағыттағы ізденістері, атап айтқанда: “Тұс аяны” (“Ғылым”, 1992), “Билер ережесі” (“Зан” газеті, 1994, 3 қараша), “Талас өлкесінін аңыздары” (“Алматы ақшамы”, 1994, 2 қараша), “Тұлпардың сыны мен бабы” (“Бастау”, 1994) т.т. еңбек, мұраларынан кеңінен көрінеді. Айталақ, “Тұс аяны” атты енбекте халықтық дәстүрлі мәдениет тарихы, тұс жору салты мен оған байланысты алуан түрлі нағым-сенім, өмір тәжірибелері қалың қөптің назарына ұсынылады. Ең негізгісі, автор халықтық тұс жору салтының алуан үлгі-өрнектерін жүйелі жинақтап, табиғаты мен тарихын, мән-маңызын кең көлемде танып-талдап, түсіндіреді. Осы бағытта ізденістер жүргізіп, енбектер жазған Ә.Диваев, Э.Тайлор, Н.Пантусов т.б. құрмет-ілтипат билдіреді. Ал “Тұлпардың сыны мен бабы” – қазақ атбекілеріне, жалпы халықтық дәстүрлі мәдениетін, мұра-мирасын құрметтеуши қалың қөвшілікке арналған. Автор тұлпар тұған құлынның әуел бастағы қасиеттерінен бастап, ел мен ер данқын шығарғанға дейінгі өсу-есею бел-белестерін мың сан мысал, деректер негізінде сөз етеді. Әсіреле Кей-Қауыстың, Кікбай, Куренбай сыншылардың, Абайдың, Ш.Шөнкеевтің т.б. аттың сыны мен бабына байланысты үлгі-нысандары, халықтың байырғы тәжірибелері тарихи-ғылыми тұрғыдан байыпты, ізденіс-мұраттары нәтижелі, жемісті шыққан. Негізінен, “Тұс аяны”, “Тұлпардың сыны мен бабы” – қалың қөвшіліктің таным-талғамын байытады, ал автордың халықтық мәдениетке, үлттық-тарихи

жәдігерлерге жаны құштар, көзқарас, танымы айқын, материал-деректері мол әрі жады мықтылығын да айқын анғартады. Бастысы: бұл енбектер халықтық мұра-дәстүрлерді, ұлттық белгі-erekшеліктерді, адам мен оның еңбегін бағалау мен аялауды, оны оқып-үйренуді үлгі етеді.

Ғалым Ж.Дәдебаевтың казак әдебиеттану ғылыминың көкейкесті мәселелеріне арналған: “М.Әуезов дәстүрі және казіргі казак тарихи прозасы” (“Жалын”, 1980, № 4), “Өлеңдегі сөз” (“Лениншіл жас”, 1984, 1 наурыз), “Әдеби шығарма” (ҚазМУ, 1987), “Образдылық сұры” (“Казак әдебиеті”, 1975, 21 қараша), “Дүниетаным және әрекет” (“Казак әдебиеті”, 1976, 19 наурыз), “Эстетикалық қабылдау сырлары” (“Казак әдебиеті”, 1977, 1 сәуір) т.т. мақала-енбектерінен жан-жақты ізденіс, дерек пен дәйекке негізделген терендік танылады. Әсіреле автордың мұрағаттық дерек-құжаттарды қарапайым сөйлетуі, әдебиеттану ғылыминың түйінді мәселелерін тамыршыдай тап басып, қазақы таным-түсінікке сай байыпты саралауы, ондағы мың сан материалдардың нақтылы дерекке негізделуі әрі әдеби-ғылыми тұрғыдан да, теориялық, практикалық жағынан да салмакты, салиқалы сипат алуы көніл қуантарлық белгі-бедерлер әрі рухани нәрі мен мәні зор. Зерттеуші қөзқарасы мен дүниетаным іірімдерінен әдеби-ғылыми материалдарды кен көлемде байыпты қарастырып, оны танып-талдауы, маңызды тұстарына айрықша назар аудару – ұлттық мұра-мирасты, оған құрмет пен үміт-сенімді айқын анғартады.

Зерттеуші Ж.Дәдебаевтың казак халқының өмірінде айрықша орын-үлестері бар тарихи тұлғалар туралы ізденістері де ерекше назар аударуды қажетсінеді. Олардың бірқатары төмендегідей:

- Анахарис (“Ұлагат”, 1996, №1);
- Санырық батыр (“Жас алаш”, 1991, 27 қыркүйек);
- Төле би (“Жас алаш”, 1991, 18 қазан);
- Жәнгір батыр (“Алматы ақшамы”, 1993, 1 мамыр);
- Бөлтірік шешен (“Ғылым” баспасы, 1993);
- Байзак батыр (“Егемен Қазақстан”, 1995, 6 шілде);
- Манас (“Қазак әдебиеті”, 1995, 10 қыркүйек);
- Ұлбике ақын (“Алматы ақшамы”, 1995, 6 қараша);
- Әулие ата (“Егемен Қазақстан”, 1997, 14 мамыр) т.т.

Қазақ халқының арғы-бергі тарихынан айтулы орын алғатын еске алған бейне-тұлғалар – Азаттық, Тенідік, Татулық идеясын батыл колдап, корғай білуімен әрі мәдени-рухани өріс-өремізді байыта, толықтыра түскені анық. Автор аталған мақала-материалдарында олардың түркі дүниесі, қазақ халқы алдындағы қарызы мен парызын, өмірі мен кезен, қызметтерін бүгінгі уақыттың талаптары тұрғысынан байыпты саралайды әрі көзден таса, көнілден тыс болып келген әдеби-тарихи дерек-құжаттарға тіл бітіріп, ғылыми айналымға косып, рухани сапарларын жалғастырады. Тегінде, ғалым мұраты – ғылым құпиясын

ашуымен, қыр-сырын менгерумен бағаланса, әдебиет зерттеушісі Ж.Дәдебаев осы мұрат-міндеттерді жоғарыда аталған мақалаларымен-ақ қалың көпке рухани нәр сыйлады, әдебиет қозғалысын, онын көш-керуенін едәүір ілгери жылжытқаны айдан анық. Маныздысы: ұлт мактандыстары болған тарихи тұлғалардың тағдыр-талайы – өмір-уақыттынысымен, ел алдындағы қарыз-парызымен байланыс-бірлікте жүйелі, қонымды баяндалады.

Ғалым Ж.Дәдебаев ізденіс, зерттеулерінің бір белгі – тарихи туындылар табиғатын танып-талдауға, таразылауға арналған. Олардың катарына жататын:

- Тарихи роман мәселелері (“Жетісі”, 1981, 14 сәуір);
- Казак тарихи романының дамуындағы тақырыптық жалғастық (“Қазақ әдебиеті”, 1981, 30 қантар);
- Тарихи шындық және көркемдік шешім (“Жұлдыз”, 1981, № 6);
- Тарихи романдардағы халықтық дәстүр (“Қазақ әдебиеті”, 1991, 1 тамыз) т.т. мақала-еңбектерде қазак халқының өткен өмір кезендері, тарихи оқиға мен тұлғалардың көркем шығармалардан көріну сипаттары кеңінен сөз болады. Автор тарихи туындылар табиғатына барлау, тақдау жасау негізінде қазак халқының арғы-бергі тарихына, мәдени-әлеуметтік өзгерістеріне, саяси оқиғалар сипатына зор маңыз береді. Нәтижесінде – қазак халқының тарихи туындылардан көркем де бедерлі орын алуы, келешекте де кен көлемде көрініс табу жолдары нақтылығы дерек-дәйектер негізінде жүйелі, онды көрсетіледі.

Сондай-ақ Ж.Дәдебаевтың әр жылдары жарық көрген “Қазіргі қазак прозасындағы М.Әуезов дәстүрі” (ҚазМУ, 1981), “Әдебиеттану ғылыминың негіздері” (ҚазМУ, 1986), “Әдеби шығарма” (ҚазМУ, 1987), “Шымырлап бойға жайылған” (“Жазушы”, 1988), “Ғабиден Мұстафин” (“Мектеп”, 1989), “Мұхтар Әуезов” (“Рауан”, 1991) т.т. еңбек-мұралары тыңғылдықты ізденіс, зейінді зерттеу жемісі екенін аңғару қыын емес. Айталық “Қазіргі қазак прозасындағы М.Әуезов дәстүрі”, “Әдебиеттану ғылыминың негіздері”, “Әдеби шығарма” сынды шағын көлемді еңбектерде қазак сөз өнерінің іірім-сырлары хакында ой толғап, жас буын-шәкірттерге оку-әдістемелік түрғыдан бағыт-бағдар берсе, келесі еңбектерде (“Шымырлап бойға жайылған”, “Ғабиден Мұстафин”, “Мұхтар Әуезов” т.т.) әдеби-ғылыми сипат, бедер басым. Әсіресе қазақ сөз өнерінің бағыт-бағдары, өмір мұраты мен жазушының шығармашылық шеберханасы, көркемдік таным, өрнектер мын сан мысал, деректер негізінде жатық та нағымды сөз етіледі. Автор М.Әуезов, F.Мұстафин т.б. жазушылық шеберлігін жалпылама сөз етпейді. керісінше, өмір мен шығармадағы шындыққа, харakter шынайылығына, творчестволық еркіндіктің қыр-сырына маңыз береді. Сейтіп, белгілі қаламгерлердің өмір мұратын айқындауды, материал жинау, корыту тәжірибелеріне ден кояды, кейіпкер бейнесін жасау

жолдарының мын сан үлгілерін қалып көпшілікке бүкпесіз баяндайды. Бұдан шығатын түйін, зерттеуші Ж.Дәдебаев қайсыбір тақырып, мәселе төнірегінде ізденис, зерттеулер жүргізсе де тарихи дәлдікке, құжаттық дерек-негізге, шығармашылық мұрат-талааптарға мықтап табан тірдейді.

Ой-сөз жүйесінің бірлігі негізінде “Мұхтар Әуезов” атты зерделі зерттеуге деңгейлік.

Кітапта казак әдебиеті мен мәдениетінің мактанышы, әлем таныған – М.О.Әуезовтің өмірі мен кезеңі, қызметі, шығармашылық ерекшеліктері тың дерек, соны қөзқарас, жаңа талап-міндеттер танып-талданады.

Зерттеу еңбек кіріспеден, төрт тараудан және корытындыдан тұрады. Өмір, уақыт сырьы сараланады.

Кітаптың кіріспе бөлігінде М.Әуезовтің шығармашылық мұрасына, поэтикалық әлемі мен көркемдік дәстүрлер тағылымына ұлттық мұрат, халықтық қасиет, адами-имандылық сипаттары түрғысынан ерекше көңіл бөлінеді. Сондай-ақ белгілі қаламгердің, шығармашылық өнері мен өнегесі, туған халқының килем тарихы мен тағдырының жыршысы, үздік талант, айрықша ақыл-парасат иесі болғандығын терең таныттын тағылымды тұстарға да кең орын беріледі. М.Әуезов шығармашылығы туралы казак әдебиеттану ғылымындағы – Л.Әуезованың “М.О. Әуезов және Абайтану проблемалары” (1997), З.Ахметовтың “Путь Абая” в свете истории ее создания” (1984), З.Қабдолотовтың “Арна” (1979), Р.Нұргалиевтің “Трагедия табиғаты” (1968), А.Нұркаторовтың “М.Әуезов творчествосы” (1965) т.б. еңбек-мұраларына қөзқарас білдіріп, тақырып, мазмұн, құрылым жүйесіне терең талдау жасалады.

“Әдеби шығарма және өмір шындығы” атты алғашкы тарауда М.Әуезов шығармаларының өмірлік негізі, көркемдік-идеялық ерекшеліктері, поэтикалық құрылымындағы дерек қөздері, материалдар жүйесі, образ жасаудың алуан жолдары мен сырлары сөз етіледі. Олар ғылымның белгілі салалары бойынша: тарихи, этнографиялық, халық мұрасы және әдеби материалдар ретінде жүйе құрайды. Автор бұл бағыт-тақырыптарды М.Әуезовтің шығармашылық еңбек-ерекшеліктерімен, “Килем заман”, “Қараш-қараш оқиғасы” секілді тарихи туындылар табиғатымен, “Еңлік-Кебек” трагедиясының мазмұндық желісімен, “Абай жолына” қатысты материалдар топтамасымен байланыста сөз етеді. Сол арқылы жазушы енбегі мен ондағы өмірлік материалға, әдеби шығарма табиғатына, тарихи-этнографиялық шындық пен көркемдік таным арналарына, тіл-стиль сипаттарына зор маңыз беріледі. Ой-сөз жүйесіне деңгейлік.

Сондай-ақ М.Әуезовтің ұлттық драматургияға косқан үлесі, атап айтқанда, “Қаракөз”, “Тұнгі сарын”, “Айман-Шолпан”, “Абай”, “Қарақыпшак Қобыланды” сынды драмалар табиғаты да жазушының суреткерлік ойлау табиғатымен, көркемдік құпия сырларымен, шеберлік сабактарымен байланыста беріледі.

Кітаптың “Өмір шындығы және жазушының шығармашылық еркіндігі”, “Жазушының шығармашылық еркіндігі және харakter шынайылығы” атты бөлімдерінде әдеби туынды табиғаты, каламгердің суреткерлік нысанасы мен әдеби-эстетикалық талғам-денгейіне ерекше мән беріледі. Осының негізінде М.Әуезовтің “Қараш-қараң оқиғасы”, “Қылыш заман”, “Оскен өркен”, “Абай жолы”, “Еңлік – Кебек” т.т. туындыларындағы өмірлік материал, шындық болмыстағы нақты құбылыстарды шығармашылықпен игеру, көркемдікпен зерделеу сипаттары жан-жакты қарастырылады. Жазушының шығармашылық еркіндігі, шындық оқиғалардың субъектісі мен объектісі, өмір шындығын даралау мен жинақтаудағы көркемдік зандылыктар, харakter шынайылығы мен типтік сипаттағы құбылыстар да М.Әуезовтің адами-суреткерлік сипаттарымен, шығармашылық ғұмырнамасымен телқабыс сез етіледі. Өмірде болған оқиғаларды суреткерлікпен жинақтау, шығармашылық өнердің басты ерекшеліктері, көркемдік құбылыстар сырьы да жазушылық шеберлік сабактарымен өзара бірлік-байланыста баяндалады.

Зерттеу еңбектің “Харakter шынайылығы және көркемдік дәстүр жағастығы” бөлімінде академик-жазушы М.Әуезовтің алғашкы туындысынан соңғы енбегіне дейінгі жазушылық шеберлігі, әлемдік әдебиет үлгілерін зерттеп-менгеруі, көркемдік ізденіс-тәжірибелері дәстүр және сабактастық тұрғысынан сез етіледі. М.Әуезовтің шығармашылық мұрасы мен қазіргі казак әдебиеті аралығындағы көркемдік дәстүр, әдеби құбылыстар, туынды табиғатына қатысты түрлі әдіс-тәсілдер де жазушы енбегі, өмір мұраты аясында байыпты баяндалады. Сонымен бірге М.Әуезовтің көркемдік әлемі де адамның жаны мен тәні, ой-сезімі мен іс-әрекеті өзара бірлікте, ерекше поэтикалық тұтастықта берілетіндігі, кейіпкердің коршаған оргамен байланысты әрекеттеріндегі психологиялық және логикалық дәйектілігі, адамдар тағдыры мен олардың харakterлерінің шынайылық, эстетикалық-танымдық терендігі, басқа да көркемдік-тілдік, стильдік амал-тәсілдеріне көңорын берілген. Сол арқылы М.Әуезовтің шығармашылық ғұмырбаяны – өмірлік негізі, тамыр тартқан бастау-арналары көркемдік таным тұрғысынан терен сез етіледі.

Жалпы, кітап М.Әуезовтің шығармашылық шеберлігін кең көлемде қарастырғандықтан, жоғары сынып окушыларына, студент жастарға, калың қөпшілікке арналған. Рухани байлығы мол.

Ғалым-зерттеуші Ж.Дәдебаевтың “Өмір шындығы және көркемдік шешім” атты монографиясында (“Ғылым” баспасы, 1991) қазіргі казак романдарындағы еткен дәуірлер болмысын көркемдік-реалистік тұрғыдан жинақтап, сол арқылы өмір шындығы мен шығармашылық киялдау мәселелеріне, көркем шығарманың поэтикалық құрылымындағы тарихи, этнографиялық, фольклорлық, әдеби мате-

риалдардың атқаратын танымдық-тәрбиелік қызметтеріне, қаламгердің өмір құбылыстарын таңдау, талғау мәнер-машыктарына кең көлемде ізденістер жүргізді. Бұл мәселелер негізінен төрт тарау (“Көркем шығарма және оның тарихи негізі”, “Көркем шығарма және оның этнографиялық негізі”, “Көркем шығарма және оның фольклорлық негізі”, “Көркем шығарма және оның әдеби негізі”) арқылы бір-бірімен етепе байланыста қарастырылады. Атап өтегер бір жайт – зерттеу авторы қазіргі қазак прозасының көркемдік негізін тарихи дәуірлер шындығы мен сол кезеңнің көрініс-шежіресін суреттейтін шығармаларды танып-талдау арқылы әдеби-мәдени дамуға, әлеуметтік-рухани өзгерістерге, кеше мен бүгін байланысына, таным-талғам таразысына ерекше ден қояды. Сөйтіп: “... халықтың тарихи өткен дәуірінің әдеби шығарма құрылымында көрініс табу жолдары, дәлірек айтсақ, әдеби шығарма құрылымындағы тарихи өмір шындығы мен көркемдік шешім аракатынасы” кең көлемді зерттеу жүйесіне айналады (11-бет).

Атальыш еңбектің алғашкы тарауында (“Көркем шығарма және оның тарихи негізі”) өткен дәуірлер дидарын сөз етегін қазіргі казак романының көркемдік қырлары, такырыптық аясы мен идеялық бағыты кең көлемде қарастырылады. Автор Л.Н.Толстой, В.Г.Белинский т.б. көркем шығарма мен тарихи дерек туралы ой-пікірлерін таратада сөз ету негізінде шындық құбылыстарға, жазушының өмір материалын пайдалану сипатына, сол арқылы суреткердің ойдан қосуы мен шығаруына, шығармашылық ерекшеліктеріне баса назар аударады. Зерттеуші бұл жайларды М.Әуезовтің “Абай жолы” роман-эпопеясы мен тарихи туындылар – И.Есенберлиннің “Көшпенділер”, “Алтын Орда”, Ә.Кекілбаевтің “Үркөр”, “Еләң-алан”, М.Магауиннің “Аласапыран”, С.Сматаевтың “Елім-ай” т.т. мазмұнын жетік білүмен қоса, ондағы ғылыми және көркемдік ақыраттарға, өмір мен тарих шындығына, суреткерлік нысана-ерекшеліктеріне байыпты барлау, терең талдау жасағанын айқын анғарамыз. Оқып көрелік: “... Жазушы (М.Магауин туралы – Р.Т.) суреттеп отырган тарихи дәуір шындығының сипаты көркемдік тұрғыдан да, ғылыми тұрғыдан да мейлінше дәлелді, дәйекті”, немесе: “С.Сматаевтың “Елім-ай” (1978, 1981) романында бірінші кезекте қазак халқының жонғар басқыншыларына қарсы құресі емес, жонғар шапқыншыларының қазак халқына қарсы қимыл-харакеті суреттелгендей әсер қалдырады (27-бет). Ал “Үркөр” туралы төмөндегідей ой түйеді: “Роман мен тарихи деректен алынған үзінділерді салыстырып карағанда жазушының тарих шындығына мейлінше адалдығын, оның дәл, накпа-нак көрсетуге күш салғанын байқауға болады. Сонымен катар автор шығарма құрылымына деректе жок кейбір маңызды мән дарытады. Тевкелевтің ақпаратында оның өзі мен хан арасында құпия жағдайда өткен әнгіменің жалпы мазмұны ғана берілетін болса, романда хан мен елшінің белгілі сәттегі эмоциялық

күйі, тұр-тұлғасы, қоршаған табиғи орта көріністері, олардың өзара және әңгіме арқылы болып тұрған құбылыстың сырымен байланысы аз сөз, сарап детальдар арқылы беріледі” (39-бет). Демек, зерттеуши тарихи роман мен оның авторының негізгі нысанасын, көркемдік-рухани бедерін ашуға он қадам жасаған. Біздіңше, бұл ізденіс-зерттеу талап денгейінде шықкан.

Соңғы жылдар бедерінде тарихи-мәдени мұрағаттарымызға, халық педагогикасына батыл бетбұрыстар жасалынуда. Міне, сөз арқауы болған еңбектің “Көркем шығарма және оның этнографиялық негізі” тарауында қазіргі қазақ тарихи романдарындағы дәстүрлі мәдениет өлшемдері, кезеңнің, халықтың рухани бейнесі сөз етіледі. Қысқасы, халық өмірі мен тұрмысындағы, салт-дәстүріндегі тарихи-этнографиялық дерек, дәйектемелерге назар аударылады. Біз бұған М.Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясындағы этнографиялық көріністерді, саят өнеріне қатысты өмір материалдарын, сондай-ак I.Есенберлиннің, Ә.Кекілбаевтің, М.Мағауиннің, Т.Қасымбековтің, Т.Қайыпбергеновтің т.б. тарихи романдарындағы халықтың дәстүрлі нағым-сенімдерін, фольклор шындығын, соған сай тиісті көркемдік шешімдерін де танимыз.

Ал тақырыптық-мазмұндық құрылымы жағынан өзара үндес келесі (үшінші) тарауда халық әдебиетінің үлгілері, өмір құбылыстарын танып, түсінудегі сабактастық сырлары сөз етіледі. Бұл бағыт-максаттағы зерттеуши нысанасы төмендегідей: “Жазушы өз шығармасында белгілі өмір құбылыстарын суреттеу барысында халық әдебиеті үлгілерін өмірлік материал ретінде қалай пайдаланады, қалай сұрыптаиды, бұл орайда суреткерлік киял мен материал арақатынасы қай тұрғыда таразыланады, автордың белгілі материалды өзгертуінін, толықтыруының жолдары қандай, олардың атқаратын көркемдік-эстетикалық қызыметінің сыры неде... – тараудың басты мақсаты секілді мәселелердің мәнін ашу болып табылады” (117-бет).

Зерттеу еңбектің манызды (төртінші) тарауында – әдеби-көркем үлгілер түрлі қырынан, бар сипат-сырымен сараланады. Автордың көркем шығарма мен шығармашылық ойлау процесі, суреткерлік шеберлік хакындағы кең толғамды көзқарастары әдеби-ғылыми байыптау тереңдіктерімен деңгейде жүргізады. Ал өміrbаяндық дерек көзіне, өнер мен қалам кайраткерлерінің жан әлемін ашуға, өмір шындығын нактылы қөрсетудегі ізденіс иірімдері де назар аударарлық. Бұл М.Әуезовтің Абай мұрасын танып-зерттеу, Д.Әблевтің демократ-ағартушы С.Торайғыров туралы трилогиясын, сондай-ак З.Ақышевтің “Жаяу Мұса”, Т.Кәкішевтің “Сәкен Сейфуллин”, Ә.Әлімжановтың “Ұстаздың оралуы”, С.Жунисовтің “Ақан сері”, Ә.Кекілбаевтың “Аңызыдың ақыры”, М.Сқақбаевтың “Жойқын тәбे” т.б. шығармаларға зерттеушінің назар аударып, әдеби-ғылыми тұрғыдан байыпты байлам

жасаулары конымды-ақ. Ен негізгісі, зерттеу авторы аталмыш еңбектерді жүйелі топтап, мазмұндық-такырыптық байланыстарын, көркемдіктарихи-ұлттық сипат, ерекшеліктерін түрлі қырынан қарастырып, манызды ой-пікірлерін жатық, нанымды жеткізе білген. Тарихи тақырыптағы туындылардың танымдық-тәрбиелік сипаттарын, ондағы өмір шындығы мен көркемдік шешімнің табиғатын ғылыми түргыдан терең талдайды. Ғұластай алғанда, “Өмір шындығы және көркемдік шешім” атты монография – халық әдебиеті үлгілерінен бастап, тарихи тақырыптағы туындылар табиғатын, уақыт-кеңістік сырларын, адам әлемінің мың сан ірімдерін кең көлемде қарастырған ғылыми ізденіс жемісі. Зерттеуде ой терендігі, ансар тазалығы бар. Зерттеу табиғаты, сырлы осы.

Профессор Ж.Дәдебаевтың “Бөлтірік Әлменұлы және казак шешендік өнері” атты кітабы (“Қазақ университеті”, 1996) бірнеше ерекшеліктерімен назар аудартатындығын алдымен еске алар едік. Ен алдымен байқалар жайт:

– аталмыш еңбек оку құралы ретінде ұсынылып, шешендік өнер табиғаты, шешен талантты мен оны жасаушылардың байырғы өкілдері хақында жүйелі, нақтылы деректер береді;

– казак қоғамындағы шешен мен шешендік өнер сипаты, көркемдік таным мен “... қызыл тіл” мұраты, билер дәуірінін тұғырылы тұлғалары: Теле, Қазыбек, Әйтеке билердің өнегелі дәстүрлерімен өзара тығыз байланыстырылады;

– казак шешендік өнерінің байырғы өкілдері ретінде біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда жасаған скиф Анахарсистің даналық ой, сөздері, орын-ұлгісі арнағы әңгіменін арқауна айналады;

– билер дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілі Б.Әлменұлының әдеби мұрасы, ондағы көркемдік-эстетикалық талаптар, поэтика мәселелері ақыл, билік, ділмар сөздері аясында қарастырылады;

– ен негізгісі, оку құралы орта және жоғары мектептің “Шешендік өнер”, “Риторика” секілді арнаулы курстарға, бағдарламаларға косымша дерек, материалдар береді. Осы тақырыптар төнірегіндегі бақылау жұмыстары, тест сұрақтары да жас буын – студенттерге қыска да нұскалы дерек, дәйектер ұсынады. Бұл аталған белгі, ерекшеліктер оку құралының өзекті мәселелерін құрайды. Кітапта пайдаланылған ел аузындағы аныз-әнгіме, шежіре, естеліктер мен мысал-деректер жалпы жүртшылықты, окушы студент-жастарды танымдық-тәрбиелік қырларымен баурайды, халық мұрасына бүтінгі күннің талаптары түрғысынан жаңаша бажайлауға мол мүмкіндіктер береді.

Кітаптың мазмұн-құрылымында жүйелілік, мақсаттылық бар. Кіріспе мен қорытындыдан өзге төрт тараудан тұратын оқулықта казак шешендік өнері, оның арғы-бергі тарихы, табиғаты, көркемдік белгі, ерекшеліктері кеңінен қарастырылады. Айталақ, “Шешендік

өнер және шешен таланты” атты алғашқы тарауда ұлттық сөз өнері түрлері (соғыс ісін жүргізу, билік, сөз өнері), шешендік сөздің тарихы мен теориясы, әлеуметтік міндеп-қызметтері, кальптасу, даму жолдары сөз етіледі. Автор шешендік өнердің әлем таныған ірі тұлғасы М.Т.Цицерон, сөз өнерінің теоретигі Аристотель, сондай-ақ М.В. Ломоносов, А.Байтұрсынов т.б. сөз сыры мен сымбатына қатысты көзқарас-енбектерін тиімді пайдаланып, тиісті тұста тақырып табиғатына сай танып-талауды. Әсіресе сөз сарасы мен ой жүйесінің айтушы мен тыңдаушыға әсер-ықпалы, айқындығы, көркемдігі, қуат-нәріне ерекше назар аударылады. Сөз сазы, қуат-нәрі – шешендік өнер ерекшелігі ретінде зерттелінеді. Осы орайда, М.Цицеронның шешендік өнер мен жалпы өнер түрлері арасындағы ортақ белгі, ерекшеліктерді жан-жакты көрсететінін, ғылымды тастай түйілген жұдышырқа ұқсатса, шешендік өнердің саусактар сала-сала болып жазылған ашық алақанмен байланыстырады (7-бет). Ондағы сөз өнері табиғатына тән ой терендігі, дәлдік, нактылықты бөлекше атайды. Шешендік сөзге тән – бастама, талқылама, балқытпа, толқытпа, корытпа, дәлелдеме сынды басты белгілерге айырықша тоқталады. Ал Аристотель мұратын айтқанда – тілдік-көркемдік мәселелерге мән береді. Әсіресе көркем сөз тіліне, шешен мұратына қатысты екі талапты – тіл айқындылығы мен сәулеттілігін баса көрсетеді (15-бет).

“Риторика” енбегіндегі сөздің құрамdas бөліктері, тіл, ой жүйелері жеке аталауды (26-бет). Кезекті тұста, шешендік өнер табиғатына қатысты М.Ломоносов жүйесі (бастама, талқылама, бекітпе, корытпа), А.Байтұрсыновтың құрылымы (бастамасы, ұсынбасы, мазмұндамасы, қыздырмасы, корытпасы) да арналы талдау жүйесіне айналады. Осы тұста автордың ізденіс, зерттеу мұраттарынан – казак сөз өнеріне ерекше ілтиппен қарап, өзгеше құштарлықтың, сүйіспеншіліктің, сезімнің жоғарылығын айқын анғарамыз. Ол – ұлттық сөз өнері корифейлерінің өмірбаян деректеріне, шығармашылық мұраларына, жалпы мәдени-руханият тарихымызға косылған әдебиет үлгілерін кеңінен саралап, тереннен толғап, ақиқатқа, шындық жағдаяттарға мықтап табан тірерітіндігінен де көрінер еди.

Бұл тарауда шешендік өнер тарихы, оның үш құрамdas бөлігі (басы, ортасы, аяғы), шешен таланты мен оған тән белгілер (ақыл алғырылығы, сезім серіктігі, ой терендігі т.т.) арналы карастырылады. Автор бұл бағыттағы ой-тұжырымдарды байлай білдіреді:

“... Нагыз мінсіз шешен өз сөзі арқылы үш түрлі міндеп-қызметті қатар атқарады: тыңдаушыларының ақыл-ойын байытады; сезімін сергітіп, таным рахатынын дәмін таттырып, тамсандырады; өз дегеніне көндіреді. Шешен үшін бұл үш қызметтің алғашқы міндепті болса, екіншісі – даңққа бөлөнудің кепілі, ал үшіншісі – женіске жетудің бірден-бір басты шартты. Ғылым мен өнердің басқа салаларының қандай

майталманы да алдын ала мұндай міндет қоймайды, коя алмайды, ал зәуеде бір коя қалса, оны атқара алмайды. Сондыктан да ғылым мен өнерде шешенниң таланттымен тең түсер талант жок. Шешендік өнердің биіктігі мен терендейгіне тең түсер биіктік пен терендейкі табу қын” (35–36-беттер).

Расында, талантты, шешен адам бойында өзгелерден дара, оқшаша көрінер белгілердің болары анық. Ал оның өзі сөз өнері, шешендік қасиеті мол адамда жарқырай көрінері қақ. Шешен таланттының таразыға түсер тұсы да осы кез. Шешендік өнердегі биіктік пен терендейкі осы сәттерде даралана, тұлғалана түсері даусызы.

Кітапта қазак шешендік өнерінің қалыптасу, даму мәселелеріне де кең орын берілген. Бұл ретте “Анахарис және қазак шешендік өнері” атты 2-тараудағы Орта Азия мен Қазақстандағы ғылыми танымның терен таразылануы, скиф даласының тыныс-тірлігі көп жайды алға тартады. Әсіресе, скиф Анахарсистің ғибратты өмірбаяны, шешендік ой-толғамдары мен даналық сөздерінің қазак шешендік өнерімен сабактастықта өріс алуы – әдеби-тариҳи тұрғыдан дәлелді, жүйелі жеткізіледі. Осы орайдағы Скиф даласынан Эллада еліне келуі (41-бет), оның өмірі, ортасы хакында Геродоттың “Тарихында” деректердің берілуі (41-бет), сондай-ақ Эфорт, Плутарх, Платон секілді ойшылдар қалдырған дерек, материалдардан да Анахарсистің Солонмен достығы, белгілі мысалышы Эзоппен дәмдес болуы, көне дәүірдің жеті данышпаны катарында болған айрықша тұлға, сөз зергері екендігі нақтылы көрсетіледі (44-бет).

Негізінен, Анахарис ой мен сөз кадірін білген. Афины ғұламасы Солонмен достығы, Мисонмен тілдесу сәттерінен ойшылдық, тереңдейк танылады. Ал жеті данышпанның өзара әңгіме, ой-пікір жарыстарында Анахарсистің сөзі, максат-мұраттары бір жерден шығып, адамдық әлемі, даналық дидары жарқырап көрінеді. Бұған мемлекет туралы пікірталастағы Анахарсистің ой-танымы толық дәлел болады: “Солон: қай мемлекетте қылмыскерді жәбір көргендер ғана емес, олармен бірге жәбір көрмегендег де сottap, жазаға тартуға қатысатын болса, сол мемлекетте басқару ісі бәрінен жақсы, халық билігі бәрінен де күшті.

Биант: Қай елде заннан, зұлымнан корыққандай қорқатын болса, халық билігі де сол жерде бәрінен мықты.

Фалес: Қай мемлекетте сінірі шыққан кедей де, мұрнынан құрты түсken бай да болмаса, сол мемлекет әділетті, бақытты.

Анахарис: Әділетті мемлекет – ізгілікке барынша құрмет көрсетіліп, зұлымдыққа барынша лағынет айтылатын, ал қалған қасиеттері тен түсіп жататын мемлекет.

Клеобул: Қай елде азаматтар заң сотынан гөрі ар сотынан қаттырақ корықса, сол ел ең бақытты ел.

Питтак: Қай елде ақымақ адамдардың билікке келуіне, ал акылды адамдардың келмеуіне тыйым салынса, сол елден асқан бакытты ел жок.

Хилон: Қай мемлекетте занды қөбірек, шешендерді азырак тыңдаса, сол мемлекет жақсы” (77–78-беттер).

Бұл – адамды ардактап, әділетті іске табан тіреген демократиялық, құқықтық қоғам көрінісі.

Бұл – ақыл-парасаттың саясаттан жоғары, ізгілікке негізделген әділетті, әлеуметтік мемлекеттің биік үлгісі.

Бұл – ортақ тақырып төнірегіндегі толғаныс, ой-түйіндері...

Кітаптың “Төле би және оның заманы” атты 3-тарауында қазақ тарихы, батыр-би, хандардың орын-үлестері кеңінен сөз етіледі. Автор Төле бидің өмірі, кезені, қайраткерлік қызметтерін тарих тағылымдарымен байланыста баяндайды. Әсіресе Төле бидің казак-жонғар қактығысы тұсындағы батыр-білердің басын қосып, елдін ерлік рухын көтерерлік кенес өткізуі, Қойгелді, Бәйтік, Санырық, Тайлақ, Төлекей сынды батырлардың басқыншыларға карсы құрестерін қолдан, бағыт беруі (99-бет), жонғарға карсы қокандықтарды пайдалануы (113-бет), қазақ халқының әдет заңына өмір тезінен өткен баптарды енгізуі (123-бет) т.т. бүгінгі үрпактың үлгі етіп, тарихтан – тағылым, тағдырға – тағым көрсетер кәделі, ғибратты істері болып табылады.

Кітаптағы Ш.Ұәлихановтың, А.Баллюзеттің, А.Левшиннің т.б. дерек, материалдарынан да Төле бидің үлкен парасат иесі, саясаткерлік орыны, даналық-білік шешімдері, шешендік ой-толғамдары кеңінен көрінеді. Бұл тұстарда да автор жалаң сөздің жалауын көтеріп емес, көрісінше, тарих тағылымынан нәр алады, ұлы даланың құдіретін сезіне отырып, әдеби-ғылыми деректерге ден кояды. Заман, адам, уақыт шындықтарынан сыр шертеді, шешендік өнер іірімдеріне бойлап, талант табигатына, сөз сазы мен қуатын, оны жасаушы Адам құдіретіне зор маңыз береді. Адам – қоғам байлығы, мәнгілік өнер иесі, қымбат қазына ретінде бағаланады. Мұның өзі Ата Занның адам мен оның өміріне қатысты құқыктарымен тамырласып, үндесіп жатқаны анық. Шешендік өнердің, сөз асылының кешеден бүгінге жеткен тағылымдарының бірі – осы.

Атап өтер жайт: автор Төле бидің адамдық әлемін, қоғамдағы орнын, қайраткерлік-саясаткерлік сипаты мен шешендік өнер тарихындағы үлес-салмағын әдеби-тарихи түрғыдан терен қарастырып, ғылыми-энциклопедиялық деректер береді, ұлттық-рухани мәселелерге көніл бөледі. Жалпы, қазақ фольклористикасының маңызды мәселелері, бишешендер мұрасына қамкорлық, оның байыры өкілдері өнерінін тағылымды тұстарын үлгі-өнеге тұту т.т. тақырыптар да тиісінше сөз етіліп отырады.

Ұлттық сөз өнері тарихында Б.Әлменұлының шешендік сөздері

айрыкша орынды иемденеді. Кітаптың “Бөлтірік шешенниң әдеби мұрасы” атты 4-тарауында билер дәуірі әдебиетіндегі шешендік өнер табиғаты, ұлттық-рухани әлеміндегі орны, ғылыми және әлеуметтік-мәдени қызметтері кеңінен қарастырылады. Автор Бөлтірік шешенниң өмірбаян беттеріне, ол туралы деректерге дең қоюы маңызды шықкан дер едік: “Бөлтірік шешенниң дүниеге келгеніне үш ғасырдың жүзі болды, – деп жазады автор: – Соған қарамастан оның сөздері елжадында күні бүгінге дейін анық та айқын қалпында сақталған. Олай болатын себебі – алдымен шешенниң әр сөзінің өмірлік мәні жоғары, терең мағыналы әрі жүйелі ойға негізделгенінде болса керек. Екіншіден, шешен сөзіндегі мұндай терең ой кісі қекейінде қонымдылығымен, дәлелдігімен, иландыру, сендеру, көндіру қуатымен, сондай-ак жанды баурап, сезімді билейтін ұлттық бояу, нақышқа бай суреттілігімен дараланады. Көрсетілген ерекшеліктер Бөлтірік шешенниң сөздерінде әр қырынан ашылып, шешендік өнердің бір-біріне жарығын түсіріп, бірін-бірі нұрландырып тұратын көркемдік бейнелеу құралдарымен ұштасып, сабактасып жатады” (136-бет).

Кітапта Бөлтірік шешенниң әдеби мұрасы айтылу максат-мұраттарына қарай: ділмар, билік, нақыл сөздер болып жүйеленеді (137-бет). Автор ділмар сез туралы: “... тұрмыс-тіршіліктің түрлі саласында сан алуан шиеленісті жағдайларда, ақылдың алғырлығы, сананың саралығы сынға тұсken тұстарда оның ұшқырлығы, тілдің өткірлігі нәтижесінде қыннан қысып туады” деп (138-бет) шағын көлемдігін, бай мазмұн, терең мағыналылығын, ондағы сез сазын, қуатын, қадір-қасиеттерін белекше атайды (138-бет).

Сондай-ак кітапта Бөлтірік шешенниң “Аппак сақал қаранғы тұнде айдай көрінеді”, “Ұры-қары деген атақ қалыпты”, “Төре баласы мен түйе ботасы”, “Сөздің көркі мақал-ды”, “Хан баласына бата”, “Қырғыз-қазактың байлық айтысқаны” секілді жекелеген сөздері көп мағына берудің үлгісі ретінде еске алынса (145-бет), “Арғымак атта жал болмас” сөзінің мазмұн-мәні құнделікті өмір-тұрмыстың шағын оқиғасына негізделген (139-бет). Ал “Өзін талап, күшігіне тістеттің”, “Лақтаған ешкі артық”, “Сыпатай батырдың құны”, “Сыпатай батырдың жөнге тоқтауы”, “Тентек төртеу болғанда”, “Даудын түбін қыз бекітеді”, “Құдайдың езі онғарар”, “Қара бұлақ сезі” т.т. билік, шешендік сөздерде дау желісі, шешімі, ең негізгісі Б.Әлменұлының азаматтық, адамгершілік келбеті, халықтың дәстүрлі, даналық үлгі-өрнектерге дең қою негізінде Бөлтірік шешенниң әдеби мұрасындағы басты белгі, ерекшеліктерді әдеби-тарихи тұрғыдан терең талдайды. Көркемдік, тілдік-стильдік құбылыстарына, шешендік өнер сипатына да байыпты, түйінді тұжырымдар жасайды.

Бөлтірік шешен сөздерінің адамгершілік нысанасы, ақыл-нақылдық мәні, құрылым-жүйесі, сондай-ак білім мен бірлік, жақсы-

жаман жөніндегі ойларынынан да терен танылады. Тіл өнерінің кадір-қасиеті: “Бәрінен де сол дұрыс”, “Басқа бәле – тілден”, “Сөз мәнісі”, “Орынсыз болса, сөзің жау тартады”, “Тұз сөздің де дәмін кіргізеді” секілді сөз мәдениеті мен сөйлеу әдебін жан-жакты танытатын тағылымдық туындылардан көрінеді. Автор осы тұстарда да шешен сөздерінің мұрат-міндеттеріне, мағына-мәніне теренен үніледі. Әсіресе даналық, қанатты сөздерінің қуат-нәріне ерекше мән беру арқылы ұлттық-тарихи дамуымызға, көне мәдениет күәларына, би-шешендер өнегесіне зор маңыз береді. Шешендік сөздер – халық мұрасы, ел әдебиетінің үздік үлгісі, оны жинау, зерттеу, бастыру ісі қашанда кәделі міндеттер болып кала беретіндігін баса көрсетеді.

Бөлтірік шешен мұрасындағы ой мен сез жүйесіне, көркемдік құрылымдарына қатысты ізденіс, зерттеуден терен таным, мәнді ой-тұжырым, дәйекті салыстырулар жи ұшырасады. Бұл бағыттағы автор ойлары мәнді, салыстырулары салмакты, түйін-тұжырымы нәрлі де дәйекті: “Шешендік өнер туындысы үшін ойдың терендігі мен дәлелдігі, анықтығы мен айқындығы қандай маңызды болса, сөздің сұлулығы мен бейнелігі де сондай мәнді. Бөлтірік сөздерінің басты қуаты ойдың терендігінде, ойлаудың жүйелігінде екендігінде дау жоқ, сонымен бірге терен ой мен жүйелі ойлаудың кадір-қасиеті оның суреттілігі мен бейнелігінде жатканы да рас. Шешен айткан сөздің кай-кайсында да ішкі нәр мен сыртқы әр тас бұлактың сұындағы сылдыраған бірөңкей мәлдір келісіммен жарасады. Бұл орайда, көркемдік бейнелеу құралдарының байлығы, жай емес, эстетикалық ажары ашық, нағыз баянды байлығы айырықша сән-салтанатымен көзге туседі” (193-бет).

Автор шешен сөздерінің көркемдік жүйесіне, эстетикалық қызыметіне, бейнелілік-суреттілік мәселелеріне де ерекше назар аударады. Бұл ретте ауыстыру, егіздеу, кайталау секілді тәсілдерге арнағы мән беріп, теренен толғап, талдайды. Бөлтірік шешен сөздерінің, көркемдік-бейнелеу құралдарының түр-түсіне, құрылымы жағынан алуан түрлігіне маңыз береді. Сол арқылы дарын даралығына, шешен таланттына, ой-сезім жүйесіне, бейнелілік мәселелеріне нактылы тоқтап, байыпты саралайды. Ой түйінің: “Шешеннің жекелеген сөзінде де, жалпы өнерпаздық өнегесінде де ерекше жарқырап көрінетін басты үш көркемдік-эстетикалық ерекшелік бар. Оның бірі – терендік. Танымның, ой мен сөздің айқындығы. Осы екі ерекшелікті өзара тұтастырып, асқан келісіммен үйлестіріп тұрган және бір ерекше өлшем бар. Ол – жүйелілік. Тағы да сол танымның, ой мен сөздің жүйелілігі. Терендік. Айқындық. Жүйелілік. Бөлтірік шешеннің өнері мен өнегесі осы үш өлшемге негізделген”, – деп білдіреді (204-бет).

Кітап соңында берілген арнаулы курс аясында орындалатын бакылау жұмыстарының такырыптары, қазақ шешендік өнері мен оның екілдері

(Анахарсис, Бөлтірік т.б.) хақындағы тапсырмалар, тест сұрақтарының үлгі-өрнектері күрьым-мазмұнымен ерекшеленеді әрі теориялық-практикалық түрғыдан мәнді, танымдық-тәрбиелік жағынан да құнды, салмақты шыққан. Тегінде, атальмыш еңбек окулық бағытында болған соң қазак би-шешендері туралы өміrbаяндық деректер, әдебиеттер көрсеткіші, кезең шындығын айшыктай түсерлік әралуан сурет-өрнектер де орын алғанда кеше мен бүгіннің табиги желісі жалғаса, нұрлана түсер еді. Бұдан жалпы жүртшылықпен бірге оқушы-студент жастардың да сөз қуатын, сазын сезінуі артып, би-шешендер шығармашылығына деген көзқарастары, ізденіс арналары, дүниетаным ірімдер кемелдене, терендей түсері және анық еді.

Жалпы, Ж.Дәдебаевтың “Бөлтірік Элменұлы және қазак шешендерінің” атты кітабы ізденістері мол, әдеби-ғылыми сипат, тағылымы терен, дерек-дәйегі мен таныл-талдау мәнері де айқын, бедерлігімен маңызды.

Ж. Дәдебаев кейінгі жылдары ұлт руханиятына – “Жазушы еңбегі” (2001), “Атынан айналайын” (2002), “Қазіргі казак әдебиеті” (2002) т.т. тарихи-танымдық маңызы жоғары оқу-ғылыми шығармашылық жұмысқа қажетті кітаптарын қалың қөпшілікке тарту етті.

Бұл еңбектерге тән ортақ белгі-ерекшеліктер – ұлттық тарихқа, әдеби-мәдени мұраға, арғы-бергі кезендерде өмір сүрген тұғырлы тұлғалардың өмірі мен қызметіне, шығармашылық мұра-мирастарына катысты көзқарас, зерттеу жүйесі бүгінгі уақыттың талап-тынысына сай сөз етіледі. Қысқа кайырып айтсақ, “Жазушы еңбегі” – казак әдебиеттанду ғылымының қөкейкесті мәселелерін, әдеби шығармашылық процестің түйінді түстарын, қаламгердің өмір, өнер шындығын суреттеу сәтіндегі ізденіс, көзқарастарын кең көлемде қарастырса, “Атынан айналайын” – Тараз тарихы туралы толғам-толғаныстардан, елбасылар мен колбасылар, билер мен шешендер, ақындар мен жыраулардың өмірі мен кезең, қызметтері ҳақындағы зерттеулерден тұрады. Ал “Талас аңыздары” туралы автор төмөндегіше жазады:

“Әулие ата – өте ерте заманнан бері адам баласының құт мекені болып келе жатқан өлкे. Қаратудың жақпар тастарына ежелгі дәүір адамдары жазған жазуладар мен салған суреттер, археологиялық қазба жұмыстарының нағыларынан өткізгендегі өнірде біздің дәүірімізге дейінгі VI–I ғасырларда мал шаруашылығы, аңшылық кәсіп, колөнері кеңінен дамығандығын көрсетеді. Көн заман тұрғындары Қаратай койнауынан түрлі асыл тастар алдып, оларды өз тұрмыстарында кеңінен колданған. Олар заманымыздың екінші ғасырында алтыннан түрлі әшекей бұйымдар жасай білген. Түрік қағанаты дәүірінде хан үйінің сүйегі, үй бұйымдары алтыннан жасалып, алтынмен апталғаны, үй үстінің асыл матамен жабылғаны туралы көз көргендердің жазбалары бүгінге дейін жетіл отыр. Бүгінде Талас өлкесінде аныз берін топырақ жамылдық көп

ғасырлық тарихы бар екі жүзден астам қала жатыр. Олардын тарихы, өмір-тіршілігі туралы материалдық мәдениет ескерткіштерінің айтар сыры аз емес. Талас өлкесінің жер, су аттарына байланысты ерте заманнан бері ел жадында сакталып келе жатқан аныз, әпсаналар да мол. Олардың көпшілігі біздің ғасырымыздан бұрынғы кезендерде баспасөз бетінде жарияланған да болатын. Талас өлкесінде туып, жат жерге тараған, шет елдерде хатқа түсken аныздар да бар. Сондай аныздардың бірі “Ай – Атам“ деп аталады. Аныз бойынша, Қаратаяу койнауындағы бір анғарды топан су басып, кейін су қайтқанда, анғар топыракка толып қалады. Анғар адам бейнесі пішіндес екен. Күннің қызы мен саулесі адам пішіндес топырақ мүсінге жан береді. Сейтіп, адам пішіндес топырақ мүсін адамның өзіне айналады. Ол Ай – Атам деп аталады. Ай – Атам Қаратауда 120 жыл өмір сүреді. Түркі халықтарының түп атасы осы Ай – Атам деседі.

Аныз түрік ғалымы П.Н.Баратовтың 1954 жылы 27 тамызда Кембридж қаласында өткен шығыстанушылардың XXII халықаралық конгресінде жасалған баяндамасында айтылған. Аныз XIV ғасырда Египетте айтылып жүрген болса керек. Оның түп негізі IX ғасырдағы араб әдеби ескерткіштерінде жатыр.

Аталған аныздың бір өзі ғана ғылыми және практикалық түрғыда маңызы жоғары ізденістерге толық тиек бола аларында сөз жоқ. Ал Талас өлкесінің жер, су аттары төңірегіндең аныздарды түгел жинап, бір жүйеге түсіру, олардың құрылым-жүйесін, тарихқа қатынасын анықтау – өз алдына мәдени-әлеуметтік маңызы жоғары ірі ғылыми мәселе болып табылады (“Алматы ақшамы”, 1994, 26 казан).

Демек, Ж.Дәдебаевтың бұл еңбектері – ұлт мұратын, халық мұрасын, өмір-уақыт таңбасын, адам мен оның еңбегін жан-жақты сөз етуімен мәнді.

Негізінен алғанда, ұстаз-ғалым Ж.Дәдебаевтың ізденіс-еңбектері тұған халқының өткен тарихын, тағдыр-талайын әр қырынан сөз етіп, ел мұраты мен азаттық, тәндік жолында жаңын жалау өткен тұғырылы тұлғалардың орын-үлестерін айқындалап, кейінгі ұрпак-буындарға үлгі-ғибрат етіледі.

Бұл – бір.

Екіншіден, қайсыбір такырып, мәселелер аргы-бергі үлгі-нұсқалармен салыстырылады, қажетті әдебиеттер, дерек-құжаттар қатар көрсетіліп, өмір-уақыт сырлары көркем, жүйелі, жатық жеткізіледі.

Үшіншіден, ежелгі мәдениет куәлары, әулие ата-бабалар, би-шешендер, халық өнерпаздары т.б. өмір-уақыт шындықтары мен бүтінгі күннің талап-талғамы тұрғысынан қарастырылып, тарихи-ұлттық сипаттарына, танымдық-тәрбиелік мұрат-міндеттеріне маңыз беріледі.

Ен негізгісі, профессор Ж.Дәдебаев қазақ сөз өнерінің құпия-сырларына қанық, тарихи-көркем шығармалар табиғатын тамыршыдай

тап басып танып-талдайды, ондағы өмір-уакыт ақиқаттарын әдебиет теориясының талаптары мен тарихи-руханияттық категорияларға, көркемдік танымдар жүйесіне сай саралап, өзіндік ізденістері тарапынан дерек-дәйектер арқылы дамытып, көзқарас-толғамдарын батыл да еркін жеткізе алатыны айқын анғарылады. Осының негізінде көркем-тарихи туындылардағы – сез бен саз ажырамастай бірлік-үйлесім тауып, ізденіс нағызелері, зейінді зерттеу сыйны мен сымбатын бұзбастан, қалың көптің рухани талап-талғамы деңгейінен шығып отырады.

Асылы, рухани мұра-мирастарымен де қалың көпшіліктің қажетін етеу – азаматтық қарыз-парыздың бір өлшемі емес пе?

Сонымен, жоғарыда бірде шолу, енді бірде қысқа, нұскалы үлгіде танып-талдаған еңбек-мұралардың авторы – профессор Ж.Дәдебаев азамат-қайраткер ретінде де қалың көпке сыйлы, жас буын – студенттердің білікті жетекшісі, қамкоры екендігін еске алғымыз келеді. Бұл күнде ол – әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеттінің проректоры ретінде еңбек-өмір тәжірибелерін, дарын-таланттын, талғам-таразысын ұжымның қоғамдық-элеуметтік ахуалын тұракты сақтауға, оқу-ғылым жүйесін талапқа сай үйымдастыру ісіне арнап келеді. Атап айтқанда, факультет жетекшісі ретінде Республика деңгейінде өтетін даталы күндер мен ұлттық мақтаныштарымыз – Абай, Жамбыл, М.Әуезов т.б. мерейтойлары, әр түрлі тақырыптардағы ғылыми-теориялық конференциялар ұжым мен студент жастар ортасында бар қырынан жарқырай көрініс табады. Университеттің М.О.Әуезов атындағы Әдеби бірлестігіне, М.Әуезов, К.Аханов т.б. атаулы аудиторияларға жекелеген тұлғалардың (әл-Фараби, Абай, Жамбыл, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы, Б.Момышұлы т.б.) бейне-мұсіндері көрнекті жерлерден орын алуына да бірден-бір үйіткы болуын факультеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен студент-жастары, аспирант-ізденушілер мақтанышпен еске алады, үлгі-ғибрат тұтады...

Ендеше, екі жиырма беске азаматтық-қайраткерлік қырлары мен әдеби-ғылыми еңбектері арқылы толайым табыспен келген әдебиет зерттеушісі, профессор Ж.Дәдебаевқа – Адамтану университеттіндегі еңбегінің жемісті, өмір-тұрмысының мәнді болып, арман-ансарына самғай берініз, жарық-нұрынызды, жан шуағынызды да төнірегінізге молынан түсірініз дейміз. Өйткені жаксыдан – шарапат...

Адамды біліп-бағалау – қылнның қыны. Осы реттен алғанда, Абай айтқан асыл сөздерде өмір тәжірибесі, таңбасы, шындық сырлары мол:

– Атымды адам койған соң, қайтіп надан болайын;

– Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, калайша бітіргендігінен емес;

– Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек...

Бұл жайларды еске алғандағы мақсат – жақын журіп, емен-жарқын араласып, кездескен тұстарда анық көз жеткені:

Ж.Дәдебаевтың адамдық сапасы, үлгі-өнегелік қырлары – ақыл-парасаттан, нұрлы жүректен, мейірім шуағынан тұрады;

– Ж.Дәдебаевтың білім-ғылымнан жиған-тергені – дерек-дәйегі мол, көркемдік құпияларына қанық, танымдық-тәгілымдық қырлары әсерлі болып келеді;

– Ж.Дәдебаевтың адамдық қырлары, жүрек-көңіл нұры, мінез байлығы – үлкен-кішіні өзіне баурап, кездесу-сырласуға тартып тұрады. Кешеден жеткен: “Білім мен даналық – адам көркі” (Ә.Наян), “Ғылым – іштегі нұр, Өнер – сыртқа салынған тұр” (Т.Ізтілеуов) екені де осы реттен еске түседі.

Демек, Ж.Дәдебаевтың ғалымдық-кайраткерлік қырлары – білім-ғылым ісімен нұрланып, ақыл-парасатпен асқақтап, сез сазымен, сырsezіммен тұтасып өзгеше өрнек, көркем келісім құрайды.

Адам мұратының биік шыны, шындық сырлары осыған келіп саяды.

СЫН МЕН ШЫН

Ұлттық сөз өнерінің байырғы һәм іргелі салалары – тарихы мен теориясы, сыны казіргі кезенде де өзекті болып табылады. Әдебиеттің үштағаны аталған бұл салалары көне кезеңдерден бүгінгі таңға дейін алуан ізденістермен байып, дерек пен дәйектермен толығып, көркемдік-эстетикалық қуаты артып, басты мұраты – адам, оның өмірі мен еңбегін аялау мен бағалау, рухани нәр сыйлау сынды абырайлы міндеттерін адал атқару жолында биік бел-белестерге көтеріліп, кен өріс, арналы ағыспен ілгерілеп келеді. Көне кезеңдерден бастау алып, бай дәстүр, терең тарих, тағылымды үрдістерімен жүйелі дамып келе жатқан – қазак әдебиеті казіргі кезенде де арналы ағысты аға буынның өнегелі жолы мен өрнекті істеріне адалдық танытып, ар ісі мен талант қуатын катар үштап, даму үстінде екенін айтуда болады. Әдебиет үштағаны – тарихы мен теориясы һәм сыны жаңа уақыт талаптарына сай эсемдік әлемі мен сырлы сипаттарын бар қырынан жарқыратып, кен өрісті көкжектерімен, көркемдік-эстетикалық қуатымен қалың көпшілікке нәр сыйлауда екенін де жокка шығаруға болмас еді.

Жасыратыны жок, БАҚ жүйесінде әдебиетке, оның жетекші жанры – әдеби сынды жокқа шығару бағытындағы негізсіз һәм салмақсыз, салқын да сүренсіз көніл-күйдегі керегар көзқарастар, келенсіз жайттар сирек те болса бой көрсетіп калады. – Әдебиет жок. Сын болған емес, – дейтіндердің де «дауысы» еміс-еміс естіледі. Біздіңше, ежелгі дәүірдің жәдігерлерін, акын-жыраулар мен би-шешендердің улгі-өнегесін, сондай-ақ семсер сөзді – Махамбет, ақылдың кені – Абай, жыр жүлдзызы – Жамбылдан жеткен – ұлы сөзді жокқа шығару: берісі – барды бағаламау, арысы, әрине, таным тайыздығы мен тоғышарлыққа келіп саяды. Ұлттың ұлы байлыктарының бірі, кымбат қазынамыз – сөз өнерінің қасиеті мен құдіретін, сырлы мен сымбатын, көркемдік-рухани қуатын танып түсінбеуден туған керегар һәм келенсіз көріністерге толы сүренсіз жайттардың бірі.

Негізсіз сын мен керегар көзқарасқа қатысты мынаны айтуда болады:

- әлем картасында бар
- «тар жол, тайғақ кешуден» өткен
- тарихы мен дәстүрі бай
- әдеби-мәдени жәдігерлері мол казақ халқының рухани көкжиегі – сөз өнерінің жолы кен, келешегі кемел екеніне күмән жок. Өйткені ұлт бар жерде оның басты байлығы – сөз өнерінің болмауы мүмкін емес.

Сонымен, сөз өнеріндегі әдеби сынның болғаны белгілі әрі әдеби дамудағы арналы сала, басты бағыттардың бірі.

Сын мұратынан – ақықатты ту еткен, дәлел-дерекке табан тіреген,

һәм әдеби-теориялық түргыдан қуатты, сондай-ақ таным мен талғам тоғысқан, канатты ой мен серпінді сөз, тіл мен стиль сипаттары табиғи үйлесім тапқан шынайы шындық самаладай жарқырап, айқын да нақты көрініс табуы тиіс.

Сын – сөз өнерінің козғаушы күші, қуатты қару.

Ақиқатын айту керек, қазіргі кезеңде әдеби сынның байыпты бағдарламасы мен окулығы (Қәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынның тарихы. – 1994), жанрлық жүйесі мен теориялық мәселелеріне арналған зерттеу енбектері бар (Ысқақұлы Д. Сын жанрлары. 1999; Сын өнері. 2001 т.т.). Жекелеген ақын-жазушылардың сыншылдық сипаттарын сөз еткен арнайы кітап пен диссертациялар да әлденеше рет жазылды.

Сөз өнеріне әдеби сынның жалауын желбіретіп, осы бағытта алуан ізденис, іргелі енбектерімен үлкен үлес қосқан – М. Карагаев, С. Кирабаев, Т. Қәкішев, Р. Бердібай, Р. Нұргали, Т. Тоқбергенов, З. Серікқалиев, С. Жұмабек, Ж. Дәдебаев, К. Ергөбек т.б. көз бен көңілден таса ету – киянат болар еди.

Орайлы тұста айтарымыз, қазак әдебиетіндегі сынның табиғаты мен тарихын, қалыптасуы мен дамуын, өзіндік өзгешеліктерін жүйелі қарастыратын – әдебиеттанушы, профессор Дандаид Ысқақұлының осы бағыттағы енбектерін арнайы сөз етудін реті бар деп білеміз.

Профессор Д. Ысқақұлының ізденис, енбектеріне жіті ден қойсак, қазак әдебиеті тарихының белесті кезеңдеріне еркін еніп, ондағы коғамдық-әлеуметтік жағдайларды, ұлттық сөз өнерінің көрнекіті өкілдерінің өмірі мен шығармашылығын (мысалы, М.Әуезов, М.Жұмабаев, F.Mусірепов т.б.), әдеби сынның көркемдік-теориялық мәселелерін теренен толғап, ұлттық-тарихи, мәдени-рухани маңызын ашып, зерттеп-зеделеуге көп көңіл бөлөтіндігі айқын антарылады. Қайсыбір тақырып, мәселелерді байыпты барлап, артық-кем тұстарын саралап, оған кеше-бүгін катынасын, өзіндік көзқарастарын айқын білдіреді. Сын тұрғысынан қарап, саралайтын сәттері де мол.

Әдебиет зерттеушісі Д. Ысқақұлының ұлттық сөз өнерінің арғыбергі тарихы хакында – 300-ден астам мақалаларымен катар, бірыңғай сын саласына арналған көптеген кітаптар жазды («Әдебиет өрнектері», «Әдеби-көркем сын», «Сын шын болсын», «Сынсонар», «Сын жанрлары», «Сын сымбаты» т.т.).

Біздіңше, бұл енбектер әдеби сынның жанрлық-теориялық һәм ғылыми қырларын қарастырумен катар, оның табиғаты мен тарихын, көркемдік процестегі қызметі мен әдіс-тәсілдерін, әлеуметтік-эстетикалық мұраты мен шығармашылық сипаттарын басқа ғылым салаларымен бірлік, байланыста сөз етеді. Әдеби сынның коғамдағы, рухани өмірдегі орын-үлесін көзінде ашады. Әдебиеттің – козғаушы күші, оның даму жолындағы күретамыр екенін де жан-жақты көрсетеді.

Сын – тарих, өнер, шындық шырағы екенін де кеңінен қарастырады.

Професор Д. Ыскакұлының казак әдеби сын саласындағы зерттеулері арасынан – «Сын жанрлары» (Алматы: Санат, 1999) мен «Сын өнері» (Алматы: Қазақпарат, 2001) атты еңбектерін арнайы сез етудің бірнеше басымдық қырлары бар.

Алдымен, бұл еңбектер казак әдеби сынның – жанрлық жағынан жүйелеп, тарихи категория ретінде қарастырады. Әдеби сын үлгілерінің алғашкы казак баспасөз беттерінде орын алуынан бастап, шығармашылық портрет дengейіне дейінгі эволюциялық жолын жүйелі, нақтылыс сез етеді.

Келесі кезекте, үлттық әдеби сынның теориялық мәселелері (элеуметтік-публицистикалық, әдеби-ғылыми, шығармашылық-проблемалық, тарихи-идеялық), жанрлық жүйесі мен басқа ғылым салаларымен байланысы кең көлемде қарастырылады. Бастысы, әрине, сын – әдебиеттің кұрамдас бөлігі, қозғаушы һәм басты нысаны, сапалық белгілерінің бірі. Мұның бәрі, сөз жоқ, казак әдебиетінің іргелі саласы – сын мұратын, өзіндік өзгешеліктерін жан-жакты сез етуімен ерекшеленеді.

Әдебиеттанушы Д. Ыскакұлының «Сын жанрлары» атты еңбегі – «Жанр туралы» деген макаламен ашылады. Алғашкы тұста-ак автор: «Сөз өнері ғылымындағы жанр мәселесі – аса күрделі проблемалардың бірі. Сондыктан да сын жанрларын әңгіме етпестен бүрін жалпы жанр мәселесінің жай-куйіне токтала кеткен жөн. Әлемдік әдебиеттану ғылымының тарихында жанр туралы түрлі кездерде айтылған пікірлерді Аристотельден бастап кездестіреміз. Бұларда жанр сипатын әр түрлі қырынан әңгімелеп, табиғатын аша түсүшілік бар. Солай бола тұrsa да, «жанр дегеніміз не?», «оны жіктеудің шарттары» деген сиякты негізгі сауалдарға жауап іздегендеге басы ашылмаған киындықтар туындаиды: оларды шешудің түрлі жолдары ұсынылып отырған», – деп (3-бет) жанр табиғатын ашуға, ондағы түйінді тұстарға ден кояды. Аристотельден бастап В.Г. Белинский, М. Бахтин, Д. С. Лихачев, Б. Томашевский, Ю. Тынянов, Л. Г. Абрамович еңбектері, сондай-ак А. Байтұрсынов, К. Жұмалиев, М. Қаратаев, З. Қабдолов, С. Қирабаев, Т. Қекішев, Т. Қожакеев, Р. Нұргали т.б. әдеби сын туралы ой-пікірлері кеңінен орын алады. Қазак баспасөзіндегі («Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Айқап», «Қазақ» т.т.) әдеби сын үлгілері орынды еске алынады. Әдеби сындағы негіzsіз, ұранышыл бағыттар, ақын-жазушылар төнірегіндегі артық-кем тұстар, жалпылама айтылған «тізім-көрсеткіштер» де басты назарда болады. Қысқасы, бұл бағыттағы ізденіс іздері, көзкарас жүйесі, зерттеу нысаны төмөндегіше түзіліс құрайды:

«Әдеби сынның жанрлық жүйесін айқындау оның сан сипатты табиғатынан туындаиды. Сол себепті де оған бір ғана әдеби не публицистикалық принциппен, өлшеммен келуге болмайды. Сынның жанрларын анықтағанда, оның көркемдік сипаты әдеби принципті

кажет етсе, публицистикалық табиғаты публицистикалық, ғылымилығы ғылыми қолдануды міндеттейді. Осы тұрғыдан сын жанрларын алдымен әдеби, публицистикалық, философиялық деп жіктеуге болады. Сынның көркем жанрлары әдебиеттің тегі (род), түрі (вид) жағынан эссе, пародия, эпиграмма, памфлет т.б. болып бөлінеді. Сын жанрларын іштей шартты тұрде қарасөзбен (рецензия, шолу, эссе, шығармашылық портрет т.б.) және өлең сөзбен (эпиграмма, пародия) жазылған деп бөлуге келеді. Публицистикалық жанрларға әдеби хабар, аннотация, рецензия, мақала, шолу, творчестволық портрет, әдеби фельетон, әдеби очерк, әдеби есеп т.б. жатады. Ұлардың тағы да хабар (әдеби хабар, аннотация), талдау (рецензия, мақала, шолу, шығармашылық портрет), әдеби-публицистикалық (әдеби фельетон, әдеби памфлет, әдеби очерк т.б.) жанрлары деп жіктеуге болады» (14-бет), «Сын жанрларын айқындаудың басты белгілерінің бірі – оның зерттеу объектісі. Әдеби-сын қарастыратын негізгі объектілер – шығарма, жазушы, әдеби процесс. Осы үш түрлі объектіге орай, соларға сәйкес келетін рецензия, шығармашылық портрет, мақала жанрлары қалыптасқан. Сынның басқа жанрлары негізінен осы үшеуінің төнірегінде топталғандай, осылардың түрліші жағдайдағы көріністері іспеттес. Зерттеу объектісі аннотацияда, рецензияда, пародияда – біреу. Ол – жекелеген шығарма, кітап. Творчестволық портрет, эпиграмма, әдеби фельетон, эссе сияқты сын жанрларының негізгі объектісі – жекелеген қаламгер. Ал мақала, шолу, әдеби памфлет, әдеби есеп т.б. негізінен әдеби өмірдің өзекті мәселелеріне арналады. Демек, сын мақалаларының қамту аумағы да олардың жанрлық ерекшеліктерін аныктай түсуге көмектесетін өлшемдердің бірі екен» (15-бет).

Кітап авторы қазақ әдеби сыны, оның зерттелуі жайлы сөз еткен соң, шағын жанрларға кезек береді. Олардың қатарына: әдеби хабар, аннотация, рецензия, мақала, шығармашылық портрет, әдеби шолу, эссе т.т. жатқызды. Олардың әрбіріне жеке тоқталып, дәйек-дерекпен дамытып, тиісті тұстарда талдалап, қажетті жерде аныктамасын беріп, түйіндер жасап отырады.

Сондай-ак сынның сатириалық түрлері (пародия, фельетон, эпиграмма т.т.), жанрлық жүйесі (әдеби есеп, сұхбат т.т.) арнағы қарастырылып, өзіндік белгі-ерекшеліктеріне кен орын беріледі. Мұның бәрі, сөз жок, қазақ әдеби сынының даму бағыт-бағдары мен басты мәселелерімен бірлікте қарастырылады. Әдеби үрдістің тыныс-тамырымен байланыста өріс алады.

Кітап авторының: «Қазіргі қазақ әдеби сынында памфлет жанры колданылмайды десе де болғандай. Памфлет көбіне саяси, идеологиялық мақсатта жазылатындықтан да, кенестік кезеңде социалистік әдебиеттің таптық жауларына карсы курес міндеттін одактық әдеби сын аткарып, казақ әдебиеті үшін памфлет жанралық практикалық

қажеттілігі шамалы болды», «Ал академиялық пікір – академиялық басылымдарға, ғылыми жинақтарға жазылатын ғылыми пікір. Баспадан шығар алдында кітаптарға жазылатын жабық пікірлердің де сыншылық сипаты айқын. Бұлардың негізгі мақсаты кітаптың ғылыми түрғыдан қашалықты құнды, оқырманга қажетті екендігін аныктап, оның болашақ тарихын айқындау: кітап не басылып шығады, не басылуға жарамсыз деп табылады: енбек жоғары дәрежелерге, мәртебелерге ұсынылып, жүлдізы жаңып жатуы мүмкін. Академиялық пікірлерді ғалым-әдебиетшілер жазады, сонымен бірге оның аудиториясы да тар: тиісті мамандарға ғана арналады. Сонымен бірге көбіне жабық түрде болатындығы – басты ерекшелігі. Академиялық пікірді рецензияның ғылыми сипатты бір түрі деп санауға болады» (272-бет), «Әдеби есептер әдетте әдеби өмірдегі маңызды жиындардан жазылады. Қазак баспасөзі беттерінде түрлі әдеби талқылаулардан, жыл корытындыларынан, жазушылардың құрылтайынан есептер жарияланып келеді. Есеп екі түрлі келеді. Бірі өте қыска түрде не мәселе қаралғанын, кімдердің сейлекенін ғана қамтып, оқырмандарға оқиғаның болғанын хабардар ету мақсатын көздейді, реесмилік танытады. Ал кенеңтілген түрі көлемділеу жазылып, көтерілген негізгі проблемаларды кенірек қамтып таныстыруды, ой қозғауды алға кояды. Мұнда автордың жиынның қалай өткені, айтылған мәселелерге деген көзқарасы көрінеді. Ол бұл үшін талдау, жинақтау сиякты зерттеу әдістерін қолданып, сыншылық пікірлер білдіреді», – деген (281-бет) жекелеген жанрлар жөніндегі ой-пікірлері әдеби сынмен, оның даму бағыттарымен байланыста кен өріс алады. Сын мұраты, табиғаты мен тарихы да жан-жакты ашылады.

Негізінен «Сын жанрлары»:

- қазак әдебиеті мен баспасөзіндегі әдеби сын табиғатын, оның түрлері мен әдіс-тәсілдерін, көркемдік қызметін, өзіндік өзгешеліктерін кенінен қарастыруымен құнды:
- әдеби сындағы бағыт-арналар, шығармашылық процесс сипаттары жан-жакты ашылады:
- әдеби сынның жанрлары мен түрлері қазак баспасөзінің қалыптасу мен даму бел-белестерімен байланыста сөз болады:
- әдеби сынның жанрлық белгілері БАҚ жүйесі материалдарымен, зерттеу еңбектер табиғатымен телқабыс өріс алады:
- сынның сатиравылық сипаттары баспасөз беттеріндегі – «Кожанасыр қоржыны», «Тура би трибунасы» сынды арнайы бұрыш-мүйістер материалдарымен байытылып, өзіндік белгі-ерекшеліктері айқын да накты көрсетіледі.

Зерттеуші Д. Ыскакұлының «Сын өнері» атты енбекі әдеби сынның теориялық мәселелерін ғылыми түрғыдан қарастырады. Басты мұраты мен негізгі принциптері, әдеби дамудағы орын-үлесі, көркемдік-эстетикалық құндылықтары, өзіндік сыр-сипаттар көруі әдеби-сын-

шылық ой-пікірлердің жаңаша қарқынмен дамуына түрткі болды. Әсіресе Абайдың, Мағжанның шығармашылығы жайлы таластар шын мәніндегі профессионалдыңның қалыптасып, өріс алудың үйіткі жасады. Мысалы, кезінде М. Жұмабаевтың шығармашылық сипаты, бағыты төнірегінде түрлі даулар дуылдаған тұрган кезде жазылған «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласы қазак әдеби сынның биік үлгісіне айналды. Әдебиетте түрлі ағымдар, бағыттар пайда болып, тарау-тарау жолдармен дамыған тұстарда оған шырылдаған жүріп тұра жолды көрсеткенде де – осы әдеби сын», – деп жазады (13-бет). Ал әдеби сынның ғылыми қырлары хакында: «... Әдебиеттің сынны мен ғылымының ұқастық жактары олардың зерттеу объектілерінің бірлігінен, адресінен – оқырманға бағышталғандығынан, әдіснамалық неізі мен зерттеу әдістерінің ортақтығынан, ойлау ерекшелігі жазу мәнері жағынан да көрінеді екен. Әдеби сынның ғылымилық сипаты әдебиеттану ғылымымен байланыстырылғындаған емес, бүкіл коғамдық ғылымдармен катыстырылғынан да көрінеді. Әдеби шығарма коғамдық өмірдің көркемдік көрінісі болса, сол өмір шындығының қалайша көркемдік сипатқа ие болғандығын анықтауға тек әдебиеттану ғылымының шамасы келе бермеуі мүмкін. Әлеуметтік өмірдің сансаласын түрлі қырларынан зерттейтін тіл білімі, тарих, этнография, философия, зан, экономика, психология, педагогика, этика, эстетика сияқты ғылым тарауларымен де әдеби сын тікелей байланысты болады», – деп түйін түйеді (21–22-бет).

Сондай-ақ сын мұраты туралы: «... әдеби сын дегеніміз көркем әдебиет, оның ғылымы мен журналистиканың тоғысқан түйінінде пайда болып, құнделікті әдеби процесті зерттейтін, оның жетістіктері мен кемешіліктерін сарапал баға беретін, оқырманның дұрыс түсінуіне көмектесетін, рухани әлем аясында қызмет атқаратын әдеби, ғылыми, публицистикалық, әлеуметтік сипатты шығармашылық түрі; коғамдық сананың бір саласы; көркем әдебиет жайлы дәүір үні. Әдеби сынның басты мақсаты – әдеби процесте болып жатқан жаңалықтарды дер кезінде бағалап, оқырмандарға түсіндіріп отыру», – деп байыпты байlam жасайды (31-бет).

Біздінше, бұл айтылған жайттар: қазак әдеби сынның даму бағыттарынан айқындаиды; әдеби сынның козгаушы һәм куатты қару екенін көнінен көрсетеді; сын мұраты – ақыкат пен дамудан, шындық шырағынан тұратынын жан-жакты ашады.

Негізінен қазак әдеби сынның табиғаты мен тарихын қарастыратын – «Сын жанrlары» мен «Сын өнері» атты зерттеу енбектері ізденіс іздері мол, дәйек-дерегі көп һәм биік талғам мен терең талдауларға негізделуімен мәнді.

Бұл белгі-ерекшеліктер әдебиеттанушы Д. Ысқақұлының зерттеу жүйесінің негізін құрайды.

СЫР МЕН СЕЗІМ

Ақын әлемі, оның құдірет-қуپиясы хақында арғы-бергі кезендерде өмір сүрген, өлең-өнер мұратын танып-түстеген зиялды әлеует һәм оқымыстылардың бәрі-баршасы айтқаны анық.

Өлеңді өнер, өмір мұраты, жан-жүрек сәулесі санағандардың бірі – Күләш Ахметова. Ақын туралы жазушы Ә.Кекілбаев былай деп жазады: «Ақын деген бақытты халық. Тәнірден өзімен жарысып, әлемді қайта жаратады. Тәнірден де асырып, жамандықты білмейтін, тек жаксылықтан ғана тұратын жаразтықты әлем жаратуға тырысады. Өлеңінде тірілген сондай ізгілік әлеміне өзі ғана ілігіп қоймай, өзгелерді де еліктіреді. Өлеңіндегі өмірдегідей әділетті, пәктілікті, адалдықты, рахымдылық пен мейірбандықты аңсатады. Оны аңсайтын адам өзі зұлым, нәмәрт, пасық бола алмайды. Сөйтіп, табиғат жаратқан, әлеумет жаратқан әлемге шын ақын, шын өлең мысқылдан болса да, жаксылық дарытып, жайдарыландыра түседі.

Күләш – сондай ақын. Күләштің қаламынан тек сондай ғана өлең туады. Оның өзінің де өнінде ылғи құлқі, көзінде нұр тұратыны сиякты, өлеңі де ылғи шуакты, мейірбан, биязы...

Күләштің жыры жүргегіне сондай жылы, сондай жакын... Бала кезінде, түсініктің емес, түйсіктің құшағындағы сәби кезінде естіген лебізіндей мейірлі...

Балғын кезінде баудын төрінде, жаратқанның өзінен басқа жан байкамас, онша жолығыста тіл байланып, діл сөйлейтін сиқыр сұхбатта естімесен де ұғып, айтылmasa да біліп, шалқып тұрып тыңдайтын жүрек лупіліндей сінімді...

Жігерін күм боп жүргенде жұлышына күш беріп, бойынды тіктер, кан түкіріп, қаһарына мініп келгенде, райдан қайтарар карындаас пейіліндей демеу сыр, жебеу жыр осы Күләштің кітаптарында көп кездеседі.

Алыс жүрсе де артындағы тәркінінің тілегін тілеп, үйде қалса да алыс жолға аттанып кеткен ағасының амандағын сұрап жудеген қалқатай жүректің лебіздерін естіп, жүйкең тыңайып, санан сауығады.

Ел мен Ер қадірін білетін, Бала мен Бақыт қадірін білетін ана мейірдің, жар пейілдің, қарындаас төзімнің құдіретін терең түйсінтіп, кемел ұқтырады.

Жырдағы азаматтық дегеніміз бара жатқанның артынан қиқулайтын, келе жатқанның алдынан қиқулайтын арпылдақтық та, жанай өткенмен жарыса арпылдайтын жарпылдақтық та емес екенін сырбаз ұғындырады, сипайы мойыннатады.

Кыз шіркін қылышымен, жыр шіркін жылышымен баурап алуы керек кой.

Күләш-жыр сонысымен қымбат.

Күләш ақын сонысымен қадірлі». (Кітапта: Ахметова К. Күн

шыкканда күліп оян. Алғы сөз: Жебеу жырлар. – Алматы: Ана тілі, 1996. 5–8-беттер).

Ақындық өнердің өзіндік өзгешеліктері, көркемдік һәм рухани мұраттары мен сыр-сипаттарты да мол. Осы реттен келгенде, поэзия патшалығында өз орны бар, өлең өлкесінде көзқарасы мен қолтанбасы айқын К.Ахметованың оннан астам жыр жинақтары бар: «Ақ гүлім менің» (1975), «Сен менің бақытымсың» (1977), «Жапырақ – жаздың жүргегі» (1979), «Мейірім» (1981), «Бұлактағы жұлдыздар» (1982), «Жасыл жағалау» (1984), «Ләйлектер қайтып келгенде» (1985), «Арғымактар даласы» (1987), «Наурыз нұры» (1991), «Күн шыкканда күліп оян» (1996), «Өкініш әні» (орыс тілінде). – М., 1997 т.т.

Ақынға – «Сен менің бақытымсың» өлеңдер жинағы үшін Қазақстан Жастар одағы сыйлығы берілді (1978 ж.).

Ақын өлеңдері «туркі халықтарының тілдеріне аударылған, мектеп окулықтарына енген. Тәуелсіздіктің он жылдығына арналған республикалық жазба ақындар мүшэйрасының Бас жүлдегері...» (Қазақстан Жазушылары XX ғасыр. – А.: Ана тілі, 2004. 37-бет.).

Ақын шығармашылығына ден қойсак, ұлт мұратына, сөз өнеріне адалдық танытқан. Қоғам дамуын, өмір ағысын, уақыттынысын ерте сезінген, ой мен сөзге мән берген, сыр мен сезімнен тұтастық іздеген. Өмірге құштар, өнерге ғашық, өлеңге шын берілген К.Ахметованың қалам қуатынан, қолтаңба мәнери мен көзқарас эволюциясынан адалдық пен ақиқат жайттар, көркемдік пен терендік, игілік пен ізгілік синды белгі-ерекшеліктер терең танылады. Ақын К.Мырза-Әлі айтқандай: «Күләш Ахметова – көп ақынның бірі емес. Өз алдына бөлектеу тұрган сезіз қырлы, бір сырлы тұнғызық ақын. Жан-жагынан келіп қарауга уақытты болмай, бір қырынан ғана келдім. Бірақ соның өзін жеткізіп айта алдым ба?! Айта алмадым ба?! Білмедім. Анық көзім жеткен бірақ нәрсе – ол Күләштің нағыз ақын екендігі. Бірақ нағыз ақындар да әр түрлі болады. Мұн екінші біріне бауыр баспайды. Күләштің өз сөзімен айтқанда:

...Ақылды адамдардың жаны мұнды,
Аскар тау шындарынан кар кетпейді.

Кар жату үшін тау қандай биік болуға тиіс! Мұнды болу үшін ақындар да сондай парасатты болуға тиіс! Қызымыздың бала кезіндегі мұны ешқашанда шөкпеген. Өркештеніп өсіп отырған. Қызың мұны – келіншектің мұнына, ақынның мұнына шейін үнемі өсу үстінде болыпты» («Егемен Қазақстан», 2006, 25 сәуір).

Бұған қоса, әрине, акқұбаша келген талдырмаш қыздан, қауырсын канатты балауса жырдан – когамның даму бағыт-бағдары да, адам әлемі, өмірі мен еңбегі, азаматтық-адамгершілік касиеттері, жастық пен достық дастандары, көңіл мен жүрек сүзгісінен өткен ой мен сөздің

маржандары таңғы шықтай мөлдір, тау суындаі тұнық, сайын даланың ауасындаі таза болғандықтан кедергісіз, жылы әсер етеді. Әсерден туған әсемдік әлем көнілге түрлі ой салған, жүрекке жылы ұлаған өлең өлкесінің есігін К.Ахметова ақырын жүріп, еркін ашқан еді.

К.Ахметова Талас өніріндегі тау мен даланы еркін аралап, көзбен көріп, көнілге түйген көрініс-жайттарды өлең өріміне өрнекеп түсіре бастайды. Бұл мектеп қабырғасында жүргендеге өз ортасында «акын қызы» атанады. Оку ордасындағы әр алуан бас қосу, жиындарда ел мен жер, жастық пен достық тақырыптарындағы өлендерін оки бастайды. Айтыс ақыны ретінде де көпшілік алдына шыкканы бар. Ол туралы төмендегіше еске алады: «Бұл өнердің аса қыын екенін мойындаимын. Бір сырымды айтайын. Мен де айтыска қатысқанмын. Жамбылда облыстық үлкен айтыс өткен. Медучилищені бітірген жылым еді. Сол айтыста әділ қазылардың төрағасы болған Кенен ата: «Ат жакты, қыр мұрынды екенсін, жақсы ақын боларсың», – деп батасын беріп еді. Бірак бұл өнерді әрі қарай жалғастыруға жүрегім дауаламады. Әншілігім де жоқ. Айтпакшы, сол жолы 2-орынды иеленгем.

Қазір Ұлбике мен Сараның жүрек жұтқан сінлілері жулде алып жатқанда, өлеңін өзім айтқандай қуанам.

Өнер – рухани дауа десек, айтыс – жедел жәрдем сияқты да, жазба поэзия асықтай емдейтін алтын ине сияқты». (К.Ахметова. Әйелдің мықтылығы мейірімінде (Сұхбат). – «Қазак әдебиеті», 2004, 5 наурыз).

Асылы, К.Ахметова ақындықтың табиғатын терең сезініп, ой мен сөздін күдіретіне ден қойып, өлең өлкесіне, өнер әлеміне осылай енген еді.

Ақындық өнерге ден қою, оның өзіндік әлеміне, іірім-сырларына ену – қыынның қыны. К.Ахметованың ақындық таланттының бүр жарып, жарқырай көрінуіне – Төрт ақын, Майқет, Қалыбек, Төреқожа, Ұлбике, Баян, Назым сынды ата-апаларының әруақтары жебеп-желесе, бертінде – Шона, Өкім сынды ағаларының ақ батасын беруі көп әсер, ықпал етті. Студенттік кезеңде Т.Амандосов, Х.Құсайынов, Ә.Ыдырысов, Т.Қожакеев, Х.Мархабаев, М.Барманқұлов т.б. дәрістері мен ой-толғаныстары санага берік ұлаған. Оларға арқа сүйеп, тағзым етсе, езі де бойға біткен талант қуатын әр алуан ізденістерімен байытып, толықтыра түсті.

Ақын политрасы кен: ауыл мен астана арасы, қоғам мен адам аракатынасы, өмір мен уақыт шындықтары, елдік пен батырлық болмыс, ақыл-парасат сәулесі, жүрек-көніл шуағы, игілік пен ізгілік нұры, мәрттік пен мейірім мұраты, достық пен жастық сырлары, тұрмыс пен қылмыс құпиясы, т.т. ақиқат жайттар, шынайы шындықтар сенімді де серпінді жеткізіледі. Мәселен, «Мен туған үй» өлеңінде:

Біздің үйден жұрт жаңалық табатын,
Әкем елге хабар беріп жана тым.
Әңгіме айтып отыратын, түзетіп
Москвандың уақытымен сағатын...

Түрлі достар үйімізде бар біздін,
Тоғысатын шоғырындай жұлдыздын.

Балалайка тартып анам, ал әкем
Ән салып отыратын кыргыздың, –

деп балалық балдауруенін сағынышпен еске алу арқылы алтын тамыр – ауылға, кеше-бүгінге барлау-байлам жасайды. Әке-шеше мейірімі, тәлім-тәрбиесі, үлгі-өнегесі еске алынады. Үрпақ болашағының басты мәселе екендігіне назар аударылады. Бұл – бүгін де көкейкесті қалпында қалып отыр. Ал «Жазылған жырларда»:

Жазылған жырлар! Жанымның құйттай құстары.
Жайлап жүрсіндер тірліктін кайсы тұстарын?
Сендерді көріп сүйсініп жүр ме достарым,
Танырқап жүр ме, табалап жүр ме дұшпаным?

Қона алдындар ма махаббаттардын бағына,
Төге алдындар ма сағыныш толы лағыл ән?
Жанымның даусы сендерге еді аманат,
Жеткізе алмасандар не ғылам?
Соны ойлап жиі камығам.

Құйттай құстарым!
Көмейлерінде жыр-ән бар,
Жолдарын ауыр, арымай талмай шыдандар.
Құйттай құстарым! Құласандар да, өтінем,
Адамдардың тек жүргегіне жетіп құландар! –

деп өлең-өнер құдіретімен – адамға, еңбекке құрмет етеді, өмірге құштарлығын, өлеңмен етене, егіз екенін айқын анғартады. Ақын әлемі мен мұраты – құс бейнесі, әрекеті арқылы беріліп, нәзік те сырлы сипаттарына ден қойылады. Жыр-құстың адамға әсері, рухани нәрі де негізгі назарда болады. Ақын сол арқылы өлең-өнерімен, жүрек саулесімен сырласады. Өлең мұраты, өміршендейгіне баса көніл бөледі. Өнер мұраты, өлеңдегі өмір өзіндік өрнек, өзгешеліктерімен сенімді суреттеледі.

Ақында мұн да, сыр да бар. Бұл – өмір ұсынған шындық. Демек, бұл тұстардан, әрине, К.Ахметовандың ауыл мен астана арасындағы көріп-білгені, оқып-токығаны, танып-түстегені – бәрі-баршасы бай-калумен бірге, негізінен ізденіс іздері, ой мен сөз жүйесі, сыр мен сезім тұтастығы терең із берер еді. Қаламгер К.Федин айтқанында: «Әдебиет – мен үшін сырлы дүние» екенін (Жазушы. Өмір. Мезгіл. – М.: Сов. писатель, 1957. Стр. 8), оған адалдық, табандылық, тазалық

тән болатынына зор маңыз береді. Осы бағыт, максатка мықтап табан тіреп, өлең-өнер арқылы халықка, жақын-жыуық, дос-жарға, кадірменді калың оқырманға жүрек жылуын, көңіл нұрын, мейірім шуағын риясыз арнайды.

Өлеңді – өнер патшасы санап, ой мен сөзді серік етеді. Абай айтқан: «жүйрік тіл, терен ой, сезімпаз көңіл, жылы жүрек» басты мұрат болады. Көңілді тербемеген, жүректі қозғап, ой салмаған тұстарға назар аудармайды. Бұл жайт әсіресе К.Ахметованаң жастық, студенттік кездерінен бермен қарай мықтап назарда ұстаган, көз бен көңіл сенген, өмір қағидасына айналған басты мұрат, тұғыры! Ақынның: «Мен не жасзам да, жүргіммен, бүкіл жаратылысқа деген мейірім махаббатыммен жазғаным үшін қуанамын» дегенінде шындық бар («Маған «Ұлттық идея деген не?» – десе, мен: «Ұлтты сую, қазақты сую дер едім» (Сұхбат). – «Айқын», 2006, 26 сәуір).

К.Ахметова студенттік, яки әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінде (бұрынғы С.М. Киров атындағы мемлекеттік университет) оқып жүрген жылдары жалынды жастық, мерейлі достық, мәлдір махаббат туралы өлең-жырларын өндірте жазды. Атамекенін аңсаған, асыл арманды аялаған, шексіз киялға берілген сәттері де аз болмады. Мұның бәрі-баршасында – Отанға, ұлтқа, ел-жерге, жақын-жыуыққа, дос-құрбыға деген шексіз құрмет пен сағыныш, құштарлық пен кимастық, тағылым мен тағым терен танылады. Өлең-өнер – бақыты, байлығы, мұраты екені көрінеді:

Менін өлең өмірім, -
Менін үлкен сыбагам.
Ұлы майдан, ұлы алан,
Бар әйелдің
женисімен
куаныш,
Бар әйелдің кез
жасымен
жылағам.

Менін өлең өмірім, -
Менін үлкен сыбагам.
Өкінемін мынаган:
Түнде оянып, ой жібіне сөз маржан,
Тізген кезде көмек берді кім оған?..

Менін өлең өмірім, -
Менін мәнгі үлесім.
Біресе мұн, біресе үн...
Куанышым, махаббатым,
кызығым,
Кылдай үміт, қымбат
тілім, қүресім.

Бұл – К.Ахметованың өмірдегі бейнесі, өнердегі табиғаты, тағдыры мен тарихы.

Бұл – К.Ахметованың өлең-өнермен бетпе-бет келгендегі мереілі мезет, сындарлы сәт, сирек құбылыс.

Бұл – К.Ахметованың өлендегі өмірі, өнердегі қолтаңбасы.

Бұл – К.Ахметова поэзиясының алтын арқауы, ой мен сөздің сәулесі, көркемдік көкжиегі, өнер шындығы мен тағылымы.

Өмір мұраты, өнер табиғаты мен уақыт шындығы да осында болса керек. Талап пен талғам осыған келіп саяды.

Талант ескерусіз қалмайды. К.Ахметованың ақындығы алыптар тоғының асылы мен аскары – «Кәдімгі Сәбит Мұқанов» назарына ілігеді. С.Мұқанов «Балауса өлең өрісі» атты жас авторлар шығармашылығы туралы мақаласында К.Кененбаев, Х.Балшабеков, Х.Алпысбаев, А.Жылқышев, С.Оспанов, И.Дүйсебаев, Т.Қажыбаев, С.Буратаева, М.Нұрқанов т.б. бірге К.Ахметованың жауқазын жырларына да арнайы токталады. Ізденіс мұраттарын, көзқарас эволюциясын, ондағы сыр-сезімді, көркемдік өрнектерді, өлендегі өмірін тап басып көрсетеді. Онда: «Құләш Ахметованың «Көңілдің кейбір күйлері» деген өлеңі де өмір философиясына арналған. Өткен дәурен мен келер уақытты екі күшке санайды, келешектің жетегінде жүріп, өткен қүндердің кейбір шактарын сағынады. Дұрыс ой. «Өмірден кетуге үрейленбейтін» Құләш сол «өмірге қайтып келмеуіне ғана өкінеді». Құләш да дұрыс.

Бетте өлім туралы бұдан да басқа екі өлеңі бар: бірі – сол Құләштің «Женеше» деген атпен жазғаны. Мазмұны – соғыста өлген ағасының әйелі сүйікті ерінің «аруағын» сактап отырып қалуы. Бұл өте күшті және көркем жазылған, оқыған адамның жан дүниесін босататын өлең. Тілегіміз – ақынның осы сәтті адымы ілгерілей, биіктей беруі» деп ағалық тілегін де, үміт-сенімін де катар білдіреді («Лениншіл жас», 1968, 16 сәуір).

Ақын өлендері бағаланбады, назардан тыс қалды деп айту ағаттық болар еді.

Айтальық, К.Ахметова поэзиясы туралы абыз ақын Ә.Тәжібаев: «Ол – ақын!» деп бір ауыз сөзбен әсерін де, сенімін де катар жеткізе, ақын Ж.Қыдыров: «Құләштің лирикалық кейіпкері – өзет, күрсекер және көкірегі шұғылалы арманшыл жан» деп, өлең өлкесіндегі қолтаңбасы мен көзқарасын, өзіндік өзгешелігін жоғары бағалайды (Қыдыров Ж. Сыр мен сымбат. – «Қазак әдебиеті», 1978, 17 ақпан).

Осындағай ойлы, ұнамды пікірлердің бір сарасын ақын С.Тұрғынбекұлы былайша білдіреді: «... Құләш өлендері Еліне, халқына, жүртіна қызмет етіп, адаптациянде әр адамның жүргегінде жүлдіздай жаңып, жарық нұрын шашыратып түр. Өйткені ол Жыр Құләші ғой!» (Тұрғынбекұлы С. Жыр Құләші. – «Қазак әдебиеті», 1996, 7 мамыр).

Мұндай онды, ұнамды ой-пікірлер өте көп. Бәрінде де К.Ахметова поэзиясының ерекшелігі, көркемдігі хақында кемел ойлар білдіріледі. Өлеңдегі ізденіс арналары, тарих пен таным іірімдері, ел-жер сипаттары, адам мен оның енбекі, тәлім-тәрбие ісі т.т. кең тыныс, ойлы өрнек, шалқар шабыттан туғандығы айрықша аталады.

Ақын К.Ахметованаң алғашқы өлеңдерінде («Атамекен», «Ақпан айы», «Жол», «Қысқы бакта», «Оқырманмен әңгіме», «Көктем де келді», «Ыстық жаз», «Таңертең», «Түнде» т.т.) ізденіс іздері, адам мен оның енбекіне құрмет, өмірге құштарлық, игілік пен ізгілік мұраттары, жыл мезгілдері мен табиғат тамашалары т.т. кең орын алған. Адам мұраты, өмір сыры, уақыт бедері айқын.

Ақынның атаптап өлеңдерінде адам әлемінің іірім-сырлары, өмірдін нұрлы да жарқын сипаттары, енбек мұраты мен ізгілік, инабат табиғаты т.т. әр алуан ізденіс, салыстыру мен суреттеулер арқылы беріледі. Мұның бәрінен де адалдық пен әділеттілік салтанаты, өмірдің өршіл сипаты, жасампаздық сырлары, енбек қуанышы, жастық пен достық мұраттары кеңінен көрініс береді. Академик З.Қабдолов: «Лириканы тақырыбына қарай топтап талдау оны жазған ақынның творчестволық бітімін пайымдау үшін айрықша мәні бар нәрсе – әр түрінен ақынның бір қырын тануға болады» десе (Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. – А.: Жазушы, 1983, 2-том, 326-бет), профессор Ж.Дәдебаев: «Лирикалық шығармада акын өмірден, айналасынан көргені мен білгендерін ғана жазып коймай, сол құбылыстарының лирикаға арқау боларлықтай ен басты асыл қасиеттерін тани білу керек», – деп нақты білдіреді (Дәдебаев Ж. Өлеңдегі сез. – Уақыт және қalamгер. А.: Жазушы, 11-кітап, 1985. 151-бет).

Өлеңдегі өмір, өнердегі мұрат та осы.

Сөз асылы – әдебиет пен оның іргелі саласы поэзияға тән белгі мен ондағы өмір өрнектері, лирикалық тұлға табиғаты, ізденіс мұраттары осыған келіп сақды. Мұның К.Ахметова поэзиясына да қатысы бар.

Ақын шығармашылығында өзіндік өрнек, өзгешеліктер өте мол. Әсіресе К.Ахметова поэзиясындағы сыр мен сезім шындығы, тұтастығы тақырыптық-идеялық сипаттарынан, жанрлық-көркемдік ерекшеліктерінен, тілдік-стильдік қырларынан танылар еді.

Алдымен айтарымыз, акын өмір шындығын көркемдік шешімге айналдырап тұста тақырып табиғатына айрықша мән береді. Ақын кез келген тақырыпты талғасыз толғап, қыннан қыстырып жаза бермегені айқын ангарылады. Бұл ретте, әрине, өзі көрген, көніл сеніп, жүрекке берік ұлаған жайларды ғана тереңнен толғап, шынайы жырлайды. Өзін толғандырган тақырып табиғатына еркін еніп, оны әр қырынан танып, калың көпке ізденіс-көркемдігімен, шеберлік пен шешендікке сай соны бейне, ұтымды қырларымен жеткізу – К.Ахметова ақындығының басты белгілерінің бірі.

К.Ахметова поэзиясының басты тақырыптары – ұлт мұраты, ел мен жер тағдыры, адам мен оның енбегі, елдік пен ерлік, уакыт пен кеңістік, дала мен қала, жыл мезгілдері, жастық пен достық, ғашықтық ғаламаттары т.т. болып табылады.

Ақынның өлең мұрасына байыппен назар аударар болсақ, халық перзенті, елден үлкен еместігі, оқырманмен бірге екендігі көрінеді. «Кездесу» деген өлеңінде:

Маган жат өзге сезім, өзге есебін,
Ұйыған кездерінді сөзге сенін.
Көзіммен көру үшін қуанышпен,
Окушым, өздерінмен кездесемін.

Қажет-ак маҳаббатын бізге сенін.
Табады ізгілікті іздесе кім.
Шашуға інжүімді ішімдегі,
Окушым, өздерінмен кездесемін. –

деп, туған халқы алдында ағынан жарылып, қалың оқырманға бүкпесіз сыр ашады. Елдің иесін, өнердің киесін басты мұрат етіп, өленге, ондағы ой мен сөзге айрықша маңыз, мән береді. Нәтижесінде, оқырманмен кездесе отырып, ортақ мұрат хақында ой толғайды. Өленге өнер ретінде қарап, сол арқылы қоғамға, адамға, өмір-уакытқа көзкарасын айқын білдіреді.

Біздінше, өленде ақын мұраты айқын: ол жүрек өмірі – ақиқаттан аттамауға, уакыт сөзін бүкпесіз айту, көніл сәулесін, мейірім шуағын молынан түсіру болып табылады. Көнілді кенге салып, жан-жүрек жылуы арқылы ұлт мұратын, өмір шындығын, уакыт сырына терең ену – ақын әлемі, шығармашылық мұраттарының бірі. Әсіресе қалың көпшілікпен емен-жарқын сырласып, сұхбат құру арқылы өлең-өнер мұратын аскактатады. Адам әлемі, әз адамгершілік, ізгілік іірімдерін де ойлы өлең, сыр-сезім арқылы жеткізуге өте-мете бейіл танытады. Өмірін өнермен, өлеңмен өрнектейтінін де жіті назарда ұстайды.

Өмір мен өнердің бірлік, тұтастығы деген осы. Сондай-ак «Халық» өлеңінде:

Оргасында болуға жалықпап ем,
Жалғыз қалсам, жан орта, шабытта кем,
Қандай қызмет жасадым, хан көтеріп,
Маган сонша дем берген халыққа мен!

Мейіріңе калай мен тоя аламын
Сол емес пе, аяулым сая бағым!
Халқым аман болсын деп көз ілемін
Халқым аман болсын деп оянамын, –

деп, туған халкының алдындағы перзенттік парыз-қарызын, ақындық мұрат-тұғырын, ең негізгі адам ретіндегі бүкпесіз көnlін еменжарқын білдіреді.

Ақындық қуаты мен шабыт шалқарының бастау көздері халықта екенін, онымен мәнгі бірге болатындығын да айқын анғартады. Халықты аялау, ардактау арқылы оның қадір-қасиетін арттырады. Өзі де сол арқылы биіктей түседі.

Ақынның ел-жер, қоғамға қатысты көзқарасы айқын, адам мен оның енбегіне құрметі шексіз. Халықтың амандығын ойлап, онымен бірге екендігін нағымды жеткізеді. Өлең мұратынан қарапайымдылық пен кішілік, адалдық пен ізгілік ірімдері сезіліп тұрады. Маныздысы: ақын жаңы халықпен, жүргегі ел-жұрт деп соғады. Өлең өрімі мен көзқарасы, өмірге, өнерге құштарлық білдіру, сол арқылы жалпы адамзаттық, қоғамға, дәүірге тән сипаттарды суреттеу жіті танылады. В.Г. Белинскийдің «ұлы ақын өзі туралы, өзінің жеке басы туралы айтса да, көптін тағдырын, адамзат жайын сөз етеді» деуінде үлкен мән, зор шындықтар бар.

«Халық» өлеңінің мұраты. ақын шындығы осы.

К.Ахметова поэзиясының ерекшеліктері көп. Такырыбы мол.

Ақын лирикасына қарапайымдылық, көркемдік, мазмұн байлығы, дәлдік тән болса, «Бак құсы» – ақын ізденісі мен өресін, дәстүр мен ұрпақ сабактастығын, тарих пен таным тоғысын, ой мен сөз жүйесін жан-жакты көрсетеді.

«Ата жұртта» өлеңінде:

Жаралғандай мені күту үшін
Сен – жанарыма аңсау отын түсірсен,
Ак бұлттармен араласып, құстай
Саған қарай үшушы ем.

Немесе:

Туар болса, санасына жүк тие.
Солар болар бұл коныска мыкты ие.
Ешкімнің де меншігіне көнбейтін,
Уа, қайдасын, қасиетті Күт, Кие?!

Ел-жердің қасиет, киесі көп. Ақын елдің амандығын, жердің бүтін-дігін атамекенге сағынышы мен құрметі арқылы білдіреді. Өлеңде аңсаумен бірге, құрмет, тағзым да бар.

Атамекен-атажүртқа бала кезбен де, дана көзбен де қарасаң: қарыз-парызың мол екендігі танылады. Өйткені елден ешкім үлкен емес. Ақын мұраты да биік белес, тұғыры да осы.

Өлеңді тебіреніссіз оқу, әсерсіз кабылдау мүмкін емес. Атамекен

әркімде бар: бірақ құрмет, сағыныш, тағзым әр қылыш. Ақын осыған маңыз, мән береді. Қөнілін кең, жан-жүректі ашық ұстайды.

К.Ахметова поэзиясында ізденістер өте мол. Ақынның өмір, уақытқа қатысты көзқарастары («Өмір деген бояу», «Өмір өзі», «Сәттілік», «Сезім бар менде»), жастық, достық сырлары («Жас құніммен сырласу», «Аппак гүлдер», «Махаббаттың аты көп», «Менің соңғы махаббатым», «Шын сағыныш бар»), жыл мезгілдері мен табиғат әлемі («Қысқы бақта», «Бұлбұлмен бірге оянған», «Өрік ерте гүлдейді», «Бұлқтағы жүлдіздар», «Ыстық жаз», «Танертен», «Күн бұлыңғыр», «Тұнде») т.т. ізденіс іздері, көзқарас мұраттары, көркемдік көкжиегі, шындық пен шеберлік сынды сипаттар молынан үшірасады. Ақын ізденісі мен көзқарастарында бірлік, байланыс бар. Қайсыбір құбылыс, көріністер жанды, бейнелі беріледі. Сөзбен сыланған сурет, өрнектерде өмір бедерлері, уақыт тынысы сезіледі. Ең бастысы, адам әлемі, оның өмірі мен еңбегі – шындық жайттарды арқау етеді, адалдық пен әділеттілік салтанат құрады. Өмір мұраты адалдық пен ақиқаттан, карапайымдылықтан құралады.

К.Ахметованаң «Сен менің бақытымсын» (1977) атты өлеңдері кітабы – Отан, ел мен жер, адамдық іс пен адамгершілік ірімдері, жастық пен достық, махаббат туралы ізденіс іздерінен, ойлар мен толғаныстардан тұрады (Алматы: Жалын, 1977. – 80 бет).

Жыр жинағының басты ерекшелігі – ізденіс арналарынан, әсемдік пен көркемдікке құштарлықтан, нәзік лиризм мен сазды ыргактан, сыр мен сезімнің тұтастығынан, қысқасы тарих пен таным тоғызынан, көркемдік нәрі мен тілдік мүмкіндіктерден, сұлу стиль сипаттарынан кеңінен көрінеді.

Ақын мұраты – әсерден туған әсемдікті, өмір мен өнерге құштарлықты, адам мен оның еңбегін ардактауды, ел мен жерге деген жауапкершілік пен сағынышты, ең негізгісі Отан, заман, уақыт алдындағы перзенттік парыз бен қарызыды биік дәрежеде сезіну, соған сай өлең өрнектерін табиғи ھәм көркем, нәрлі де мәнді жеткізу болып табылады.

Ақынның екі бөлімнен тұратын жыр жинағы («Көктемге ғашық жүрекпен», «Кек көйлекті қыздың әні») тақырыптық тұрғыдан алғанда ұлттық-тариhi тағылымдарымен («Атамекен», «Домбырадағы жазу», «Ұлбикенің соңғы монологы»), елдік пен ерлік сипаттарымен («Сурет», «Тас», «Нәзіктік пен ерлік жыры», «Жаңылмауым керек»), жастық пен достық дастандарымен («Мен сені жиі ойлаймын», «Менің махаббатым», «Саған сенем», «Сенің даусын») назар аудартары анық.

Жыр жинағының атымен аталағын – «Сен менің бақытымсын» атты өлең ақынның максат-мұратын, жастық кезеңін, кимас та қызық сәттерін, кішілігі мен кендігін, достық пен ғашықтық ғаламаттарын кемел де көркемдік ойларымен, жан-сезім тебіреністерімен, парық пен парасатты салыстыруларымен маңызды мәнге ие болады.

Өлеңнің алғашқы шумағы:

Аяулы шағым – жастығым!
Жартасқа шыққан ак гүлім.
Байлауға келмес тасқыным,
Басылмай жүрген аптығым.

Немесе:

Кішілігім мен пандығым,
Күнәларым мен пәктігім.
Азапка салған жанды мын,
Махаббат сынды тәтті мұн, –

деп, адам әлемінің балалық балдәуренін, алаңсыз да сәулелі сәттерін көркемдік келісімдер арқылы суреттесе, келесі кезекте «Жастықтың оты жалындаپ», «Гашықтың тілі – тілсіз тіл» (Абай) екенін, оған ақыл-парасат, жүрек таразы болатынын нанымды жеткізеді.

Өлеңдер кітабындағы ортақ тақырыппен берілген «Диалогтар» атты туынды бірнеше бөліктерден тұрады («Уақыт пен жастық жыры», «Бақыт жайлы», «Әке сөзі», «Ақын мен жердің әнгімесі», «Достық жыры», «Уәзірі мен өлім алдындағы патшаның әнгімесі»).

Ақын бұл топтама өлеңдерінде уақытпен сырласады:

- қоғамдық құбылыстарға, кезең кестелеріне көзқарас білдіреді;
- адам мен оның өмірі, еңбегі хакында кемел ой қозғайды;
- өмір мұраты, рухани құндылықтар туралы сырлы сұхбат құрады;
- ел мен жер, елдік пен ерлікке зор маңыз беріледі. Қоғам шындығы, тарих танбасы, уақыт бедере айқын. Қолтаңба мен көзқарастан – тақырып тереңдігі, өмір мұраты мен ізгілік іірімдері терең таңылады.

Жыр жинағына енген «Ұлбикенің соңғы монологы» – тарихи-әдеби сипаты мол, танымдық-тағылымдық қырлары көп сирек өлеңдер катарына жатады. Өмірден алынған, өнерде кездесетін жайттар ізденіс іздері, көркемдік іірімдері негізінде кен өріс алады.

Кысқа ғұмырында өлең өлкесіне мол рухани олжа қосқан Ұ. Жанкелдіккызының тағдыр-талайы, өмірінің өрнекті тұстары, жырдағы жарқын тұлғасы – «Ұлбикенің соңғы монологы» атты туындының алтын арқауын құрайды. Ақын ізденісі, уақыт пен кеңістік арақатынасы, көркемдік мұраттар мен жан-сезім тебіреністері табиги еріс алады.

Ақын Ұлбикенің адами бейнесін, ақындық өнердегі орын-үлесін – «Жырдан құйылғандай жан еді» деп, өлеңдегі өмірін, кысқа ғұмырын әр алуан салыстыру, саралаулар арқылы көркем, келісті ашады. Алғашқы тұста:

Неге үзілді тіршілік, неге тынды?
Неге көрмей барамын көретінді.
Ақын өлсе, тарихта

Бұған дейін
Ауру менен намыстан өлеңтін-ді, –

деп, қысқа ғұмыр мәнін, жұмбак өлім сырын айтыс ақынының рухымен тілдесу арқылы жатық та ойлы сипатта суреттейді. Сол арқылы адам әлемін, өмір мен енбек мәнін, ең негізгісі ақын мұратын, жан-сезім иірімдерін, өлең-жырдың жүректен, мейірімнен, нұрдан жаралатынын жан-жақты ашады.

Ал адам, өмір мұратын, ақын мен өлең-жырдың өнер өлкесіндегі орынын:

Тұғаннан-ак жанымды тербелтті өлең,
Өмір ме өмір – адамды шөлдетпеген?
Ақын ба ақын, ақ несер селдепеген?
Еңкейген карт, сәби де енбектеген
Жырымды тындаушы еді,
Енді бүгін
Кара жер – жөргекке енем,
Сөнеді енді от денем.
Осылай өлмек пе өлең? –

десе, Ұлбикенің таланты мен тағдыр-талайы кеше-бүгін байланысы негізінде өріс алады:

Кызығанышын құрта алмай қылған алан,
Жұрт қызығанса, құрмет кой бұл да маган!
Сорлылығын көрсетті ұрган адам.
Өтті өмірім сынаптай сырғанаган,
Саздарымды алындар тындаамаган.
Көктемімді көріндер жырламаган.

Жолы ауыр ақынның мұратынын.
Мен кетермін, алармын, сірә, тыным,
Қаларсындар мойындал
Тіршіліктің
Зұлымдық пен пәктікten тұратынын.

Мен өмірден барамын ерте өтіп,
Жүресіздер өткенді ертегі өтіп.
Ақырғы рет адамнан өтінемін
Ақындарын өтуді еркелетіп...

Өлеңде өмір шындығы, тарих ізі мен уақыт бедері көркем келісім құраған. Тарих ізі, тағдыр ісі, өмір сабағы – өнер мен өнерпаз төнірегінде кең өріс алады. Біздіңше, өлең мұратынан – ақын әлемі, тағдыр-талайы, өмір шындығы, көркемдік таным арналары арқылы негізінде барынша айқын, жарқын да тағылымды тұстарымен назар аудартады.

Ақын – ақын туралы бар шындықты жайып салады: қоғамдық-элеуметтік жағдайларға ден қояды, өмір сыры мен уақыттынысына мән береді. Осының негізінде адамға қол көтеру, кедергі-қиянат жасау, талантқа көлеңке түсіру – Адамға, адамзатқа сенімсіздік, намыссыздық пен парыксыздық екенін алуан салыстыру, дереккөздері арқылы көркемдікпен, шеберлік пен шешендік негізінде нағымды, әсерлі жеткізеді.

Өмірде игілікті істер, ізгілікті жайттар өте мол. Өмірдің мәнді де, нәрлі тұстары – «Атамекен», «Жол», «Көпір», «Тас» сынды өлеңдерден кең орын алған. Айталақ, «Атамекен» өлеңінде:

Сүйіктіңің жүретін кіл есінде,
Кір түсірме ел деген ұлы есімге.
Атамекен – бакыты бабалардың
Жеңіп алған сан ғасыр күресінде.
Күндерімен, тунімен, гүлдерімен
Өзіндікі ол сенің, білесің бе?..

Немесе:

Осынау пан даланың
Тындарасам ғажайып таңдағы әнін.
Тіршіліктен ләzzат алмағаным.
Далам мениң – бакыттың, жарылқаушым,
Далам мениң – өлеңім, тандамалым! («Жол») –

деген жыр жолдарынан – Отан-ана мұраты, ел-жер тағдыры, адам өмірі мен енбегі, оған құрмет, тағзыым терең танылады. Әсіреле өлеңдегі:

Далам менің – бакыттың жарылқаушым,
Далам менің – өлеңім, тандамалым! –

сынды жолдар ұлт тарихы мен тағдырын, өмір мен өнер туыстығын, дала құдіреті мен қасиетін барынша білктетіп, асқақтата түседі.

Кітаптағы бір топ өлеңдер, яки «Кейде сен», «Мен сені жи ойлаймын», «Нәзіктік пен ерлік жыры», «Сырласайық», «Тілегім бар», «Сөнбендер, жарық шамдарым», «Жанбыр әні оятын, жаным, сені» сынды жастық пен достық, махабbat тақырыбындағы туындылар өмірден өрбіген шындықтарды, жүректен шыққан, қоңылға берік ұялаган жайттарды, сыр мен сезімге суарылған қимас та сәүлелі сәттерді көркемдік бедермен, ойлы өрнектермен мәнді де нәрлі, табиғи қалпында жеткізеді.

Жинаққа енген «Мен сені жи ойлаймын», «Нәзіктік пен ерлік жыры», «Сурет» сынды өлеңдер шағын оқиғалы, өмір мұратын, табиғат заңдылығын айқын анғартады. Анаға мәнгілік махабbat пен шексіз сағыныш, елдік пен ерлік шежіресі, перзенттік парыз бен карыздын

салмағы мен сыры, өмір тәжірибесі мен тағылымы, тағдыр талқысы төнірегінде кең өріс алады.

Біздінше, бұл тұстардан да ақындық өнердің кең өрісі, талант табиғаты мен шабыт шалқарының әр алуан үлгі-өрнектері, ізденіс мұраттары айқын байкалады. Ақын мұраты мен көзқарастарынан қоғамдық құбылыстар, кезең көріністері, адам өмірі мен іс-әрекеттерінің бедерлі тұстары жан-жақты көрініс беретіні танылады.

Ақын өлеңдерінің басым бөлігін – жастық шак, достық бекеті, махаббат ғаламаттары құрайды.

«Менің махаббатым» өлеңінде:

Тек кана махаббатыммен байланысты:
Көргенім, көрмегенім, іздегенім.
Жұргенім, жұрмегенім, жұзделгенім.
Жүректен жылып шықкан ізгі өленім.
Ен әсем сезімдерім сізге менің –
Мәңгілік үмітімді үзбелгенім.
Жырыммен алдыңызыға жұз келемін,
Осылай ауырамыз біз дегенін...

Сағынам кантаса да шық самайды,
Махаббат құлдіреті – ықса қайғы.
Кейбіреу өзін-өзі нықсанайды.
Жүрді көрметен боп шықса да Айды.
Менің мұным, ашуым, сағынышым,
Ешқашан да оларға ұксамайды.
Бермеймін ешбір жанға жай намысты
Алдынан ерке музам жайлап ұшты!
Менің бар айтканым мен айттыным,
Тек кана махаббатыммен байланысты.

Мұнда, әрине, К.Ахметова өлең өлкесіне ақиқат пен адалдықты, жастық пен достыкты, махаббатты ту етіп көтереді. Дәуір дидарына қатысты көзқарастарын айқын айтады. Өмірді, еңбекті жырлайды. Адам мен оның еңбегін, оған деген құрмет пен тағымды назардан тысқалдырмайды.

Бұл – К.Ахметованың өлеңдегі өрнегі, өмірдегі мұраты.

Бұл – ақынның көркемдік әлеміндегі үздік үлгісі, дәстүрлі үрдісі. Бұл – адалдықтың, махаббатқа тұрақтылықтың, сезім мен сырға беріктіктің биік үлгісі, көпке көрсетер өнегесі.

Бұл – жастық салтанатының, достық дастанының көркем шежіресі.

Бұл – мейірім шуағы, сезім сәулесі, мәлдір махаббат тағылымы.

К.Ахметованың «Бұлақтағы жұлдыздар» атты өлеңдері мен поэмасы енген жыр жинағы – ізденіс іздері мол, тақырыбы мен мазмұны бай, көркемдік-рухани әсері жоғары, қолтанба мен көзқарасы, таным-түсінігі айқын, суреттеу амал-тәсілдері, шеберлігі мен шешендігі өзара

үйлесім-тұгастық тапқан тағылымды туынды (Алматы: Жазушы, 1982. – 112 бет).

Жыр жинағы бес бөлімнен тұрады. Алғашкы төрт бөлім – адалдық пен әділеттілік, адамгершілік құндылықтардан, игілік пен ізгілік іздерінен, жастық пен достық сырларынан, еңбек мерейі мен табиғат тамашаларынан тұrsa, соңғы бөлімге, халық батыры Б.Момышұлына арналған, «Болашак үшін» атты поэмасы енген.

Өлең кітабына енген «Аппак қар, жасыл шыршалар» жыл мезгілдерін, табиғат көріністерін арқау еткенімен, басты тақырып – адам, оның өмірі мен еңбегі, бакыты мен болашағы болып табылады. Мұнын бәрі-баршасы жаңа жылдық ақ тілек, яки баянды бақыт, өнегелі өмір, келелі келешек арқылы көркем келісім құрайды. Ақын ой түйінін:

... Адамға адам бұл жолы өкпелемей,
Жаксы көрсін, сагынсын бірін-бірі.
... Аппак қардың ішінде ақ үмітпен,
Жаңа бақыт күтеді менін елім, –

деп, болашектан, атар таң, келер күннен жақсы жаналық, үлкен үміт күтеді. Қоғам байлығы – адамды, оның өмірі мен еңбегін ардақтайды. Адам адамға – дос, бауыр сынды өмір тәжірибесінен алынған қағидалы ойлар мен толғаныстарға мықтап табан тірдейді.

Жинақта табиғат лирикасын кеңінен көрсететін өлең, жырларға кен орын берілген. Олардың арасында, атап айтқанда «Қар жауып тұр калада», «Қысқы бақта», «Шағанның жағасында», «Бұлбұлмен бірге оянган», «Өрік ерте гүлдейді», «Көктем де келді», «Аппак гүлдер», «Бұлақтағы жүлдіздар», «Кайнаған күн», «Ыстық жаз», «Қызыл алма», «Күн бұлынғыр», «Тұн де үрейлі», «Өмір деген бояу» сынды өлең өрімдері табиғат тамашалары мен ғажайыптарын, жыл мезгілдерінің өзіндік ерекшеліктерін адам әлемімен, еңбек мерейімен, уақыттынысымен өзара сәйкестікте суреттейді.

«Қар жауып тұр калада» өлеңінде:

Қай кезде де казактың даласы кен.
Біреу .. бақыт, біреулер .. жарасына ем.
Іздей ме екен, адамдар бара жатыр,
Аппак-аппак карлардың арасынан, –

десе, «Қысқы бақта»:

Қар ызғары! Қарап тұр астананы!
Осы ызғардан нағыз қыс басталады.
Түксіеді таулардың кас-қабағы,
Салқындейды кайнардың тостағаны.
Жаздай карттар отырган орындықтар
Бак ішінде қаз-катар бос қалады, –

деп, жыл мезгілдерінің адамға, табиғатқа қатынасы, әсер-ықпалы кеңінен көрініс табады. Ақын кез келген көрініс, құбылысқа айрықша ман беріп, адамға әсерін, көркемдік-рухани нәрін айқын, нанымды жеткізеді. Сол арқылы адам әлемін, өмір мұратын, уақыт-тіршілік тынысын көркем, бейнелі бедерлейді.

Ақын мұраты айқын. Жан-жүректе тебіреніс, толғам мол. Сыр мен сезімде тұтастық бар. Қозқарас, қолтаңбадан тақырыпқа адалдық пен айқындылық, биіктік пен тереніндік, сезім дұниесінің шексіз де сенімділігі терен танылады.

Жыр жинағына жіті көзбен үңілсек, атамекенге адалдық, ел-жерге сүйіспеншілік, өмірге, жерге құштарлық, ата-анаға, перзентке ілтипат мен мейірім шуағы кеңінен көрінеді. Айтальық, «Оқырманмен әнгіме» – ақын мен окушы арасындағы сан алуан сұрақ, сұхбатқа құрылса, «Медсестра» өлеңінде автордың өміrbаяны, еңбек жолы, талап пен талғам хақында ой толғайды. Ал «Өрік ерте гүлдейді» өлеңінде адам мен табиғат, көктем туралы толғам-толғаныстар өте мол.

Кітаптағы «Бұлактағы жұлдыздар» өлеңі адам мен табиғат арақатынсын, аспан асты, жер үсті көріністерін, күн мен тұн байланысын, жұлдыздар сырын көніл толқыны, жан-сезім тербелістері негізінде нанымды жеткізеді:

Тыныштықта тұнжырап тұрды ізгі аймак.
Сұлу сурет мойнынды бұргызбайды-ак.
Көздің жауын алады жарқ-жұрқ етіп,
Жұмбак толқын ішінде жұлдыз қайнап.
Жұлдыздардың тамаша сол шакта эні,
Кайнар көзін алады коршап бәрі.
Бір сұлу кызы бұлакқа карап тұрып,
Үзіп алған сияқты моншактарын.

Жинақтағы «Қызыл алма», «Өмір деген бояу екен әр түрлі», «Сәттілік, қандай өткінші ең», «Шабыт», «Несіне өмір сүреміз» сынды өлеңдер адам әлемінің қыр-сырын, көніл әуендерін, тіршілік түйткілдерін т.т. кеңінен толғап, сырлы да серпінді жеткізеді. Айтальық, «Қызыл алма» өлеңінде адам мен табиғат, жыл мезгілдері мен уақыт тынысы терен көрінеді:

... Ай осылай дөнгеленер толғанда,
Күн қызыарар батар кезі болғанда.
Жаз қызуын, ай кескінін алған сон,
Тэтті болмай, не болады сол алма?!

Күн жып-жылы. Бәйтеректер тік те ұзын,
Откен уақыт түсірмепті тіпті зіл.
Сал-сары бак. Қөгілдір тау. Кек аспан.
Сонғы алма мен еңкейген күн қып-қызыл!

«Сәттілік қандай өткінші ең» өлеңінде:

Сәттілік қандай өткінші ең,
Жақындал, кайтып жүрмін мен.
Көп куанып, көп күлсем,
Килігеді бір мұн кеп.

Бар ма екен тұсау уакытка,
Ұрлайды да ол, зырлайды.
Жеттім бе десем бакытка,
Бұзады оны бір кайғы.

Бұл өлеңдер, әрине, ақындық қуат пен қолтаңбаның, ізденіс пен көзқарастың жемісі екені айқын анғарылады. Маңыздысы – дүниетаным ерекшелігі, қоңыл қунделігі, шабыт шалқары бар қырынан жарқырай көрінеді. Бұдан, әрине, ақындық қуат пен ерекшелік көрінеді. Ол:

«Күләш Ахметова өмірінің жарығы мен жылуы, ыстығы мен суығы, сыны мен сыры, ізденісі мен іркілісі, куанышы мен қайғысы... бәрі де өлеңінде...

Адамдық негізі – адалдық. Адамның өмірлік мұраты адамдық пен адалдыққа негізделмейінше, баянды ғұмыр кешу мүмкін емес. Бұл әсіреле ақындық пен ақын үшін аудай қажет. Онсыз ақындық өнер өнбейді, ақын өнері өспейді. Күләш Ахметова – адамдық биік мұратын адалдық касиетімен ардақтаған, ақындық өнерін өсіріп, өнегеге айналдырып келе жатқан ақын. Сондыктан да ақын қыздың өлеңі қызғалдағтай құлпырады, самалдай еркелейді, бұлактай мөлдірейді». (Дәдебаев Ж. Қазіргі казак әдебиеті. – А.: Қазак университеті, 2002. 112-113-66.).

Жинаққа енген «Болашак үшін» атты поэмалық бастапқы бөлігі – «Соғыс пен бейбітшілік туралы бұл ойларымды есімі ерлік символына айналған батыр аға Бауыржан Момышұлына арнаймын» деген авторлық көзқарас-сипаттамамен ашылған.

Соғыстың аты – соғыс. Онда аяушылық, жана шырлық жок. Керінше, екі жақтың бірі женіп, данқ тұғырына көтерілуі керек. Сол үшін барын салады, алуан амал, айла-тәсіл қолданылады. Азамат орны, жауынгер жолы да осы тұстан танылады. Ақын – соғыс деген үрей мен коркыныш, қауіп пен катель, зорлық пен зобалаң, зұлмат пен нәубетке толы сөздің сыр-сипатын терең сезінеді. Адамзатка, адам өміріне, отбасына қатерін, зардабы мен салмағын да айрықша танып, жан-жакты таразылайды.

Поэма бірнеше бөліктен тұрады («Майданға! Майданға!», «Өрт», «Серт», «Занғар», «Ой», «Салтанат»). Әр бөліктен адам әлемі мен кайраты, ел-жер тағдыры, бақыт пен болашақ бағыт-бағдары, елдік пен ерлік шежіресі, куаныш пен сүйініш, женіс салтанаты т.т. кең орын алған.

Ақын соғыс сипатын, ер-азаматтардың қасиет-бедерін, олардың майданға аттанған сәтін:

Киылды
Канаттары тәтті арманнын.
Үзілді қайырмасы бактарда әннін.
Әлемде ен сүмдік күн
Әйел үшін –
Майданға азаматтар аттанған күн.
Бұлт басты,
Ашық сәні қашты аспаннын.
Жоғалсын заты бұлай бас қосқанның.
Анаға ең ауыр күн тіршілікте –
Боздал кеп
Боздағымен коштаскан күн,

деп суреттесе, жауынгер мұратын былай білдіреді:

Алдыңғы шешіт болған Отан үшін
Ерлердін не өздері, не танысы.
Жыр етер ол күндері жауынгердін,
Жанбыр оқ болғандығын бет алысы.

Адамның әлсіз неге кейде өнері,
Ақикат –
Қиналасан, кеп ой келері.
Жауынгер жүргегінде жүреді-ау сонда
Ана, жар, бауыр, бала бейнелері.

Мәнгі от кеуделерде сөнбейді осы,
Әлі елдін соғыс десе қалмайды есі.
Құлаған солдаттардың жүргегінде
Құламай тұрды-ау елдің бар бейнесі.

Бұл, сез жок, жауынгер жолы, перзенттік қарызы-парыздан өзге өмір шындығы мен соғыс суретінің де дәл, нақты көріністерінің бірі.

Бұл – батырдың биік тұлғасын, данқ тұғырына көтерілген сәтін суреттейтін тағылымды туынды.

К.Ахметованың «Күн шыққанда құліп оян» атты өлеңдер мен поэмалар жинағы адам әлемін, адамгершілік қасиеттерді, имандылық иірімдерін, ізгілік пен сұлулық сырларын кең қолемде жырлайды («Ана тілі», 1996. – 302 бет),

Жыр жинағы көрнекті қаламгер Ә.Кекілбаевтың «Жебеу жырлар» атты ақынның авторлық кешінде сейлеген алғы сөзімен ашылған. К.Ахметованың ақындық мұрасы ойлы да өрнекті, кемел де ғибратты қөзқарастардан тұратынын айқын да жарқын, барынша бедерлі береді.

Отан, ел-жер әркімге де қымбат, қастерлі. Ақын «Отанды сую» өлеңінде:

Басайын сенін барлық жолдарыңды,
Қосайын құстар салған хорға әнімді.
Бұлбұлдың әуезіне араласып,
Бұл әнім араласын орманыңды...

Көбірек түссін күннің жарығы елге,
Көбірек шыксын гүлдер сары белге.
Саган тән дуниенің сүйем бәрін де, –

деп ел-жер қадірін тереңнен толғайды. Отанға адаптация, өмірге құштар
көңілін де бүкесіз, боямасыз жеткізеді.

Ал «Қазакстан» өлеңінде:

Өзіңсін, Қазакстан, ән, арманым да,
Аяулым, алтын бесік, қара орманым да.
Бір нәрсе жетпейді деу қате болар
Өзіңдей ұлан байтак далам барымда,
Гүл далам – Қазақстаным...
Сен барда гажап шебер, гажап ұстамын,
Түсінем өзендердің саз ағыстарын.
Қалай акын болмайын, мен түгілі
Ұшады көгіне жыр жаза құстарын,
Қырандар канатында даңқы кеткен,
Дән далам – Қазақстаным!
Даңқ дейтін керегі жок маған сөренін,
Жетер біраз есінде кала алса өлеңім.
Халқым маған сенеді әлсіз демей,
Өйткені мен, туған жер, саған сенемін.
Мың алғыс, Қазақстаным! –

деп туған ел, жердің құдіреті мен қасиетін даңқы мен дидарын, женісі
мен ел-жер тағдырын, ұлт, өмір мұраттарымен байланыстыруы адам
енбегінің қадір-қасиетін ардактауы, иглік пен ізгілік, жасампаздықты
жарқырата көрсетуі – кемел көзқарас пен айқын колтанбаны, ізденіс
арналадын, жан-журектің тербелістерін, сезім дуниесінің сикырлы
сипаттарын бар қырынан мәнді, бедерлі бейнелейді.

Өлеңдер кітабына енген – «Ауылды аңсағанда», «Мен туған үй»,
«Уақыт пен жастық жыры», «Сөнбендер, жарық шамдарым», «Күн
шыққанда құліп ояң», «Мәншүк жайлыш жыр», «Адамдардың бәрін де
сүйіп өтем», «Ана тілім», «Сағыныш туралы жыр», «Жасыл жағалау»,
«Айша бибі», «Мәдидің монологы», «Сұлу дүние», «Сарығаш
саздары» сынды жыр-әлемінің табигатынан атамекен орны, жастық-
достық дастаны, адам қайраты мен енбегі, елдік пен ерлік сипаты,
тіл тұғыры т.т. жан-сезім иірімдерімен терең толғам, тебіреністермен
беріледі.

Кітаптағы «Таразға тағзым», «Алматы», «Наурыз тойы», «Мұқағали мұзарты», «Санырық батыр», «Ант», «Тендік үшін мұхитқа қайық салдық», «Ғасыр қасіреті» т.т. өлең-жырлар, тарих пен таным, елдік пен ерлік, адам мен оның тағдыры, қоғам мен табиғат қарым-қатынастары т.т. әр алуан қырынан көрсетеді.

Ежелгі Таразда тарих та, тағылым да мол. Ақын «Таразға тағзым» өлеңінде:

Қайран, Тараз!
Қаймана елге ұнаған!
Қакпалары қоленкедей құлаған,
Қамал да жок...
Амал да жок тағдырға
Жылдар жолы жылдам әрі бұралан!

... Жарасса да тәқаппар да асқақ ат,
Атак-данкы қасіретімен кос-қабат.
Ескердік пе есіл ерлер арманын,
Жазып кеткен жауырынмен тасқа хат, –

десе, «Санырық батыр» өлеңінде:

Құбылса да заман мен ғасыр қалай,
Шықпай коймас бұлт жасырған Ай.
Із калдырып кетсе кен далаға,
Іздеушісі болмаған асылдар-ай!

... Кешір, баба, кеш алдық есімізге,
Кешігулер бұйырған осы бізге.
Кешімізге бұйдалы қөлік тиіп,
Түсіп алдық біз біраз тосын ізге.

... Адамдарды құртады құлай үкпау,
Алдымызда – ұлы үкім, ұлы айыптау.
Біздің гажап даламыз жанпида бол
Сую менен корғауга лайыкты-ая! –

деп, ұлттық мұратқа – адалдық, тарихқа – тағзым, батырға құрмет көрсетіледі. Қоңе Тараздың құлы да қыын тағдыры, бүгіні мен болашағы әр алуан салыстыру, түрлі қөзкарас, бағалаулар негізінде өріс алса, Санырық батырдың өмірі мен өнегесі, ұлт мұраты, ұрпак қамы, тарих таразысы тұрғысынан сөз етіледі. Екі өлеңде де көркемдік сипаттар, салиқалы да салмакты ойлар мен толғаныстар, реалистік суреттеулер сенімді де серпінді, шабытты да шебер үйлесім табады. Ақын мұраты, ізденісі мен қөзкарасы кеше-бүгін мәселесін, тарих пен тағдырды, уақыт пен кеңестік сипатын бірлік-байланыста, сәйкестікте суреттейді. Тарих пен тағдыр талайы, өмір мұраты мен уақыт бедері бүгінгі күн талаптары тұрғысынан таразыланады. Кеңестік кезеңнің женис-

жетістіктерімен бірге, ұлт тарихын, танымал тұлғалар табиғатын тану ісіндегі империялық саясаты, кедергі-керегарлықтары сын сипатында көрініс табады. Өлеңдегі өмір өрнектері, тарих пен тағдыры, ұлт пен ұрпак ұлағаты әр алуан ізденіс, түрлі салыстырулармен, жан-жүрек тебіреністерімен, көніл шуағымен табиғи, еркін жеткізіледі. Өлеңдегі ойлы өрнектер, нәзік те сырлы іірімдер, жүректің нұры мен көніл шуағынан тараған жатқан сәулемелер табиғилығымен һәм көркемдік-рухани нәрімен мәнді болып табылады.

«Арнау жырлар» бөліміне енген – «Замандар заңы», «Бійктей сейлей білмесен, кімдер елеген?!», «Елші», «Жат елде», «Жетісудың жұлдызы» т.т. өлең өрімдерінен еңбекпен есейген, даңқ тұғырына көтерілген Н.К.Зейбек, М.Жолдасбеков, З.Қабдолов, Ә.Тәжібаев, З.Тамшыбаева т.б. өмірі мен кезеңі, қызметі мен шығармашылық мұралары жан-жакты танылады. Ақын әрбір тұлға табиғатын өз орындарында, еңбек пен әрекет үстінде көрсетеді. Еңбек пен ой адамдарының ел алдындағы парызы-қарыздарын, акыл-парасаттан тұратын игілікті істерін көркемдік өрнектермен, шеберлікпен суреттейді.

Басты ерекшелік – ақын тақырыбын терең менгерген: еңбек пен өнер өрісін, ұстаз-ғалым ғибраттарын т.т. өз орындарында, өзіндік өзгешеліктерімен бедерлі бейнелейді. Демек, мұның өзі:

«Поэзияның қымбат қасиетінің бірі – ойдың да емес, сезімнің де өткір шынышылдығы ғой. Құләштің өлеңдеріне мынауын жасанды, қисынсыз деп айып тағып, құдік келтіру қыын. Ал айтар ойының кейде көркемдік өрнегі кем соғып жатса, ол бөлек әнгіме. Бізді сүйсіндіретіні – табиғилық, парасатты салмақтылық.

Құләштің сонылығы аз санаулы өлеңдерінің өзі де қасан, жаттанды жадағайлықтан алыстау, ал зәуімен таптаурын тақырыптарда тамсанта алмаса да, шынайылыққа деген жақсы талпынысы, өзіндік тынысы бой көрсетіп жатады. Бұл – ақынның жүрек қызыуының күесі болса керек. Ақын қыз-келіншектердің арасында Куләштің де даусы естіліп, басқаны қайталамай, өзіндік нәшімен шығуы – жырқұмар жұртшылық үшін де шынайы қуаныш» (Ыбырайымов Б. Ой мен сөз. – Алматы: Жазушы, 1985. 60, 63-беттер).

Ақынның әр жылдары жазған өлең-жырларынан да (мысалы, «Қазақтың тұғастығы – қасиетті іс») елдік мұрат, ұлт пен ұрпак қамы, тәуелсіздік тағылымы терен танылады:

Қазакты жамандама казак бала!
Халық қой казак деген аз-ак қана!
Мәңгілік
Ай астында
Жер үстінде
Қазактың жанашыры казак қана!

Камалдай беріктікті құт санайды!
Қасынан опасыздар шықса – кайғы.
Қазактар бар болмысы бөлек, дара,
Тағдыры ешкімге де ұксамайды!

... Құс тілін қүй тілімен құрастырған
Ұлтыңын тарихын сүй, сұрастыр да!
Өскенбіз
Табиғатпен біте қайнап
Ақ жайлай, ақ боз үйде, Күн астында!

... Бабадан қалған шакыл, еснет – күш!
Бола ма бөліпуден касірет тыс.
Тас түйін біркесе Ерлерге серт!
Қазактың тұтастығы – касиетті іс!

Немесе «Бұл ғасыр – біздің ғасырда»:

Бұл ғасыр – біздің ғасыр ұзак күткен,
Үзілген нокта, бұғай, тұзак біткен.
Туады тұрлаулы күн казак үшін,
Түспейтін тұтастыққа сызат тіптен.

Дарынды ел. Қабілеті жеткілікті ел.
Ер халық. Әрлік алған көк түріктен.
Кем емес жер бетінде ешкімнен ол,
Келбеттен, кісіліктен, тектіліктен.

Бұл ғасыр бізді баурап, сагынады.
Алашка азаттықтың таны ұнады.
Қазактың сұлу қызы, мықты ұлдары,
Әлемді тан қалдырып, танылады.

Туады елім деген ел төресі,
Келеді айтқандарым ертең осы.
Әлемдік өркениет төр ұсынып,
Қазактың асқактайды мәртебесі.

Төсеген асылдары басын құрбан,
Жаксымды XX ғасыр қырган.
Араша акыл-ойга, жаңа ғасыр.
Мен енді басқыншынды басындырман!

Тұтінін түзделгінін түзедік қой.
Ансаган азаттықты біз едік қой.
Далама айбын бітіп, дәulet орнап,
Тұрады азым көпке тізе бүклей!

Бұлбұлдай әуез төккен лағыл танға,
Бұл дүғам жамандықтан арылтар ма?

Ак үлпа нұр жауып тұр!
Ак нұрынмен
Қазакты жарылқа Алла, жарылқа Алла!

Екі өлеңде де үлт пен үрпақ қамы, өмір-түрмис сырлары, уақыт бедері айқын. Ақын қазақтың арғы-бергі тарихын, тәлімдік һәм тағылымдық үлгі-үрдістерді қайыра еске алу арқылы үлт мұратын ұлыктайды. Азаттық, тәуелсіздікті ту етеді. Бірлік-береңені, татулық, туыстықты – тұғыр, тірек санайды. «Қазақтың тұтастығы – қасиетті іс» деген көзқарас, түйіндері – кеше-бүгін мәселесін, үрпақ үні мен уақыт талабын айқын аңғартады. Сол секілді:

Бұл ғасыр – біздін ғасыр ұзак күткен,
Үзілген нокта, бұғау, тұзак біткен.
Туды тұрлауы күн қазақ үшін,
Түспейтін тұтастықка сызат тіптен.

Немесе:

Түтінін түзделінің түзедік кой,
Ансаған азаттықты біз едік кой.
Далала айбын бітіп, дәулет орнап,
Тұрады азым көпке тізе бүкпей, –

деген жолдардан да ел тарихы, талайлы тағдыры, үлт пен үрпақтың үміт-сенімдері табиғи өріс алады. Ақын көзқарасы мен қолтаңбасынан үлт мұратына адалдық, ел алдындағы парыз-қарызға тұрақтылық, келер күн мен кемел келешекке берік сенім жіті танылады. Біздінше, бұл өлеңдер өткен тарих тағылымдарын кеше-бүгін арқылы табиғи байланыстырып, жүйелі сабактастықта суреттеуімен де мәнді, көркемдік таным арналарын, шеберлік сырларын әр қырынан қамтуымен де бағалы.

Өлеңдегі биік пафосқа құрылған тарих пен таным, өмір-уақыт шындықтары ажарлау мен айшықтау, әр алуан құбылтулар, шынайы шындықты арқау еткен авторлық баяндау мен суреттеулер, қанатты ой мен сырлы сезімдер жан-жүректі тербейді. Көніл қуантып, мерейді өсіреді.

Демек, К.Ахметованың ақындық мұраты, ондағы өмірдің өзінен өрбіген, шындық шырағымен сәулеленген, кемел келешекті көркем де келісті, мәнді де нәрлі, ойлы да сырлы суреттеген нұрлы, шуақты өлең-жырлар тағылымды табиғатымен, танымдық сипаттарымен ден қойғызызады.

Ақындық өнердің өрісті, өлең өлкесінің келісті, жыр дестесінін нұрлы да сәулелі болғанына не жетсін, әрине!

Біздіңше, бұл белгі, ерекшеліктер – К.Ахметова поэзиясына тән екенін ашық айттар едік.

Жалпы алғанда, К.Ахметова поэзиясы – адам әлемін, өмір мұратын, енбек тынысын, жастиқ-достық сырларын шексіз құрметтеуден, соған деген құштарлық пен сүйіспеншиліктен тұрады. Ақын қайсыбір мәселе, такырыптар төнірегінде ой толғап, таратса сөз етсе, басты мұрат нысанасы – ақиқат биғінде болу, шындықты шырақ ету, сыр-сезімді еркін де мәлдір, шексіз жеткізу болып табылады.

Ақын поэзиясындағы басты тақырып пен ерекшеліктердің бірі – қоғам, кезең көріністерін еркін де көркем жырлайды. Тарих пен танымды, тұлға мен оның тағдырын дәлелді де келісті өрнектейді. Ұлт пен ұрпак қамын, данқ пен дақпыртты, тәлім-тәрбие ісін сенімді, серпінді суреттейді.

Ең негізгісі, әрине, қайсыбір тақырып, мәселелер ұлттық мұрат биғінен сөз болып, оны жан-жүректен, таза көнілмен, мейірім шуағымен, сәулелі сәттермен жүйелі жеткізеді.

МАЗМҰНЫ

ТАЛАНТ ПЕН ТАҒДЫР	3
Бауыржан Момышұлы: елдік пен өрлік	3
Ұлттық мұрат тұғыры еді	21
Әскери әдебиет және Баубек Бұлқышев	51
Жыр мен сыр	65
Парасат пен пайым	89
Қ. Жұмалиев және әдебиеттану ғылымы	108
✓ Т. Кәкішұлы және Сабиттану	121
Т. Қожакеев және Алаш ардактылары	130
Өрісті өнердің өрнекті үлгісі	135
Руханият тамыршысы	142
Таным мен талғам	146
Талант пен тағдыр	161
Сөз бен саз	175
Сын мен шын	192
Сыр мен сезім	198

Ғылыми басылыш

Тұрысбек Рақымжан

АҚИҚАТ АЙНАСЫ

Макалалар, зерттеулер

Редакторы З. Башбаева

Техникалық редакторы Г. Сәбитова

Көркемдеуши редакторы С.Бахретдинов

Компьютерде беттеген Ә. Молдахметова

Баспаға Қазақстанның Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000082 мемлекеттік лицензиясы 2005 жылы 11 кантарда берілген

ИБ №08

Басуға 20.11.08 ж. кол койылды. Пішімі 60x84¹/₁₆. Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз.
Әріп түрі "Times New Roman". Баспа табагы 14,0. Шартты баспа табагы 13,0.
Есептік баспа табагы 14,0. Таралымы 2000 дана.

"Таймас" баспа үйі" ЖШС.
050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 155, 22-офис.
Тел./факс: 250-09-95, 250-09-96, 250-09-97, 250-09-98, 2-66-21-14

ISBN 9965-806-80-2



9 789965 806803

ЖШС «КУРСИВ»